

929.5
Б-58

Қайырбек Бисембаев

Рұғыйрган бақыт баянды



929.5
Б-58

Қайырбек БИСЕМБАЕВ

Б үйірган
ақыт
аянды

Павлодар, 2020

Уалиханов ауданы
орталықтанған
кітапханалар жүйесі

Іна. №

Уалихановская районная
центральная библиотечная
система

ӘОЖ 929.5

КБЖ 63.4

Б 58

Қайырбек Бисембаев

Б 58 **Бүйірған бақыт баянды.** – Павлодар: – ЖК «Сытин А.А.»,
2020. – 320 б.

ISBN 978-601-284-344-6

Қолдарыңыздағы кітапта автор Қайырбек Бисембаев өткен тарихтың біраз қатпарын қопарыстырып, өзі өмір кешкен, көріп-білген, тереңнен таныған, санаға зерделеген өкіншіліктерден сыр ақтарады. Сексеннен асқан жасы бар, өмірден көрген-түйгөні мол ақсақалдың жәзбаларынан дәүірлердің сабактастығын, адамдардың мінез-болмысын тани түсеміз, қоғамдық тірліктерін адами қарым-қатынастардың сан алушан жағдайына күа боламыз. Еңбек майданындағы ерліктер мен ездіктер, кіслілік пен кишилік, тәнаппартылыш пен кеңшілік, іскерлік пен әлжузездық, жанашырлық пен жадағайлық, табандылық пен тұрашылдық, әділдік пен әлім-жеттілік, отбасылық, туыстық қарым-қатынастар, тәлім-тәрбие – осылардың барлығы да Қайырбек Бисембаевтың қаламына түртіл болған. «Жазылып қойған жинақтап, пеп тең ақсақалдың өткенді еске түсіріп, санаға сүзіп, қал-қадірінше жинақтап, кітап етіп шыгаруы – үлгі тутарлық иғіл іс. Жинақта ақсақал енер бағытында да бірталай өкіншілік еске түсіріп, жүртшылықта жеткізуді мақсат еткен екен. Жинақ өнір, өлкө тарихын танығысы келетін өкіншілік арналған.

ӘОЖ 929.5

КБЖ 63.4

ISBN 978-601-284-344-6

© Бисембаев Қ., 2020


Алғы соғз

«Өткенін сараптамағанның болашағы – бұлдыр» дейді халық даналығы. Тарихтың қойнауына кеткен кезеңдердің көмескі тартқан келбетін қайта жаңғыртып, бүгінгі қәм келешек үрпаққатышымды болар тұстарын зерделеу – аға бұынның өзіндік міндеті. Жылыштап өткен жылдардың жақсылығы мен жарасымдылығы, ажары мен базары ешқашан ұмытылмауы көрек. Өткен кезеңдердегі әрбір оқиғада адамдардың тағдыры, тіршілік-тынысы, адами қасиеттері, маңдай тер еңбектің табы, қыныншылықтар мен ауыртпалықтарды көтерудегі арпалысы, сезімдер мен сенімдер, армандар мен үміттер жатыр. Өткеннен үлгі-өнеге алу арқылы біз тарихқа, тарихи кезеңдерге, сол кезеңдердегі тұлғаларға бас інеміз. «Тарихты жасаушы бар, жазушы бар. Жасаушы қателескен болса, жазушы оны түзеймін деп әуре болмаса керек» депті академик Габит Мұсірепов. Әлбетте, тарих шындықты қалайды, шынайылықты сүйеді. Қолдарыңыздағы кітапта автор Қайырбек Жақия баласы Бисембаев ақсақал өткен тарихтың біраз қатпарларын қопарыстырып, өзі өмір кешкен, көріп-білген, тереңнен таныған, санаға зерделеген оқиғалардан сыр ақтарады. Сексеннен асқан жасы бар, өмірден көрген-түйгені мол Қайырбек ақсақалдың жазбаларынан дауірлердің сабактастығын, адамдардың мінез-болмысын тани түсеміз. Қоғами тірлік-тіршіліктегі адами қарым-қатынастардың сан алуан жағдайына күә боламыз. Еңбек майданындағы ерліктер мен ездіктер, кісілік пен кішілік, тәкаппарлық пен кеңшілік, іскерлік пен әлжуаздық, жанашырлық пен жадағайлық, табандылық пен турашылдық, әділдік пен әлімжеттілік, отбасылық, туыстық қарым-қатынастар, тәлім-тәrbие – осылардың барлығы да Қайырбек Бисембаев ақсақалдың қаламына түрткі болған. «Жазылыш қойған

хатпен тең» ақсақалдың өткенді еске түсіріп, санада сүзіп, қал-қадірінше жинақтап, кітап етіп шығаруы – үлгі тұтарлық иғі іс.

Қайырбек ағамыз – өнердің өз өкілі. Жасынан асыл да зерделі сөзге құлақ түріп, ән-жырға әуес болып өскен ол, өнер жолында талай додаларға түсіп, өнір намысын абыраймен қорғап, қазіргі күнге дейін жастарға үлгі болуда. Сондықтан да бұл жинақта ақсақал өнер бағытында да бірталай оқиғаларды еске түсіріп, жүртшылыққа жеткізуді мақсат еткен екен.

Асыл ӘБІШЕВ,
Қазақстан журналистер одағының мүшесі, ақын



Адам айдаса барман, дәм айдаса қалман!

Мені 1968 жылдың тамыз айында дәм айдал, қасиетті Гоқта еліне алып келіпті. Алыстан алты жасар бала келсе, ал-пыстағы ақсақал сәлем беретін ата дәстүрі Тоқта елінде бәз қалпында екен. «Балам, дәм айдал елімізге келген адайының азаматы екенсің. Қонысың құтты, өмірің өрісті болсын!» – деп, ақ сақалды аталар мен ақ жаулықты әжелерден бастап, ага-іні жастағы азаматтар да құшақ жая қарсы алып еді. Мен ол кеңде жиырманың тоғызындарымын. Қызға қырындайтын жастан аз-ақ асқан үақыттым. Әүелі Алланың, сосын – ақсақалдардың тілек-баталарының қабылдығы болар, өрісім кеңейіп, ғүлдеттен өрбіген үрпақтарымнан немере-шебере сүйіп отырмын. Осы үақытқа дейінгі өмірімнің жартысы Тоқтада өтті. Үймұраған үақыттың жүйрігін-ай. Кеңді ашып-жүмғандай заматта-ақ сексеннің сенгіріне шығып отырған жайым бар.

*Сен сексен, қапияда кепсің жетіп,
Сүймесем де, құп алдыым құрмет етіп.
Қоя түр мінезіңді, селкілдепте,
Жүргенде жүзді Алладан үміт етіп.*

*Тоқты жаста қартаяр мен емеспін,
Шал қылып селкілдептер сен де емессің.
Мақсатымды алдағы орындаатпай,
Алам десе, иесі өзі, жудә емеспін.*

*Пайғамбардың мына айтқан сөзі бар-ды,
Орындауға шақырып мұсылманды.
«Хатқа түсір білгеніңді мұра болсын,
Бар болса адап дүниен мешіт салдыр».*

*Еске алу өткеніңді – ол да сауап,
Алладан тілек тіле, ет мінажат.
Жұмаққа еш дүниен апармайды,
Мінажатсыз тамуқ оты түр сыйалап.*

*Ей, Алла! Мінажатымды қабыл ойла,
Дүға етемін өткендерге жатқан жайда,
Көп көрген тіршілікте меҳнатты олар,
Ақиремтте иманды қыл,
Жұмақтан орын сайла.*

Өткеніңді есіңе алмасаң, болашағың – бұлдыр. Қазір жаңа заман, жаңа дәүір. Ескісінде жаңа жоқ, әрине. Ескіні ескермесек, ата жолын құмасақ, бүгінгі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған тыңыштық заман мүмкін тумас та еді ғой. Бабалардың ой-арманын түсіне біліп, бодандықтың құрсауын бұзып, егемендікке қол жеткізуіміздің өзі бабалардың асқақ арманынан туған асыл мұра емес пе?!

Тамшыдан – көл. Эр отбасы – бір мемлекет, әр мемлекеттің (әр отбасының) ой-арманы, әттегенайы, елеусіз қалып бара жатқан ескісі, ескерусіз қалып бара жатқан ата-бабасы болады. Оларды ескерусіз қалдырмай, үнемі еске алып, рухын жаңғырту – біздің адами һәм үрпақтық борышымыз. Олай болса, өткенінен ой толғап, әркім өзінің келешек үрпағы үшін аманат қалдыруға міндettі. Үрпағың саған қарап бой түзеп, он мен солын андалап-барлап, ер жетеді.

«Осы күні құрметті демалысқа шыққандар шетінен естелікшіл болып кетті. Бұл үрпаққа не береді өзі?» деп кәсіби мамандар өкпе артып, сөгіп жатады. Оны жұрт аузынан да, теледидардан да жиі естіп жатамыз. Бұл сөз дұрыс та шығар. Дегенмен... Құрметті кәсіби мамандар! Жақсы шығарма – ол сіздің қиялыңыз, қиялсыз жақсы шығарма тумайды. Жақсы шығарма адамға ой түсіреді, толғандырады, жақсылыққа же-

төлейді, жамандықтан жирендіреді. Кім жақсы жазса, атақданғы зор, күн көрісі де басқалардан тәуір, марапаты да жоғары болады. Бірақ менің басыма түскен мұным мен за-рымды басқа да т.т.-ды қанық-танағымен сіз жеткізе алмай-сыз. Жазған күнде де ол көркем шығарма болып қала береді. Оркім өз мұн-муқтажын келешек үрпағына аманат ету үшін жазса, мұның айыбы шамалы ғой деймін. Сондықтан оған ғосқауылдың керегі бола қоймас-ау. Ауыл тұрғандары – біздер үшін әр естелік шынайы өмірден, шынайы жазылғандықтан, соз шеберлігі мен көркемдігі аса көп егжей-тегжейленбейді, ойткені ол – шындық. Сонысымен де ол құнды һәм бағалы.

Ауыл өмірінде кездесетін барлық жайттар тек шындықтан ғындаиды. Қасіби мамандардың атақ-абыройына нұқсан ке-леді деп ойламаймын. Сіздерге менің айтар үәжім осы.

Құрметті жастар! Қарттарға кінә тағу әдеті сіздердің та-раптан да жиі шығып жатады. Ата-ана тәрбиесін алған сіздер-те бұл әдет тіпті де үйлеспейді. Сіздерді осы заманға жеткізу үшін, арғысы – өз ата-бабаларың, бергісі – біздер де, аз те-періш көргеніміз жоқ. «Әр бейнеттің өз зейнеті болады» – дейді халқымыз. Біздің бейнетіміздің зейнеті – сіздерсіздер. «Оп» дегенде ауыздан түсіп қалған атаның баласына ұқса-маныздар. Біз – қарттар, сіздердің тілектерініздің үстіндеміз өрдайым.

Біз өткен өмірімізді сарапқа салып, өзімізден өзіміз емти-хан алып жүретін қауымнанбыз. Кешегі зар заманда қолына қызыыл ту алып, қойнына қызыл билет тығып, Құдайды жат қылғандарымыз бар. Нашарлардың ақысын жеп, қазіргіше лайтсақ, жемқорлық (коррупция) ұшырағанымыз бар, жа-тықсыздан жазықсыз өзін соттатып, қатынын тартып алып, балаларын қаңғытып жібергендеріміз бар. Алланың алдында қайтыну деген тағы бар. Қарт адамдардан, мейлі қай саладан болмасын, қайтыну, кешірім естеліктері болса, оған қуанбасақ,

реніш етуге бола ма? Бұл – тарих. «Кімде кім он адамға басшы болып, төрелігін түзу бермесе, жазасы Алладан» – дейді Пайғамбарымыз (с.ғ.а). Ендеше менің де кұнақарлығым хақ. Мен өзімді періштемін деп есептемеймін, таудан үлкен күнәм бар деп есептеймін. Өйткені мен бір он адам емес, ондаған адаммен аралас-құралас болып, осы қасиетті мекенде отыз жылдай қызмет істеппін. Сөйте тұра, алдыңғы «Өмір өрнектері» деген еңбегімде «Тоқта» туралы тоқта деді, тоқталдым. Енді жазбан. Тек атын еске сақтау үшін жаздым» деппін. Пайғамбарымыз (с.ғ.а) айтқандай, сол қателігімді мойындар, Тоқтаның аяулы қарттары туралы, сол қарттардың ата-бабасының табаны тиген елі мен жері туралы, отыз жыл бойы еңбектің хамытын бірге киіскен тұстас-замандастарым, жора-жолдастар мен ағалар туралы естелік қалдырмаққа ниет еттім тағы.

«Өзі болған Құдайын ұмытады» немесе «Өзі болған қызы төркінін танымас» дегендейін, тар үақытта қолушын беріп, өзегімді талдырмай, қындыққа қалдырмай, жаманатқа шалдырмай, өзімді өзіме жеткізген ағаларымның дәүір өшірғішімен аттары өшіріліп кетпес үшін секеннің селкіліне үрынбай тұрып, жадымда жатталып қалған деректерден сөз қалдыру мақсатында «Бісміллә!» деп қолыма қалам ұстадым, ағайын.

Бұрынғылар:

«Жер иесіз дедің бе?

Ел иесіз дедің бе?

Мал иесіз дедің бе?» – дегендей, сөзімнің әлқисссасын Жер-Анадан бастайын.

Тарихы - терең, түрлөті - бөлек Тоқтаниң...

Тоқта – өз алдында шежіресі шешілмеген тарихи атау. Бертінгі ұлкендердің айтуы бойынша, Жонғар шапқыншылығынан кейін ел-жұрт ата мекені арқаға оралуға ниет етіп, бет бұрады. Тоғыз үл сүйген Қарабұйжыр Қанжығалының ұрпағы Мұрат байдың көші осы төнірекке жеткенде, көш алдындағы жер шолғыншыларынан «Алда, Ертіс алқабына Қылышақ аталарының көші жетілті» деген хабар келеді. «Ендеше біздің көш осы шағын көлдің, басына тоқтасын» деп деп әмір етеді Мұрат балаларына.

Көштің тоқтаған жері – сұы тұщы екі көлдің күнгей беті. Аумағы айтарлықтай кең емес, жалтыр көлдің жылқы суатына ыңғайлысын, «Қосқабат» қамысты қопалы, шар айнадай доңгелек, аумағы Қосқабаттан үш-төрт еседей үлкен, маңайы айырлы, шебі шүйгін көлді «Тоқта көлі» деп атапты. Жаңбыр мен қар қалың түскен жылдары сұы молайып, екі көлдің арасы қосылып кетіп, өткел бермейді. Тоқта Қосқабаттан төменде жатқандықтан Қосқабаттың сұы Тоқтаға құяды да, жаңбыр аз жауған жылдары өзінің табаны кеүіп қалады. Мұраттың бұл тараға қай жылдары, қай тараптан келгені туралы мағлұмат аз, жоқтың қасы. Мұраттан тараған үрпақтардың айтуынша, атапарына бірі «тоғыз мың жылқы бітті» десе, бірі «жоқ, он жеті мың жылқы біткен» дейді. Шежіреші, тарихшы Тілеуken Еңсебаев марқұм Қанжығалылар шежіресін жинағанда «он сегіз мың жылқы біткен» деген дерек келтіреді. Бұл дақпырттың қайсысы дұрыс, қайсысы теріс екенін Жаратушының бір өзі беледі.

Мұрат әрі бай, әрі қажыға барып келген зиялды кісі екен. «Мал – айдаса жаудықі, ысқырса желдікі». Малдан ола тал-

қан ешкім жоқ, ауызбен айтарға құлақпен естірге жоғынан бары жақсы. Мұрат қажының мүрдесін Қожа Ахмет Яссаудің кесенесі орын тепкен Түркістанға жерлеген еken. Жол шығыны бар, садақасы мен берген дұғасы бар, жерлеу рәсіміне екі мыңға тарта жылқы жұмсалған дейді үрпақтары.

Мұрат қажы екі әйел алған еken. Бәйбішесінен бес бала – Дөнен, Алтыбай, Сасық, Тоғыбай, Текізбай туған. Ал тоқалынан үш бала – Құнан, Бестібай, Сегізбай туған. Сонымен қатар Мұрат бай Мұрес атты тағы бір баланы асырап алған. Міне, осылар кейін «Мұраттың тоғызы» атанады.

Ормандай орыс келіп, қазақты шұрайлы қоныстарынан айыру үшін алдымен, 1862 жылы санақ жүргізіледі. Сол санақта Мұрат ата балаларының қоныстары төменгідей көрсетілген:

1. Қарасу, Қос қамыс – Дәндібай, Мұстафа – Текізбай
2. Найза Қамыс – Қүленбай, Еркебай, Текізбай

Найза Қамыс – Найза туралы туралы бірер сөз келтірейін. Мұраттың кенжесі – Текізбай үрпақтарының айтуынша, Абылай хан бір жорықтан азып, шаршап келе жатып, сарбаздарын тамақтандыруды сұрап, Мұратқа жауашы жібереді. Абылай ханның атына, атақ-абыройына қанық Мұрат құشاқ жая қарсы алып, түскі конағасына алпыс жылқы, аттанарына алпыс жылқы сойдырып, қонағасы береді. Абылай ханның өзіне тәрт жүз құр ат тарту етіпті. Абылай аттанғанда найзасының сынығы қалып, бұл жер содан «Найза» атанды дейді. Ел аузында айтылып жүрген тарихи әнгіме болғандықтан, бұл шындық па әлде дақпырт па? Осыған орай, кейбір жер атауларына қатысты шолу жасауды да жөн көрдім. Жоғарыда Мұраттың бұл аймаққа қай тараптан, қай жылдары келгені беймәлім де-үімнің себебі де осыдан туындаиды. Найза деген қай жер?

Қос қамыс көлі мен Найза Қамыстың аралығын адыр дөң бөліп тұр. Дөңнің екі беті ойпат. Шығыс беті төмендеп барып, Құйік деген қопалы, қамысты түйік көлге келіп тіреледі. Жер

бедеріне қарағанда ертеде табаны кеүіп қалған көлдің орнына ұқсайды. Солтүстік-батысы Қарасу өзенінің Жалаулы көліне құяр тұсына дейін. Найза Қамыспен екі ара 12—13 шақырым жер, жазық дала. Жағынан қатты сел жауындарда көлшік сұзы пайда болады. Қатынасқа қыын. Жері асты. Найза Қамыстың өз басы, көлемі кішірек ойпанұды, сайлы. Су ағатын жыралар бойымен өскен сыптығыр, селдір қамыстары найзаға үқсас болғандықтан бұл жер Найза Қамыс деп аталса керек, архив деректерінде солай сақталған. Сайда 3—4 метр төрөндіктен тұщы су шығады. Жайлауға шыққан мал қосындарына біраз үақыт тұрақтауға болады. Кезінде, аз үақыт болса да, пайдаланып жүрдік. Голубовский совхозы құрылған кезде, Найза Қамыспен тұспа-тұс дөң үстінен құм қазып алып, шаруашылыққа пайдаланып жүрді. Аңыз бойынша деп сөйлейді Ахметтің Зәйнейі деген ақсақал, Абылай ханнан бұрын Оз Тәуке билік құрған кезде бұл араны қалмақтар жайлаған. Оз Тәуке қалмақтарды соғыста жеңіп, өзіне қаратып алған кешіде қазақ пен қалмақ құдандалы, жеккет болып, Жонғар шабуышына дейін біраз үақыт тыныштықта өмір сүрген болса керек. Дөң сол кездің белгісі деп еді Зәкең. Дөң үстімен машинамен жүріп өткенде кей тұстары дүңгірлейді. Бұқар бабамыз: «Қатының болсын қалмақтан, қосының болсын қазақтан» деп төгін айтпаған болар. Қалмақ қызынан тарағандар бар.

3. Шұбар айғыр – Өмірбек Алданазар әкелі-балалы. Бестібай Өмірбектің Қожаназарының Қабдолласы ақсақалдың айтуы бойынша, әу бастан қоныстары Беласар көлі болса керек. Қай кезде кімде болса да ағайын арасы кикілжіңіз болмайды. Ағайынға өкпелеген атамыз Ақмола жақтағы Керей ішінен, атақты байлар Мәті, Дәүлен нағашыларына көшіп барыпты. Ақмола жаққа Ертіс бойынан қыдырыстап барған таныстары: «Сендер мына жақта қаңғып жүргенде, қоныстарынды қылышақтар тартып алды» деп намыстарына тиеді. Ерді намыс

өлтіреді ғой. Намыстанған аталарым елге кері қайтып келсе, шынында да, Беласар көлін Жолаба қыпшақ атаның балалары қоныстанып алған екен. Арада 2—3 жылдай үақыт өтіпті, жер иесіз қалған соң, қоныстанған мәндайға басқан жер жоқ, мал байдікі, жер құдайдікі. Оларға бүйірып тұрған соң, амал бар ма? Беласар бабам қөлі қыпшақтарға қоныс болып қала береді де, аталарымыз Шұбар айғыр өзеніне иелік етеді.

Жазғытуры су тасығанда Қарасу мен Жалаулы көлінен шыққан ағын су қар суымен қосылып, атты кісі бойы терең сайларды суға толтырғанда, қоныс аралда қалады. Осы кезде үйірге таласқан екі айғырдың бірі суға кетіп өледі. Содан байлай өзен Шұбар айғыр атанады.

Қабдолла Қожаназарұлы 1912 жылы туылған. Тоқсанға таяп барып дүниеден озды. Шариғат, тарихатқа бірдей жорға, сөзшең, құлықшыл, жүрген жері құлкі-думан еді. Марқұмның жатқан жері жайлы, махшарда иманы жолдас болсын.

Ер жігітті тану үшін жолдасына қара дейді. Ақсақалдың замандасы Қарабұжыр Байболат, тегі – Қауша деген ақсақал болды. Бір ауылда тұрады, екеуі де құлықшыл, шымшыма сөзге шебер, бірінің сөзін бірі қағып, іліп әкетіп, думандатып отырады. Қауша өлең де шығарады. Осы Қаушаның бір құлығын айтсам ба деп отырмын. Қыстың іші болатын. Совхозда директор Егел Солтанов еді. Үйі суып, жағар отыны да қалмаған Қауша құлыққа көшеді. Таңты лездеменің кезінде бөлімшениң конторына (кеңсе) барады да: «Егел, мені құдай үрді. Кемпірімді беріп қойдым, үйде жағар отыным да, ұным да таусылып еді. Енді не істерімді білмей, сандалып отырмын» дейді. Егел қолма-қол автотұрақтан машина шақыртып, қоймадан керек-жарағын босаттырып, ағаш-кемірін тиеп жібереді. Жіберген кісілері барса, үй ашық, бірақ ешкім жоқ. Үйді айналып, Қаушаны іздесе, кемпірін қол шанаға отырғызып, жіппен құламастай байлап алған Қауша шананы сүйретіп

көшө бойы кетіп бара жатады. Кемпірі тірі. «Ақсақал, бұныңыз не?» десе, «Қайдан білейін, таңертең өліп жатқан секілді еді. Айналып келсем, тірі жатыр. Бір үйге жылытып алайын деп апара жатырмын» дейді. Құлыққа сұмдық журмейді. Тапқан амалына риза болған жігіттер машинаға тиеп апарғандарын түгел тастап кетеді. Соярға қой да ала барған ғой. Қазақтың қа-зақшылығы міне осы. Сұмдықпен емес, құлықпен тапқан мал адал болса керек.

Сөзден сөз туып кетті: Шұбар айғыр атанған жер – сайлы, қыратты, ащылы-тұщылы, шәбі шүйгін, талішілік тобылғы ара-лас өскен, малға ықтасын жайлы қоныс.

4. Үлкен қамыс – Жаманқара, Қожахмет, тегі – Текізбай

Найза қамыспен екі арасын адыр дөң бөліп тұр, аралары 2—3 шақырымдай. Дөңгелек түйік көлше. Жаңбырмен, қар сұымен қоректенеді. Жайылымы – кең, сұы – тұщы. Жаңбыр аз жылдары көлдің сұы тартылып, батбақтан қамысы бор-сыған соң, сұы ашып, мал суатына жарамай қалады.

5. Шоқ Терек, Қарасу – Самер Қажы, тегі – Алтыбай

Жері құнарлы, жан-жағы қыратты, жайылмы кең Қарасу өзені Жалаулы көліне құяды. Шоқ теректің ойпатынан малға азық дайындауға да болады.

Енді біраз сөз Алтыбай ата үрпағы туралы. Мұрат атаның, өзге балаларына қарағанда Алтыбайға әкелік мейірімі молы-рақ түскен тәрізді. Мен сын айттар кіммін, қандай құқым бар. Мұрекенің қай үрпағының болмасын маған осылай деп ай-туға хақы бар, тіпті бейпіл сөзбен балағаттауға да болады. Мен мойындаймын, оған ренжімеймін. Мен өз мойынымды қылша қылуға құмар жан емен. Тірексіз сөз – құнарсыз сөз.

Біздің қазақтың сүйегімен бірге жаратылған мінездері баршылық. Ол ағайын арасынан туындаиды. Сықаққойлық – әжуашылдық, қызғаншақтық – көреалмаушылық, дақпырттық – мақтаншақтық. Оған қарсы талай мақал-мәтелдер бар-

шылық, бірақ бұған өзіміз мән бермейміз, тек күлеміз, күлегешпіз. Мысалы:

*Құлап жатып сүрінгенге қүледі,
Мақтансақтықтың шалбары жыртылады,
Долының дамбалы суланады.
Көсениң иегінен қылышық көрсе,
Қызғаншақтың іші қүйеді.*

Естіген-білгендерімді тұртіп жазып жүретін әдетім бар еді. Осыдан отыз жыл бұрын жазылып қалған, қойын қалтаға салып жүретін кішкене ғана блокнотым бар-ды. Сол дәптерге Алтыбай ата туралы, одан тараған үрпақтар туралы былай деп жазылпын:

«Алтыбай шеккен түйеге міне алмайтын жуас адам болған. Алтыбайдан – Мықтыбай батыр, одан Аманбай, одан Иманбай тараған. Иманбай балуан болады. Қосқұлақ Қыпшақ атақты Сәрсен балуанды жығады. Байболат батыр тұқымдарынан үш жігіт ақсақалдарынан бата алып, көрші Мұрат балаларының жылқысын үрлауға шығады. Оларға жолда Иманбай кезігіп, жөн сұрасқаннан кейін үш жігіттің батыр атанған бірі «жылқы алуға бара жатырмыз» деп мақтанады. «Ендеше ойын ойнасақ қайтеді» дейді Иманбай.

Ол алып денелі адам болса керек, үш жігітті алып үрып, кең тері шалбарының балағына үшеуін сиғызып, шалбарының ауын байлап, далаға тастап кетеді. Оларға Мықтыбай кездесіп, ауылына алып келіпті» – деп жаздырыпты Баянбай ақсақал. Байболат Шыңғыстың Жұмабегін «ұры ұстайды» деп көрсетіп, оны айдатпақ болып жатқан жерінен Айнабектің Сапары: «Ол жала сөз» – деп аман алып қалыпты депті.

Алтыбай Қажы әүлеттөн де, үрпақтан да әкесі Мұраттың батасының қабылдығынан басқалырынан «иығы жоғары тұрма» деп, ойлауымның себебі осы.

6. Орал қамыс – Омар – Есмағамбет, тегі – Тенізбай
7. Шірен Қарасу – Данияр, тегі – Дөнен
8. Киік Қырған – Жазы қажы, Дүйсек, тегі – Дөнен
9. Жаман Қамыс – Қөптүр, тегі – Сасық
10. Қара Жар – Мамайсары, Маңызбай, тегі – Сасық
11. Саралқан – Әбет, тегі – Сасық
12. Тоқта – Бектеміс қажы, тегі – Сегізбай
13. Қиян Қамыс – Өмірзақ, тегі – Бестібай
14. Үй Сор – Тұяқ, Сағалбай, тегі – Кенжеғара
15. Тоқта – Әлімбет – Болатбек қажы, тегі – Бестібай

Азын-аулақ түсініктеме:

Осы санақ бойынша сол кездегі Мұрат ата үрпағының иелігіндегі жері шамамен қазіргі екі совхоздың жер көлеміне жуық.

1. Ақиқат па, я болмаса жаңылыс па Жаратушым сыншы болар. Найза Қамыстың Найза аталуы туралы аңыз болғандықтан, мен Найза Қамыс жері аумығана бірақ білгенімше шолу жасадым.

2. Қожаназарұлы Қабдолла марқұм ауырып, жиені Қайыр марқұмның үйінде төсек тартып жатқанда, көңілін сұрап барған едім. Төсектен басын көтеріп, сәлемімді алды да: «Жиен, сен де намаз сабағын үйренгенде келдің бе?» – деді қалжындал. «Ауырып жатқан адамның халін сұрай барсаң, жұмаққа барғандай әсерде боласың» дейді Пайғамбарымыз (с.ғ.с.). Асылдың аты – асыл, жасықтың аты – жасық. Кім қалай десе де, Мұрат атадан қалған еменнің түбірі осы Қабдолла ақсақал. Көп әңгімелердің басын қайырып келіп, намаз сабағын, Құран әптиектерін үйренген бірақ адамдардың есімін атады. Соңында бір күрсініп алды да: «Шаңырақ басқа, жатыс мынау» деп жастық астына қол салды. Қалыңдығы үш елідей, үлкендігі алақанға жуық кітапша – блокнот алып шықты.

«Мынау – менің Құраннан жасаған мағыналы тәпсірім. Оқып көр», – деп қолыма берді. Астарын қызылмен айшықтап сыйып отырыпты. Жазуы әдемі еді. Бүгінгі күні ол блокнот кімнің қолында екенін білмеймін.

Беласар әу баста біздің аталарымыздың қонысы болыпты деп, әңгіме үстінде айтып еді. Осы аурудан аман-есен тәуір болды. Менің шешемді қарындас деп сөйлейтін. Тоқтаның қарттары деп айдар тағып, Потанин атындағы музейдің директоры екеуін фото суретке түсіріп алып кеткен. Бұл 2004 жылы Қабдолла ақсақал 92 жаста, менің анам 88 жаста еді. Қасиетті Тоқта деп айтқаным Мұраттың байлығы мен жерінің кеңдігін дәрілтеу емес еді. Текті адамның табаны жерге тиғен топырақты киелі санадым. Сол топыраққа кіндік қаны тамған үрпақтарды киелі санадым. Қасиетсіз жерден қастерлейтін үл тумайды, құнарсыз жерге сор бітеді.

«Бір елді құдай ондаса, өзі ішінен пір шығады» дегендей. Бұл ата-бабаларымыздың қасиеті атадан қалған малды базарға сатып, пұл қылмай, Алла жолына ұстап, Алланың сүйікті құлы болуында. Ақ патша ағзам 1799 жылы Ертістің оң жағына шығу туралы қазақтарға арнайы бүйріғы шыққан. Соған сәйкес мешіт ұстауға, Қара теңіз арқылы қажылық сапарға баруға да жағдай туғызып, рұқсатын берген. «Болыс болдым мінеки, бар малымды шығынdap» емес, бар малдарын шашып әuletten қажыға барғанадар:

- 1. Жуас деген Алтыбай әuletтінен қажы атандар:**
- 1) Аманбай қажы
- 2) Мақұл қажы
- 3) Жаманбай қажы
- 4) Иманбай қажы
- 5) Самер қажы
- 6) Бейсенбі қажы
- 7) Ата жолын қуып, Ғаббасұлы Ислям жаңа қажы атанды.

2. Дөнен атасынан Жазы қажы, Мұхамеджан молла.

3. Текізбайдан:

- 1) Жанарбек қажы
- 2) Оспан қажы
- 3) Жақыпбек қажы
- 4) Жанысбай қажы
- 5) Нұрқайдар қажы

4. Сасықтан:

- 1) Әбәйілда қажы

5. Құнаннан:

- 1) Тәтентай қажы Хазірет

- 2) Махмет молла

6. Сегізбайдан:

1. Бектеміс қажы

2. Жақып қажы

Жұністің Әубәкірі – молла, Рахметтің Мұхтары – молла, Ахметтің Зәйні – молла.

Бектіміс қажы қажылық сапарында Мекке қаласында қайтыс болыпты. Сүйегі сонда жерленген. Зәйни молланың қызы Алма қызы да болса, әр ер адамның қолынан келмейтін ерлік істеп: «Бабамның басына барып, зиярат етемін, Алланың алдындағы парызымды өтеймін» деп, 2004 жылы қажылыққа барып келді. Сауабын біз емес, Алла береді, мойынға жүктелген бес парыздың бәрін де өтеп жүр. Қабылдығы Алладан болсын демекпіз. Экесі Зәйни туралы әңгіме арасында жеке айттылады.

7. Бестібайдан:

1. Өмірзақ қажы

2. Болатбек қажы

Таңат болыс, Бейбағыс батыр, Беласар балуан, Абылай ханының жасақтарының бірі болған Олжабай мен Қонақай даушар шешен адамдар болыпты.

Бекман молла, Қабдолла молла, Қалам Қайыржан баласы молла, қажылықта 2007 жылы барып келді.

Қалам иман жалында

Қайыржанов Қаламмен 1970 жылы көрші болдым. Он тоғыз жыл әр салада қызметтес болдық. Соңғы он үш жыл көлемінде Голубовский совхозының бөлімшесін басқарды. Мен қол астында қой фермасының зоотехнігі болдым.

1989 жылы желтоқсан айында құрметті демалысқа шықты да, ақ ниетін бермесе де, ақ таяғын ұстатып кетті. Мен зоотехник болып келгенде, 1200 бас қойдың көлеңкесіне қол қойған ол дүниелік паспортын қолыма ұстатқан еді. Совет имамдары намазын шығармапты. Артынан дегенге сеніп, аттай алты жыл алысып жүріп, талай санақтан аман өтіп, намазын өзім шығардым. Паспорттары одан кейін тамыздыққа жағылды. Қалам ағаның қабілеттілігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, көлге ау салса, көлдегі балықтың өзін алдында билетіп қойғызыуна өнері жетеді. Ертіс, Ақтоғай төңірегіндегі Қарабұжыр атаның, үрпақтарының бетке ұстарларының алды. Ал Мұрат ата үрпақтарын сөз қылудың өзі артық. «Атадан бала тұмас па, ата жолын құмас па?» Аңқау болсан, аузындағыны тартып жейтін дәүірде туған балалардың өте пысық болуы дәүір тіршілігіне байланысты болуы мүмкін.

Адамның ең абзалы – Алла алдындағы парызын өтөу болса, екіншісі – қайтыну болмақ. Қойын қалтадағы алақандай қызыл кітапшаны пайдалана білгендер байгеде озған көк түйіндай өзгеден мойындары озық болғаны – ақиқат. Тазы болып шалу бір басқа да, ақ ниетпен өткенді шолып, ақ жолға түсү бір басқа да. Қалам ағаның ақ жолға түсуінен әм Тоқта елінің дін жолына жаппай бет бұрынан біраз сез.

Қалам зейнетті демалысына шықканша қызыл билетті қыстырып қойып, сәждеге жығылып, жасырын намаз оқып

жүрді. Аталас ағалары Қабдолламен Әбсәттән дәріс алып, намаз сабағын игеріп жаттықан соң, Құранды оқып үйрену әліппесіне көшті. Алланың бұл кісіге берген бірден-бір сыйы – қабілеттілігі. Бірде тез арада тығыз шаруамен үйіне бардым. Биік үстелді аласартып, креслода бір нәрсемен айналысып отыр екен. Екінші бөлмеден қолына жасыл шапаны бар, жас тоқалы шығып: «оқыңыз-оқыңыз» деп, қолындағы шапанын иығына жапты. «Не оқып отыр?» деп үңілсем, Халифа Алтай-дың Құран кітабы екен. Көзі ауырып жүретін. Құран үстінде сызғыш пен лупа жатты. Линейканы жүргізіп отырып әріп зорайтышпен оқып отыр екен. Ішімнен сүйсіндім де, қызғандым да. Аз үақытта мұндай жетістікке жетер деп ойламаппын.

Құрбан айтының кезі болатын. Құрбанның етіне шақырды. Директорым Халел екеуіміз ертерек барыпปыз. Шаңыраққа аят оқылғаннан кейін бір ескі кітапшаны жайнамазымен әкеліп, алдыма қойып: «Қайырбек, сен мынаны оқып көрши. Моллалық құрып жүргендер арабшаны танымайды» – деді. «Жақсы ырғасып сынасады» дегендей, былғасып сынасқан кезіміз жоқ. Бірін-бірі сырттай бақылап жүретін заман. «Батырдың да батырдан қауپі бар». Мен бұл сөзді үйіас үшін ғана айтЫП отырғаным жоқ. Менің де намазға жығылып жүргенімді есітіп, оның үстінен екі бірдей молланы көшіріп әкеліп отырмын. Бұл не ұқты екен деп сынамақ болғанға ұқсайды. Кітапшаны қолыма алып, байқасам, Уфа мен Қазан баспасының бірінен шыққан шарғы жолын татарша тәржималаған кітап екен. Татаршаны түсіну Қалам секелді зерек адамдар ғана болмаса, біздердің қолымыздан келе ме? Татаршасын түсінбеймін деп өзіне қайтып бердім. Экесі молда болған деп естігенмін, экеден қалған қазына ма, болмаса алдыңғы айтылған ағаларыныңкі ме? Бұндай кітапшалар менде де әжептеуір баршылық, бірақ әлі оқып үлгергенім жоқ-ты. Моллалық құрам деп жүргендер дегеннен шығады. «Тәтентай хазірет»

мешіті ашылғалы екі жылдай болып қалды. Имам – Қалам молланың өзі. Әбсәт молла дүниеден озғаннан кейін көненің көзінен қалған атақты Ақтоғайлық халық мұғалімі Шаяхметов Хасеннің жиені Ораэбаев Баянбай еді. Ол кісі төсек тартып, жатып қалды. Баянбай туралы сөз кезегінде айтылады.

Шошай молла

Бір кездері тоғыз молласы бар деп, мінберлерден мінелген Голубовскийде мінелетін де ешкім қалған жоқ-ты. Онда моллалық құрып жүргендер қайдан шықты дейсіз ғой? 1993 жылы қаңтарда «сізді конторға шақырады» деп директордың еден жуушысы келді. Барсам, ауылсоветтің төрағасы Мағзамов Социал екеуі отыр екен. «Керейден жалғызбын деуші едіңіз, көбейесіз. Сізді Монголияға жіберейік деп отырмыз. Совхоз атынан ғана емес, аудан атынан баراسыз. Ертіске барып, аппаратын құжаттары мен командировказызды алып алышыз, қай күні, қалай жүретіндеріңізді өздері айтады» – деді.

1990 жылы Монголиядан 13 отбасы менің бөлімшеме көшіп келген. Өлгейде қалған ағайындарынан өткен жылы Шошай Қексүмбайұлы дегені ізdep келді. Намаз оқиды екен. «Түркиядан екі жыл оқып келдім, жасым 43-те» деп, кешкі отырыста біздің шопандармен әңгімелесіп отырғанын естіген едім.

Жол жүрмestен бір күн бұрын Халелге Шошай жайында айттым. «Мен ол жігітке қолқа салып көремін, егер кенсе, көшіріп ала келейін сіз қарсы болмасаңыз» – дедім.

Директорларға молладан гөрі шабанның қадірі артық кез. Өлгейден 17 отбасын көшіріп әкелдім. Директордың келісімімен Шошайды да ала келген едім. Шарифат жолындағы әңгіме болғаннан кейін ақықттан аспайын, макрун болар деп саспайын. Алла да адалдықты сүйеді, шыншыл адам отқа күйсе де жанбайды. Күйдірем дегендері болса, ары жібере

қоймас. Ауылға молла келді деген соң, Тоқта басы иман нұры төгілген, ел намаз сабағын үйренеміз, әптиек танимыз дегендер көбейді. Шошайдың мамандығы инженер, жолдасы – агроном. Совхоз ондай мамандыққа зәру емес сынды. МТМ басында контролер секілді бір жұмыс тауып берді ғой деймін. Менің мақсатым – имандылық жолы.

Директорым Халелмен келісіп, бөлімше конторынан өзім отыратын бөлмені Шошайдың босатып: «Міне, мынау сенің дін жолындағы бөлмең болсын, ұстаздық ақынды олармен өзің келіс. Қанша уақыт оқимыз дейді, оны өздері шешсін, менен қандай көмек керек, оны дер кезінде өзің айтартсың. Қазір саған керегі – тақта» – дедім. Мектепке барып, завхозынан кішірек бір тақта алып келдім. Ниеттілер саны 23 болды: екеуі әйел, бірі – Зәйни молланың үлкен қызы Фалия, екіншісі – Раиса Нұрышқызы деген мұғалима.

Шошай сабағын бастамастан бұрын Павлодарға барып, Медреседен екі түрлі оқу құралын әкелді.

Медресе түріктеге қарайды ғой деймін. Өйткені, Шыңғысхан Зұқақажыұлы Алматыда, Шошайдың өзінің балдызы Түркия тараапынан Павлодар медресесінде қызмет істесе керек. Оқу құралының авторы – Шыңғысхан. Бірі – бейне намаз, екіншісі – Құранды оқып үйрену (әліппе мен аударма).

Тоқсаныншы жылдары Алматыдан таспаға жазылған Құран аяттары және газет-журналдар да, қазіргі қолданып жүрген әріппен Құран аяттары жаңбырша жауып кетті. Шошайдан үйренгенше, женіл жолмен жаттап алғанды жөн көріп, ақиқат шынын айту керек, садақа-сауқат үшін, имандылық жолы үшін емес (қате айтсам, ғафу өтінемін) тез пісіп жетілген, Қалам айтқан моллалар, міне, осылар. Құдайға күнәлі болып не көрініпті. Моллалық құрып жүрген бір адамның бәйбішесі маған «сен неге моллалық құрмайсың» деді. Мен «Моллалық құрған соң, оның обал-сауабы болады. Марқұмдарға жана-

за шығару керек. Тағы да толып жатқан дұғалары бар, менің оларға шамам келмейді» дедім. «Сен-дағы аузыңды ашып, құр жүр екенсің ғой. Жаназа шығару оңайдың оңайы емес пе? Біздің үйге келші, кешке дейін молла болып шығасың. Аузыңды ашып, бос жүрме» – дейді ол. «Жоқ, мен ондайға барып, оңай ақша тапқым келмейді. Басқаға барып айт» – дедім мен. «Ендеше жаның шықсын!» деп, әйел теріс айналып жүре берді.

Шошай әр кітабына алты сом, сабағына әр адамнан алты сомнан алып, үш айға жуық сабақ оқытты. Қылыш, Елетай (екеуі де бухгалтер), Қабай (менің жүргізушім) үшеуі Құранды оқу дәрежесіне жетті. Раиса – көзі ашық мұғалима, ол да мен-геріп алды. Мен Шошайдан үзбей оқуға уақыттым тар болғандықтан, тиіп-қашып болмаса, үздіксіз оқи алмадым. Үйде бұрыннан Құран кітапшалары бар, арасында солардан қараймын. Анам да арабша хат таниды. Ал ажырата білмегенімізді Шошайдан сұрап алып отырамын. «Шұғыла» деген газетті оқимын. Шошайдың әкелген оқу құралдары да бар, Халифа Алтайдың иман шарттары бар, соларға үңілемін.

Қалам оқуын жасырын жүргізді. Қажетінде Шошайды үйінде де шақыртып алады. Ағаларынан да үйренгені бар шығар. Көбінесе, көршісі Хасен молланы шақыртып алады. Хасен молланы Новотройцкий совховынан мен көшіріп әкелгендімін. Оның Шошайдан жасы да, дәрежесі де үлкен. Ол Құран аяттарын тәпсірлегенде құдды оқып отырғандай сейлейді. Ертедегі қарт ұстаз, моллалардан оқыған адам. Бірақ мінезі қисық, шапшаң, тілті, ашушаң кезде қол жұмсаудан да таймайды. Монголия мен Қытай арасындағы шекарарадан өтіп, Қытай жақтан жасырын әскери мәлімет жинайтын, яғни (шпиондық) жұмыс атқарыпты.

Жауын тамшысына шөліркеген сортаң жердей иман нұрына шөлдеген аүыл халқы аз да болса, дін жолына бет бұрып,

Аллаға жүректері жібігендей болды. Ендігі арманы – имамға үйіп, жамағатпен намаз оқу. Бірақ мешіт жоқ. «Алла жолын берсе, орыс тонын береді» дегендей, осы тұста талан-таражға түскен сауда дүниелері құрдымға кетіп, ғимараттары қаңырап бос қалады. ғимарат сауда меншігінде. Бұрын Тоқтада мешіт те, медресе де болған. Олар еткендердің еншісінде, оны кейін. Ал бүгін ше? Ата-бабаның жолын құған Қаламға ел үшін, ата-бабасының аруағы үшін шындал атқа мініп, қабілеттілігінің күшін көрсетуіне тұра келді. Жанына Қыпшақ атаның баласынан өзінің бұрынғы қойшысы, ол да өзі секілді пысық жігіт, Мамырханның Болатханын ертіп алды. ғимрат мешіт иелігіне көшті. ғимараттың сыртқы бейнесі мен күмбезін көтеді директор Халелге жүктелді. Ішкі жұмысына елден ақша жиналып, шебер жалданды. Саналы елдің дін сапасын көтеріп, мешіт халық иелігіне жұмыс істей бастады Мешіт «Тәтентай Хазірет мешіті» болып аталды. Имам – Қаламның өзі, Болатхан – көмекшісі. Намаз сабағын үйретіп, әптиектен дәріс беретін – Шошай молла.

Тәтентай Хазірет

Аз сөз Тәтентай Хазірет туралы. Тәтентай Хазірет кім? Мұрат атаның Құнанынан тараған үрпағы. Тәтентай Тәңірбергенұлы Уфада оқып, Хазірет атанып келеді. 1862 жылғы санақ бойынша Құнан ата мен Мұрес атаның балалары атына қоныс жазылмаған. Хазірет осы кездे оқуда болуы мүмкін. Тоқта көлінің жел жақ бетінде көлді жағалай қоныстанған ескі жүрттардың орны жатыр. Хазіреттің мүрдесі де Тоқтаға құяр Қосқабаттың дөңіндегі қалың қорым зираттың ішінде ескі жүртпен астасып жатыр. Хазіреттің қонысы осы жүрттардың бірі болуы ықтимал. «Берекелі жерге ну шығады, берекесі кеткен жерден шу шығады» дегендей, Тоқта көлінің бұл тұсының ерекшелігі тал мен теректің шоқталып өсуінде. Көлдің басқа

аумағынан қамыстан басқа, сүрінерге шыбық таппайсыз. Біз қазақ баласы ырымшыл халықпрыз ғой. Хазіреттің бұл да бір жаратылысының сипаты болуы мүмкін дейміз. Бірақ екініштісі сол, жердің иесін білмеген киесін қайдан білсін. Көлдің сүйн пайдаланып, қабаққа картоп, арбуз салып байимыз дегендердің еңбегі зая болды. Есесіне көлдің сүйн ылайлап, шоқ ағашын бригада қойып, жаралып кетті.

1909 жылы қазақтың өз жерінен өзіне қоныстыққа жер бергенде Тәтентай Хазірет Тоқта көлінің оң бетінен мешітпен қатар медресе ашып, бала оқытады. 1916 жылы ұлтазаттық күресінде «патшаға қарсы ұғыз айтты, халықты үгіттеді» деп құдалайды. Хазіреттің тәуілтік, емшілік қасиеті де болған, сонымен қатар алдағы болашақты да болжай білген. Осы қасиеттерін көре алмаушылар патшаға қарсылық деп шағымданған. Осы жылы Хазірет диниеден өтеді. Әулиенің басына жұн-жұрқа қосып, сазбен илеп кесене тұрғызылыпты. Жел-құзға шыдай алмаған кесене жартылай құлаған. Әулиенің басына келушілердің тыын-тебендері, шүберек жыртындылары шашылып жатты. Замананың ағымы халықты сен соққан балықтай шайқалтқанда, мешіт қараусыз қалып, біреулердің қолымен бұзылады. Бұзылған мешіттен 200 метрге жуық қашықтықтан баласы Меахмет те мешіт салып, бала оқытады. Енді ол қызылдардың құғынына ұшырап, үкімет оны соттап барып, тынышталады. Мешіт колхоздастыру кезінде малқора қызметін, орланған айналасы ашаршылықта өлгендеге қабір қызметін атқарады. Қалай болса да, халық игілігіне жараған.

1980 жылдардан бері Хазіретке шын ниетпен қарағанда совхоздың шашылып-төгіліп жатқан құрылыш материалдарын пайдаланып, кесенені жаңғыртып, қайта тұрғызуға мүмкіншілік болып еді. Бірақ шындығы сол Құдайды да жат қылдырған замана талабы Хазіретінді не қылсын. Жол үстінде кездесіп қалған молаларға мұсылмандық жолымен «Алла

бетіңнен жарылғасын!» айтып, бет сипамай өтпейтін мұсылман қауымының ишара лебізіне ие болып, маған да қүн туар дегендей, үйілген саз балшықтың астында Хазірет елеусіз жата берді. Құбылмалы замана дәүірінің құбылысы онынан туып өткенді даттайтын, ар-ұяттан да аттайтын, бірақ құдайсыздыққа қадам баспайтын, өлі-тіріге азық әулие-әнбиелерімізді, би-батыр асылдарымызды ардақтайтын заманаға жеткізген кезде Тәtentай Хазірет те еске алынды. «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» дегендей, әуелі Тоқтада Тәtentай атындағы мешіт дүниеге келді.

Мешіт алғашында Хазіреттің аруағын сыйлап аудан басшыларынан бастап, әр совхоз басшылары да көрімдікке шашу деп, бірі алақанға дүниесін ұстаса, екіншісі керменге атын байлап, шашуға қарық қылды да тастанды. Аюдың өз майы өзіне, міне осылай Хазіреттің де кесенесін жаңғырту күні туып, ел болып күрек-саймандарын қолға алып, асарға жиналған кезде Тоқта басынан «тоқтаңдар, мында біз бармыз» деген соң, ел амалсыздан кесененің бітуін күтті. Имам мен көмекшісінің отбасылары күмбезді кесенені тұрғызып болысымен тағы жиын тағы той. Қарабұжыр әулиетінің жақсы-жайсандары Новотройцкий, К. Маркс, Шұға, Коминтерн, Шілікті, Суворов, Панфилов совхоздарынан руластары келіп, дүғаларын жасап, шашуларын шашты. Махмет молланың, яғни, Тәtentай Хазіреттің өз үрпағы асқа жылқыларын әкеліп, халықтың ризашылығына бөлөнді. Мен бұл рудан болмасам да, «Тоқта» топырағы қайырлы қоныс болғандықтан, Хазіретті бөтен сана-мадым.

Сексенге келген шешемнен (ол кісі де осы рудан еді) бір семіз ту қойым мен бір фляга қымызыымды беріп жіберген едім. Білмestіктен бе, болмаса басқа есеппен бе, басқарушы моллалардың бірі шешемді ренжітіп жіберіпті. Мен бұл арада біреуді кінәлағалы айтып отырған жоқпын. Әңгіме қазақтың

ежелден келе жатқан ырымы туралы болған соң, кейінгілер біле жүрсін деп жазып отырмын. Малдың сұмесімен күн көрген қазақ ақты ежелден қадірлекен. Бата бергенде «ақ мол болсын, ұлысың оң болсын» деп бата берген. Қазақ ақ құйылған ыдысты бос қайтармаған, тұтқасына ақ шүберек байлап, түбіне ырым тастаған, болмаса, ағаштың шала жанған кемірін болса да салып жіберген. Бұл «малың қара желін болмасын, ағың мол болсын» дегенді білдірген. Егер біле тұра ырымын жасамаса, оны қаярлық қарғыс деп есептеп, қарсы жағымсыз сөздер айтылған. Қазақы дәүірде туып, қазақы тәрбиемен өскен анам ыдысын бос әкелгенде жүргегіне секем алып, ренжіп келгені сол еken. Бұл ырымға сенбейін десем де, арада аз үақыт өтпей, ырысымыз төгіліп, ақтан зар қағып қалғанымызға қарағанда, кім де болса да қаярлық көре алмаушылықпен әдейі істіген сынды. Бірақ қарғыстың да екі ұшы бар. Анамның секем алған адамы солар болса, екінші ұшы оларға да осал тимеген тәрізді. Менің айтпағым тапатал түсте көлденең жатқан көк шөпке сүрінудің не қажеті болды еken? Имандылық жолында жүрген адам бүндай қылықты жасамауы керек еді. Менің алдында айтқанымдай, опасыз дүние үшін жүрген біреулерінің істегені шындық болды. Қазақы тәрбиемен өскен бауырларыма айтарым – жат қылықты жадыларыңа ұстамаңдар.

Осы жылы Айт намазында жүз кіслік мешітке сыймай, халық дәлізде тұрып уәжіпперін орындаады. Шошай молланың еңбегінің арқасында Намазхандар саны отыздан артты. Осы санға таяу жамағатпен жұма намазы да оқылып тұрды.

Берекесі кетпей түрған кезде Голубовский совхозының түрғындары, яғни «Тоқта» ауылының атқа мінерлерінің өздері де, жұма күні мешітке келіп, намазға қатынасып, садақала-

рын арнайы жәшікке тастап отырды. Бірақ, өкініштің моллардың өзара алауыздығынан намазхандар саны сирей бастады. Осы тұста Қалам молла да Керекүге отбасымен қоныс аударып, Хазірет мешітін Болатханға тапсырып, Тоқта өмірін тоқтатқандай болды. Осымен 18-ғасырдың соңына таман бастау алған Мұрат атаның діни династиясы тоқтатылды. Оны тағы тоқтатып кеткен Қалам Қайыржанұлы. Өйткені, осы атандың ақырғы үйітқысы осы кісі болатын. Ата-бабаларының аруағы оған разы, солардың тарапынан шығар, өзі айтқандай тоқсанмен домалаған Қалам әзір тың. Қасиетті топырақтан Алланың қалаулы үрпақтары малын шашып, қажылыққа барғандар мен дін жолындағы абзal жандар.

Түйін:

Алла үйіне тауап етіп, қажы атанған адамдардың саны – жиырма бір. Дін жолын ұстанып, моллалық құрған – тоғыз адам. Бір Хазірет. Ақтабанда ел қорғаны болған екі батыр. Ел намасы үшін қуреске түскен атан жілік балуан – екі адам. Ел намысы үшін жағын безеп, дауға түскен – екі шешен-би. Ел билеген болыс – бір адам. Осы заманың өзінде, ата жолын құып, қажылық қылған үш адам:

1. Қалам Қайыржанұлы
2. Алма Зәйниқызы
3. Ислам Ғаббасұлы

1862 жылғы санақтан кейін патша үкіметінің саясаты көшпелі қазақтарды отырықшылыққа айналдырмақ деген қауесетті естісімен әр келдің, әр сайдың басында малын бағып, айранын үрттап дегендей, 5—6 үйден ағайын-тұмадан құралған ауылдар Тоқта көлін жағалай шымнан үй түрғызып, жинала бастайды. Кең жайлауда шалқып-толқып өскен бай тұқымы, түбі бір болғанмен өрісі басқа болған соң, қоныстарын алшақ салып, малын бағып арқасын кеңгे салып, 1828

жылы 6-сәүірде шыққан «Сібір қазақтарын жеке басқару» туралы шыққан ереженің артын бақылайды. Бұл жарлықтың ақыры қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алып, орыстың өз ішіне де қоныстай алмай жүрген қауға сақал, жалаң бұттарды әкеліп қоныстандыра бастайды. 1909 жылы 9-маусымда патша үкіметі қазақ жерлерінен мемлекеттік қажеттілікке жер беру деген қауылымен шеттеп келген эмигранттарға кен орны бар жерлерді де жалға үlestіре бастайды. Қызыл сарай мен құдық жүзеге аса бастаған сол қаулының нәтижесі болатын. Тарихтан белгілі болғанында Патшалық Ресейдің өз ішінде де, оған бағынышты жүрттардың ішінде де ақ патшаға қарсы толқу басталған. Бұл Тәtentай Хазіреттің діни жолындаған емес, саясатта да көзі ашылған кезі еді. Башқұрттың Уфа шаңарынан білім алған. Сол тұста қазақтың талай оқымысты азаматтарымен таныстыры болған жоқ деп ешкім айта алмайды. Уфа қаласы – Орал төңірегіндегі патшаға қарсы ұйымның орталығы. Тұл қағазды (құжаттарды) түгендеп жүретін орыстың ұсақ шенеуніктері 1916 жылғы маусым жарлығы кезінде Тәtentай Хазіретті қудалауы тегін емес-ті. Жел болмаса, шөптің басы қимылдамайды, патшалық Россияға қарсы шыққан қазақ зиялышарын совет үкіметі келгенде де қудалауы – қазақ оқығандарына сенбеушіліктен. Қазақтың қай түкпірінде болса да оқығандар мен моллаларды қудалауының тағы бір себебі – оларды қазақ шонжарларының қол шоқпары деп түсінген. Дін жолында жергілікті, яғни жаратушыдан басқа жердегі билік патшана бағын деген Алланың сөзінен хабарсыздардың ісі болатын бұл. Молланың бәрі бірдей қай үкіметткे болса да қарсылық жасамаған. Тоқта ауылшының 12 молласы үкіметтің емес, жергілікті ел билуішілердің ақымақтығының жазықсыз құрбаны болған. Кеше ғана 9 молласы бар Голубовский совхозының директоры Егел Сұлтановпен партия ұйымының

хатшысы Зейнүр Рахматуллинді партия конференцияларында талқыға салуы қалыптасқан ақымақтықтың айғағы екеніне бәріміз күәміз.

1862 жылғы санақта 9 мың жылқы біткен Мұрат ата үрпақтының ең байында 100-ге жетпейтін жылқы, 20—30 дан аспайтын қара мал болған. Қой малы дегеніміз бірінде бар, бірінде жоқ. Салған өндіріс орны, не еккен егіні жоқ, мал үшін қопалы көл-өзендерді паналап отырған қазақ ауылдарында не қарсылық болушы еді. 1907—1910 жылдар арасында қара шекпен, қауға сақал, жалаң бүттар қазақ еліне келе бастайды. Мақтаншылық па, білеймін, біз ол туралы тарихқа жазып, атақ алып журміз. Оның бір айғағы — 1907 жылды ауып келіп қоныстанған қанжығалы мен қыпшақ аталарға қоныс болған елді мекенде Грабова селосы және ғағы сол сияқты атаулар.

Тоқта ауылына сондай жалаңбүттардың алғаш келуі 1909 жыл болатын. Бұл кезде Тәтентай Хазірет мешіт салған. Тоқта көлінің бауырына ел жинала бастаған. Ескі Тоқта ауылынан Буылтыққа келіп қоныстанған орыс поселкасының арасын, Тоқта көлінің шығыс бетінен аққан бұлақ сұы орыс поселкасын сумен қамтамасыз етпеуі үшін Бестібай, Сегізбай, Құнан аталарының үрпақтары бұлақ көзін кигізбен бекітіп, топырақ үйіп жауып тастайды.

Кеңес билігі тұссындағы Тоқта

1931—1933 жылдары, қазақша айтқанда, үкіметтің тонауына ұшыраған қазақ халқы, әр бұтаны панарап, тамақ іздел, бірі Ресейге, енді бірі ағайын-тумаларын жағалап, босып кетеді. Бұылтықта отырған орыс поселкасының халқы аштықтан өлгені өліп, өлмегені өлі балық іздел Бұылтықтан көздерін жоғалтады.

Ел ерсіз болмайды. Ахметтің Зәйни тозыл кеткен елдің басын құрап, 1933 жылы тозға 1934 жылы колхоз үйымдастырып, өзі басшылық етеді. Ескі Тоқтаның басы елдікті жойғаннан кейін, орыс поселкасының орнына жиналып, жаңа Тоқта пайда болады. Сондағы Махмет мешіті мал қораға айналып, маңатынан қазылған орға аштықтан өлгендер көміледі. Бір таңғалатыны сол, ешбір ауыл тұрғыны «аштықтан сонымыз өлді» деп айтпайды.

1937 жылдың эүлматы кезінде Ахметтің Зәйни өз басымен қалған елін сақтау үшін ағыммен бірге ағып, қызыл шұберек байланып, қызыл жұлдыз тағынып тапанша асынады. Үкіметке қызметі жағып, артынан ауылнайлық лауазымға ие болады. Ауылнай туралы ел арасында мынандай мәтел барды: егістік кезінде колхоздың өз көлігі жетпегенде, меншіктің бір биесі, бір сиыры бар болса, колхоз бригадирі оларды далаң ұстап әкеліп, иесінің рұқсатынсыз соқа-тырмаға жеге берген. Бір малының сүммесімен күн көріп отығандар «біздің малымызды неге мінесің?» дегенде, «сен айқайлама, ауылнай рұқсат етсе, сиырың түгілі қатыныңды да мініп аламын» дейді екен. Шынында да, жігітшілігі ме, әлде басқа бір себеппен бе, Зәйни біреудің сүйіктісі Мәруа деген келіншегін тар-

тып алады. Сол Мәруадан Зәйни екі үл, төрт қыз сүйеді. Бір қызы Алма ата жолымен қажы атанип келді. Зәйни бай әмбе қажы үрпағы, үкіметке қолды болып кетуі де мүмкін еді. Оның дәлелі – құрметті демалысқа шыққаннан кейін, ауыл молласы болды. Ауылда мешіт жоқ кірпіштен салынған үлкен үйінің залын мешітке айналдырып, жұма, айт намаздарын оқытып, жыл сайын өзінің меншікті малынан бір қойды арнайы сойып, мәуліт беріп отырды. Қарт коммунист бірде қызметте болған ауылдастының арызымен Зәйnidің ісі жергілікті партия жиналысында қаралып, оған сөгіс бермекші болғанда Зәкен: «Мен аларымды алғанмын, керегіме пайдаландым. Сөгіс беріп әуреленбей-ақ қойындар, керегің мынау ма?!

1955 жылы Голубовский тыңдағы «Тоқта» совхоз болып құралғанша, Тоқта халқы сең үрған толқындан бір колхоздан бір колхозға ауып жүрді. Артынан колхозды колхозға қосып, Ірілендіру саясаты кезінде, ел он бес шақырымдағы Қылышбек ауылына көшіп барады. 1955 жылы Қылышбек Панфилов совхозының бөлімшесі болып қалғанда, баяғы өздері тастап кеткен Тоқтаға қайта көшіп келеді. Осы жылдан бастап Тоқта аты жойылып, Голубовский совхозы болып орныға бастайды. Қызыл сарай халқы Суворов совхозының бөлімшесі еді. Осылай екі бөлінген атаниң шаңырағы 1955 жылы ғана Голубовский совхозының бауырына жиналады. Бұл арада тың игерушілер туралы айтудың маңызы жоқ. Совхозды екі директор басқарып, он үш жыл өмір сүрген Голубовский совхозында не бар еді? Жаңа директор Егел Сұлтанов пен партия

үйымының хатшысы Зейнүр Рахматуллинің қолдарына не тиіп еді? Совхоздың негізгі бағыты егін шаруашылығы болғандықтан, «соп демей өгіз жүрмейді, техникасыз егіс өнбейді». Ең бірінші техника қорын сақтайтын, яғни машдвордан бастасам. Бұылтықтының ауыл жақ бетінен салынған кішірек шым үй мен қазылған құдық болды. Техниканың өзін-өзіне қоршатып, шығар ауызда ғана мыжырайған қос қақпа тұрды. Төрт егіс бригадасы, малға азық дайындайтын бір бригада, әрқайсыын есептегенде бес бригадир болды. Бригада бастарында ағаш вагоншиктер тұрды. Жазғытұрым апарады, күз қайта сүйрейді. Вагоншиктердің есігі жабылса, терезесі қисаяды, терезесін тұзесен, есігі жабылмайтын халге жеткен, сүйрей-сүйрей табандары мен едені әбден тоғсан.

Бригаданың ең жақыны – үш шақырым, қашығы – он сегіз шақырым. Астық тазалайтын бір ғана тоғы, екі қоймасы болды. МТМ дегеннен ішкі жабдығы жабдықталып бітпеген, қабырғасы қаңқиған тас үй ғана. Станоктары ескірген. Гараж деңгенді бар деп те, жоқ деп те айтуға болады. Он шақты машина сиятындағы ғана орын. Қызыл сарай астықтың негізгі қоймасы рөлін атқарды. Бас инженер – И.Я. Овчаров, бас агроном – Колесников. Бұл бейшара агроном болып істеп жүрген кезде жер көлемі стандарт болғанына қарамай, астықтан мол өнім алынды. Орнына келген Тастанбеков Қимашкеннің кезінде жер көлемі стандарттан жоғары малды бір бетке ғана айдайтын халге жеткізгенмен, астық өнімін өткен жылдардағыға жеткізе алған жоқ. Мамандығы бухгалтер болатын. Бұның бәрін мен Голубовкаға келген 1968 жылмен сәйкестендіріп отырмын.

Бас экономист – Гирфанов Сабыржан. Ол Голубовский совхозы марқұм болғанша бірге өмір сүрді. Бас бухгалтер – Қарғожинов Мұхтар. Әкесі Кәрім совхоздың мұнай базасында бастық, елге сыйлы, ете қадірлі адам екен. Мұхтарды Махмет

Қайырбаев Краснокутский ауданының ауыл шаруашылығы басқармасына бас бухгалтерлікке шақыртып алды да, оның орнына Рассвет совхозынан Қалкен Қайыров жіберілді.

Гараж менгерушісі Нұрмағанбетов Шәкен кішірек бойлы, толықша келген, мінезі аздал тыз етпелеу, бір беткей, жұмысына өте тиянақты адам еді. Жұбайы Мұслиманың руы – Керей, маған апай болып келеді. Мен Шәкенді Голубовкаға келгеннен бастап кешіп кеткенімше «жезде» деуден жаңылған жоқпын. Балалары Бәкібай, Ертісбай, Дүйсенбайлар да ешқашан не атымды, не фамилиямды атаған емес, маған ұдайы «нағашы» деп сейлейтін. Бұл жездеміздің мінезі тікбақайлау болғанымен, апамыздың мінезі биязы, өте жұмсақ еді. Маған «інішек» деп тұратын. Жездеміз гаражды көп жыл басқарды. Солдатын барлауға жіберіп, өзара парольмен сейлесетін командирлерше директор мен гараж менгерушісі парольмен түсінісетін.

Совхозды керек-жарақпен жабдықтау, яғни экспедиторлық қызмет – әркімнің қолынан келе бермейтін мамандық. Атын жамылдып, совхоз берген машинасын мініп, түк нәтиже шығармасаң да шалқақтап жүре беруге болады-ау. Оны тек жағдай көтерсе. Әсіресе, егістік науқан, орақ науқаны кезінде комбайн, тракторлардың қалтқысыз жұмыста түзу істеп кетуі бас инженер мен бригадирлерге емес, экспедиторға көп байланысты. Каримов Шайхиден өз ісінің білгір маманы болды. Саяхатшылар күнделік жазғанда «пәлен мемлекеттің жерінен өттім» деп жатады ғой. Біздің Шайхиден ағайдың да жолы бес директормен тығыз байланысты. Бас инженерлерді сана-мағанда.

Көрім қажы молланы өзін соттап қоймай, оның үш баласы да құғынға ұшырады. Сиражиден мен Шарапиден сотталады. Шайхиденнің жасы толмағандықтан аман қалып, үкімет-

тің бақылауында болады. 12—13 жасынан өмірдің талай текпісін көріп өскен Шайхиден өте мейірімді, аузындағысын жырып беретін жомарт жан болды. Совхоз бен ел тұрғында-рына өте қадірлі адам болды. Жалғыз ер баласы Мақсұт дүниеден озғанда да жетімдіктің текпісін көріп өскен Шайхиден жұрт көзінше, бақырып-шақырып, көзінен жас шығарған адам емес. Жазуға мен не істей аламын деп, өзіне-өзі тоқтау айтқан-мен, жеке шығып қамыға жылап тұрғанын талай көріп, тоқтау айтып жүрдім. Үй арасы жақын еді. Мақсұттан екі ер бала, бір қыз бала қалды. Мақсұттың анасы Бикен де аурушаң еді. Соларды жасытпайын дейді екен ау. Мақсұттың шаңырағын шайқалтпай, үш баласын да тәрбиелеп өсірді. Қазір олардан да үрпақ бар. Кіші қызы Сәүле бәріне тіреу болды.



Арна, биңдай - ас екен...

Егістік жәйі

№ 1 егіс бригадасының бригадирі Репин денесі еңгезердей, жүргенде шалқақатап жүретін, тілін тісіне тигізіп, ызылданқырап сейлейтін адам еді. Есепші Нұрбаев Амангелдінің әскерге шақыртып, орнына мен барғанмын. Әрбір күнгі жұмысының нәтижесін учетчикпен бірге есептеп жазып алып отыратын. Жұмысына өте тиянақты және еңбекке де жомарт адам болды. Әр тракторист, комбайннерлердің жер жыртып, егін салып, орақ орғандағы ғана емес, олар бригада басында бір шыбық көтерсе де, жанында отырып еңбегін жаздыратын.

Агрономдарды бар деп, жоқ деп те есептемейтін. Олардың бар жұмысын өзі атқаратын. Неге екенін білмеймін, оларға сенбейтін, тәкаппар әдам болды. Репиннің кезінде озат атанып, Лениннің орденінің иегерлері болғандар: Анфимов Александр Степанович, Буханов Балқан, Андаев Анатолий; Еңбек орденімен маралпатаған Романович; Қазақ ССР-ы Жоғарғы Советінің грамотасымен маралпатаған Бабенцев Николай болды. Үшінші бригаданың бригадирі П.М. Криштавичтің кезінде Ленин орденінің иегері Пешко Яков Яковлевич атанды. Жұмысшылар комитетінің жетекшісі З.Заурский-дің қателігінен құжаты түзу тапсырмағандықтан Панов Дүйсөт Аушахманұлы «Еңбек даңқы» орденіне ие болды. Сондай ақ осы атақта ие болған Қызыл сарайдан ағайынды Мукушевтар – Балтабай мен Тасқын.

1988 жылды аудан бойынша ғана емес, облыс бойынша астық бастирудан Голубовский совхозының комбайншылары алда болды. 1700 тоннадан астық басты. Рекорд жасағандар: үшінші бригададан Я.Я. Пешко, Н.И. Белоус, Н.Д. Москалько; бірінші бригададан А.Г. Андаев, А.С. Анфимов.

Аушахманның бригадасын бұл кездे бас агроном 2-белімшеге қаратып тастаған. Ертіс ауданы бойынша арендалық звенода Назаров Анатолий, Назаров Виктор, Тапалов Александр чемпион атанды. Әр гектарынан 10,9 центнер астық бастырды.

Төрт түлік бадын талқанға дітеді

Мал шаруышылығы

1970 жылдары совхозда 2000 басқа жуық қара мал болды. Оның 1500 басы үшінші фермада еді. Оның ішінде 300-дей сауын сиыр, қалғаны бойдақ малдар. Екінші фермада 100-ге тарта сауын сиыр мен 100-ге тарта жылқы болды.

Бас зоотехник – Құрымбаев Қабдолла. Бас ветеринарлық дәрігер Бусыгин, аудандық соттық тәрағасы Л.А. Бусыгинаның жолдасы. Үшінші ферманың басқарушысы – Баҳтыбаев Сүлеймен. Зоотехнігі – Рыбина Ольга. Ветеринарлық дәрігері – Ивонин. Ветеринарлық дәріхана менгерушісі – Берікбаев Нұржамал. Сауын сиыр бригадирі – Уразбаев Баянбай. Бойдақ мал бригадирі – Нұрбаев Қамеш. 1970 жылы Уразбаев Баянбай құрметті демалысқа шықты да, орнына Бисембаев Қайырбек барды. Келесі жазғытұрым Нұрбаев Қамеш қысқарды да, бригаданың малы Бисембаев Қайырбектің қарамағына көшті. Құрымбаев Қабдолла босап, оның орнына бас зоотехник болып Усенов Амангелді, бас ветеринар дәрігер болып Асқаров Сапарбек тағайындалды. Басқаруши Баҳтыбаевтың орнына П.М. Криштафович, Ольга Рыбинаның орнына бөлім зоотехнігі болып Ботбаев Зекен, ветеринар дәрігер Ивонин өзі, техник-осеменатор болып Джамбаев Кеңес (кейін ветеринар дәрігерлікке ауысты) орналасты. Сауын сиыр бригадасының ветеринары болып Шахматалинов Бәкіш келді.

Жақсылар соғі елге иgi

Қарға адымды қаңтар айы. Тұу десен, түкірігінді жерге іүсірмейтін аяз бен ат құлағы көрінбейтін ұлыған дүлей боран шітталап соғып, мал басындағыларға жұмыс істеппей, әбігерге салып, ауыр қыыншылықтар тудырды. Тұрпаты биік мал қораларының үстінен де қар жүріп кетті. Үш жүз метр жердегі мядан малға азық жеткізу қияметтің қыл көпіріне айналды. Жіберген тракторларымыз омбы қарға малтыға батып, өздерін-өздері сүйрей алмай, жер-жерде шоңқыып, қар астында қалды. Оларды қардың құрсауынан босатып алып шығу үшін жонелткен бульдозердің өзі де солардың кебін киді. Түнде боран шамалы толастағанымен, аяз қатты көтеріліп, бет қаратпай қойды. Бірақ, бізде аязға қарайлайтын жағдай да, уақытта жоқ. Мақсат-міндеттіміз – базда қаңтарылып тұрған малды ліш қалдырымай, өзегін жалғау керек. Ай жарығын пайдаланып, шама келгенше маядағы пішенді өгіз шанамен тасимыз.

Ақпан айының басында боран аз күнге толастағанымен, шыңылтыр аяз 42 градусқа жетіп, кей күндері одан да жоғары көтеріліп кетті. Біз үшін ең қыыны малды сумен қамту болды. «Асқа шыдау мүмкін болғанымен, шөлге шыдау қыынның қыыны» деген сөз бар. Мал тұрған базға кіріп барсаң, азан-қазан, у-шү, сиыр малының жалынышты болғандай мәңреген дауысы құлағынды жарып, денендей шымырлатады. Су болмай қалған күні шелекпен қар тасып, жалатамыз. Ол тұста скважина деген атымен жоқ. Суды котлованнан (тоган) тасимыз. Жол бітелген. Су таситын көлікті К-700 бульдозері сүйрейді. Әүпіріммен жеткізілген суды сауыншылар шелектеп тасып, шөліркеген малды суарады. Оның өзінде су күнде жеткізіле

бермейді. «Ашқа тартқанды кешке тартады» дегендей, әр баздан бірлі жарым сыирлар бызаулай бастады. Құні жеткен соң біздің жағдайымызға қарап, қара түяқ қарында жатсын ба? Тілі жоқ болғанымен, олар да тіршілік иесі, олар да адамша қиналады ғой.

Ертеде Омбы шаңарының тұрғыны Әлі деген кісі сұық түсіп, Ертіс өзені қатқаннан соң, ауылдардан шөп алғып, оны базарға сатып, нәпақасын табады екен. Бір жолы шөп сатып болып, ақ түтек боранның салдарынан жолға кері шыға алмай қалады. Ақыры бір апта жүріп, үйіне оралса, есік құлыптаулы, әйелі жоқ.

Сұрастырса, мезгілі жеткен әйелі азынаған сұық үйде босана алмай, көршісіне барып отырған екен. Жас босанып отырған әйеліне Әлі кінә тағып: «Мен қайтып оралғанша неге шыдай тұрмадың? Неге бөтен үйге келіп босанасың?» – деп бұлқан-талқан болыпты. Сонда әйелі жылап жүріп: «Ішер асым жоқ, жағар отыным жоқ, сенің құ моланда қайтіп босанайын?» – деген екен. Сол Әлінің кебін біз де кидік қой. Родилкаға қойған калорифріміздің соляркасы қатты аяздан қата беріп, жылыта алмағанбыз. «Шоқпар тисе, сарлыға» дегендей, осы күз совхоздың бар малы менің қарамағыма көшкен-ді. Таңғы 5—6-дан сауыншылар келе бастайды. Олар келгенше, бойдақ малдың қораларын тексеріп алайын деп аралап, бұзаулар тұрған баздың күзетшісінен жағдайды сұрап тұр едім түпкір жақтан біреулердің күбірлескені естілді. Оларды күзетші аңғармапты. Жақында барсам, совхоздың директоры Егел Сұлтанов екен. Оның қасындағы адамды танымадым.

– Ассалау мағалей күм! – деп, қол бере амандастым. Сәлемімді алғаннан кейін, әлгі бейтаныс адам тікесінен:

– Бұзаудан шығын бар ма? – деп сұрады. «Әкімдердің ішүйнан сақтан» деген, әп-сәтте не дерімді де білмей сасып құлышп, көзімнің қызығымен Султановқа қарадым. Ол кісі бір-денеге уайымдағандай теріс айналып кетті. Менде үн жоқ.

– Тілің байланып қалды ма, неге үндемейсің? – деді.

Мен күмілжіп:

– Жоқ, – дедім.

– Тышқақтар бар ма?.

– Бар, бұзаушылар сүтті шамадан тыс көп беріп қойыпты, – дедім. – Атаңның басы! Бері кел, тұс мына клеткаға! – деді ыз-барланып. Жазған құлда жазық бар ма, «тұс» деген соң түстім.

– Көтер мына бұзаудың қүйрығын! Көтердім.

– Ал, не көріп тұрсың? Тышқақ қандай?

– Қанды.

– Мені неге алдайсың?! Бұзау сұықтан қылаумен ауырауды. Мұның арты қанды іріңге айналады да, бұзау өледі. Қазақ қылаумен ауырған төлді жылы жерде ұстап, талдың қабығын немесе қынаны қайнатып, оның тұнбасын беріп, жазып алатын. Сен «төл арасында өлім-жітім жоқ» деп, көзді бақырайтып қойып мені алдап тұрсың! – деді.

Сосын үндеместен біраз тұрды да: «Бері жүр», – деп, екінші клеткаға алып келді.

– Міне қара, мына бұзау сен айтқандай сүтті шамадан тыс көп тұтынғандықтан емес, бұзаушылардың сүтті жылытыпай бергендігінен жапа шегіп жатыр. Бұзаушылардың жұмысын қатаң бақылау керек. Егер тышқақтың арты қанды іріңге айналса, төл өледі. Бұзаулардың астын қалыңдатындар. Газ жылытықшты көбірек қойындар. Ал, есіктердің іші-сыртынан шымылдық-палатка тартындар, бұл баз ішіне салқын ауаның көптеп кірмеуіне тосқауыл болып, бұзаулар сұық ауа

жұтпайды. Егел, сен мыналарға палатка босаттыр. Ал, сен бала, екінші рет мені бұлай алдаушы болма! Жарайды, қазіргі жағдайларыңың қандай екенін көзben көрдім. Енді осы олқылық-кемшіліктерді дереу түзетіндер. Мен тағы айналып соғып, атқарған істеріңің нәтижесін көретін боламын, – деп әлгі бейтаныс адам шығып жүре берді.

Қазақтың ескі тәуіп-тамыршысындаи барлық жағдайды тап басып танып-біліп, тіпті, оны реттеудің жолы мен емін де айтып шығып кеткен адамның кім екенін білмей, қипақтал қала бердім.

Табиғат та қырсыға қырындал, қырына алып, жүртты әбігерге салған осы бір қыс, осы жыл қайсыбір шаруашылыққа болмасын өте ауыр тиді. Неге екенін кім білсін, «Жау жағдан алғанда, бері етектен тартады» дегендей, ауданның орыс хатшыларының қырсық көзқарасы Егелге дегенде жазылмай-ақ қойды. Оны біз ауданға жиі шақыра беретінінен білеміз. Әсіресе асау тайдай аласұрған, атақ-даңқ құмар жас хатшы В.П. Кило келгеннен кейін қырын қабақтық өрши түсті. Оның үстіне пендешіліктен аса алмай, күншілдікке салынып, тұяқ қимылдатқанның өзін аудан басшыларына құлаққағыс етіп, дереу жеткізіп отыратын ауылдастар да табылмай қалмады.

Шаруаны жақсы меңгерген әдам атақ қыып, дәйексіз ақпаратқа сүйене ме? Қолындағы барды бағалап, ертеңгі күннің қамын бүгін ойлап, өз есебінде ұстамай ма. Егел шаруашылықты бүгін бар, ертең жоқ қып тарықтырған адам емес. Атақ құған хатшыға барын бермей, қысып ұстағаны ұнамады ма екен? Әйтпесе, Егелдің шаруасы аудандағы 17 совхоздың ешқайсысынан кем емес-ті. Хатшылардың қысымынан тек ауданға Сыздықов Уақап Бекұлы атқару комитетінің төрағасы болып келгеннен кейін құтылды, Егелге арқа тіреу табылды дегенді

яғиттінмін. Бірақ өзім ол кісіні танымаушы едім, қөргенім де жоқ.

Қалыптасқан жағдайды есітіп, жүз шақырым жерден, тұн үйқысын тәрт бөліп, жол азабына қарамай (ол кезде асфальт болмайтын) өзінің арнайы келуі неткен адамшылық іс деп ойладым. Кешегі Отан үшін бірге қан кешкен, заманы бір тұрғының ел аристары бірін-бірі жаман атқа қия ма? «Бала соққан қыздіктің үші қайқы» дегендей, саясаяттың шырмауында искен осы күнгі жастар үр да-жық мінезді, өздерінен зорға жатғымпаз болып кетті ғой. Жаңа басшының мәселенің мәнісін өлу үшін, жағдайды түймедейді түйедей етіп жеткізушілерден естігенше, өзі арнайы келіп білмек болғаны – адамшылық болмысының зор екендігінің айғағы.

Қыстың қыттымыр аязы мен үскірігі аяқ астынан қыспаққа алып, берекені кетіргені болмаса, малға шөп те, жем де, сүрлем де жетерлікте мол еді. Бастықтардың келгіштеуін онша-мұнша жақтыра қоймайтын біздерге, әсіресі маған «келеді ғен» деген хабар түрлідей тиді. Шындығында солай ма? Мен неге олай ойладым?

Алдымызда өрген малдың өзегі талмасын дегендей тасып, мекнантанып жүріп, тұліктің баздағы қыын тазалауға үақыт жетпей қалған еді. Тазалағыш техниканың тетігі қатты аяздан қатып қалып, жүруге келмеді. Сөйтіп, амалдың жоқтығынан сауыншылар малдың тезегін баздың қабырғасына қарай лақтырып, үйе берген.

Автопоилка мен трубалардың өзі суыққа шыдас бермей, Істен шыққан. Бөлімшедегі сегіз баздың екеуіндегі ғана малдар үақытымен суарылып, азықтанады. Өйткені, бұлардың екеуінің де өз ішінде өртеде қолмен қазылған құдықтар сақталған. Олардың бірі – бұзау тұрақтайтын баз. Мұнда

5 адам жұмыс істейді. Екіншісі – «Тотан базы» деп аталып кеткен баз. Мұнда жаңа бұзаулаібын деп тұрған жұз қырық бас құнажын орын тепкен. Малшысы – Тотанның жалғыз өзі. Бұл адамның азан шақырылып қойылған есімі – Досмағамбет – Тотан. Балаларының тегі «Тутанов» деп жазылып жүр.

Тотаннан: «Көмекші қажет емес пе?» – деп сұрай қалса, «Жаман көмекшіден, жұмыскер Орлигім артық, күнім (жи айтатын сөзі). Мені қайтесің, қажет еткендерге бере бер сол көмекшінді, – деген жауап айтады шын ниетімен күліп қойып. Орлик дегені – тайпалтып тұрған тұлпар, қос өгіздің жүгін бірдей тартады. Жаз бойы еркін ұстап, күтіп-баптап, бәйгеге қосады. Орлик – үш жыл қатарынан аудандағы бәйгелердің алдын бермей жүрген нағыз жүйрік. «Жақсы атың жаман жолдасынан артық» деген қанатты сөз де бар қазақ атамызда.

Өмірдің талай тепкісін көріп, ауыртпалығына төзіп, қындыққа төтеп беріп, қара ағаштай қасқайып өскен Досмағамбет «қолы күректен, ауы ерден» босамаған, аяулы да еңбекор адам еді. Ол туралы бір-екі ауыз сөз естелік қалдырғанды жөн көрдім. Елге нәүбәт келіп, ағайын арасынан жау шыққан заманда Досмағамбеттің жасы кем көрсетіліп, әлдекімнің орнына еңбек армиясының (трудармия) қатарына алынады. Орыс көрсе, одырая қашатын, тек қазақы ортада өскен Досмағамбет орыстармен ымдаса жүріп тіл табысып, адам төзбес жұмыстарға жегілсе де, «елге аман оралсам» деген арман-үміттің жетегінде ештеңеге мойымай, қажымай, керісінше қайратына қайрат қосып, жігерін жани түседі. Соңғы кездे адам ағзасына зор зиян тигізетін ұлы шахтада жұмыс істеп, денсаулығына ақау түсіріп алады. Ел дегенде ет-жүргегі езілген Досмағамбет елге оралып, тұған жердің топырағын қайта басып, ауасын қайта жүтқанда көңілі құрғып су сепкендей басылып қалады.

Бажайлап байқаса, елі тозып, жұрты азып, жан-жаққа быттырап кеткен. Өзінің отбасымен Омбы облысы, Русская полиция ауданында көрісіп-табысады. Кіндік қаны тамған жер Іоқтаның ахуалы түзеліп, тірлігі татымды бола бастаған тұстағы қайтып оралады.

«Отаным» деп жүріп Отанның алдында атқарған, «Елім» деп емірене жүріп елінің алдында сінірген еңбегі еленбей, жыны жетпістен асса да, зейнет демалысының қызығын көре алмай, дүниеден озды. Әліпті таяқ деп білмейтін Досмағамбетке Алланың өзі зор адамгершілікті, жайдары-жайсанғышты, ақ көңілділік пен сергектікті, өзінен кейінгі жастарға үнемі «күнім, ботам» деп сейлейтін мейрімділік пен кішіпей-ілділікті ұялатты. Осынау аbzal жанның жатқан жері жайлы, жыны жәннэтта болсын деймін. Тағдыр-талайы бір-біріне үқиғас қарттарымыздың алдын да біз өмірбақи қарыздармыз.

«Өлімнен ұят күшті» деген бар. Уақап Бекұлы айналып келгенше, жағдайымызды түзей алмай, ұятқа қаламыз ба деген күдік те бар еді. Мен өзімнің үлкен құдігімнің дұрыс еместігін үйгынып, қателігімді кейін түсіндім. Жаңа басшының «Шаруашылықтарыңа арнайы келемін» деген бір ауыз сөзі, керісінше, тірлігімізге өзгеше жан бітірді, ісімізге шуақ әкелді. Партия сардары Рахматуллин Зейнүр ағамыз гараж, МТМ, бригада базында жүрген ереккі кіндіктілерді жинап әкеліп, өзі бас болып қолынан қүрегін тастамай, үш күннің ішінде ау бастағы қалпы-мызға келтірді. «Сендерді осы әурелегенім де жетер» дегендей, ауа райы да жайлана бастады. Уақап Бекұлы кеп үзамай шаруашылығымызға келді. Жанында партия үйымының хатшысы Зейнүр бар. Тұс мезгілі ғой, малшылар ауқаттануға кеткен-тұғын. Ферма басы тым-тырыс, жым-жырт, өлі тыныштық.

Басшының аяғында қонышы тізеге жетер қысқы былғары етік, үстінде сырты тысталған қысқа тон. Қысқасы, біздің тірлігімізді көзбен көріп, жағдайымызды толығымен тексермек ниеті бар тәрізді. Оны өзі айтпаса да, үстіндегі киімі жеткізіп тұрғандай-ақ. Мен бұл сөзді салыстырмалы түрде келтіріп отырымын. Өйткені, былтыр жазғытурым, нақтырақ айтсам, 1973 жылды Ертіс аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы В.П. Кило да шаруашылығымыздың басына арнайы келген болатын. Ол кезде бұрынғы басшы қызаша киініп, мойнындағы шарфті бос, омырауын ашық тастап, жалаңбас, жылтыраған туфлимен келген-тұғын. Сөйтіп баға кірмestен, сауыншылармен есікті керіп қойып, сыртта тұрып сөйлескен еді. Есесіне Мария есімді Украинадан жуырда ғана келген жас қызыға көзі түсіпті сабаздың. Артынан Егел Сұлтановтың шаңырағында қонақсыза отырғанда «маған сол қызды шақырып бер» деп әлек салған көрінеді. Е. Сұлтанов шақырып келуге адамдарды жұмсайды. Бірақ әлгі қыз келмейді. Қыз келмеген соң әүкесі түскен Кilonың жүні жығылып, біздің елден сүмірейіп қайтқан-ды. Басшылардың адами айырмашылығының өзі осында жатса керек.

Уақап Бекұлы болса, мал тұрағы – баздың барлығына емін-еркін кіріп, әр нәрсеге жіті көніл аударып, тіпті, жылтыр-қыштарға құйылатын солярканың сапасына дейін ден қойып, түгел аралап шықты. Жағдайға көнілі толған Уақап Бекұлы: «Зейнүр, мына қара домалақ бригадирің ана жолы келгенімде Егел екуімізді алдамақ болған еді. Қазіргі қарап тұрсам, жағдайларың жақсы екен. Мал да қоңын жоғалтпапты. Бірақ аудан бойынша сұттапсырудың көрсеткіштерің төмен, жоспар орындалмай жүр. Биылғы бірінші тоқсандары көрсеткіштерің де мәндытпайды. Эй, қара домалақ, естіп тұрмысың? Биыл

Цилайда сүт тапсыру жоспарын толтыруларың керек. Зоотехниктерің ауырып жатқан көрінеді. Жұырда жұмысына шығып ти қалар. Зейнүр, сен мыналардың жұмысын мұқият қадағала. Ішірлік мүмкіндікті пайлаланыңдар. Жоспар орындалатын болсын!» – деп қош айттысты.

Бас зоотехник Амангелді Усенов қолына бертпе пайда болып, сүйкіша шыға алмай, үйде жатқан еді. Жас маманның мінезі түйік, ешкіммен ашылып сөйлеспейді. Өзінің айтқашынан қайтпайтын, бірбеткей, ұнатпаған адамына тесірейіп қарайды да, үнсіз тұра береді. Ар жағында не ойлап тұрғанын бір Алладан басқа ешкім түсінбейді де. Бірақ ұн демей жүріп, айтқанын кімге болса да істетеді. Ұн деместің сиқыры бар адам ба дерсің.

Ол Голубовка совхозына бас зоотехник болып келгенше, шини Уақап Бекұлының тілімен айтсам, құрып кеткен Құрым-баевтың кезінде бізде зоотехникалық қағида-талараптар дұрыс орындалмайтын. Оған: «Сен айналайын, түзел, жұмысынды ретте, мұқият бол. Түзелмесен, құрисың!» – деп талай ұрсағын. Ақыры ол өзін-өзі құртып тынып, кейін «құрыған Құрым-баев» аталып кеткен еді. Міне, соның орнына ұн демес Усенов көлген жайы бар.

Совхозға механикалық сауын қондырғысы әлі келмеген кез. Мал қысы-жазы қолмен сауылады. Сауыншылар жетіспейді. Жергілікті қазақ әйелдерінен терт-ақ адам бар. Қалғандары – тың игеру кезінде келгендер. Өңшен тұрмыс құрмаған, шетінен ішкіш қыз-келіншектер. Тұрмысқа шығып, үйлі-балалы болғандарының өзі кейде ішіп алса, жұмысқа келмей қояды. Содан таңғы 5—6-дан көшө кезіл, олардың есігін тарсылатып, жұмысқа тұрғызу – бригадирдің міндеті. «Женіл тулақ желге ұшар» деген ғой. Шаруашылықта ауыр

салмақты басшылар мен мал мамандары барышылық. Ауыр салмақты анау-мынау желге ұша қоймайды.

Наурыз айының бірінші жартысына таман күн күрт жылып, жер жіпсіп, қар ери бастады. Алдағы егіс наұқаны да жақын қалды. Қарбалас үақыт басталғанша, Егел Султанов денсаулығына байланысты сұранып, қысқа мерзімді демалыс алып, курортқа кетті. Табиғат пен адам егіз. Табиғатқа тіл тигізуге болмайды. Десе де, сол егіздің сыңарының долы әйелдерше бұлқан-талқан болып, аяқ астынан бүліне қалатыны бар. Айдың ортасына таман жапалақтап қар жауды. «Жаман қатын қызы тапты» деген осы-ағ. Қардың соңы бет қаратпайтын дүлей боранға ұласып, артынан қатты аяз тұрып, тағы берекені қашырды.

«Ойдағы баз» деп аталатын баз бар. Мұнда жұз елуғе тарта сиыр тұрақтайды. Әу баста асығыс салынған ба, баз қабырғасының бір жағы төмен отырып, төбедегі плиталар сырғып, екі аралықта саңлау пайда болған. Сүйқта қырауытып, жылыда терлеп, баз ішіндегі мал тамшының астында тұрады. Малшылары – үақытша келген адамдар.

Кейде есікті дұрыс жаппай кетеді. Менің бір әдетім – тұнгі күзетшілерді тексеріп келмей жатпайтынмын. Әуелі «Ойдағы базға» келсем, есік кісі сиярдай ашық қалыпты. Біреу бар шығар деген оймен ішке еніп, қи-көң тазалайтын транспортер жабылды ма еken деп қарап жүр едім, ту сыртымнан: «Что за порядок?!» – деп біреу гүр етті. Жалт қарасам, Ертіс аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы А.В. Карпенко еken. Амандық-саулықтан соң: «Мынауың не? Қане, өшір!» – деді. Сауыншы шешесіне еріп келіп кірген балалардың бірі ци-

стернаның тәменгі жағына «Анархия – мать порядок» деп жағып кетіпті. Дереу қолғабыммен әлгі жазуды өшіріп таstadtым.

Н.В. Карпенко сауын сиырларының тұрақтарын аралап, күріп шығып: «Сауылатын сиыр көп пе?» – деп сұрады. «Сауын сиыр аз емес. Өкінішке қарай, сауыншы жетіспейді, жоқ», – дедім мен.

Келесі күні «Сені конторға шақырып жатыр» деп директордың жүргізушісі С.А. Колбин келді. Шақырған жерге келіп жетсем, Уақап Бекұлы Сыздықов осында отыр. Совхоздың маңырлық мандарын шақыртыпты. Бағана осында келе жатқан жолда Колбин: «Сегодня тебе хана» – деп қалып еді. «Мен не істеппін?» деймін. «Білмеймін, барған соң қөресің. Бәрі саған ғасін қайрап отыр» дейді ол.

Жылына бір директор аудысатын «Абай» совхозында ма, әлде даулы Сілеті совхозында ма, әйтеуір мәжіліс өткізбек болып Уақап Бекұлы қалып қойыпты да, «жолай «Голубовкана» тексерे кет» деп бөлім басшысы А.В. Карпенкоға тапсырма беріпті. Ал ол көрген-білгенін Уақап Бекұлына телефон арқылы баяндаса керек. Конторға біздің барлығымызды соңың сөзімен шақыртып отыр екен.

Мен есіктен сәлем бере кірер-кірмestен:

– Эй, сен өзі кімсін? Коммунистпісін, әлде анархистпісін? Қандай тәртіп орнатпақшысын? – деп алақанымен үстелді салып қалды.

– Аға, мен екеуінде де жоқпын. Осы күндері базда менен басқа ешкімді көрмеген соң, сауыншылардың істеп жүрген құлығы ғой, – дедім.

– Управляемщиң қайда?

– Ол үйінде жоқ. Қайда жүргенін маған айтпайды. Оны тек директор біледі, – деймін мен. Егер Сұлтанов демалыстан

келгенше директор қызметін үақытша атқарушы бас агроном Нұрбаев Амангелді болатын. Ол: «Сен сауыншы жоқ депсің. Бар сауыншыларға неге саудырмайсың? Қосымша сауыншыны саған мен қайдан табамын?» – деді. «Родилкадағы сиырлар түгелімен сауылмай тұр. Бұзаулайтыны әлі қаншама. Олар күн сайын төлдеп жатыр. Сауыншылар оларды өз «группасына» алмайды. Әйткені олардың өздерінің әрқайсысында сауылатын 25—30 сиырдан бар. Алған төлдерін бір жеті өздері ауыздандырып, суарып барып бұзаушыға тапсырады. Әйтпесе, бұзаушылар бірден алмайды. Сауылмайтын сиырдан алған бұзауды үкіметке тапсыруға дайын сүттің есебінен суaramыз. Міне, біздің сүтті жоспарланған көрсеткіштен кем тапсыруымыздың себебі осы. Эне, бас экономист Сабыржан отырғой. Сауылмайтын сиырларды жоспардан алып тастасын. Бәрібір бұзауларды сумен суара алмаймыз ғой. Бір бұзаудың өзі қалыпқа келгенше 250 литр сүт тұтынады. Қазір бізде дәл сондай қырыққа жуық бұзау бар. Сауыншы таба алмасаңыздар, онда менің қандай кінәм бар?» – дедім мен барлық мән-жайды жайып салып.

Жергілікті партия үйымының хатшысы Рахматуллин Зейнүр, бас зоотехник Усенов Амангелді, бас ветеринар-дәрігер Асқаров Сапарбек бірауыздан «сауыншы табу керек, үйде отырған әйелдермен сөйлесу керек» деп, менің сөздерімді қолдады.

Зейнүр: «Ертең Тенждікті жіберемін. Оған сиырларынды көрсетіп, бекітіп бер» деді. Үақап Бекұлы бас прораб Бутиев Қаңарманға: «Сенің қарамағында қанша әйел жұмыс істейді, соларды түгелдей ферма басына жібер» – деп тапсырды. Қаңарман: «Олар қамыс буып жатыр» деп еді: «Қыстың, күнінде үй салып жатқан жоқсың ғой. Барлығы дерлік сауын-

шылышқа барсын» деп бұйырды. Одан соң маған бұрылып: «Сен жүре бер, қалған шаруаны мына кісілерден сұрап-Млемін» деген соң, мен кеңседен шығып кеттім.

Бірер күннен кейін кадр бөлімшесінің бастығы Қаншайым Катренова, бас бухгалтердің көмекшісі Е. Үнгер, коммандант Плектес Рахматуллина, ветеринарлық дәріхана меңгерушісі Нұржамал Загитова, есепші Фарида Бақтыбаева секілді бес адам сауын басына келді.

Арада бір апта өтпей, Егел Сұлтанов жұмысына шықты. Мен құрылыс бөлімнен (с/часть?) келген тағы бес адамды қабылдап, енді осылардың кезекпен келетіндей етіп арнайы жұмыс кестесін жасадым.

Қазақта:

«Аялап айтқан ақыл сөз – аяулы нәрсе бергендей»

«Жұмысты – қырт ақсатады,

Тісті – құрт ақсатады, – дегендей даналық сөздер де бар.

Жақсы ағалардың жақсы сөзі мен өнегелі ісі болмаса, қырт пен құрт Е. Сұлтановтың шаруашылығын көрі тартары хақ еді. Біздің ендігі міндетіміз – сүт тапсыру жоспарын орындау. Мұның өзі бізге ауыр салмақ еді. Бұрын сауын көрмеген сиырлар сауыншыларды теүіп, маңына жолатпайды. Оларға көмектесуге малшының қолы босамайды. Көбіне көмекке өзім бара-мын. Тіпті, кейде сиырды өзім сауып та беремін.

Осындаі күндердің бірінде үстімдегі жел өткізбейтін кір-кір сары дажыбегімді шешуге де шамам келмей, шай дайын болғанша жата тұрайын деп шынтақтағаным сол еді: «Келін, Қайырбек үйде ме?» деп Зейнұр ағаймен қолына үлкен портфель үстаған ұзын қара кісі кіріп келді. Зейнұр тошағаш алдында отырған анаммен амандасты да, текемет үстіне отыра кетті. Ұзын қара кісі сәлем берместен, анама қарап иегін

қақты да, терезе алдындағы биік орындыққа барып жайғасты. Жалпы, ер адам кім болса ол болсын, шаңыраққа сәлем бермей кірмейді. Бұл кісіде ым да жоқ, дым да жоқ. Отырысына осқырына бір қарадым да: «Ұлкенге сәлем беру – сүннет. Ассалау мағалейкүм!» деп, орнынан көтеріліп барып қол бердім. Қолымды немқұрайлы алғанына қарап, «қалада өскен өркөкірек, тік бақай біреу екен ғой» деген ойға берілдім.

Зейнүр ағай: «Бұл кісі – атақты журналист, ақын Мұбарак Жаманбалинов ағамыз. Өлең-ән, қисса-дастан айтады деп естіп, сені арнайы іздел келіпті. Қалғанын өзі айттар» – деді.

– Бала, сені өлеңді, қисса-дастандарды жатқа айтады деп есіттім. Жаяу Мұсаның «Көгершінің» орындағы аласың ба? «Көгершінді» орындау анау-мынау адамның қолынан келе бермейді. Қане, шырқап жіберші, мен естиін, – деді журналист.

– Аға, жасымда өлең-әуенмен әүреленгенім рас. Бірақ үйлі-баранды болған соң соны қойып кеттім. Қунделікті қат-қабат жұмыспен оған үақыт та жоқ, – дедім мен.

– Ешетеңе етпес, сен сонда да айтып көр. Тыңдалық, – деді М. Жаманбалинов.

– Эн-өлеңді орындауға сүйемелдеуші қолайлыш аспап керек қой. Үйдегі жас балалар үйренеміз деп сүйрелеп жүріп, домбыраның қақпағын жарып тастапты, – дедім.

– Оқасы жоқ, сен сол жарымжан қақпағымен де айта бер, – деді ол кісі де қадалып.

Жазған құлда шаршау бар ма, домбырам сырыйлдан, дауысым қырылдан (сол күндері сүйек тиіп, ауырыңқырап жүрген едім), әлгі адамның қалаудың орынданап беріп, тезірек құтылуың амалымен шырқап бердім. Ана кісі «ым-ым» деп біраз үнсіз отырды да, артынша шайға да қарамастан үйден шығып

кетті. Бұл менің Тоқта ауылына келгеннен бері өнер жолындағы беташарымның бастауы болса керек. Мен «Ақыу – көкке, шортан – көлге, шаян – кейіннің» кері болыппын. Мен алғаш Мұбарак ағамен осылайша «аттың жалы түйенің қомында», Жейнүр аға арқылы танысып едім. «Адамның көңілі бір атым насыбайдан да қалады» дейді ғой. Біздің Мұбарак ағамен одан кейін көңіліміз жарасып кетіп еді, дегенмен, 2004 жылы қайта өкпелетіп алдым. Одан кейін қатынасымыз болған жоқ. Іүған кейін толығырақ тоқталамын.

Ноғайлардың «Қазақ сығаласа, кетті» мәтеліндей, маған жіберілген сауыншылардың он күндік мерзімі де тәмамдалған еді. Е. Сұлтановқа қайта-қайта барып жүріп, тағы біраз күн қосып алғанмын. Есесіне, шұғылжұмыстарым болса да, контор жаққа қатынауды қойдым. Артынша көлік жүргізуші баяғы Колбиннің «тебе хана» дегені алдыманнан шықты. Ол кезде әлгі жүргізуші маған «хананы» Уақап Бекұлы көрсетеді деп күткен екен. Енді ол кісіден де басқа мамандардан «хананы» күттеп болдым. Әуелі кәсіподақ комитетінің төрағасы В. Затурский соңыма түсті. Оның әйелі Зояны сауын басына прораб Қаңарман Будиев жіберген болатын. Ал П. Крыштаповичтің әйелі Нинаны инженер Игорь Овчаров жіберген. С. Колбиннің келіншегі Тоня ауылдық кеңестің жұмсауымен келген. Ол жергілікті поштаның бастығы болатын. Қаншайым Катрепова – кадр бөлімінің бастығы. Оның жолдасы – бас ветеринарлық дәрігер Аскаров Сапарбек Уәшұлы. Бірер сөз осы Сапарбек жайлы айтып өтейін. Біз бұл екеуіміз үшінші ферманың басына бір жылда келдік. Бұрынғы бас ветеринарлық дәрігер Бусигиннің жолдасы Л.А. Бусигина Ертіс аудандық соғына судья болып тағайындалды да, өзі аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына бас ветеринарлық дәрігер болды.

Сейтіп оның орнына Ново-Ивановский совхозының бөлімшесінен Сапарбек ауысып келген еді. Элі үйленбеген бойдақ жігіт үшінші ферманың в-фельдшері Ивониннің үйінде пәтерде тұрды. Ивонин өз кәсібінің білгірі еді. Бірақ ішкіш болды. Мен ол үйге Сапарбек үшін амалсыздан екі күннің бірінде барамын десем, артық айтқандық емес. Қебінесе төл алу науқаны кезінде қарбалас шаруалармен тұнде барамын. Ивонин жасы келген, шағын келген, еңкіштеу адам еді. Ішімдікке тойып алып, малшылар әкеліп үйіп қойған шөптің арасына кіріп алып, үйиқтап жатады. Бірде Борисова Клава деген бұзаушы шөп айырламақ болып, қолындағы айырымен Ивонинді түйреп өлтіріп ала жаздады. Оған дейін тұнде оның қайда екенін таппайтынбыз. Сапарбек те Ивонин қайда деп сұрамайды. Жылы төсегінен атып тұрып, апыл-ғұптың киініп, бір шақырым фермаға жаяу барады, жаяу келеді. Әсіресе, Қаншайыммен жаңа қосылғанда сүйікті жарының жылы қойнынан тұрғызып алып кетемін. Обал-ақ! Сол кездегі обалы маған енді. Түрлі сылтау айтып, дәлел тауып, бармауына да болар еді ғой, бірақ, оның өз жұмысына деген адалдығы, берілгендей, маマンдығына деген махаббаты сылтау-дәлел айтқызбайды.

Голубовский совхозының өмір ұзақтығы 45 жыл болса, мен оның 26 жылында, Сапарбек 30 жылында қызметті бірге істеппіз. Осы жылдары ешқашан бетпердеміз жыртылып көрген жоқ. Сол үшін мен оған үнемі раҳметімді, алғысымды айтамын. Жолдасы Қаншайым да шешенің өнегелі тәрбиесін бойға сіңіріп, жас күнінен үй шаруасын толық меңгеріп өскен. «Мен желегі түскен жас келінмін» деп кірпиязданып тұрғанын көрмедік. Небір асау сиырды көмекшісіз-ақ ықпалына көндирип, өзіне аз күнге болса да группа жинап алды.

Сауыншыларды «өңшең салпы етек, маңайлары үнемі салып жүреді» деп менсінбей, конторға жұмыстарымен барғанды жиіркенетін ақ саусақ әйелдер май-қаймақтың өз-бетімен келмейтінін, ол үшін тер төгіп, бейнеттену керек екенін өздері де аз күн болса да бастан өткергендерін, әрі қарай шыдай алмайтындарын айтып, конторға барып шағымдануды шығарды. Бір күні: «Сені Раҳматуллин Зейнүр шақырады» деп еден сипырушы келді.

Жетсем, бас экономист Гирфанов Сабыржан екеуі бір нәрсені талқылап отыр. Сабыржан «отыр» деп, маған жаңындағы орындықты нұскады. Зейнүр ағай: «Сенің анау киімшең сауыншыларыңды ұстай алмайтын түріміз бар. Қүеулері күнде құлақтың етін жеп бітірді. Осыған не істей аламыз? Олар неше сиыр саудады өзі?» – деді.

Кейбір сауыншылар өз группасындағы сүті аздарын роздилкаға тапсырып, сүтті мол беретіндерін алып жатыр, қазір қырық бестей сиыр бар, – дедім мен.

– Біз Сабыржан екеуіміз бір шешімге келіп отырмыз. Біз былай істелік, арнайы концерт үйымдастырайық. Сабыржан еңбек, қажеттіліктер жағынан көмектесер. Бұл шараға екеуің басшылық етіп, қолға алындар, – деді.

– Аға, менің қолым тимейді ғой оған...

– Әлбетте, дайындықты жұмыс үақыты бітіп, мектеп те сабактан босаған соң жүргізесіндер. Ауылдық клуб қазір жұмыс істемейді. Білім ордасының бір класын алып беремін. Арғы жағын тағы көре жатармыз, – деді Зейнүр. Біз осыған үағдаластық та, үақыт оздырмай ән айтуға қабілеті бар, жүрт алдында көзге түсіп жүрген өнері бар адамдарға қолقا салдық.

1. Ахметов Ғайниден. Өзіммен, Зейнүрмен құрбылас үлкеніміз. Баян аспабында ойнап, ән айтады. Мамандығы – көлік жүргізушісі.
2. Есенбаева Ғалия. Қызы Ж. Есенбаева қазіргі Ақсу қаласына қарасты ГРЭС кентіндегі мәдениет үйінің директоры. Өзі көркемөнерпаздар мүшесі, әнші.
3. Жұқабаев Серік. Баян аспабында ойнап, ән айтады. Мамандығы – көлік жүргізушісі.
4. Экімбеков Бекет. Әуелетіп ән айтады. Мамандығы – агроном.
5. Ізенов Мұзатар. Мандолинмен қазақша-ундіше ән шырқайды. Мамандығы – зоотехник.
6. Қабдрахманова Шәкен. Бұл қыз бала ән айтады.
7. Жантемірова Құлшара. Ән айтады.
8. Нұрмажанбетов Шәкібай. 10 кластың оқушысы. Мас жүргізушінің рөлінде ойнайды, ән айтады.
9. Шалипов Қылышбай. 10 кластың оқушысы. Дәрігер-хирургтің рөлінде ойнайды, ән айтады.
10. Бисембаев Қайырбек. Бригадир. Домбырамен ән айтады.

Осылайша, өнерпаздарымыздың тізімін, міндептін жоспарлап алдық та, білек сыбана дайындыққа кірістік. Бес күн мектепте, екі күн Сабыржанның жұмыс кабинетінде әзірлендік. Концерт өтетін күні ауа райы да тәуір болып тұрды. Қазақша айтқанда, май тоңғысызы. 3. Рахматуллин ағамыздың қысқаша мадақ сөзінен кейін «Бісміллә» деп, мәдени шарамызды бастап кеттік. Ферманың «қызыл бұрышына» көрермендер сыймаған соң, есіктерді айқара ашып таstadtық.

Барымызды салып, терлеп-тепшіп, концертімізді тәмамдап болып, рахметімізді арқалай сыртқа шықсақ, Зейнүр

ағамызды сауыншылар қауымы кезек-кезек құшақтап алып, доңғелетіп билеп жүр.

Ферманың өз дүкені бар еді. Дүкеннің сөресінде самсал тұрған «атақты» 40 градус шөлмектен алып, «концертті жұмыз» деген желеумен сауыншылардың салқын денесін қыздырып қойған тәрізді. Шөлмек жарықтықтың құанышы мен мұңы қатар жүреді ғой. Өткенде ақылдасып-кеңесіп отырғанда ағамыз: «Ар жағын тағы көре жатармыз» деп текке айтпаған екен. Ақыры Сабыржан екеуінің көздегені дөп келіп, екі күннің ішінде родилканың бір қатары босап қалды да, рахметімізді жаудырып, киімшөндерді босаттық. Бұрын бұзауын туып, артынан бойдақ малша сидандап жүретін аналық малдың жетпіске жуығы сауын сиырлардың қатарын көбейтіп, сут көрсеткішінің өсімін арттырды.

Көктемгі ауа райының қолайсыздығынан бойдақ малға қарағанда, сауын мал жайлауға айға жуық кештеу шықты. «Темірді қызған кезінде соқ» деген бар. Өткендеңі концертті қоюшылардың ыстығы әлі басылмай тұрған күннің бірінде ағамыз бізді тағы да кабинетіне шақырды.

— Ал, әртістер, көңіл-күйлерің қалай? Шаршаған жоқсындар ма? Сіздерге жол түсіп тұр. Егер үақыты да келіп қалды. Аудандық мәдениет үйінің жағдайы мәз емес екен. Үгіт бригадалары тарап кетіпті. Осылан байланысты аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Қапашев Дүйсен Абақұлы бізге қолқа салып отыр, — деді. Сабыржан жел көңілдеу жігіт еді:

— Ол не қолқа? — деп елең етті.
— Жақын маңаттағы 3—4 совхозға концерт беруімізді өтінеді. Қалай, бере аламыз ба? — деп жүкті бізге қарай аударды.

Сонымен, Зейнүр ағамыз өзінің күркелі машинасын Сабыржанның қарамағына беріп, біздер — өнерпаздар жолға

шықтық. Екі күн бойы жүріп, Абай, Суворов, Ново-Ивановка, Панфилов совхоздарына концерт қойдық. Осылайша, Зейнұр ағамыздың мойнына алған жауапкершілігін жүзеге асырып, міндептін орындалап, көңілін хош қылдық.

«Көңіл аудар даналардың сөзіне,

Адал жанды өнеге тұт өзіне»;

«Жақсының – шарапаты, Үлкеннің – ғақлияты» деген ба-
балардан қалған терең мағыналы, қағаидалы сөздер бар.
Сыздықов Уақап Бекұлы нағыз шарапатты, ал Зейнұр Рахмату-
лин өте ғақлиятын жандар деүге құқығымыз әбден бар.

«Тісті құрт, істі қырт ақсатады» дегендей, Егел Сұлтанов-
тың ісін ақсата жаздаған біздер екі ақыл иесінің арқасын-
да малымызды қыстан алып шықтық. Бұған директорымыз
Егел Сұлтановтың да мәртебесі өсіп, совхоз болғалы орындал-
маған сүт тапсыру жоспарын толығымен жүзеге асырып, Ертіс
ауданының ауыспалы «Қызыл туын» иелендік.



Су проблемасы

Аналарының орнын басып, түнде оянып, бесікке асынған, жұмыс бар деп, далаға асыққан, етегі сасып, ортаға кіре алмай, далада тоңып, өзін-өзі жасытқан, үйде қалған сәбілер омырауын иіскеуге асыққан, бұл күнде әже атанып шаңыратын шалқытқан, еңбектері елеусіз, қолтығынан демеусіз болғандар.

Табан аудармай, 20—30 жыл мал соңында алақанын айыр қажап, тақымын ер қажап, өткен замандастарым: Жұмахметов Жұсіп, Калиакбаров Тлеке, Бузмаков Петр. Сауыншылар: Беляева Надежда, Макарова Марья, Досанова Аманжол, Бисембаева Бибінүр, Жекежанова Әркен, Садымова Тұрсын, Искакова Қөпей, Мусанова Майра. Бұзаушылар: Борисова Клава, Касимова Әни, Бабенцова Тоня. Естелігім ескірмесін, үрпақтардың есінде жүрсін деген ниетпен жазып отырмын.

Уақап Бекұлының Егелге деген шарапаты мұнымен туғесілмейді. Алда су проблемасы тұр.

Голубовский совхозының жер көлемі кең болғанымен, суға жұтаң. Табиғи су қоры аз. Совхоздың жайылымдық жерінің басым белігі сортан. Өзен суы болмаса, көлшіктер тез тартылып, соры шығып қалады. Тұщы судың қоры — «Қос қамыс» көлі, «Күйік» көлі, «Ошақ» көлі. «Ошақ» көл мен Қөлбай сорының арасы 2—3 шақырым дөңес. «Ошақ» көлінің онтүстік-шығыс жақ етегінен — дөң астынан жасалған жасанды көл (платина) бар. Оның суын малға пайдалана алмаймыз. Бұл жер — халықтың суға түсіп, балық аулап, демалатын орны.

Павлодар облыстық балық шаруашылығы басқармасымен келісім бойынша платинаға 3 жылда бір рет балық

жіберіліп отырады. Жаңбыр аз жауса да, сұнының көлемі кемімейді. Жасанды көл терең. Осы суға батып кете жаздағандар да, тіпті, батып кеткендер де бар. Әүелде «Ошақ» көлдің сайы терең болғанға үқсайды. Қоршалып-бекітілген көлдің сайы терең жар. Бекет жылда биқтетіліп отырады. «Ошақ» көлінің екі жағы сор, аумағы кішірек, дөңгелек қана. Қалың қамыс арасынан «мен мұндамын» дегендей, жылтырап қана көрінеді. Суы не азаймайды, не көбеймейді.

Жасанды көлдің (плотинаның) етегі тартылған кезде ошақ шұңқыр пайда болады. Шұңқырдың суы құрғамайды, үнемі бір қалыпты тұрады. Жайылымға келген мал суат алып, басында жата береді. Соған қарағанда көл астында бұлақтың көзі бар тәрізді. «Қосқамыс» пен «Күйік» көліне келіп құятын өзеншелер бар. Бірақ олар қар суы мен жаңбырдың сұнынан қорек алады. Құрғақшылық жылдары тартылады. Сауын сиырлар «Күйік» көлінің басында күзге дейін болады.

Қой малының негізгі жайлауы – орталықтан 40 шақырым жердегі «Қарасу» өзені мен 13 шақырымдағы «Шұбар Айғыр» өзені. «Қарасу өзенін үш совхоз пайдаланады. Краснокутский ауданынан Коминтерн, Ново-Троицкий совхоздары, Ертіс ауданынан біздің Голубовский. «Қарасу» өз бастауын Ертіс-Қарғанды каналының Екібастұз тұсынан алады. Ұзындығы 100 км-ден астам.

Жолай Екібастұз ауданының бірнеше совхозын басып өтіп, қар суымен молайып, арқырап отырып Жалаулы көліне келіп құяды. Осы құйылыста Голубовский совхозы судың ағынын тоқтатып, бекет (дамба) тұргызады. Бекет тұрғызылмай, су «Жалаулы» көліне ағып кетсе, Голубовканың жағдайы мүшкіл болмақ. Өзеннің сұын бекітуге көрші ауданының екі совхозы онша құштар емес. Терең сайындағы қалдық судың өзі оларға

жетіп жатыр. Жайылымға келетін малы – қазақтың ақ бас сиырлары. Ал қой малы тереңдіктен қорықса, бара алмайды. Ыр жылдары өзен суын бекітуге жіберген сенімді адамының жұмысы шалағай болып, бар қой отарларын «Шұбар айғыр» өзенінің маңайына жинап, жайылым тарылған-ды. Содан былай Егел Сұлтанов ағамыз ешкімге сенбей, бұл мәселені тіке-лей өз бақылауында үстайтын болды.

Арқыраған өзен суын тоқтатуға қасқайған қас батырдай Егел ағамыз Андаев Анатолий есімді K-700 тракторын жүргізетін, ұлты чуваш жігітті және шынжыр табанды мех.лопатада Істейтін өзінің жақсы көретін Голубев Иван деген орыс жігітін алғып, тазасын ертіп, аңға шыққан аңшыдай батыр ағамыз қары әлі еріп болмаған, қан соқты, ойлы-қырлы жермен «Қасрасу» өзеніне жол тартады. Әлі жіпсіл болмаған тоңды И. Голубевке қопсытып-қопартып, Андаевқа сырғызып, өзі трактордан түспей, екі аралықта қуыс қалмауын мүқият қадағалайды. Сайдағы өзен суы көтерілмей, K-700-бен маңатты басып жалпайтып, биіктете береді. Өзен суының деңгейі көтеріліп, тоқтатылады. Егел ағамыз сонда ғана тракторды доғарып, демалуға түседі дейді жолдастары. Міне, менің Егелді батыр деп айтудыңың төркіні осында жатыр. Ағамыздың дене-тұрпаты да батырға сай еді. Өзі трактордан түсіп, жантайып жатып алғып: «Ананы олай істе, мынаны былай істе» деп, бәзбіреулер құсап сұқ саусағының ұшын ғана шойшайтып отырса, ісі оңар ма еді?

Совхоздың өз аймағындағы су қорларының маңыздысы – «Шұбар айғыр» өзені. «Шұбар айғыр» өзеніне келіп құятында, одан бастау алатын да ұсақ сайлы өзендер бар.

«Шұбар айғыр» өзені – терең, аттылы адамының бойынан да асатын жерлері мол. «Сілеті» өзені Чапаев совхозы арқылы

аз мөлшерде болса да, Жалаулы көліне, ал Жалаулының артық сұзы «Шұбар айғырға» келіп құяды. Ағысы қатты өзен. «Шұбар айғыр» өзенінің алдын екі жерден бекітеді. Эйтпесе су жайылып барып басқа арнамен ағып кетеді де, жадағай жерден көлшік түрғызылып, аяғы құрдымға кетіп, кеүіп тына-ды. Табаны кеүіп қалған талай көлдің орнын сыйдиып шыққан тапал қамыстар қуаландырады. Совхозға директор болып келгеннен бері су атасы Сүлеймендей Егел ағамыздың түсіне су енетіні анық.

Бірінші бекет жылда сұын бекітудің нәтижесінде аумағы опырылып құлап, терен қолге айналды. Мұрат бабаның зама-нында бұл өзен өзінің сұына батып кеткен Шұбар айғырдың атын иеленсе, біздің заманымызда да Тотанның сүйікті Шұбар айғыры сұға батып өліп, өзеннің атауы Шұбар айғыр екенін дәлелдегендей бір оқиға болып еді. Бірінші бекеттен асқан су екінші бекетке арнасынан асып барып тоқтайды. Қой малын суаруға ыңғайлысы да, қолайлысы да осы. Бұл жасанды көл-де Алланың қай жағынан жіберген нәпәқасы екенін кім білсін, әйтеуір балық пен су тышқаны пайда болды. Жасанды тұйық болғандықтан, жауын аз жылы маңайы қорыстاناپ, құрт ба-сып кетеді. Ондай жағдайда суды амалсыздан Буылдықтағы котлован сұынан техникамен тасып аламыз. Құзде жайлau-дағы мал ауылға жақын келгенде де осы котлованның сұын тұтынады. Кей жылдары сұы тартылып, бауырлап, қатып қала-ды. Мал қыстаққа тұрғанда, суды қыс бойы 7 шақырым жер-дегі плотинадан тасуға тура келеді. Оған қыстың сарышұнақ аязы мен түтеген бораннының қыындықтарын қосыңыз.

Совхоз директорын тығырыққа тіреп, толғандыратын тағы өзекті мәселе – ауыз судың тапшылығы, түрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету. Бұл мәселені бір жақты ету ауыл-

дық кеңестің құзырында болғанымен, олардан қайран жоқ скенін түсінген ағамыз істі өзі қолға алды. Совхоздан арнағы жұмысшылар бөліп, ескіден қалған құдықтарды тазалатып, қолмен айналатын зығыр орнатқызды. Құдықтан алыс орналасқан үйлер көп. Сондықтан ондай көшелерге де жаңадан құдық қаздырыды және барлық мәселені, шаруаны өзінің қатаң бақылаудыңда үстады. Нәтижесінде, ескі Тоқтанаң басы, Қызыл Сарай халқы сапалы ауыз судан тапшылық көрген жоқ.

Білетін жүрт ағамызды батыр деп текке айтпағанымды тағы қайталаймын. Шаруашылықтың басқа салаларын есептемегендеге, мал мен жанды түгелдей сүмен қамтамасыз етудің өзі – ел басқарған адам үшін ауыр да мاشақаты көп жүк. Осы қынышылықтардың бәрін сессияларда, партия конференцияларында айтып, су мәселесін көтергенімен, өкінішке қарай, ауданның басшылары қолдамаған. Бұған айтатында – «Голубовский совхозында су қоры жоқ. Болған күнде жер қазуға арналған бүрғы-үңғы құралы тасқа тиіп, кедергі келтіреді» деген уәж. Осындай шалыс шешімді қолдағаны үшін сол кездегі аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Кильға Егел ағамызыдың тілі тисе керек. Егел ағамызға оң қабақ танытпауы осы болар.

Келесі сессияда Уақап Бекұлы барлық қалыптасқан жағдайды баянда деп Егел Сұлтановқа сөз береді. Сөз айту үшін өзгеден жөн сұрайтын Егел аға емес. Орыс сөзінің майын тамызып, көслө сөйлемді-ай келіп. Уақап Бекұлы Егел Сұлтановты текке сейлетіп отырмағанын депутаттар бірден түсініп, оны бәрі де қолдап шығады.

Депутаттардың қолдауы мен сессияның келісімін алғаннан кейін, кешіктірмей жедел түрде су зерттеу экспедициясының бригадасын Голубовкаға әкеліп, іске кірістіреді. Нәтиже-

сінде «су жоқ» деп үстіртін жасалып, қабылданған шешімдері теріске шығып, екі жерден сарқылмас қайнар бұлақ көзі та-былды. Олар қысы-жазы тоқтаусыз, тұрба арқылы бірі «Тоқта» көліне, бірі сайларға ағып жатты. Мектептің саябақ алаңынан 36—40 градуста жартылай тұщы (щелочный) су шығып, бұл-қынмен су тасуышы машиналар қысы-жазы алғып тұрды. Су тапшылығының кезінде қойлары бір-біріне қосылмасын дегір шақырымдай ара қашықтықта салынған 5 қой қорасын-ның маңынан тұщы су қоры табылып, олларға ЗИД моторы орнатылды. Қысы-жазы шелектеп су тасып әбігерленіп жүрген шопандардың өздері де, малы да тұщы суға қарық болды.

Қазақта «Емшісі табылса, жазылмайтын дерт жоқ» деп текке айтылмаған ғой. Шаруаның дәрігөріндегі шарапаты ши-палы Сыздықов Уақап Бекұлы ағамыздың арқасында біздің ел-жүрт су тапшылығы дегенді көрген жоқ.

Алдағысын аңдай алмаған кейінгі басшыларымыз «Беловод» су құбыры тартылғанда, қолға түскенге ғана қанағат қылып, ескіні ескерусіз қалдырып, ақыр-соңында бардың да тамыры тартылатын кездегі таз кебінді қайта кидік.



Мал осірсөң, қой осір, енімі оның көл-көсір

1968 жылдары қой басы 8000-дай болды. Жазғытұрғы толімен қосқанда 9 мыңның төңірегіне жетеді. Бөлімшениң менгерушісі – Е. Пантелеев. Зоотехнигі Ольга Рыбина, веттехнигі Н. Нижниченко – бәрі де орыстар еді. Жұмыс нәтижелері тым нашар болды. Баздардың сыйқы мұжырайған-мұжырайған, есқи. Кейбірі жартылай тастан қаланған. Әріде шошқа ұстаған сынды. Екі доға баз болды. Бірінде атақты Ленин орденді аға шопан Мукушев Төкеш тұрды. Қызыл сарай құдығының оң бетінде шымнан тұрғызылған базда бір отар қой тұрды. Бұдан алыс емес жерде, жоһдың жел жақ бетінде тағы бір баздың орны жатты. Қашанғы баз екеніне мән бермеппін.

Голубовский совхоз болып құрылғалы не жүннен, не сүттен, не төл алудан үкімет тапсырмасын орындаған екен. 1974 жылы бірінші бөлімшеге Сыздықов Ұақаптың сыннына ұшыраған директордың орынбасары Қалам Қайыржанов барды. Ольга Рыбина зоотехник болатын, оның орнына Бельгубаев Қабай барды. Нижниченко деген ветеринар дәрігердің орнына Қаламның өз баласы Қайыржанов Жұмаш барды. Менгеруші Е. Пантелеев бұрынғы жұмысы – малға азық дайындау бригадасына қайта оралды. Жұн қырқу науқаны өте нашар жүрді. Қырықтықшылардың жетіспеушілігінен қырықтық мерзімі өтіп кетіп, кей қойлардың жұні түссе, кейбірінің жұні жабағыланып, ұйысып, қырқуға келмейді деп мамандар арызданып жүрді.

Қалам Қайыржанов билікке отырысмен көзге көрінуге тырысты Өзара мәмлеке келе алмаған қойшыларының үсті-

нен директор атына докладной жазып, талқылап, біраз адамды осылай тәртіпке шақырды. Жұмыс біршама жөнделгенмен жүн қырқу таз қалпында қалды. Қозы алудан кей шопандар ілгеріледі. Ескі Тоқтада Рахаев Алжан демалысқа шықты да, орнын Мұқашқа берді. Ол біраз жылпостыққа салып, Төкештің алдына шығамын деп еді, бірақ оны істей алмады.

Осы тұста Павлодар облысы бойынша қозы алудан Социалистік жарыс қызыу жүріп жатты. Лебяжі ауданында Қабдынәсір Шарбақбаевтың, Екібастұз ауданында Бекен Қызғариннің, Ертісте Төкеш Мукушевтің мәліметтері ақпарат арқылы беріліп тұрды. Совхоздың өз ішінде Рахаев Мұқаш екеуінің де бәсекесі де жарияланып тұрды. Нәтижесінде жүзіне екі қозы кем берген Мукушев Төкеш Ленин орденінің иегері атанды. Мұқаш та бір орденнің иегері болды. Қандай орден екені есімде қалмапты. Бұл 1972 жыл еді.

Бөлімшениң жұмысы іс жүзінде болмаса да, бір планеркада Егел Сұлтановтың «Қалам Қайыржановтай тағы біреу болса, қалған мамандардың бәрін жұмыстан қуар едім» деп айтқаны әлі есімде. Криштафовичпен келісе алмаған Бисембаевті бірінші бөлімшеге ауыстырды. Қырықтық уақыты болатын. 9 класс бітірген балалар қырықтыққа келді. Үшіншіде жұмысты қалай атқарғанымды көріп жүрген Қалам аға пунктке менгерүші етіл қойды. Усенов Амангелді үндемес туралы жазылған. Үндемей келеді, үндемей кетеді. Қойды уақытымен қырқып, жоспар толтыру керек.

Қазақылықты көп көрген Бисембаев Қайырбек намысқа басты. Қалам Қайыржановтан самосвал машинасын сұрап алдып, қойышыдан қойшы қоймай жүн жинанып, бөлімшениң қоймасында үйіліп қалған терілерді далаға шығартып, кептіретін машинамен қырықтық басына тасыттым. Қой қозда-

тан кездегі көзінен, желінінен қырқылған жүндерді жинааттырып алдым. Бір қырықтықты қойып, терілерді бірін қоймай қырықтырып, өлі жүндерді кейінгі сортпен пресстан өткізіп, ток қылып шығарттым. 9 класстың қырықтыққа келген балаардың машинкасын алып, қалай қырқу керектігін үйреттім. Сол жылы Егел Сұлтановтың өз баласы Серік Сұлтанов та қырықтыққа келген. Серікке жағдайды түсіндіріп, жұн жоспарын биылғы жылы міндетті түрде толтыруымыз керек, ол мені мен сенің ғана емес, совхоз директорының абыройы дедім. Тағы бір аңғарғаным, оқушылардың ішінде үш орыс баласы тәуір қырқады екен. Бірақ далаға көп жүгіре береді. Аңдыдым. Сөйтсем, далаға қызылдың шыныларын тығып қояды екен де, шаршағанын басу үшін аздап йшіп отырады екен. Оны мектеп директоры Оспанов Әбілқасым ағай да аңғарады екен. Балаарды қырықтыққа әкелгенде ескерткен болатын. Олардың бірі Серікпен дос көрінеді. Серік естіген соң оларды тыйды. Жұмыс жәнданды, қырықтық тәмамдалды. Нәтижесі не болды дейсіз ғой? Ол кезде жұн Семейге тапсырылмайды. Қалам Қайыржанов өзі апарып аудандық дайындау пунктіне тапсырыды. «Қырық бес теңге деген көп ақша, Қайырбек, мынау сенің дөлің (доля)» деп қолыма ақша ұстартты. Жоспарды артығымен орындаған екенбіз.

1976 жылы қой фермасының зоотехнигі болып тағайындалдым. Нәтижесін Қалам аға туралы жазғанымда баяндаған едім. Ферма менгерушісі – Қалам Қайыржанов, зоотехник – Джамбаев Кеңес, ветеринар дәрігер – Жұмаш Қайыржанов. Орын ауысқанда, зоотехник Бисембаев Қайырбек, ветеринар дәрігер Шахматалинов Бәкіш болды. Мен 1995 жылы жұмысымды өз қауалуыммен тапсырдым. Бәкішпен он тоғыз жыл жұмыс істеппін. Қақ-соқпен ісі жоқ, өсек-аянды ағасы Абжат

ін» деп, күліп қоятын. Атқа тақымы берік еді, небір асауларды үйретіп жүрді. Қой қоздағанда 1 ай сақмән ұстайды. Бейнетті бала-шағасымен өзі көреді. Үлкен ұлы Болат пен Қайраты көмектесті. Балалары үйлі-баранды. Қаз肯 екеуі дүниеден немерелерін сүйіп өтті. Еңбек ардагері деген медальмен марапатталды.

Аға шопан **Жамау Бағай** Қайырмен замандас. Жұбайы Алтын – он баланың анасы, алтын алқа иегері. Бағай да 25 жылдай қой артында күні өткен азамат. Бұрынғы мамандығы – жүргізуші. Совхоздың кейбір жүргізушілері машинасының кілтипланын таба алмаса, Бағайға келіп жөндептіп жүрді. Баян тартып, ән де салады. Әкесі Шәріл жел көңілді, қайратты адам-тұғын. Сексенге келгенше ат үстінен түспей, қысы-жазы мая құзетті. Сонысына қарай сенгіш, аңқау. Қалам Қайыржанов оған балдыз болып келеді. Бірде, таңертеңгіліктे үйіне барса, Қалам телевизорын қолмен ұрып, жүргізе алмай түрекен дейді. Шәріп:

- Бұл не көрсетіп түр? – десе:
- Меккенің құстары! – депті Қалам.

– Ендеше көрейін, – деп, тақ әкеліп, телевизордың алдына келіп жайғасады. Әбден ыза болған Қалам телевизорды сөндірмей, кетіп қалады. Жеңгей Құлшара да: «Қу, отырсан, отыр ендеше» деп, қыдырып кетеді. Қалам түскі асқа келсе, телевизор тызылдал түр. Шәріп әбден шаршаған. Екі көзі телевизорда. Қаламның келгенін көріп:

– Япырым-ау, Меккенің құстары қалай көп, таусылар емес қой? – дейді.

Қалам:

– Қазір бітеді – деп барып, тоқтан телевизорды ажырата-ды да: – Міне, құстар енді ұшпайды, – дегенде Шәріп орнынан тұрады.

Шәріп домбыра тартып, әуелетіп ән де айтады. Жасында жігітшілігі де болса керек. Шешенниң бір қызымен әуейі болады. Шешендер намыстанғанмен, Шәріпке қарсы келуге бата алмайды. Шәріп те жұмыр басты қайың шоқпарын жаңынан ғастамайды.

Шәріптің артында үрпақ қалды. Олар Ертісте тұрады. Бауыр тартып Бағайды іздел келді. Ол кезде Шәріп жоқ. Бағай туралы Сыздыков Уақап Бекұлымен кездескенін жазғанмын. Еңбек ардагері медалі бар.

Аға шопан **Байтеміров Бақырыслам**. Мамандығы – механизатор. Техниканың қай саласының болса да білгір маманы еді. Білгілігін былайғы инженерлердің өздері де талай мойындаған. Ағаштан түйін түйетін шеберлігінің, ұсталық өнерінің озі бір үлкен әңгімеге арқау. Түптері – Қанжығалы Дәүлетей. Ереймендік ағайынды үшеу болды. Үлкені – Салық, Балқан (Балықбай), Бақырыслям.

Балқан – Ленин орденінің иегері, Ұлы Отан соғысының ардагері. Бақырыслям дүние тапқыш, ауқатты тұрды. Ел мотоцикл алып, мініп жатқанда, ол Волга көлігімен жүрді. Еңкектеу келген, мінезі шапшаң адам еді. Еңбек ардагері белгісін иеленді. Басқа да ордендері болды, есімде қалматы. Жасында тракторда көп істесе керек, бертін өкпе сырқатына шалдығыл, шопандықтан демалысқа шықты. Бұрынғы жұбайы Жұсіпқызы Қаныш өмірден ерте кетті.

Кәрібай, Қобыланды есімді екі бала қалды. Кәрібай да өкпе сырқатынан жастай кетті. Артында менің қарындасым, Құлбарышыннан туған бір ұл, екі қызы бар.

Аға шопан **Айтенов Болатхан** – Омбы жігіті, бұрынғы мамандығы есепші болса керек. Менің ауылдасым, мұғалім Дәуеков Сәлімнің балдызы. Экесі Мамырхан моллалықпен

айналысты. Ол кісі осы Тоқтада қайтыс болды. Анасы да Тоқтада жерленді. Болатхан жұбайы Тайбамен он баланы дүниеге әкелді. Бастапқыда бойдақ сек алды да, кейін аналық қойды бағуға көшті. Бұларға ескі Тоқтадан арнайы баз бен үй салып берді. Қонақжай отбасы болды. Қозы алудан, жұн қырқудан тамаша көрсеткіштерге жетті. Кей жылдары жұн алудан барлығынан алда болды. Бұлар отбасымен өте еңбекқор, өте таза еді. Шынын айту керек, қозы алу науқанында базына кірсөн, салақ қатындардың үйінен де таза болып тұратын. Тазалық, жинақылық жағынан ауданнан тексеріспен кісілер келсе, сол базға апарамыз.

Табысты еңбектерінің нәтижесінде совхоздан «Уазик» машинасын мінуге қол жеткізді. Еңбек ардагері, баласы Еркін жеке шаруа қожалығын басқарып отыр. Мамандығы – зоотехник. Ол жайында төменде толығырақ айтылады.

Аға шопан Ахметов Ғафур – Зәйни молланың баласы. Ағасы Бейбіт екеуі ұзақ жыл бойдақ қой малымен жұмыс істеді. Ағасы да, өзі де сондай қырағы еді. Отарынан қой қалып қойса немесе қоршаудан шығып кетіп, басқа отарларға қосылса, түсінен танып, тауып алатын.

Ғафур бала Бейбіт тілі кемсін болғанымен, ақылы толық. Мен үшінші фермада жүргенімде Бейбіт те бойдақ қара мала жұмыс істеді. Осы Бейбіт үшін сотталып та кете жаздаған едім. Әкесі Зәйниден сол үшін алғыс-батасын да алдым. Мен ферма малын тапсырғанда, әке-шешесі «саған мұнда істеге болмайды» деп қойға берді. Бұл арада, шындық жанды ауыртса да, сол шындықты соңынан таман жазамын. Өйткені, кейінгі үрпақ шындықты білгені абзал.

Әке-шешесінің рұқсатын алып, оларды аналық қойға шығардым. Мәρуа Қаламды «Қайнýим» деп сейлейді. «Қай-

ным, балаларымды саған емес, мына Қайырбекке тапсырым!» – дейді әзіл-шынын араластырып.

Алдында айтып өткенімдей, 1992—1993 жылдан бастап Іолубовка тағы су тапшылығына ұшырады. Уақап Бекұлы қаздырыған құдықтардан екі-ақ скважина құдық қалған. Суы – түщы. Бірі Абраев Қайырдың, екіншісі Бақырисламның фермасы жанында орналасқан. Су баяғыша «Зид» моторымен лента арқылы тартып алғынады. Бригадаларда асханаға су қажет болып қалғанда Қайырдан «қайыршылап» сұрап әкетеді.

Ғафурда ондай құдық жоқ. Тоқтадан келетін өзек сайдың ың жақ қырынан ағайынды екеуі қолмен 3 метр тереңдіктен су шығарып, кірпішпен шегендеп, қауға орнатты. Зығыр қолмен айналдырылады. Қауға науаға су құюға жеңіл, лайықты. Суы – түщы. «Аш ит сұғанақ» демекші, Қайыр да су тапшы болған соң, осылардан алады. Ұш тонна су алса, құдық суы таусылады. Артынан, 1—2 сағаттан соң орнына қайта көтіріледі. Мұны көрген ағайынды Согумбаевтар да қолдан құдық қазып алды. Су проблемасы тағы солай жалғасты. 15—16 метр тереңдіктен Айтенов та балаларына құдық қаздырыды. Қазақ «Ұяда не көрсөң, үшқанда соны ілерсің» деген. Ата қағидасы үққанға қандай үлгі береді. Бұлар – кешегі тар кезеңде әке көріп, оқ жонып өскен балалар. Олар – біздердің тұстастағымыз.

Ғафур нәтижелі еңбектің арқасында 1993 жылы аудан және облыс бойынша чемпион атанды. 427 аналықтан 148-ден қозы алғып, әр қойдан 4,9 кг жүн қырықты. 148 қозы орысша шолақ тілімен делевой десем, қазақша 152-ден қозы туды. Жұбайы – Ләзат Бағайқызы өзіне серік болды. Нариман деген бір ұлы бар. Есімін атасы қойған. Қыздары, балаларын міндетті түрде жазатынным, солардың балалары менің қолымды ұзартатын көмекшілерім болды.

Аға шопан Садымов Естай. Ескі бажа Естай туралы жазғанда балдызым Гүлсім Төлеуқызы алда тұрады. Бұл сөзіме бүкіл ел күә. Гүлсім өте жұмыскер, шаруасы алдынан қойشا үркіп отыратын шапшаң. Ол атқа мініп, қойды бақты, шелек ұстап, бие де, сиыр да сауды. Үй шаруасында тағы солай. Менің қолымдағы апасына тартқан. Менің қолымдағының мінезі тік, айтам деген сөзін кімге болса да ашық айтып, беттерін қағып, мінезін көрсетіп алады. Гүлсім ондай емес, кіммен болса да сөйлесе біледі. Әсіресі Әминадай кінәмшіл енеге жағу деген оңай емес. Оған әр әйелдің мінезі шыдай бермейді. Осы шаңырақтың келіні, сол үйдің Әминадан кейінгі қожасы. Қайнағаларының жұбайларын келін қылып қарсы алып, қолына түсірді. Атасы Хайрош тегі – Құлан-Қыпшақ, Омбының Азов ауданынан. Рахаев Әлжанмен құда. Бұл кісі қара мал бағуда істеді. Қекірек сырқаты бар еді. Көп балалы. Солардың тек біреуі ғана қыз бала. Егел Сұлтановтың жұмсауымен қой басына келді. Өйткені қара малда жүріп, өкпеден қан кетіп, ауруханаға жиі жата берді. Қой бағу одан жеңілірек. Бала-шағаға көз салып, қойды сыртынан бақылап отыру қара малға қарағанда біршама тәуірірек. Ақыры солай болды да. Ескі Тоқтадан қос пәтерлі жаңадан үй, баз салып берді. Жергілікті жерден қойға ешкім келе қойған жоқ. Аштенов Жәкібай, Жантеміров Иса, Айтенов Болатхан, Нуртазин Амангелді, Загитов Жарқынбек, Рахаев Әлжан, Суханов Қасейін, Иманбаев Төлеу, Байтеміров Бақырыслям – бәрі де Омбылық.

Кіндік қаным Қазақстанда тамғанымен соңғы кезеңде мен де Омбылық болып, Омбы облысы Павлоград ауданынан келдім. Қекшетаудың тұмасымын.

Қой шаруашылығының көрсеткіштері:

Аға шопан Садымов Естай, көрсеткіш жыл есебімен:
1987 жылы – әр 100 саулықтан 140 қозы, 4 кг. жұн.

1988 жылы – әр 100 саулықтан 150 қозы, 4 кг. жүн.

1998 жылы – әр 100 саулықтан 150 қозы, 4,5 кг. жүн.

1990 жылы – әр 100 саулықтан 148 қозы, 4,2 кг. жүн.

Еңбекқорлығының, іскерлігінің, жауапкершілігінің нәтижесінде Гүлсім аудандық мәслихатқа депутат болып сайланды. Гүлсімнің атына кезексіз-ақ «Волга» жеңіл көлігі тиді. Бұл икестікке жетуде Дәулен мен Ританың да еңбегі зор.

Аудан бойынша чемпион атаңған аға шопанның бірі Абраһам Қайыр 1986 жылы әр 100 саулықтан 116 қозы алғып, 4,8 кг. жүн тапсырса; чемпион аға шопан Ахметов Ғафур 1993 жылы әр 100 саулықтан 148 қозы алғып, 4 кг. жүн қырықты. Аға шопан Рахаев Әлжаннның есімі облыстық тақтаға алтын әріп-пен жазылып, еңбек майданындағы даңқы мәңгігеге қалды. Ол тұтастай облыс бойынша ең үздік шопан атанды.

Қойлы ауыл үшін қырықтық кезеңі үлкен науқан. Өйткені СССР кезінде валюта жүнмен есептелген болатын. Бірақ біз, қазақстандықтар, төменгі сорттан болмаса, жоғары сортты пайдалана аламадық. Оның пайдасын Балтық бойындағы ұзын сирак, сары ауыздар көрді. Байып алғаннан кейін аштықтан анасын талап жеген қасқырдай шабуылды бастаған солар болатын. Сол үшін де қой жүніне қылышық жібермеу, рулонын жыртпай, тұтастай түсіру, жүнін ұсақтап қидалау секілді қағаидалардың бәрі жүнді сұрыптағанда есепке алынып, түпкі нәтиже сонымен шығарылды. Қой басынан неше килодан жүн алғаның есеп емес. Қой қырқу науқаны Голубовкада әу баста нашар жолға қойылса да, бертін табысты нағыз жолға гүстік деп айта аламын.

Қырықтышылардың қарқынды қызметі

Сайжанова Рәзия, Ашенова Башкен, Акимбекова Жібек, Бисембаева Бибінүр, Мукушева Құлжиян, Мусафирова Күміс, Шукаева Құлзейнеп, Ахметов Ғафурлар қой қырқудың нағыз майталмандары еді. Жандарына тиіп-қашып жүргендер қосылғанда, кейде бір отарды сол күні тазалап кеткен күндер аз болған жоқ.

Мені қайдан тауып алғанын білмеймін, өткен күзде ғафур баласы екеуі іздеп келіпті. Ауызашарда оқылатын дүғада Құран бағыштау үшін туыстарының аттарын жазып алғып кетті. Шай үстінде баласын көрсетіп: «Осы үйдегі апа қой қырқуда алда болды. Бір өзі бір күнде жүз қойды қырқатын еді, біз екеуіміз қырқуда жарысатынбыз. Апа мені шаңына да ілеңтірмей кетеді десем, мына балам соған нанбайды. Сен осының барлығын неге жазбайсың? Қолыңнан келеді ғой. Жазу керек. Мына үрпақтар оқысын, білсін аға үрпақтың қаншалықты еңбекқор болғанын, ауыртпалықты қайыспай кетергенін» – деп мені қатты үялтты. Шындығы солай еді.

Бейсембаева Б. сауынға барады, бала-шағасын тамақтан-дыруға барып келгеннің өзінде сауынға дейін шынында да 100 қойдан астам қырқып жүрді. ғафур тұстарындағы мәліметтер жазылған қағазды көріп, «ооо, апа, жеткізбейді ғой, жеткізбейді» деп басын шайқайды. Оның өзі де күніне жүз басты еңсеріп кеткен күндері аз емес-ті. Жұмысына өте тиянақты жігіт. Жоғарыда есімдері аталған аяулы әйелдердің сол кездің өзінде жастары алпысқа таяу еді-ау.

Панфилов совхозының Ленин орденді директоры Тастамбеков Қайырбай өз елінен қырықтықшы таба алмай, науқан уақыты өтіп бара жатқан соң біздің қырықтықшыларды шақырды. ғафурдан басқасы түгелдей барып, отарларын бір апта дересінде қырқып беріп келді.

Мимдардың ұлагаты

Тесілмей қалған шеке

Елдің еркесі, жігіттің серкесі, Голубовский совхозының бетке ұстар азаматы, «Ленин» орденінің иегері, аға шопан Іокеш Мұкушев кеш әрасында «жүр-жүрдің» астына алып, нағынің меншікті ақ волға машинасымен мені үйіне алып барды. Мен «неге» деп сұрамадым, ол ешнәрсе айтпады. Үйге кірсем, Уақап Бекұлы жүргізушісімен, Сұлтанов Еген Қазира жеңгеймен, Зейнүр Рахматуллин Тендерік жеңгеймен дастарқан басында, қызы әңгіме үстінде шай ішіп отыр екен. «Ассалау-мағалейкүм!» деп сәлем беріп, үстел басына жайғастым. Бір кесе шайымды қолыма алған маған көңіл бөлген олар жоқ. Сәлемімді бас изеп ғана алысты. Байқаймын, әңгіме тереңде жатқан сынды. Өйткені әңгіменің өрісі күрт басқа арнаға ауысып кетті.

Шайды аяқтай бере Абай совхозының бөлімше меңгерушісі Қонақпай ағай жұбайымен кіріп келді. Қонақпай ағаны бұрыннан танитынмын. Дастарқанға дүғамызды қайырғаннан кейін, Қонекен: «Уақа, біздің мына інішегіміздің ән-өлең айттын қабілеті бар еді. Қалай, өлең тыңдаймыз ба, әлде аздал демаламыз ба? – деді.

– Мен бұл жігітті бригадир күнінен білемін. Мені алда маңшы болған Зейнүр інішек деп отыр ғой, айтса айтсын. Ұна- маса, шекесін тесемін, – деп күлді. Еген Сұлтанов:

– Ал, шекене сақ бол! Бір рет аман қалғансындар, құлағым сенде, – деп жастықты шынтақтап, қисая жатып күлді де, Төкешке домбыра алдырыды.

Жел сөздің жел қайығына мініп, өнер қыып жүрген кезім емес, еңсем түсіп, қой шаруашылығынан қол босамай жүрген

уақыт. «Не айтсам екен?». «Керекті достың көнілін табамын десен, әкеңнің үй-орманын сат» дейді аталы сөз. Жақсы ағалардың ортасына түскен екенсің, енді көнілінен шық. Өзімді-өзім осылай іштей қайрап алып, Мәшүүр Жүсіп бабамыздан сөз бастадым. Фибратлы сөз құлағына жаққан Уақап Бекұлы еңсесін еселей көтеріп, алдыға ұмтыла: «Бұрын естімеген сөзім екен. Жақсы екен, жақсы», – деп қайталады. Жақсы жаннан «жақсы» деген баға алған соң біз байғуста тоқтау бар ма?! Тағы біраз терлеп барып, дәмге отырдық. Дәм үстінде Уақап Бекұлы мен Қонақпай әзіл-қалжыны жараса отырып, салиқалы әңгімеге көшті. Ер жүректі, нар тұлғалы, күлсे шын күліп, көмейі көрінетін ақ жарқын, ешқашан мансабын алға тартпайтын Уақап Бекұлы өзіндей ер көнілді, егіз қозыдай жүптары бір, мінезі жайсан, жолдас дегендеге қоң етін кесіп берсе мыңқ етпейтін Қонақпай екеуінің әңгімелері бізді тыптыр еткізбей, өздеріне баурап алды. Уақап Бекұлы сонау колхоз дәүірінен бастап, қылыш оқиғаның сырын шертсе, Қонақпай ат жалын тартып мінгенге дейінгі жоқшылық пен жетімшіліктің тауқыметін тарта жүріп, қолға түскен жарты нанды жоқ-жітікпен бөлісіп жегенін әңгімеледі. Егел Сұлтановтың да жалғыздығы есіне түсіп, іштей күрсініп қояды. Ол кісі әңгімеге араласпай, тек үнсіз тыңдаумен болды. Зейнүр құс тاماқтық ғадетімен табақтағы етті саусағымен шекіп алып, «ас алыңыздар» деп сыпайылық көрсетіп отыр. Бірақ екі құлағы әңгімеде.

Бір аңызда оқымысты Фадиша қызы веімен ғылым тұрғысынан айтысқалы келген ғалым жігіттен «мим-нің мағынасы не?» деп сұрапты. Сонда жігіт «мим-нің мағынасы – екі жақтың сұхбаты, бір-біріне деген ыстық ықыласы, қадір-қасиеті ғой» деп жауап беріпті. Лұыман Хәкімнің «Бір күнді мың күнге ба-лаған» салиқалы отырысы деген осындай болар.

«Мим»-дардың асқа қарап, бір дамылдаған үақытын пайдаланып, келгенінен ұндеңей отырған Төкеш шынтағымен мені тұртіп, «өлең айтсаңшы» деді. Оны аңғарып қалған Қонақпай «Қане, Балуан Шолақтан бір ән айтшы», – деді. Үлкендердің сөзін бөлу әбестік болар манадан бері әдел сақтап деп отыр едім. Ендігі ықыластары ән тыңдау болған соң, Балуан Шолақтың «Ақбоз атын» орындан бердім. Онан соң әңгіме дүкені қайта қызды. Нұрмағамбеттің қалай Балуан Шолақ атанғаны, сегіз жасар баланың аңшылық құрып жүріп қамбаға түскен қасқырды өлтіріп, терісін сойып алғып, артынша қамбадан шыға алмай, саусақтарын үсітіп алғаны, батырлығы мен ерлігі, серілігі мен ақындығы, әншлігі туралы білген-түйгендерін айттысып, ортаға салды. Жігіттің сегіз өнерінің бірі – аңшылық туралы әңгімеге ойысты. Аңшылық туралы әңгіме де, өлең де көп. «Аңшының зары» деген күй де бар. Бірақ, әр аңышының өз қызығы бар, айттар әңгімесінің өзіндік мәні бөлек. Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы ұстаған аңшылар мен түзу мылтық ұстаған аңшылардың көрер қызығының ара жігін ажыратуға қабілетім жетпейді. Әйткені, мен аңшы емеспін. Білетінім тек ең қызығы – қасқыр алу шығар деймін. Соғыс кезінде қасқыр қотанға кіріп, үйілген көңінің үстіне құйрығын тіреп отырып алып, ұлығанда қорыққаннан ата-анамыздың бауырына тығылатынбыз. Бірде аш, бірде тоқ кез, шешемізден бір үзім нан ала алмай жылағанда, «қасқырға беріп қоямын» деп қорқытатын.

Әкеміз: «Қасқыр демендер, ұлымға дендер. Әйтпесе, олар шамданады» деп, арғы атамыздың аңыз-әңгімелерін айттып, сендеретін. Осы ұлымға аңшылық қылған Уақап Бекулының әңгімесін қызыға әрі ауызымды ашып отырып тыңдадық.

Күндіз дамылдап, түнде жортатын, ақылды да айлалы, айбатты да қайратты, қайырымсыз қорқау бөрінің мінез-құлқын,

неше түрлі айла шырғысын, жүретін жолдарын, мекені қопалы-қамысты көлдерді, тобылғылы шұбарлы жерлерді, ойпаң қыраттарды – бәрін картага қарап отырғандай суреттей сөйлеп, олардың қай аумақта, қай ауданынц, қай ауылдың төңіреғінде орналасқанына дейін жатқа айтады. Аңшылардың мінез-құлықтарын, кімдер екенін, олардың аңшылық қабілетін сөз етеді. Кей «аңшы» мылтықты көсеуше ұстап, қасқырды атпақ түгілі мылтықтың дүмі өзін ұрып, құлап жататынын, қызбалықпен аңғармай, мылтықтың аузына барып қалатын әумесерлерді әжүа, мысқылмен жеткізгенде, еріксіз құлесін, құлдіреді. Аңшылық туралы әңгімелерінің өзі бір кітапға жүк болғандай. Қисынды сөздің қысысын тауып, көңілді сәтті ұтымды пайдаланған Төкеш: «Аға, мына жігітті не істейміз, шекесін тесеміз бе? – деді. Уақап Бекұлы: «Жолдасың біршама жарайды екен. Жаның ашып отырған болар, аман қалсын», – деп, риясыз құлді, біз де құлдік.

Төкеш – азаматтығымен қатар, еңбек жолына шынайы берілген, қажымас қара нардай қайратты жігіт. Кенен атамыз: «Қой соңында күн батпайды. Қузетке барсам, таң атпайды» – деп босқа жырламаған болар. Осындай меҳнатты еңбегінің арқасында жергілікті аудандық кеңестерге бірнеше мэрте депутат болып сайланды. Атақты ВДНХ-ның күміс медалімен, заттай сыйлықтарымен, облыстық және аудандық биліктің алғыс хаттарымен марапатталды.

Еңбек Ерлері Қ. Шарбақбаев, Б. Қызғарин, А. Жылқыбаев сынды шопандармен бәсекелестіктен 1—2 қозы айырмашылығымен Төкеш Мұқышұлы да «Ленин» орденінің иегері атанды. Уақап Бекұлының талапшылдық пен жауапкершілік жолындағы ұстанатын басты қағидасы – адал еңбек, Төкеш өзінің адап еңбегінің нәтижесінде Уақап Бекұлын «аға» деп

атайтын дәрежеге жетті. Сонда да ол өзінің бойға біткен табиғи мінезінен аспады да, таспады. Оның: «Аға, мына жігіттің шекесін теспейміз бе?» – деген сезінің ақиқат-баяны былай еді: Қазақстанда қой санын 50 млн-ға жеткізу керек деген партиялық ұран қабылданып, міндег қойылышп еді. Қой төлден өседі. Қар түсіп, қой қораланып, төл алуға дайындық жүріп жатқан кез. Ауданнан мамандар, әкімшілік қызметтегі азаматтар тексеріспен бірі келіп, бірі кетіп жатады. Совхоз мамандары оларды «тәуір» деген бірлі жарым отарларға апарады да, артынан бәрі жақсы дегізіп, сыйлап-сипап, жауырыннан қағып, қол үстасып шығарып салады.

Олардың тексеретіні – санитарлық тазалықтың жайы және қағаз жұмыстары. Жұмыстың қөзбен көрмей, көңілі тыңбайтын бір-ақ адам бар, ол – Ертіс аудандық атқару комитетінің тәрағасы Сыздықов Уақап Бекұлы. Ол кісі әр келген сайын барлық қой отарын араламай, жағдаймен жан-жақты таныспай кеткен емес. Мән-жайды ат үсті қарамайды. Уақап Бекұлы келеді дегенді естіsek, бақайымыздан тік тұрып, тарайдай шашылышп, әр отарға бөлініп, соның басында боламыз. Ол кісі ағалық дәстүрмен кейбіреулерге қатты айтып, ескертіп, үрсып та жатады. Қонақтының ақыл-кеңесін айтады, тапсырма беріп, міндег жүктейді. Тапсырма беріп, міндег жүктеп қана қоймайды, «сол уақытта келемін, осыларды тексеремін» дейді. Артынша арнайы келеді және тексереді де. Бірақ қызмет бабымен ешкімді әкімдік лауазымын қолданып жазалаған емес.

«Бүгін Уақап Бекұлы келіпті. Қой отарларын аралайды екен» деген хабарды ести сала, бөлімшениң атқа мінерлері – біздер жанымыз қалмай, қос өкпені қолға алышп, контордан бір шақырымдай жердегі кашарға қарай үштық. Уақап Бекұлы-

ның әдетте шеткі қой қорадан бастап аралайтынын жақсы білеміз. Не керек, совхоздан шыққан «Волга» қой тұрағына бізден бұрын жетті. Көлік отардың шетіне таман күрт тоқтап, іштен Уақап Бекұлы түсті де, қойға шашылған шөптің арасын аяғымен қопарыстырып, бір нәрсе іздегендей болды. Осы арада біз де ентіге жетіп, баздың ығына сүмірейіп-сүмірейіп тұра қалдық. Күн желді, ызғарлы еді. Көлігін баздың сыртына тоқтатып, етегін қағып, бөлімше бастығы да келе қалды. Етегін қаққандағысы – «көрдіңіздер ме, мен де ерігіп жүрген жоқпын, жұмыс басындағын» деп білдірген ишарасы еді. Бұл кісі құдықтағы суды бізден бұрын ішкен адам ғой. Мұндай сын сағатта бізге де арқа сүйектін біреу керек қой. Бөлімше басшысының келгеніне біз қуанып қалдық.

Бақсақ, Уақап Бекұлының шөпті аударыстырып, төңкерістіріп іздегені қойдың жас қызы, құмалағы екен. Іздегенін тауып алып, жалаңаш саусақтарымен құмалақты қысып тұрып: «Мына қой қанша күннен бері су ішпеген?» – деп саңқ етті. Ешкім үн демеген соң, тағы қайталап сұрады. «Уақап Бекұлы, қыста қой су іше ме, қарлайды» – ғой деді біреу.

Уақап Бекұлы әлгі сөзді айтқан адамның жанына жетіп барып: «Мына құмалақты көрдің бе, тастай қатып қалған. Осымен шекелеріңнен үрсам аржағына тесіп шығар еді. «Қой қыста су ішпейді» деп тантып жүрген кім? Қар жалаған қойдың шөлі қана ма, шөлі қанса, іші қата ма? Мынадан төл аламын дейсіндер. Аласыңдар мынаны... Ертең олар іш тастайды. Қыс басталмай жатып, жоны бүгіліп, жұні үрпіиپ, жүдеп кетіпті. Егел, мыналардың жазасын бер, қойды суаратын болсын! – деді. Енді жалтаққа көшкен манағы «қой қарлайды ғой» деген адам: «Мал иелері бар ғой, солар бақылайтын болады. Айтамыз, істетеміз», – деді бас шүлғи.



Эзып кеткен Тоқта халқын жинап, ел құраган қадірлі
ақсақал – Ахметұлы Зайнни молла,
жолдасы Маруа шешеймен



лы Отан Соғысының ардагері, қадірлі ел ақсақалы –
Әразбайұлы Баянбай молла, Орынбасар шешеймен

ның әдетте шеткі қой қорадан бастап аралайтынын жағсы білеміз. Не керек, совхоздан шыққан «Волга» қой тұрағына бізден бұрын жетті. Көлік отардың шетіне таман күрт тоқтап, іштен Уақап Бекұлы түсті де, қойға шашылған шөптің арасын аяғымен қопарыстырып, бір нәрсе іздегендей болды. Осы арада біз де ентіге жетіп, баздың ығына сүмірейіп-сүмірейіп тұра қалдық. Күн желді, ызғарлы еді. Көлігін баздың сыртына тоқтатып, етегін қағып, бөлімше бастығы да келе қалды. Етегін қаққандағысы – «көрдіңіздер ме, мен де ерігіп жүрген жоқпын, жұмыс басындағын» деп білдірген ишарасы еді. Бұл кісі құдықтағы суды бізден бұрын ішкен адам ғой. Мұндай сын сағатта бізге де арқа сүйектін біреу керек қой. Бөлімше басшысының келгеніне біз қуанып қалдық.

Бақсақ, Уақап Бекұлының шөпті аударыстырып, тәңкерістіріп іздегені қойдың жас қызы, құмалағы екен. Іздегенін тауып алып, жалаңаш саусақтарымен құмалақты қысып тұрып: «Мына қой қанша күннен бері су ішпеген?» – деп саңқ етті. Ешкім үндеңеген соң, тағы қайталап сұрады. «Уақап Бекұлы, қыста қой су іше ме, қарлайды» – ғой деді біреу.

Уақап Бекұлы әлгі сөзді айтқан адамның жанына жетіп барып: «Мына құмалақты көрдің бе, тастай қатып қалған. Осымен шекелеріңнен үрсам аржағына тесіп шығар еді. «Қой қыста су ішпейді» деп тантып жүрген кім? Қар жалаған қойдың шөлі қана ма, шөлі қанса, іші қата ма? Мынадан төл аламын дейсіндер. Аласыңдар мынаны... Ертең олар іш тастайды. Қыс басталмай жатып, жоны бүгіліп, жұні үрпійп, жүдеп кетіпті. Егел, мыналардың жазасын бер, қойды суаратын болсын! – деді. Енді жалтаққа көшкен манағы «қой қарлайды ғой» деген адам: «Мал иелері бар ғой, солар бақылайтын болады. Айтамыз, істетеміз», – деді бас шүлғи.



өзып кеткен Тоқта халқын жинап, ел құраған қадірлі
ақсақал – Ахметұлы Зайні молла,
жолдасы Маруа шешеймен



лы Отан Соғысының ардагері, қадірлі ел ақсақалы –
Әразбайұлы Баянбай молла, Орынбасар шешеймен



Отан соғысының ардагері,
Ертіс ауданы ауаткомның
байрұғы төрағасы –
Сыздықов Үақап Бекұлы



Голубовский совхозын
17 жыл үздіксіз басқарған
қадірлі ағамыз –
Сұлтанов Егел Сұлтанұлы



Отан соғысының ардагері, Ленин орденді
Нұрмажанбетұлы Балықбай туыстарымен онынан екінші



Отан соғысының ардагері ұстазым,
Бажеков Смағыл Балқия апаймен



Анаммың нағашысы –
Алыпқашұлы Сағындық.
89 жыл өткен сон,
2013 жылы табылды



Ауыл ақсақалы қажы
Қайыржанов Қалам
молла




Ерстіс ауданы байырғы
ауатком төрагасы –
Шакіров Қарабай



Ертіс ауданы байырғы
әкімі – Адамов Абызбай
Адамұлы



Голубовский совхозының
байырғы парткомы –
Рахматуллин Зейнур
Нәжіпұлы



Голубовский сов. байырғы
директоры КР жоғарғы
кенес. депутаты – Шабенов
Қайыржан Шиабиденұлы



Голубовский совхозын
соңғы директоры –
Жетписов Халел
Қалимoldаұлы



Абай совхозының байы-
ргы бөлімшесі менгерушісі
ел ағасы – Бекенбаев
Қонақбай Бекенбайұлы



Жазуши-журналист –
Жаманбалинов Мұбәрәк
Кәрімұлы



Абылқайр құда, жазушы
Жуматов Галымбек,
Бисембаев Қайрбек

Голубовский совхозының ардагерлері жылдар откес



Солтанов Егел Сұлтанұлы мен
Қазира жеңгей Камешқызы, мамандығы – ұстаз



Шабенов Қайыржан
(Дәулет) мен Райгүл,
мамандығы – ұстаз



Жетпісов Халел
Қамидоллаұлы мен
Шакар, мамандығы – ұстаз



Баекең ақсақалдың киімшөң баласы мен келіні.
Карибаев Ислам Карменұлы мен Ғайша женғей



Голубовский совхозының азаматтары. Алдыңғы қатарда,
солдан онға қарай: Экспедитор – Каримов Ш., экономист –
С. Фирфанов, балдақпен рапқоп бастығы Акимбеков М., агроном –
Нұрбаев А., артқы қатарда, сол. он. Ленин орденді аға шопан –
Мукушев Т., ауыл совет төрағасы – Батталов Б., шопан – Абраев К.



Ертіс ауданының құрметті азаматы атақты балуан,
белгілі кәсіпкер – Мусин Амантай, жұбайы Құләшпен



Ертіс ауданы ауруханасының бас дәрігері –
Махамбетов Мәдениет Мұқатұлы мен жолдасы Алма қажы



Алыпқашов Сағындықты іздең барғанда. Байтемиров Б., Асқаров С., Бисембаев К., Асқаров Сапарбек Алматы к. 1983



Сағындық жанұяларымен



Анам Нұрғайша Ақуқызы мен құдаги –
Нәзке Омарқызы, бірінші немерелері Серік



Күрбан айтында Тоқта бәйбішелері

Өткен жылдардан белгі бар



Лдынғы қатарда солдан Сағындық, Кайрола, екінші
да Найкен, Сұлемен, Ислам, Бахырыслям, Кайрбек артқы
да Кайржан, Қабышке, Ермек той үстүндө 30.06.1973 ж.



Ынғы қатарда солдан Найкен, Бахырыслям, Мұрсалім,
ші қатарда Шакен, Сүлеймен, Қылыш, Социал, Кенес,
үшінші қатарда Бағай, Каһарман, Бекен, Кайрбек



Голубовский совхозының тұнғыш рет сүт жоспарын орындаған, ауданының ауыспалы Қызылтуын жеңіп алған күн. Ортада Зейнүр Рахматуллин



Сол жақ, бірінші шабан 1986 ж. аудан чемпионы Абраев К. Достары арасында өткен дәуірден естелік

«Өз айыбынды өзгеден іздеме, кісі айыбын көздеме»-ге салып тұрғанын үққан Егел Сұлтанұлы: «Бос сөз не керек. Ұақытылы тексермеген менің кінәм. «Қыста қой су ішпейді» дегеніне сеніп қалдым. Оның үстіне бұлар осылай суды үнемдеген түрі ғой. Бұдан былай бұларды қатаң бақылаймын», – деп бөлімшенің атқа мінерлерін арашалап қалған болатын. Ұылтырғы жылы Егел демалыста жүргенде қыстың, қытымыр паязының қысымы қатты болып, жұмыста кемшіліктер орын плып, ақыры салғырттығы үшін бөлімшенің екі меңгерушісі жұмыстан босатылған еді. Менің де бөлімше бастығым жұмысынан босатылған-тын. Оның орнына егіс бригадасының бригадирі, ұлты орыс Т.М. Крыштафович деген келген. Ол сабазың баздың ішінде бұзаушылармен арақ іше берген соң, екеуіміз келіспей қалғанбыз. «Қорқақ бұрын жұдырықтайды» – дегендей, мен ол туралы тіс жармасам да, ол директорға барып «Қ. Бисембаев маған жұмыс істететін емес, не мені, не оны гана қалдырыңыз» депті. Осы Т.М. Крыштафович орнынан кеткен бөлімше меңгерушісімен достамыр еді. Олар бір-бірін алмастырған, оның тарапынан да үгіт болғанға ұқсайды. Конторға шақырғанда Егел Сұлтанұлы мен Зейнел Рахматулиннің айтқандарынан аңғарғаным, менің ойымды олар да тап басқан сынды. «Сен жалғызсың, олар саған дұрыс жұмыс істеппейді. Сондықтан сені 1-ші бригадаға есепші етіп ауыстырамыз» деді. Директор демалыста жүргенде жұмысқа салғыртқарағаны үшін ауылдық кеңестің төрағасын, жұмысшылар кооперативінің бастығын, директордың орынбасарларын басқа жұмысқа ауыстыртқан еді. Тесілмеген шекенің жылында мен бірінші бөлімшеде «завхоз-фуражир» болатынмын. Текештің қалжындалап, айтып отырғаны осыдан екі жылдай үақыт бұрын болған оқиға еді.

Уақап Бекұлы ағамыз мысқылмен де іремей соятын. Мысалы, «шаловый воротник», «сықырлауық етік», «биең семіз, қатының семіз, өзің де жаман емессің, қойың неге арық?» деген сықылды сөздері аса уытты, терең астарлы еді. Мұндай мысқылдан мен де қағыс қалмағанмын. Егістік уақыты болып қалған кез. Бригаданың жұмысшыларына етке сойылған малдың терісін тері жинаушы Хафизов Мұфасал ақсақал алмай қойған соң үйге әкеліп, аулаға түздал қойғанмын. Уақап Бекұлы оны көріп қалып, терілерді аяғымен тұртіп тұрып: «Зейнүр, сен малдан шығын жоқ деп ақталасың. Бригадирің сендерге көрсетпей, терілерін үйіне әкеліп, түздал қояды. Бұл қалай, ә?» – деп Зейнүр ағаны да ыңғайсыздандырған.

Уақап Бекұлы қазақылық жолды да берік ұстанған кісі. Мысалы, ферма басында ат жегіп жүрген біреуді көрсе, мәз болып, қуанып, «мінекей, нағыз қазақ» деп шақырып алатын. Егер атты арбаға жегуі ұнамай қалса, «атты молдованша жекпей, қазақша былай жегу керек» деп сөріп, түсіртіп, қайта жектіртетін. Біздің қазақта «Ұлкеннің алдын кеспе», «Жүріп келе жатқан көліктің алдын кеспе» деген тыйымдар бар. Бірде Павлодардан «жаңа» жигули машинасын айдан әкеле жатқан шопан шаңды аспанға көтере алдында жүйткіп бара жатқан «Волга» көлігін қызып жетеді. Ол кездे жолда асфальт жоқ. «Волгада» кім бар екенін біле тұра, жигулимен алдына ойқастай шығып, шаң қаптырып, ағызып жүре береді. Мұның кім екенін білейін дегендей, «Волга» да соңына тусіп, шопаның үйіне қатар келеді. Уақап Бекұлы ешқайда бұрылмай, қашардағы қамаулы қойдың жанына келіп тоқтайды. Оны көрген шопан да басы тәмен салбырап келіп сәлем береді.

Уақап Бекұлы: «Әй жігітім, үлкенді шаң қаптырып кетуіне қарағанда, жұмысың жемісті, қойларың мақтанарға келісті

Пірету ме деп келсем, машинаң тартып, далаға жүгіргелі ба-
ұрынынан жарап түр екен деп», – сәлемін де алмастан кері
бұрынып, жүре береді.

Жақсы адамның қандайда болмасын істеген ісі мен сейле-
тін соң өзінен бұрын жүреді.

Айсу ауданына қарасты **Көктас** деген ауылда мәжіліс-
ты отыр едім. Бітімі тәртпақ келген, ортадан тапал бойы бар,
жалпақ беттеу, қара торы жігіт желігіңкіреп сейлеп отыр. Жи-
налған қауымның көвшілігінің ықыласы оған ауған. Ол әңгі-
месін тоқтатар емес, сапырып отыр. Қапелімде көп сейле-
тін жақтырмай, «көк езу біреу ме» деп мән бермегенмін.
Ол алыстау отыр еді. Құлақ мүкіс қой, сөзін толық түсіне ал-
малғаннан солай ойласам кереқ. Ас әкелінгенде, алыстан кел-
тін қонақтың орны тәргі табақтан бұйырды. Осы үстелде бір
кішілік орын қалып, әлгі сөзуар жігіт менің қасыма жақыннады.
Соңғы салмақты, мінезі тұрақты адам екеніне көнілім сенді де:
«Ішлам қай елдікі боласың?» – деп сұрадым. Маған «ата» де-
мей, «аға» деп тіл қатты. «Ел толып жатыр ғой, сізге олардың
кірегі бола қоймас. Рұымды сұрап отырған боларсыз? Сүйе-
тім – найман, Ақшиман совхозінікімін», – деді ол. Шамалы-
дан соң: «Өзіңіз қай жақтан боласыз? Мен бұл ауылға келіп
жүремін, бірақ сізді көрмедім», – деді. Мен Ертіс ауданынан-
мын деп едім: «Онда Сыздықов Үақап Бекұлы ағаны біледі
екеніз ғой. Жай отырғанша, сізге ол кісінің бір ерлігін айтып
берейін, тыңдаңыз», – деді. Сейтіп әңгімесін бастап кетті:
«Май ауданы малға бай, соның ішінде аудан жылқы малына
коп көніл бөледі. Өйткені ойлы, қыратты биік болмаса да, тас-
ты, тәбелі жер жылқы жайылымына ыңғайлы.

Сонымен қатар ұры-қары, ит-құстар да ада емес. Нағыз
үясы десе де болады. Бір жылды қыс қатты болып, жылқы малы-

на екі аяқты да, төрт аяқты да бірдей қауіп тәндірді. Жаз шыға, қасқыр қойды қойып, жылқы өрісіне шабуылдауды үдettі. Табындағы құлышнан құлыш қоймай, арқалап алып кетуді шығарды. Ұя салған апанындағы күшігін құлышнмен асыраған сынды. Бұл уақытта Уақап Бекұлы Май ауданының атағын шығарып тұрған кез. Ол кісіге жан-жақтан малға қасқыр шапқаны туралы ақпарат түсে бастайды. Қасқырға қаңарын төккен Уақап Бекұлынан «әр совхоздың аңшы, жылқышы, атпал азаматтары берік тұғыр аттарымен «Ақшиман» совхозына жиналсын» деген бүйрық алдық. Қара күздің қысқа ауып, қардың бір жауғанын күтіп жүрген ағамыз бір күні өзі бастап, жасағын ертіп, қасқырдың соңына түстік. «Ақшиман» совхозының бөлімшесіне келсек, бір үйдің аүласында екі-үш әскери машина тұр екен. Ағамыз бізді тұп-тура сол үйге бастап барды. Үйдің төрінде әскери киінген төрт-бес адам арақ ішіп, мәз-мейрам құлісіп, диванда шалқайып жатыр екен. «Кісі келді» деп бізге елең ете қойған ешқайсысы жоқ. Үй иесі томпаңдал келіп Уақап Бекұлына «жоғары шығыңызын» айтЫП әлек. Ағамыз оған көңіл бөлмей, шені жоғары біреудің жанына жетіп барайып: «Мынау үйдің малына қасқыр шауып, малын жеп қояды. Ал сен болсаң, оның төрінде жатып, арағын ішіп, дүниесін жеп жатасың. Одан да осынша техникамен қасқырды құртып, малды аман алып қалуға көмектеспейсің бе!?!» – деп еді, анау басын шалт көтеріп, Уақап Бекұлына: «Мен Курчатовтың генералымын, менде техника көп, керек болса қасқыр түгілі, қазақтарды да қырып саламын», – деп ежірейеді. Осы кездे Уақап Бекұлы: «Сен армияның генералы болсаң, мен осы ауданының генералымын, сен қазақты қырамын дегенше, ең алдымен сенің өзіңнің көзінді жояйын», – деп үстіне міне түсіп, алқыламынан алды. Анау қанша бұлқынғанымен, ыза бұған

Ағамың оны тырп еткізбей, езгілей берді. Анау қырылдауға ай-шалуды. Біз үйге бес-алты адам кіргенбіз, содан қаймықты ма, «Йілупұр әскери генералдың жолдастары оған болысуға бармады. Ішінде Уақап Бекұлына жалынып-жаллайып, «өлтіріп аласыз» дегі, жорға босатып алдық. Генерал бірақ есін жинап алды да, әлем мим деместен, үйден салбырап шығып, тайып отырды...»

Дастанқанға табақ келген соң, әңгімесін тәмамдап: «Егер қызыныұшылық танытып, тыңдаймын десеңіз астан кейін тағы өтіріл әңгімелер айтып берейін», – деді. Өзі аға жылқышы екен, қонақпен деп қарап отырмай, қызындағы пышағын алып ет тұрунға кірісті. Жақсы адамның аты мен ісін осы сияқты азаматтар арқылы ел кеңінен таниды. Сүйікті ағамыздың ерлігін билиндап, елге жайып жүрген бұл азаматқа алғысымыз шексіз.

Мұкушев Төкеш – үш ағайынды, бір апа, бір қарындастырылғаннан ертерек айрылып, жақсы мен жаманды, бар мен шоқты саралап өскен азамат. Егел Сұлтанов пен Зейнұр Рахматтуллин ағалары қолдан, кешегі бұзау бағып жүрген ауыл ғалиасының талпынысы мен еңбек сүйгіштігін бағалап, ауыл-иудан түгілі облысқа танымал азамат етті. Бұл екеуін өз бауырларынан артық көрді десем, Аллаға шет болар ма екенмін. Да се де, өмір жолында шынында да осылай. Жылқы баласының түгінің аласы сыртында болса, адам баласының аласы ішінде болады. Оны Алладан басқа ешкім көрмейді. Ишінде әліппесі бар біреу Егел мен Зейнұрды арасына ши жүгіртіп, өкөүл ашық араздыққа бармаса да, қазақша айтқанда, көтен араздыққа барады. Егіз қозыдай елге сыйлыш екі азаматтың араздығы Зейнұр ағаның 10 жылдық совхозына мектеп директоры болып кетуіне итермелейді. Ақыры асқар таудай Зейнұр ағамыз жұмысын жалғастыра беруіне мүмкіншілігінің бар екенін біле тұра, осылай істеген себебі, жылы жүзін сүйткісі

келмегенге ұқсайды. Егер аға оның кетуінен бейхабар болса керек. Өйткені, егістік бітіп, шаруа басшыларының уақыты кеңейген күнінің бірінде 10 жылдық совхозының бөлімше менгерушісі Дүйсекенов Қайыргелдіні Зейнүр ағамыз қонаққа шақырады.

Ел танимын, жер танимын, ер танимын деген талаптыға бір елдей тұру, болмаса бір рудан болу міндеп емес. Оның жүйрік, құлағың түрік жүрсе болғаны. Жақсы адамдардың атақ-даңқының өзі мен мұндалап, санаца кіріп жатады.

Совхоз директорларының, басқа да лауазымдағы азаматтардың жұмысының жақсы-жаман атануы жоғарыдағылардың қолындағы. Олар біреуді алғап, біреуді бүйрігімен қарғап жатады. Ал ел ішіндегі лауазымның ең биік шыңы – «бөлімше менгерушісі» деген лауазым. Оның да билігі директордың құзырында. Бір Алладан басқа ешкімнін билігі журмейтін, оның адамшылығы мен жақсы қасиеттері – ел алдындағы беделі, абыройы. Осы ойима сәйкес Ертіс совхоздары бойынша менгерушілік қызмет атқарып, жемісті еңбегімен ел ауызына ілігіп, халқының сүйікті азаматы атанғандар: «10 жылдық» совхозынан Дүйсекенов Қайыргелді, «Ново-Ивановский» совхозынан Асқаров Уаш, «Голубовский» совхозынан Қайыржанов Қалам, «Абай» совхозынан Бекенбаев Қонақбай, «Сілеті» совхозынан Мусин Амантай. Атағы ел аузында дардай айтылатын, өзім көрмеген адамым Жұмабиді де жүрт көп мақтайды. Оның өзі бақылыш болса да, атқарған ісі мен жақсы аты ел ауызында сақталып қалған. Құрғақ тақырды тырмалағанмен шөп шықпайды. Енді осылардың әрқайсысын өз үғымымда сипаттасам деймін:

Асқаров Уаш Жолаба Қыпشاқ ішінде Женттен тарайды.
Ол – Ұлы Отан соғысының ардагері, ауылдың байырғы тұрғы-

ны. Қашан құрметті демалысқа шыққанша, «Ново-Ивановский» совхозында С. Молдақасов, С. Гусев секілді директор-мырдың тұсында, кейін Темірхан Солтанов келіп, жаңа тұғырға отырғанға дейін үзбей қызмет істеді. Уаш ағамыз қызмет істеген кезеңінде бөлімшешің бар билігін өз уысынан шығарған жоқ. Өз бөлімшесінің иегері, өз бөлімшесінің директоры болды деуге толық хақым бар. Олай дейтінім, бөлімшешің бар шаруашылығын оған сеніп тапсырған жақсы директор оның әр ісіне қол сұғудың орнына ақылдаса отырып, көмек қолын созғаны жөн. «Мен директормын, мен нені айтамын, сен соны ғана істейсің» деген қыңыр ұстаным директордың ғұлімсіздігінен, қабілетсіздігінен туындаиды. Шаруасы да жүрмейді. Ондай меңгерушілердің құні совхоз директорларының бүйірімен тек алып кел, шауып кел болып өріледі. Менің көзімдегі Уаш ағамыздың тұғыры бұл жөнінен биік болды. Әжелеріміздің бір үйден бір қайнатым шай сұратқанындағы деген сөз бар. Жазғытұрым үақыт, күн әлі онша ыси қоймаған, қасымда менің бас дәрігерім – Уаштың өз баласы Сапарбек бар, енесінен бөліп алған қозыларға беретін шеп бітіл, «Ново-Ивановкаға» бір тракторды айдал, шеп сұрай бардық. Сапарбектің: «Директоры жақсы адам. Мен оның қол астында істегенмін. Сондықтан шепті қиналмай аламыз», – дегеніне сенген едік. Бірақ діттеген жерге жеткен соң жағдай олай болмай шықты. Директор бізді маңына да жолатқан жоқ. «Енді не істейміз? Шеп ала алмай, бос қайтсақ, үятты қойшы, бәрінен қозыларға обал ғой» деп ойладық. Сапарбек әкесіне ештеңе деп айтпайды. Мен далаға шығып кетіп, күннің желкем салқынына қарамай, тақ үстінде уайымдап отыр едім. Уаш ағай: «Бала, уайымдама, бос жібермеймін. Қазір мая басына барамыз», – деді. Шеп тиетін (стогомет) трактормен арбаға

жартылай шөп үйіп жатқанымызда Фуражир «сізді директор телефонға шақырады» деп алғып кетті. Стогомет те арбаға шөп тиесін тоқтатты. Фуражирдің будкасынан: «Мен оларды бос жібере алмаймын. Шөп жетпей қалса, мен өзім жауап беремін, ол менің жұмысым!» – деп айқайлап жатқаны құлаққа шалынды.

Уаш ағамыздың абырой-беделінің, адамгершілігінің арқасында біз «бір қайнатым шай» емес, трактордың арбасы сықия толғанша шөп алғып қайттық. Міне, Уаш ағамыздың ел алдындағы беделінің жоғары деңгейде екендігін бір айғағы осы. Ұлты шешен, аудан прокуроры болған Дубаевты өз баласындай көруі, өз тұяғынан Сапарғалидай бүкіл Қазақстанда сыйлы азаматты тәрбиелеп өсіруі жаны жайсан, еліне сыйлы, отбасында қадірлі адамның ғана қолынан келеді. Ағамыздың жатқан жері жайлыш, топырағы торқа болсын.

Қалам Қайыржанов туралы сөз айту көп ойлануды, көп толғануды қажет етті. Көп ойланатын себебім, 19 жыл қызыметте жүріп, біреуге айтарлықтай жақсылық істегенін көрген емен. Жұмыс бабына келсек, бір іске үйітқы болып, сол істепті деген шаруаны да көрген жоқпын. Ел аузында бұрынғы шығып кеткен атағымен беделі зор. Ол – Панфилов совхозында меңгеруші болып істеген он жылы. Ал қабілеттілігіне келсек, мен ол туралы жоғарыда жазып, айтып қойғанмын. Ел сыйлайтын қадірлі азамат.

Үшінші Бекенбай – Қонақбай, Қыпшақ ата ішінде Айтқұл-Жәдік, ағамыз – Жәдік. Атадан жалғыз туған Қонақбай өмірдің талай тауқыметін татып, қыншылығы мен ауыртпалығын

көріп өседі. Сондықтан болар адаммен сейлескенде іш-башырынды елжіретіп, өзіне тартып алады. Бір кезде бір үзім үнгі зар болып өскен жетім бала: «Мен ешкімнің түймедей дің істеген жақсылығын ешқашан ұмытқан жоқпын, ұмытпаймын да», – дегенін естігенмін. Аузынан бұл сөздің шығуна сибепші болған – Жекежанның Исасы деген қой аузынан шөп алмайтын жуас адам. Исада ер бала жоқ. «Қызыл сарай» луылында қызының қолында болатын.

Шапау дегеннің үйінде той болып, 40 градусты сіміріп, әбден желігіп алған Қарабұжырдың қу мүйіздері Исаны келекелей бастады. Тойда Дәріш екеуіміз ақсақалдарға өлең айттып отыр едік. Өлең десе, ішер асын жерге қоятын, ер көнілді Қонақбай ағамыз кенеттен саңқ етіп: «Әй, Қарабұжырдың ғылалары, 31—32-нші жылдардағы ашаршылықта ішерге ас жоқ, киерге киім жоқ кезде мына «Қызыл сарай» сендерді, мені асырап, сақтап, ер жеткізіп еді. Соны ұмыттыңдар ма? Іншегеге басын тігіп, үкіметтің бидайымен сендерді асыраған мына жуас Исаның туысы Жексенбінің Шамені емес пе еді? Іншін сендер соның бәрін де ұмыттып, мына Исаны келемеж қылғыларың келгені қалай?!

 – деп дүрсे қоя береді. Жөн сөзге ешмкім жағын ашқан жоқ. Олар: «Біз тек қалжындарап едік» деді күбірлеп.

Қонақбай ағаны мен 1967 жылдан бері білуші едім. Сол жылдардан бері араласып жүрдік. Менің әмірімнен жақсы таныс болған ағамыз кездескен, көрген сайын: «Сен де мен секілді жалғыз екенсің ғой», – деп, ақыл-кеңесін айтудан тынбайтын.

Әрбір қызметте істеп жүріп, өзінің кісілігінің, табандылығының арқасында жыл сайын бір директор ауысатын, береңесі кеткен совхоздың шырайын кіргізуге, ағайын-туғандарын

мәмлеке келтіріп, ел қылуға бұл кісінің зор ықпалы тиді. «Ленин» орденді, Пушкин совхозының етіс бригадасының бригадирі, досы А.А. Миллердің баласы Н.А. Миллер «Абайға» келуіне байланысты, ағамыз жаңа түғырға көтерілді. «Әкең өлсе, өлсін, әкенді көрген өлмесін» дегендей, Миллер Қонақбай ағаны әкесіндегі қадірледі. Қонақбай ағамыз да қолынан келетін ісін, айтар ақылын аяған жоқ. Ол кезде ағамыз орталық бөлімшеде меңгеруші еді. Ол қызметінен кейін совхоз мүлкінің тұтқасы – қойма меңгеруші болып ауысты. Алладан басқаға мәңгілік өмір жоқ. Қонақбай ағамыз өмірден озғанда, Н.А. Миллер Намаз шығармaston бұрын жылап тұрып: «Әкемдей едің, маған ақылшы едің, бақи бол!» – деп қоштасқанын көзіммен көріп, құлағыммен естіп едім. Қонақбайдың баласы Қасқырбайды әкесі бар кезінде совхозды жабдықтаушысы (снабжениец) қызметінде ұстаса, әкесі өлгеннен кейін өзіне көмекші етіп алуды Н.А. Миллер секілді жолбарыстың адами қасиетінің зор екенін білдіреді. Ағамыздың жатқан жері жұмақтан болсын.

Амантай Мусин

Ат арқасында айбатымен, сом білекті қайратымен белдінің белін бүккен ауданымызға аты әйгілі бұл есімді бір көрүге құмар едім. «Ер есімі ел есінде» деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, есімі есімде жүргенімен, жұзбе-жүз көріспеген-ем. Ал мені оған ғашық қылған «Қызыл ту» ауданына қарасты Тоспа ауылында тұратын, Елтай совхозының атақты аға жылқышысы Олжабай деген еді. Олжабай бізге құда. Өткен жылды жанында екі жолдасы бар ит арқасы қияннан ат арқасын бүгілтіп, екі жолдасымен келіп кеткен. Айтқан сөздері «жоқ іздел жүрміз». Осы ауданға қарасты К. Маркс

лтындағы совхозда ағам Қайыржан тұратын. Жол Тоспаны басып өтеді. Құн ыстық, сусындағалы Олжабайдікіне түстік. Ол жабай: «Құдаша келіп қалыпты ғой, бәйбіше, қазан көтер», – дегеп жұбайына айқайлап айтып жатыр. Жұбайымың інісі оның немересіне үйленген еді. Олжабай шай үстінде:

- Амантай дегенді білесің бе? – дегеп сұрады.
- Қай Амантай?
- Сілетінің жылқышысы.
- Естігенім бар, бірақ көрмеген кісім.
- Ендеше тында. Мен сіздерге барғанда, іздел жүрген жоғымның не екенін де айтпағанмын. Сіз мал басында жүрген соң, елге жайылып кете ме дегеп қауіптендік. Біздің іздел жүрген жоғымыз – бір қысырақтың үйірі, 20-ға тарта жылқы. Нікі үйірді ұстаған айғыр атты кісіге шауып, бой бермей, өз үйірін белім алып, жеке жүретін, ақыры көз жазып қалғанбыз. Үйір жылқыны іздел, жарты ай сенделдік. Біздің қауіптенніміз Сары адыр даласында «Домбыралы» деген елді мекен бар. Ол жер – ұрының үясы. Онда тек қазақ қана емес, оннан-мыннан қашқан-пысқан талай үлттың өкілдері тұрады. Ұрлықты бәрі бірігіп жасайды. Біздің жоғалтқан жылқымыз солардың қолына түсті ме дегеп сырттан 3—4 күн бақыладық. Елдегі тұрғындар да: «Еш сыйбыс естімедік, ештеңе аңғармадық» деген соң, ел кезіп, іздеу салып шыққан бетіміз. Дала кезіп жүріп, осы Амантайға жолықтық. Жән сұрасқаннан кейін, бізді бірақ әжүәләп алды да, қосына алып барды. Жылқышы екен.
– Мен жылқыларыңды көрдім. Біздің аймақтың жылқылары емес екенін білдім. Мені аңғарып, қамыс арасына бойлай қашты. Сыртынан біраз бақылап, қамысқа жақындағ барып едім, үйір басы – айғыр осқырынып, маған тұра келді де, жер тартып тұрып алды. Менің де астыма мінгенім айғыр

еді. Қолымда қамшымнан басқа қаруым жоқ еді. Мен кері шегініп кеттім. Келесі күні қашаған қуатын биені мініп, қолыма қайыңнан жасалған сойылымды алғып, қамыс жаққа қайта бардым. Күндегі жерінде жайылып жүр екен. Айғыр көре сала, маған қарай тағы ұмтылды. Өзіме де керегі сол, биеге тақымымды қысып, қарсы шығып, жанай өтіп бара жатқан айғырды сойылыммен қақ мандайдан салып жібердім. Айналып қарасам, адудынды айғыр сабасына түсіп, басын шайқап-шайқап қойып, үйіріне қарай аяңдап барады екен. Күнде қамысты жерге барып, иесіз жылқы бөтен біреудің қолына түсіп кетпесін деп, арнайы бақылап жүремін. Айғыр да көндіккен секілді, әдеттегідей жер тарпып, осқырынып, қырсық міnez көрсеткен жоқ. Айғырың мініс біле ме өзі, білсе, ұстап берейін. Әйтпесе, тағы да міnez көрсетуі мүмкін, – деді Амантай жылқышы.

– Мініс біледі, бірақ ол атпасаң, ұстаптайты. Қашаға қамап, жылқышылар жабылып жүріп әзер ұстаймыз. Оның өзінде қысқыға мінуге ғана, – дедім. Амантай:

– Саспа, қолыңа құрық ал, мен оны сүріндіремін, сол кезде құрық таста, – деді.

– Жоқ, мен арқан саламын.

– Онда, тіпті жақсы, – деп қостан 10—15 шақырымдай жердегі бір ойпатқа алып барды. Ойлаттың айналасы жыра-жыра сай. Айнала биік өскен қамыс ортасында су бар екен. Білетін біреу болмаса, кез келген адам жүре алатындаі жер емес. Жылқыларды жазыққа қарай айдалап шықтық. Амантай:

– Астындағы атың қалай? Соңымнан ер, – деді де жылқыға тұра шапты. Айғыр үйірін жинаумен әлек. Ұзғытып бара жатқан Амантай тұра айғырға қарай беттеді. Айғыр оған қарсы ұмтылайын деп еді, Амантай айғайлап, құрығын көтерген

кезде айғыр көрі бұрылып, тұра қашты. Оның астындағы таппалдау келген торы биесі сонша ұшқыр болар ма, айғырды аттатпай қыып жетіп, Амантай қүйрықтың түбінен шап беріп үстай алып, айғырды әп-сәтте-ақ тоңқалаң асырды. Осы кезде мен де жетіп үлгеріп, арқан лақтырып, айғырды үстап алдық.

Амантайдың ерлігі мен адамгершілігіне мен басымды иіп, оған алғысымды айтЫП, деніне саулық тілеймін. Мен тірлі-іміздің тұтқасы саналатын малымыздан – бір үйір жылқыдан үйрылсам не болушы едім, қатын-балам не күйге түсер еді? Амантайдың арқасында бәріміз де есенбіз, көңіліміз жайлы, дастарқанымыз майлы. Жанашырлық жасап, қолғабыс берген осындай азаматтың отбасына, бала-ашағасына Алла берекет берсін, аман-есен болсын, жақсылықты нәсіп етсін деп тілеймін.

Амантайдың бір көруге ынтық қылған Олжабайдың қызықты әңгімесі, міне, осы еді.

Мен естіген ақыздай әңгіменің кейіпкерімен Сейілбек деген малышының үйінде, ақланның аязы мен үскіріп ұлып тұрған бораны күні, түннің бір уағында, ойламаған жерде кезіктім. Сол жылдары 3—4 жігіт жиналып, әр үйде кезекпен «101» деген қарт ойынын ойнайтынбыз. Сол түні меңгерүшіміз Бақтыбаев Сүлеймен бас болып, қарт соғып отыр едік. Нір үақта есікті зорға ашып, үсті-бастарын қар басқан, алып денелі үш жігіт кіріп келді.

Біздің жігіттер түрегеліп, олармен амандастып, қарсы алып, киімдерін шешуге көмектесіп жатыр. Менен басқасының бәрі бұл келгендерді танитын тәрізді. Бұлар Қайыргелді, Дүйсенбай, Амантай деген жылқышылар екен. Тоқта аумағының қасиеті дейін бе, әйтте үір қалай айтсам да ерекшелігі сол қырық жыл ғұмырымда бірде-бір қозы-лақтың аяғын қасқыр

тартқан емес. Аймақтағы ауылдардан «міне, тайды жеп кетті, міне, қойға қасқыр шапты» деген әңгімелер толассыз естіліп жатады. Ауылдан 4—5 шақырым жерде қалың шілік бар еді. Мына жігітер жылқыларын сол шіліктің ығына айдал әкелген екен. Шай ішіп, жайланғаннан кейін Сейілбектің құдасы Солтанбек деген кішірек келген адам, Нұршайықов атамыз айтқандай, қатты қыстан жұдырықтай жігіттің өзі анандай болғанымен, тілі тау құлатардай шақар Амантай деген жігітке: «Сен балуанмын дейсің, менімен күресемісің?» — деп қоймады. Амантай жастыққа шынтақтап жатты да, бір аяғын көтеріп: «Мына аяғымды бұксен, мен жығылдым дейін, кел», — деді.

Солтанбек аяқтан шап беріп ұстап, бұгуге күш салып, әрекет етіп жүр. Әбден терлеп-тепшіп, ақ тер көк тер болып, үстіндегі қостюмін де тастауға айналғанда, Амантай мырс етіп құліп: «Қүшінді жинай бер, келесі жолы күресеміз», — деп тузыліп отырды. Осы жолғы таныстықтың соңы сыйластыққа ұласты. Бір шаңырақтан мен қыз алдым, ол қыз берді. Құдандалы, жекжат, сырлас болдық. Ақ көніл, ақ жарқын, ішіндегі сырын бұкпейтін, кіммен кезігіп, сөйлессен де, тағдырдың ешталқысын көрмей, майға оранып өскендей сөйлейді. Амантай тағдырдың талқысын көріп өскенінен сыр шертеді. «Көре алмаушылармен арыстандай айқасып, олардың тауын шақанмен, үйге келген соң, жұбайым Күләшқа: «Мен олардың несін алдым, қайсысына менің зияным тиді, тауқыметті бірге көріп келе жатырмыз ғой, менің қандай жазығым бар еді?» деп мұңымды шағамын, қапаланамын. Бірақ ешқашан мойыған адам емеспін. Жылқышы болып келген жылы Ұақап Бекұлының:

— Эй, Амантай, сен ешқашан мойыма, адал еңбек істе, еңбегің сені өрге сүйрейді. Сен жайлауға көшкеннен кейін қой

соймай, құлын сойып, мені қонаққа шақыр. Бірақ асыңды ішіп, туырлығыңды тілетіндерді шақырма, ондайлардан сақ бол! – деген бір ауыз сөзі маған серпіліс сыйлап, қайрат-жігер берді, көкірегіме от тұтатты. Мен ол сөзді бүгінгі күнге дейін үмітқаным жоқ, үмітпаймын да».

Амантайдың кедей-кепшікке жасаған рақымының есесін Алладан басқа ешкім қайтара алмас. Тозып кеткен ауылдың сүркай тартқан кейпіне өң кіргізіп, жоқ-жітікті жинал, қолұшын созып, еңсесі түскен жұртты ел қылышп, ақ майды аяғымен теуіп жектін (Алла өзі кешірсін) халге жеткізген бірінші Алла, екінші Амантайдың қажыр-қайратының, адамгершілігінің нәтижесі. Кейінгі он жыл ішінде Амантайды көрмеп едім. Исабек Ишан атамыздың кесенесін жаңадан қөтеріп, дұға оқытып, ас берген күні кездестім. Амантай Исабек атамыздың асына деп мал әкелген екен. Елде Социал деген қадірлі ақсақал бар еді. Оның да фамилиясы Мусин. Екеуімізді бұл асқа Ақсу қаласының әкімшілігі апарған еді. Мусин Социал Потанин атындағы совхоздың Қектас деген белімшесінде он шақты жыл менгеруші болған екен. Мен де осындай биліктің дәмін татқан адаммын ғой. Біздің билік Амантайға қарағанда, құмда ізі қалмаған тасбақаның жүрісіндей жылдар ғана ғой. Амантайдың билігі лапылдаған өрттің ортасында жанбай қалған шынар ағаштай-тұғын. Ол он жыл бойы «Сілеті» совхозының «Қызылағаш» аталатын белімшесін басқарды. Бір ауданнанбыз және «Ауыл аралас, қой қоралас» дегендей. Бұл қойлы ауылдың Амантай аттан түсіп, басшы болып келгенше қандай жағдайда болғанынан толық мағлұматым бар деп айта аламын. Осы он жылдың ішінде аты асқаған «Сілеті» совхозының «Қызылағаш» белімшесі жоғары беделге ие болып, облыстың құрмет тақтасына жазылды. «Қызылағаш» елі – Сілеті өзені бойындағы ең

көрікті, ең сулу, қарағай-қайыңы аралас өскен, терең сайлы, қыратты, сұы бал, аұасы жұпар аңқыған, аумағы ат төбеліндей жер. Бағұстар Рамазанов ағамыз ел аралап жүріп «Қызылағашқа» келгенде, жерінің сұлулығына таң-атамаша қалып, «мынау бір шипажай салып, халықтың демалуына лайықты жер екен деп еді», – деп Мұбәрәк Жаманбалинов «Әйгілі аудан – Ертісім» кітабында еске алады. Амантайдың еңбегінің арқасында «Қызылағашқа» Ертіс ауданы бойынша бірінші келген хатшы деп айттылады.

«Қызылағаштың» өрінде, Сілеті өзені бойында бірнеше генерал шыққан, атақты Бөгенбай батырмен немерелес Базаргелді, Баспаннан тараған, қызы етегін ерге бастырмайтын, жігіті басынан сөз асырмайтын, кеудесін жатқа бастырмайтын, өз ауылышын ішінде қазанша қайнап жатқан «Чапаев» совхозы – ескі атауы «Құлықөл» деген ел бар. Бұл екі ауылдың тұрмыс-тіршілігі өзге аймақтарға қарағанда көш ілгері. Қыс бір ай кеш түсіп, бір ай ерте кетеді. Кей жылдары малы қораға да кірмейді, үнемі жайылымда жүреді. Мал – өмірдің өзегі. Кешегі кеңес дәүірінде де малды ауыл тентектігін тоқтатқан жоқ. Үкімет, яғни, совхоз жұмысына бой ұсына қоймаған адамдар да болды. Амантайдың менгеруші болып келуінің бір себебі де осы шығар деген ойдамын. Жылқы баққан жылдары бірнеше марта 100 биеден 100 құлыш алышп, атағы шығып,abyroyы асқақтап тұрған жылқышыны орнынан шығарып, менгеруші етіп тағайындауда сол кездегі директор М.Н. Тебякин мен партия ұйымы хатшысы «Амантай белімшені өркендетеді» деген ойда болғаны анық. Белімше басшысы болуына кім себепші болса да, әйтеуір түбінде Амантай олардың сенімін артығымен ақтады. Мен оны өз көзіммен көрген адаммын. «Сілеті» қой совхозы болып есептелін-

генімен, сол тұста совхозда ауызға ілінер екі-ақ шопан бар еді. Бірі – жомарттығымен аты шыққан аға шопан Қөшкен, екіншісі – жан-жақты білімімен, еңбегімен, адамшылық қасиетімен есімі аудан бойынша сыйлы аға шопан Ахметов Зайкен. Сексенінші жылдары қой өсіру бойынша тәжірибе алмасу деген үрдіс пайда болып, жұмыс нәтижесі тәуір деген совхоздарды аудан, совхоз басшылары бас болып, аралағанбыз. Ол кезде біздің Голубовка совхозының жағдайы тәуірлеу болғандықтан, тәжірибе алмасу да осы шаруашылықтан басталды. Жағдайды баяндау міндеті бөлімше зоотехнигі ретінде маған жүктелген. Мен орысшаға шорқақ, қазақшаға жортақтау адаммын ғой. Бірақ маған орысша сөйлеу бұйырылды. Мен өз ойымды толық жеткізіп, тереңнен түсіндіре алдым деп айта алмаймын. Сейлер сезімді 5-сыныпта оқитын қызыым Бақытқа жаздырып алғанмын. Тәжірибе алмасу үрдісі келесі жылы Амантайдың бөлімшесінде өтті. Ахметов Зайкен орыс тілінің майын тамызып, қой өсірудің қыры мен сырын қолға таяқ ұстатқандай етіп түсіндіріп, бөлімшенің барлық жақсылықтары мен иғліктерін алақанға салып бергендей қып баяндады. Қой тұрақтарын аралап, шопандармен, олардың жұмысымен таныса келе, кешегі күні мақтау естіген менен, яғни Голубовқадан мына Амантайдың жағдайы көш ілгері скеніне көзім жетті. 1983 жылы жас шопан Халидолла Жүсіпбаевты өз інісіндей тәрбиелеп, шопандар арасында чемпиондық атақта қолын жеткізді, бәйгеге атын қостырып, астына «Урал» мотоциклін мінгізді. Қамқорлық жасау, қолтықтан демеу деген осындағы болар. Амантай жылқылы бай атанған кезінде: «Жағдайлары төмен, тұрмысы нашар көп балалы жануяларға көмектесіп тұрамын. Сол үшін жылына 9 жылқыны арнап, садақа бөлемін. Кейбір лауазымды ағалардың өзі «косындағы бір

жағдайға мал керек еді» деп келетіні бар. Ешқайсысына «кет әрі» деген күнім жоқ. Алла ризықты өзі береді», – деп айтқа-ны есімде.

Ел аузына ілінген, Қызырғала Иссаламның батасы дарып, құт қонған, жаққа қамқоршылығымен, күштіге айбарымен танылған азаматтың бейнесі, міне, осындағы. «Осындағы» деп нүкте қоюым қателік болар. Бұл үрпақтың қызығы мен шыжығы сонау ата-бабасынан бастау алады. Атақты жазушы болмасам да, біраз жинақтаған мағлұмат-деректерім бар-шылық. Бұл азғантай естелігім – өмірге шолу ғана.

Зейнүр аға Дүйсекенов Қайыргелдіні қонаққа шақырды дедім. Күн жаңбырлы еді. Егіс науқаны аяқталып, уақыттың кеңіген кезі. Мал басында жұмыс істейтіндерге керісінше, қарбалас кезең. Жабағы жүні түспеген арық тайша жауын мен желге пана сары дожібегімді киіп, мал басына баруға ыңғайланып, көлік күтіп отыр едім. Совхоздың прорабы Будиев Қаңарман:

- Сені Зейнүр аға шақырады, – деп мені алып барды.
- Ой шешектер, осынша кешігіп қайда жүрсіндер? Ас дайын болып қалды, қолдарынды жуып, төрге озындар, – деп Тендік жеңгеміз бізді далаға құды.
- Ассалау мағалейкүм! – деп сәлем бере кіріп, дастарқан шетіне жайғастық. Отырғандар – өзіміздің Егел аға, Қаңарманың әкесі Әбікен, ал үшінші адамды танымадым. Сөз әлпеттеріне қарағанда, жастары шамалас болар деп торшыладым. Өзара қалжындары да жарасып тұр. Әбекен сөзuar адам ғой:
 - Зейнүр, сен бізді шаңырағыңа қонаққа шақырдың, біз келдік. «Айран сұрай келіп шелегінді жасырма». Мен сени

жақсы білемін. Осында не үшін шақырғаныңды айтшы, – деді.
Зейнұр ағамыз:

– Ағайды көрмегелі көп болды. Сіздерді де көптен көрмдік. Сол үшін шақырдым, – деп күлді.

Егел аға:

– Қайыргелдің сағынбайтын кісі бар ма? Құллі Ертістіктер сағынады. Оның үстіне екеуі керей-уақ ағалы-інілі емес пе, сағынса, сағынған шығар. Ал, қане, сол үшін, – деп қолын көтерді. Маған бейтаныс адам: «Аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» демей ме, бұл інім адамды алалауға бармайды», – деді.

Зейнұр:

– Экей қартайды, немересі жас. Мен ауыл жаққа жиі бара алмаймын. «Қайыргелді ағай қоł үшін беріп тұрады» деп әкем үнемі айтады, мақтан тұтады. Бүгінгідей үақытты пайдаланып, сіздерді қонақ қылып жіберейін дегенім ғой, – деді сөз арасында.

Отырыс барысында мен бір-екі ән-әлең айттым. Әзіл-қалжың болмаса, басы артық бөтен сөз болған жоқ. Қаңарман да қойын соыйып, дәмін асып, дайын отыр екен. Да лада жауын бүркіп жауып тұр.

Қайыргелдің бойы да, дене бітімі де Егел ағаға сай. Ерекшелілік сол – бір аяқта ілгіші бар екен. Қаңарман құлықшыл жігіт еді. Әкесінің де бұраландап кетіп бара жатқанын көріп:

– Құдай-аяу, мыналар өткелден өтерде аяқтарын ауыртып алған ба? – деді құлана сыбырлап. Екеуі де «Он жылдық» совхозының Қарәткел ауылынан еді. Әбікеннің тегі Қанжығалы Ажыбайдың Оразының – Шомағының – Boқтысының бес әйелінің бірінен туған Шойтастан тарайды. «Боқты алар, Боқты алмаса, боқты алар» деп аты шыққан Абыз-Шомақ

егіздің атағы шыққан ең байында 12 үл болған. Қайыргелді Керейдің Танаш биден тараған тармақтарының бірі Құрсарының – Есеналысының – Құдайбердісінің Кенжебайынан тарайды. Қанжығалы, Қыпшақ, Керей, Уақ аталары – ауыл арасында, қойы қоралас, тірліктің талай өткелдерінен бірге өткен ауылдастар. Қайыргелдінің түпкі мекені Ахмет пен Елтін атты байлардың ауылы болуы керек. «Халық жауы» атанған бұл байлардың ауылының аты жойылған. Қайыргелдінің аты бұл өнірдің бала-шағасына дейін кеңінен мәлім.

Қайыргелді отыз жылдан астам үақыт ел басқарыпты. Кешегі сұрапыл соғыс өрті кезінен талай директормен істес болып, тамырын ұстаған. «Он жылдық» совхозының директорлығына ісі менен атағы асқан, қаталдығы мен сұзы басқан, айбынды Какимов Кенжек тағайындалғанша, бөлімше басқарушысы болып қызмет атқарған. Қан майданға кеткен ер азamatтардың соңында қалған жесір әйелдеріне, жетім балаларына жанашырлық жасап, біріне әке, біріне аға, адасқанына ақылшы, жеткіншектеріне тәрбиеші қызметін жетекші, тарыққанына қамқоршы, тентегіне айбар болған ел ағасын кім сыйламасын. «Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім» дегендей, Қайыргелді де «Ертістің бойы ен тоғай, мая-мая шөп шауып, тарығып отырған елімнің малы аш қалмасын деп едім» деп армандағаны хақ. Какимов директор болған кезде ертістіктер түгілі, өз халқын да шөптен тарықтырғанда Қайыргелдіні жалау қылып көтергендей сол заманды еске алды.

Қаңарманның үйінде өлең тындағаннан басқа артық сөз айттылған жоқ. Үнсіздікті Зейнүр бұзып:

– «Ағасы бардың, жағасы бар», сіздей ағамен таныс болу – мен үшін бақыт қой. Сондықтан да өзіңізбен таныс болсам деп едім, – деді. Кім қалай түсінгенін білмеймін, ешкім еш

Норсе айтпады. Қуанышта да, реніште де ер адам ел ағасына жиңілдік тірдейді. Егел бір жалт қарады да, Зейнүрдұның анық кетуге бінде бұғаның біліп, ішін тартты да, үндемей отыра берді. Себебі замандастары алдында Зейнүр өзін-өзі ақтап алды. Бұлардың араздаспай тарасты деуіне ел ағалары күә. Бөгде ағайын козімен қарасаң да екі ағаның арасында еш дау туындаған. Дау еш жиында бірінсіз-бірі жүрмейтін екі жеңгейдің арасында болса керек. Кешікпей, оқу жылы басталмай тұрып, Зейнүр шағын мектеп директоры болып «Он жылдыққа» ауысып кетті.

Ағайынның аласы бір-бірін жат қылады. Егел мен Зейнүрдың арасына ши жүгіртіп, алауыздыққа апарғанымен, сырттай сағынысып жүрген екі арыс Төкеш шақырған соң, жолдастарымен келуі қимастықтың белгісі емес пе?! Екі ағасын бір-бірінде кешірім сұратуға Уақап Бекұлы мен Қонақбайды салуы адамгершілкітің шыны емес пе?! Осы кездесуден кейін Уақап Бекұлының Зейнүрға «бұл салаға қайта орал» деуінің арқасында келесі жылы Зейнүр Рахматуллин ағамыз «Кайманачиха» совхозына парткомы болып тағайындалып, тұғырына қайта отырды. Шын болған оқиғадан шын туындаған естелігім – ағаларға деген алғысым мен оларға тілеген иманым кәміл болсын. Бұл ағалардың Голубовкадағы соңғы кездесуі.

Ауылшына қарал, ағаматын таны

Қайыржан Шабенов жәйлі

Голубовқадан Егел Сұлтанов 1982 жылы наурыз айының басында құрметті демалысқа шықты. Совхоздың кедейін байға теңеген, жетім-жесіріне көмек қолын созып, қолтығынан демеген Егелінің кететінін естігенде, ел-жүрт бастан жяқ, айырылардай қайғырып, «орнына қандай адам келеді екен» деп уайымдай бастай ды. Өздеріне салса, Егелді жібергілері жоқ. Бірақ шешімге қарсы тұрарлық қауқар бар ма жүртта.

Ыстығына қүйіп, сұзығына тоқып, ауданның орыс басшыларымен арыстандай арпалысып жүріп, 3/1 болып қалған қазақтың басын құрап, Тоқта ауылшының іргесін қазақша қалап, күллі шаруасын өзі өркендеткен Голубовка совхозын тастап кету Егелге де жеңіл тимегені анық.

Егелдің де ендігі тілегі – халықты ыдыратпайтын, шаруасын шайқалтпайтын, түзу басшы келсе ирі. Ертіс аудан болып құрылғалы сонау 1928 жыдан бері араға 26 жыл салып Құрманғалиев Тойке деген азамат 1954—1956 жылдар аралығында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген екен. Араға 23 жыл салып, партия комитетінің бірінші хатшылығына екінші қазақ әкілі Рамазанов Бағыстар Ғабдулхайұлы келді. Рамазановтың алдында Ертіс аудандық атқару комитетінің төрағасы болып Сыздықов Үақап Бекулы, Ертіс аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы басшылығына Күлшманов Тоқтыбай Бралулы сынды қазақ десе, қабырғасы қайысатын ел ағалары жалындаған есіп келе жатқан қазақтың жас та жігерлі мамандарына тәрбие беріп, жолдарын ашып, түлете бастап еді. Олар: Сыздықов Тито Үақапұлы, Адамов Абызбай Адамұлы, Хасенов Елемес Бұлтықұлы, Қадыров Жылқыбай Бейсенбайұлы, Тоқтамысов Орынбай, Солтанов Темірхан Тоқ-

бергенұлы, Асқаров Сапарғали Уашұлы, Жетпісов Халел Қалымоллаұлы, Жұнісбеков Әмір Қарағатайұлы, Шабенов Қайыржан-Дәүлет Шабиденұлы. Бұлар бір өзеннің арнасындай, иғысы бір замандас жандар еді. Қасенов Елемес «Панфилов» совхозының директоры болатын Егелмен қазақы жақындығы бар. Оны Егел орнын ауыстыруды сұрапты-мыс деген сымсыз телефон ақпараты тарап кетті. Қокке үшса аяғынан, жерге кірсе құлағынан тартатын қазақпаз ғой. Мұрын болмаса, екі көз бірін-бірі шүқиды.

Қара нардай қайыспайтын, өтірік-шынға майыспайтын, телефондардың бәрін де бос жібермейтін Бекен замандас «Сілетінің» партия үйымының хатшысы Шабенов деген келеді екен» деп қоңырау шалды. Онысы теріс кетпеді. Қайыржан Шабенов директор болып келді. Бұл жігітті «Сілеті» совхозында шопандардың арасында көргенім бар-ды. Үстінде іара костюм-шалбары бар, ұзын бойлы, арықша келген, жаңық маңдай бір жігіт сипайылық танытып, келген қонақтарға қызмет көрсетіп жүрген-ди. Текештен «бұл кім» деп сұрағанда, «совходың парторғы» деген. «Көзben көргенді қолмен ұстайды» демекші, міне енді оның қолын ұстап, құттықтайтын да кез туды. Осы жылды наурыздың екісі күні таңғы алтыдан планеркаға дейін жақын кашарларды аралап қайтайын деп бардым. Аралап жүрген кашардың алдына машина келіп тоқтағанын гүрлінен естідім. Осы уақытта бұл маңайда машина мініп, жол шығатын ешкім жоқ. Кейде көлікпен, кейде жаяулатып Егел Сұлтанұлы ғана келетін. Кім болды екен деп, білмекке сыртқа шықсам, келіп тұрган – жаңа директорымыз Шабенов Қайыржан. Жанында көзін шүберекпен таңған бір адам бар. Базға қарай келе жатыр екен. «Ассалаумағалейкүм!» деп берген сәлемімді алды да, үлкен кісі: «Мына жігіт менің балдызым, есімі – Дәүлет. Сіздерге директор болып келді, кашарларды

аралап, жағдаймен танысу үшін мені бірге ерте шықты», – деп ағынан жарылып айтып жатыр. Қызметіне қайырлы болсын айтып, екеуіне де қол бердім.

Кашардың ішіне кіргеннен кейін де үлкен кісі әлі сақылдап сейлеп жүр. Дәuletке келген жерің жақсы деп мақтап жатыр. Мақтағанды кім жек көрсін, ішімнен риза болып тұрмын. Жаңа директор жас жігіттің өзіне сеніп тапсырған шаруашылықты алдымен сыйнышысын бірге ала жүріп аралауы, қой шаруашылығында ұстазының көп жыл бойы аға шопан болып істеуінен екен. Қойдан төл алудың аяқталып қалған уақыты, әзірше нәтиже жаман емес-ті. Бұл бірінші сыйнан өте алмасақ, Голубовка совхозының абырайына аз да болса нұқсан келері анық. Ел құлағы елу ғой: «Шабеновтың барған жерінде тәртіп жоқ» – деп, ақсақалдың ауызынан бір сүйк сөз шықса болды, әрі қарай Сырды суалтатындар өздері-ақ жол табады. Шабеновтың бұл ақсақалды таныстырыуы былай: «Бұл кісінің есімі – Қасым, менің жездем әм әкемнің орнына әке болып жүрген жан». Содан соң өз өмірі жайлы сыр шертті. Он үш жасында әкеден жетім қалған жігіттің есімі – Қайыржан-Дәulet. Аласы – Құсни, жездесі – Қасымның қолында тәрбиленген. Солтанахметұлы Қасым Ұлы Отан соғысынан мүгедек болып оралса да, қашан құрметті демалысқа шыққанша «Сілеті» совхозында аға шопан болып қызмет атқарады. Жігерлі жас жігіт жездесіне жайлауда көмекшілік етіп, қыста күрек-айырын алып, үнемі көмекке барып жүреді. Кейін мектеп бітіріп, Алматыға аттанып, жоғары оқу орнын тамамдал келгенше, анасы Айша, қызы Құснидың қолында болады. Алматыдан оқу бітіріп келген соң, Павлодар педагогикалық институтында екі жылдай дәріс береді. «Сілеті» совхозында экономист, содан соң жергілікті партия үйімінің хатшысы қызметтеріне ауысады. Қасымның қолында тұрып үйленіп, әкесінің шаңырағын көтеріп, анасын қолына алады. Кіші апайы Шалатай да

Қасымның қолынан үзатылады. «Қасым жездемде алты бала, біз үшеуіміз – барлығы он бір жан бір үйде тұрдық. Қасымды жезде емес, әкеміздей көрдік. Бағып-қақты», – дейді ризалықпен Қайыржан-Дәүлеттің өзі.

Қазақылық ғұрыппен, жүргегі қуаныштан лұпілдеген жас жігіт жездесі Қасымды батагейі санап, өзіне сеніп тапсырылған шаруашылығын көрсетпекке алып шыққан екен. Қазақтың бір жақсысы атқа мінсе, тілеушісі мың болады. Сол тілеушінің бірі көп үшін бата береді. «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген осыдан шыққан ғой. Дәүлеттің батагей адамды алып шығуында осындағы қасиетті үғым жатса керек. Оған Қасым кашарды аралап жүріп: «Дәүлет, келген жерің онды екен, қайырлы болсын!» – деді батасын бере ризашылық таңытып.

Еңбек ерді көркейтеді. Жаңа директорымыз өте еңбек-қор, ерте тұрып, кеш жататын, құс үйқылы, ат үстінде демалатын, қажырлы, өзгеге де, өзіне де қатал әрі жауапкершілікпен, талаппен қарайтын, тынымсыз, шаруаның әр қырын тануға ізденіп тұратын, тиянақты адам болып шықты.

«Ерте тұрған жігіттің ырысы артық», басшының жұмысындағы ырысы арта берді, ісімен халқына жағымды болып, кәрінің де, жастың да көңілін, тілін таба білді. Нәтижелі еңбегімен елдің аузына ілінді, үкімет алдында беделі де артты. Жылдар жылжып, еселі еңбегінің жемісін беріп жатты. Жақсының шүлғауына оралып, шылбырынан үстайтындар, бақай есептің әлегімен жүрген жандайшаптар да көбейді. Ол үақытта көшеде камера орнатылмаған кез ғой, сол камера-ның қызметін атқарушылар өздері-ақ бой көрсетіп, табылып жатты. Қазақтың бойына сіңген ескі ғадеті «құлың болайын» деп шақ қалды. Бұл – қоспасы жоқ шындық. Бірі – сүйіспен-шілікпен істесе, бірі – айлакерлікпен істейді.

«Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап, әуре етеді ішіне құлық сақтап» деп Абай атамыз айтқандай, құлыққа еріп, мен дейтін де кездері болды. Пенде пендешілігін қылмай қоя ма? И Қемекшісіз керуен өзіне ғана сенеді, сөзге ергенімен, тізгінін ешкімге ұстатқан жоқ. Бұйрықты беруші де, оны орындағышы-зуши да өзі болды. Шаруашылықта партия үйімінің хатшысы айна болып есептелгенімен, ол еш жарық сәүлесін түсіре алған жоқ. Осы шаруашылықтан Рахматулин Зейнүр ағамыз басқа жұмысқа ауысып кеткеннен кейін Голубовка совхозының маңдайына жағымды да жайлы хатшы жазылған жоқ. Кейінгі келгендердің өзіндік пікірі, шаруаға келгенде ебі мен қыры жоқ, халықты жетелер үлгісі жоқ болып щақты. Бұйда-сынан жетелеген тайлақтай жетекке еріп, әркімнің соңынан жүре беретіндер кезікті. Ендігі бар билік өз қолында, игілікті жақсы бір іс істелсе, жемісін күттіріп, барын береді. Зардабы да солай. Барға малданып жүргенде, білдірмей келіп іштен шалып, шалқаңнан түсіреді. Қайтіп оңалу қыынға соғады. Қо-лына қышыма қотыр шығып, бейнеттің зарын тартып жүргенде істелген жақсы істің нәтижесін көре алмай, басқа жұмысқа ауысып кеткен аға зоотехник Усенов Амангелдинің иғі шаралары қой шаруарылығында жемісін беріп жатқан кезі еді.

Ауданның тоғызы совхозының бел ортасында қозы алудан алға да ұмтылған жылдарымыз болып еді. Бұл көрсеткішті Шабенов Қайыржан місі тұтпады ма, әйтеуір бір таңғы мәжілісінде (планеркада): «Мен жуырда қойдың академигі атанған бір адамды аға зоотехник етіп жұмысқа алмақшымын» деді. Сыздықов Ұақап Бекұлы атайтын «Құрыған Құрымбаев» аға зоотехник болып қайта келген болатын. «Ол сендерге қой-ды қалай өсіруді үйретеді» деп мысымымызды басты. Біздің бір жетіспеушілігіміз болғаны ғой деп, бақайға қарап отыра бердік.

Жетесізді желкелеп әкеліп оқытқан үстаздай, академигін мілдырып, Құрымбаевты шығарып тастан, орнына отырғызыды. Қой шаруашылығы жұмысы өнбейтін, әркімнің ырқына конбейтін сала. Қой тұлігі – өзі сұрағандай «бә-бә, әкел-әкел, мә-мә» деп, аузына тықласаң, салпан құлақтарын шұнтитпасаң, балғадайын алып қалып, әлжуазын құртпаса, көзі боза-рып, тісі сорайып, басы сопайып, бір жағына қисайып жатып алатын жануар. Академик ақыры осыған жеткізді. «Сілеті» қой совхозының директоры Абызбай Адамұлы Адамов өзінің шағыз білікті аға зоотехнігі Садвакасовты ала келіп, шаруашылығымызben танысып, жақсы деп ұнатып, батасын беріп кеткен болатын. Олар «Сілеті» қой совхозын асыл тұқымды шаруашылықта айналдырмақ болып, осындағы жағдаймен жақыннан танысып, сараптау үшін арнайы келген екен.

Бірақ, қай шаруашылықта жібермесін, қай қызметті атқармасын, біліктілігімен көзге түскен Абызбай Адамовты аудан шақырып алып, Ертіс аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына басшы етіп тағайыннадады да, оның бүған дейін алға қойған мақсаттары жүзеге аспай қалды. Адамов кеткен соң, Садвакасовты қолдаушы жоқ болып, Асқаров Сапарғали Уәшүліның қарамағына ауысып кетті. Академик зоотехник өзі істеген үш-төрт жылдың ішінде бірде-бір іс-шараға мұрындық бола алмады.

Бөлімше зоотехнігінің ендігі жұмысы шаруашылық бөлімнің меңгерушілігіне ауысты. Жем апар, шөп апар, тұз апар, су апар – әйтеуір «апар да апар» тірлік. Ерте кетсең үйге тек қонаға әрең жететін де үақыттар болды. Бұл зоотехнігіздің бағасын Мұзафар Әлімбаев ағамыз алдын ала беріп қойыпты. Алматы облысының совхоздарын аралап жүргенде оқу бітірген жас маман күйекке түскен қошқарды көріп, «мына баранның аяғының арасына мешок байлап қойғаны несі?» депті. Оны естіген ақын ағамыз «қайран, босқа кеткен бес жыл үақыт»

деп күйзеліпті. Ендігі шара тіленшідей көз сүзіп, қай жерде асыл тұқымды қой бар деп ақпарат ақтарумен аннан-мыннан сатып әкелген қойлар көзі бозарғандар, аузының емеуріні қашқандар болды. Жергілікті қойлардай қаңбақ-қурай жеп шыныққандар емес, қаңбақтан тісі егеліп, жазғытұрым жатып алатынды шығарды. Басында мақтап-мақтап бас орынға отырғызған академик білгір зоотехникті (өз сөзі) енді амалсыздан сыйбағасын беріп-беріп, шығарып тастауына тұра келді. Қуыс үйден құр шықпа дегендей, «облыс бойынша қой шаруашылығының үздік зоотехнигі» деген атақты да қалтасына басып жіберді.

Дегенмен, нәтиже соншама құлдырап кете қойған жоқты. Төл алу науқаны жүріп жатқан кез болатын. «Ертең аудан басшылары келеді» деген хабар жетті. Алдын ала болжағыш көрегендігі бар белімше бастығы ертеңгіні бүгін ойлап, таңғы планеркада зоотехниктің соңынан із қалмады. Отарға барып едім, мел салынбапты деді. Бұл отар «Ленин» орденді, аудан-ның бетке ұстар атақты аға шопаны Мұкушев Төкештікі еді. Директорымыз орнынан атып тұрып, бір жақсы сөзді былш еткізіп: «Ол отарда мен де болдым ғой, сен қай жерде жүрдің?» – деді. Белімше бастығының бақай есеп құлығын түсінбей қалса керек. Екеуінің де ойлағаны – ертеңгісі, кім біледі.

Ертеңгі келетін үәкіл бастық – Ертіс аудандық атқару комитетіне жаңа келген төраға Баймұлдин Жамбыл Мұхтарұлы екен. Қаталдау адам. Ол – Ертіс ауданының қой шаруашылығына жаңаша әдістеме ала келген төраға. Оның жаңалығы – әр аналық қой баздарының ішкі қабырғасын буылған қамыспен (маток) қаптатып, еденіне қамыстан төсөніш төсетті. Бірақ бұл жаңалық бір қыста сыр беріп, екінші қыстақта қолданбайтын болдық. Жазғытұрым борсыған қамысты баздан тазалып шығарудың өзі жеке-дара қындық туғызды. Сасыған қамыс иісі төлге де еш пайдасын тигізген жоқ.

Асау құлағына қол тигізгенше ғана қауіпті деген сөз бар. Жамбылдан кіші бастық біздер де қаймығатынбыз. Құннің боранына қарамай, досым Белгібаев Қабайдың қисық бексе Газ-53 машинасымен түстен кейін баздарды аралауға шық-қанбыз. Бірінші бөлімшениң маңдайға біткен жалғызы, әркім мініп, қыршаңқы қылған торыдай көліктің менің астыма ти-гені жаңа ғана еді. Завхоздан тұз, бор секілді т.б. керек-жа-рақты тиеп алып, өгіз аяңмен, боранда бір батып, бір жүріп, тұнгі сағат онда әрең оралғанбыз. Өтірік сөзге қалай жан күй-інбесін, тәтті өтіріктен, ашы шындық артық, өтіріктерін бет-ке айттым да шығып кеттім. Реніштен «тоқта» деген сөзге де қарамай, жаяулап, әлгі айтылған кашарға тұра тарттым. Бұл кашар «Ленин» орденді Мукушев Текештікі болатын. Қалың қарда К-700 тіліп отырып жол салған. Биік қардан кісі түгілі, машинаның бойы да көрінбейді. Артымнан қуып жеткен ма-шинаны да аңғармаппын, жаныма келіп тоқтағанда бірақ көрдім. Директорымыз еken. «Көлікке отыр» деді. Отырғым келмей, жүре беріп едім (маған үйреншікті жағдай болатын): «Жүр, баздарды аралаймыз» деген соң отырдым. Тегін кісі таз бола ма, директорым еш сөз қозғамады, «сырын білмеген аттың сыртынан жүрме», тонның ішкі бауындай, құдандалы болып, араласып жүрген соң, сеніп қалған болуы керек. Қатты ренжігендімнен, үйге келген соң үш ауыз өлең жазып, пошта жәшігіне апарып салдым. Өлеңнің мәтіні мынандай:

*Жан емессің әзіл айтар құрбылас,
Жас адамға жараса ма сөз лас?
Қайтарымсыз сыйға тартқан бұл сөзің
Ақылымнан адастырды, қылды мас.*

*Ақылды адам не қыыннан жол табар
Ойламаппыш ашуашаң деп, зәрі бар.
Ере берсең не қулардың сөзіне
Мен секілді талайлар да қамығар.*

*Төрелігін анаңызға төрелет,
Анаңда айтар тілге тиек өре деп.
Тілейтінім менің саған – жақсылық,
Ұлкендерді ренжітпей сыйлап өт.*

Бала күнінен қой шаруашылығында шындалып өскен, шаруаның қыр-сырын білгендіктен, қой шарушылығына көңіл бөлуі таңданыс емес. Әзірше Голубовка совхозының ауызға ілінері – қой шаруашылығы. Тәжірибе жинап, бар саланы да толық менгерді, Голубовка совхозы гүлдене бастады. Эр дәүір өз кезегімен ғой. Ол істеген 10 жыл ішінде мал саны өсті, көшелер көгалдандырылып, жолға асфальт төселді, екі қабатты балабақша тұрғызылды, аурұхана салынып, күндіз жатып емделетін бөлмелер жабдықталды: әйелдер босанатын перзентхана ашылып, оған керек-жабдықтар сатылып алынды; түрлі тұрғын үйлер; мектеп балаларына асханасымен бірге жатақhana тұрғызылып, су құбырлары мен жылу құбырлары тартылды, ақсақалдарға мешіт, жастанға стадион, автотұрақ салынды. Голубовка сәні мен сәүлеті артқан кішігірім қалаға айналды. Еңбегінің жемісі еленіп, халық ҚазР. Жоғарғы Кеңесі депутаты болып бір ауыздан сайланды. Өткенде Қасым жездесі – батагейі болса, қазір бүкіл Голубовка халқы батасын беріп, тілегін тіледі. Талап бойынша депутатқа бұл совхозда жұмыс істеуге болмайтындықтан, басқа жұмысқа ауыстырылды. Тоқта ауылының тарихына зор үлесін қосып, жаңа еңбек жолын бастауға тұрткі болған жан 1992 жылы наурызда сапар шекті.

Ел мен ердің тегі қариялар

Жақсылар сөзі елге иғі

Созхоз бен ауыл тіршілігінің өмір дастанынан көзім көріп, ойға түйгенді жаздым деп ойлаймын. Өз кем-кетігімді түген-деп, сараласам кемшілігім мол еken. Бәлкім ол менің кәсіби маман еместігімнен болар.

«Қазақ ескі жұрт – елдің құты, ескі әйел – ердің құты» деген сөз бар. Елдің құты – ескі жұртты шамам келгенше қамтығаныммен, балаларға ана болған, қысылғанда еріне пана болған, тұнде тұрып оянған, тал бесікке таянған ана-женгерімізді, тұрмстың қамытын киген замандастарымды қағыс қалдырған екенмін. Аналар: Қөкен Түйтенова, Жетпісбаева Орынтай, Бисенбаева Нұрғайша, Бақтыбаева Биға, Абраева Дәмелі, Жұнусова Зәүқия, Мажитова Шайза, Исенова Ғазиза, Шахматолинова Дәметкен, Ахметова Мәруя, Исабекова Жұма, Қожахметова Қеміш, Шаханова Насипа, С. Рахметова. Кешегі тар заманда тайғақ кешіп, бір уыс бидайын ышқырына қыстырып, жанын от пен суға салған осындай аналарды ұмытуға әсте болмайды. Елге ел келіп қосылғанда, құшақтап-қауышып, құшағын жайған, қайран аналар, сіздерге бұл естелігім мәңгі жолдас болсын, аттарыңыз өшпесін деп, кейінгі үрпақтарыңыз дүғасын жасап, әрдайым есіне ұстасын деп жазып отырмын. Жатқан жерлерің жанната, жұмақтың төрінде болсын, әмин!

Мен Голубовский совхозына 1968 жылы келгеннен 2006 жылға дейін мал шаруашылығынан қолымды үзген жоқпын. Отбасы жағдайымен туған еліме 1,5 жыл қоныс аударып келдім. Онда да бригадирдің де, зоотехниктің де жұмысын атқардым. Осы жылдардың ішінде көңіліме берік түйгенім: бірінші – елдің ел болып ырысы шайқалмайтыны ортаға бай-

ланысты екеніне көзім жетті; екінші – ел билеген азаматтың өз халқын алаламай, жұдырықтай тас-түйін ұстау. Қазақ «Ала қойды бөлек қырықтан жүнгө жарымайды» дейді. Менменшіл адам ел билеп жарытпайды, өзі ұры болса өзгеге сенбейді. Осының бәрі де – шындық. Оны көзімізben көрдік, құлағымызben естідік, санамызға түйдік. Егел Сұлтанов директор болып келген кезде ауыл ақсақалдары – Түйтенің Мұхамеджаны, Жетпісбайдың Қызыры, Қожамжардың Бекманы, Жұністің Әубекірі, Шәліптің Бағаты, Рахметтің Мұхтары, Қожағазардың Қабдолласы, Ахметтің Зәйни, Қасеннің Әбсәті, Жамаудың Шәрібі, Абылқайырдың Мәжиті, Тілембектің Жанғабылы, Нұрмағанбеттің Қожасы, Мергенбайдың Шамхамбеті, Қисаның Бекмағанбеті мен Досмағамбеті, Насидің Рамазаны, Шахматәлінің Ақтайы, Омбыдан көшіп келіп қосылған Эйтеннің Мамырханы, Бақтыбайдың Темірханы, Оразбайдың Баянбайы елге тұтқа болар ақылшы да қазыналы қарты, өнеге-үлгі сіңірер бағдары, қоғамның үйтқысы, телі мен тентектің тезі еді ғой.

Жалпы, орта дегеніміз кімдер өзі? Қызмет басында шілтиіп-шіреніп, басына шляпа кигендер ме? Жоқ әлде қолына қалам ұстап, саусақтарын шошайтқандар ма? Мүмкін орынсыз жерге килігіп, білгішсініп, даурығып көп сөйлейтіндер ме? Әлде ел билігін қолына мықтап ұстап, кейінгілерге жыланша ыскырғандар ма? Сонымен орта деген кімдер екен?

Менің ортам ол – тез. Тез телі мен тентегін жолға салады, адасқанға ақыл-кеңес, бағдар береді. Жабырқасаң демеу, торықсан медеу болады. Ол орта, ол тез – тұтастай ауыл және ауылдың көпті көрген көнекөз қарттары.

Осы жүрт «балық басынан шіриді» дейді. Ал балықтың басы кім десе, ел билеген хакімдерге мензейді. Жоқ, егер

балық басынан шірісе, онда еліңнің, жеріңнің тозғаны, алауыздықтың қозғаны, көртартпалықтың озғаны. Ал бұл жамандықтардан тыятын тек елдегі ақсақалдарға. «Жақсы қарт – қазына» деген бекер айтылмаған ғой. Қазынасын қастерлемеген, қадірлемеген, құрметтемеген ел түбінде ел болып жарытпайды, барынан ажырайды, үрпақ тәрбиесінде онбай ұтылады. Жоғарыда есімдері аталған Тоқтаның ақсақалдары нағыз қазына еді-ау, шіркін. Елге ел қосылса – құт. Шашылып-тәгіліп жатып, енді ғана елдікті түзей бастаған тұста елге келіп қосылып жатқандарды ақсақалдар құт келді деп бағалай білді, ақыл-өнеге берді, қолынан келген көмектерін аямады. Алыстан алты жасар бала келсе, тұра қарсы алып, сәлем бергендер де осылар – қазыналы қарттар.

Шалқып отырған адам шалмесін орап, өз елінде отырады, шалмесі жоқ адам шалқайып отыра алмайды. Ол қарын жұбанатын ырзық іздейді. Ал елге келіп жатқандардың бәрі де – осынау тірлікten, осы өлкеден ырзық іздеғендер. Егер секілді халқын алаламай, тең ұсташы ел ағасын іздеушілер. Міне, елде нағыз ақсақалдардың барында қоғамдық тірлігіміз осылай өрілді. Жастарды өз баласындаң құрақ ұшып, қошеметтеп қарсы алды. Азаматтарын қолтығынан демеді. Қарттарына төрінен орын ұсынды, жетім-жесірге демеу болып тоңғандарды қолтығына қысып жылышты. «Қараның қарны тойса, ханына қарсы шабады» дегендей, зар заманның зарлап өскен үрпактары – біздер ел қадірін білдік пе, қоғамдық тұтас-тықтың парқын үқтық па? Қазыналарымыздың кезі жоғалған соң, тезіміз майысқан соң, жұмұлы жудырығымыздан айрылған соң, елдің қара қазаның қақ беліп, шаңырағының жарты үшін жулып әкеттік. Қазір Тоқта жетім баланың мандаійынан сипайтындағы алақанды аңсап тұр. Тоқтаның топырағы

қасиетті-қастерлі. Сол қасиет-қастерді қабылдайтын азаматын – Зәйниін іздел тұр. Мүмкін бір құдайы адам табылар.

Мен келгенде, **Нұрмұғамбеттің Қожасы** төсек тартып жатыр екен. Мінезі қатты кісі болыпты. Бала далаға қарап өспейді, әуелі жеңіне қарап өссе, кейін әкеге қарап ер жетеді. Шакен жездей де мінезі қатал адам. Қожа елде есер-тентектерді көрсе, не естісе: «Бәтшағарды ұстап әкеліндер маған. Ондайлардан ұрпақ тарағанша, піштіріп тастайын» – дейді екен. Міне – тез!

Бақтыбайдың Темірханы жасында балуан болыпты. Ортаға жуық бойы бар. Сөйлегенде, дауысын қатты шығарып сөйлейді. Бір орында отыра алмай, қозғалақтай беретін. Өскен ортасына байланысты болды ма, менменшіл, жікшілдеу адам болды.

Қисаның Бимағанбетінің үйінде омыртқаға жиналған ақсақалдардың ортасында өлең айтып отыр едім. Темірхан өлеңді тыңдамай, біреумен сөз таластырып, күбірлеп, дауласа берді. Сонда төсек үстінде отырған Бекмағанбет «Әй, Темірхан, елінде істегенінді мұнда да іstemей, жай отыр!» – деп тыйып тастағанын мына құлақ есітіп, көз көрді. Өтірікке ақиредеке барғанда қол мен көз күә дейді шаригат, міне – тез.

Бірде менің малыма (ферманың) көз сүзіп отыруышылар, қысқасын айтқанда, тонаушылар пайда болды. Мақсаттары – мені талау, үкіметке жүгінсем, ісім айғақ. Бірақ, мен Егел Сұлановқа жағдайды жайып салып, баяндадым.

– Қайырбек, сен жалғызысың, олар – көп, көп көпшілігімен істеп тұр ғой бүл қияннатты. Үкіметке бармай-ақ қой, мен сені көп қасқырға талатпаймын. Маған келіп отыр, – дегеніне Алла күә. Міне – бірлік, жұмылған жұдырық.

Шәліптің Бағаты мұсылманшылық жолын аса ұстанбайтын, қалмақ мінезді адам еді. Баекеңмен бірге соғыста барлау-

ди болыпты. 1976 жылы Бағат құрылышта қойма менгерушісі, Ылғакең мұнай базасында бастық қызметтін істеді. Бірінде ағаш өлпір, бірінде көмір бар. Кейде өзара келісе алмай қалады екен. Сонда Баекең: «Қалмақы мінезге салма!» дейді. Баекеңден ол не деген сөз деп сүрадым. Үстел басында шай ішіп отырганбыз. Баекең магнитофонға «Назымбек пен Құлше қызы» жаздырып жүрген. Олардың арғы атасы Айтқожа батыр құлмақ қызынан туған. Бағат – Айтқожаның тікелей үрпағы. «Ішсіна қарамаймысың» деп құлдірген. Бағат мұсылманша жиқсі оқыды, бірақ коммунистік жолды берік ұстанған дейді Ылғакең.

Тұйтениң Мұхаметжаның елдің нар түйесі десе де жаралымды. Ауыр жүкті нар ғана көтереді ғой. Бұл кісі қара нардай, илlyп денелі біреу соқтықпаса, өзі ешкімге тиіспейтін жуас пәдам болды. Екі әйелден үш ұл дүниеге әкелді. Соңғысынан Абылай деген баласы өмірге келді. Шіркін, Абылай жігіттің нағызы төресі еді. Одан бүгінде үл-қыздар қалды. Жұбайы Айман – Шайхиденнің қызы. Мұхаметжан – алдынан жан баласы кесіп өтпейтін, ел-жүртқа ерекше сыйлы қария. Мұраттың үлкені Дөненнен тарайды. Қасеннің Әпсәті ертеде Махмет молладан оқыған екен. Тағдырдың тауқыметімен жүріп, тілі қытыңқырап, тап біз секілді кейбір әріптерді қате айтатынын өлем. Оны естіген Бағат Әпсәтті әжуалайтын көрінеді. Әпсәтте Құдайы деген адам емес. Мінезі өте қызба, ашуланса өзін-өзі үстай алмай, орнынан атылып тұратын. Сонда Мұхаметжан: «Еее-ей, қойсандаршы! Оқысын, тілі жаттықсын. Сен, ынғат, оған соқтықпа» – деп тыйып тастайтын. Сонда Бағат: «Мұхаматжан мұлла» деп орысшалап айтатын да қоятын. Міне үлкенді сыйлау, бірлікті бұзбау деген осындей болса керек. Қазіргі біз секілді о жер, бұжерден естігеніне бола қоқиленып, білімпаздық таныту, дауласу деген жоқ қой, жоқ.

Шекесі қызырып, даукес Жұністің Әубәкірі аяғын ағашша көлденең салып сөйлегенде, ақ түскен көзін де ашып жиберетін. Рахметтің Мұхтары Әубәкір марқұмның ашуланғанда қулағы қалқайып, екі шекесі қып-қызыл болып кететін даукес болған. Көбіне Темірхан марқұм екеуі керісіп қалатын. Ал осылардың бәрі Мұхаметжаннның сезін тыңдайтын, бағынатын. Зәйни марқұм көп қыдырыстап жүрмейтін. Оны-мұны жиынға онша жоламайтын-ды. Ол кісінің біреумен сез таластырып тұрғанын еш естімедім. Бірде Қалам Қайыржановтың үйінде той болды. Нақты айтсам, Жұмаштың үйленуінің құдалығы. Үшінші бөлімшениң мамандары бір көшеде тұрамыз, үй арасы жақын. Кешкі отырысқа шақырды. Сулимен, мен, Ислам, Кеңес – бәріміз жиналып бардық. Барған бетте үйге кірмей, далада тұрып қалдық. Құда болып келген адамдар қартан адамдар ма, жыға білмедім. Олардың жанында Шәрам отырады. Қалам бала жіберіп, Ақтайды да шақыртты. Біз келген кезде ол кісі де жетті. Қалам:

– Шәрам жалғыз отыр. Жанына барсаңшы, – деді.

– Еее, ол менің теңім бе еді? Барып жанына отыратындей ол кім, мен кім? Мұнысы несі, жанына отыр дейді ғой... Өзің, отыр! – деп асауланып, бармады. Өзімшілдігі ме, менсінбеушілік пе? Шәрамның сүйегі – Қарабұжыр-Қаратілес. Қой аузынан шеп алмайтын өте момын адам болды. Оған қарағанда Насипа шешей өте пысық. Қаламның Шәрамның жанына барсаңшы деп тұрғаны Шәрамның жұбайы Насипа бұрын Қаламның әкесінің тізе жыльтары болса керек. Шәрамнен Теміrbай, Темірхан деген ұлдар тарайды. Темірхан қол-аяқтан аздап кемтар. Мамандығы – бухгалтер. Қөп жыл мұнай базасында менгеруші болды. Теміrbай – көлік жүргізушісі.

Қалам ағаның жолдасы Құлшара жеңгей – шағын денелі, ақ жарқын, айтамын деген сезін ойыны мен шынын араласты-

рып, тура айтып салатын турашыл адам. Қатты ашуланғанда болмаса, бет-әлпетіне құлкі үйріліп тұрғандай, жайдары болатын. Сонымен қатар ол кісі өте мысқылшыл да еді. Жеңгейдің биінесін, сипатын жалғыз қызы Кәукардан анық көруге болады. Құлшара жеңгей Ақтай қайнағасы туралы былай деген еді:

Күн айналып жерге түскендей ыстық еді. Қабайдың жалғыз машинасынан терлеп-тепшіп келіп, көлеңкеде отырғыдым. Қалам машинасын жөндеп, гаражда жүрген. Қайнағам іорадан өзі қазып алған құдығынан бір шелек сұық суды алып шықты да, шешініп жуынбақшы болды. Отырған мені көріп, үсілінде көйлегін лақтырып тастап, бір шелек суды басына ғанақке салды. «Мені көрдіңдер ме?» дегендегі масаттанып қолды. Мақтаншақ қайнағам содан біраз уақыт сырқаттанып жүрді.

Ақтай Тоқтаға менен кейін келді. Панфилов совхозында Мұғанай екеуі жылқы бағыпты. Қисынын келтіріп, бір мақтарлық сөз айттарда: «Мен жылқы баққанда» деп бастайды үнемі. Шынында да, жылқы бағы ол заманда туған аталарымыз үшін үлкен өнер болып есептелді. Ол заманда болсын, бұл заманда болсын, айтеуір жылқы бағы – екінің бірінің, егіздің гыңарының қолынан келе бермейтін іс. Жылқышы әрбірден соң елінің сақшысы да. Қаршығадай сақ үйықтап, бозторғайдай ерте оянып, тәніректе не бар, не жоқты бірінші көретін де жылқышылар. Қазіргі заманың кейбір жылқышындар өз ауылын өзі тонап, елінің жылқысын мотоциклмен қуалап, басқа жерге айдал салмайды. Ақанның мақтанышының ұшы қайда жатыр. Қабақ – ашудың да, қайраттылықтың да белгісі. Бұл кісі қабақты, ұртты, қаршығадай шегір көздеу жүргенде шайқалақтап жүретін еді.

Ақан бір-екі жылдай пішен кезінде мая көтерісуге көмектесіп жүрді. Жерден шөп әперген жігіттің шебін төбеден ең-

кейіп «әуп» деп өзіне тартып алғанда, жердегі жігіттің өзінде көтеріл әкетердей білегі әлді адам болды. Жас құндері шыныққан дene ыстық-сұықтан мұлде қорықпайды. Төбеде жүріп, көйлекті шешіп тастап, Нөгерге: «Таста үстіндегіді, бастырылған адам дұрыс жұмыс істей алмайды» – деп үрсатын.

Алдында ақиқатты сөйлеймін деп сөз бергенмін. Ақиқат – ардың тазалығы. Дүниеден озған әке-шешелеріміздің бір шыбыққа сүрініп, жығылғанының өзі түсінген адамға терең тарих. Дүниеге келген әр адамның терең тамырлы, сан қатпарлы тарихқа қалдыратын өзіндік ізі бар. Ақсақал туралы жазып жатқанымның бәрі – кейінгі үрпағы үшін тарих. Керегін ал, көрексізін қалтаңа сал. Істің бәрі ақиқат болса, ойға жүгірт, ғибрат ал. Ісіңе сай болса, шалқып сөйлеу де бір өнер. Бұл өнер біздің әкеміздің кезінен, одан арғы ата-бабаларымыздың кезінен қалған. Қазақтың бұзылмауының бір кепілі – жиған дүние-мұлкі емес, артында қалған ғибратты сөзі, мардымды ісі қем тәлім-тәрбиесі.

Мысалы, **Жамаудың Шәрібі**. Сексен жастан асып барып көз жұмды. Астында қаратөбел, ақбақай, міnezі шалкес мен шікті аты болды. Қыста шанаға жегіп жаңда көбіне-көп салт жүреді. Ол кісінің жас шағындағы жігітшілігін жоғарыда айттып өттім ғой. Ендігі айтарым тәрбие туралы сөз. Шәріп қашан дүниеден өткенінше жұмыстан қол үзген жоқ. Бағай деген жалғыз баласы әкесіне тартып өсті. Ұзын бойлы, кең иықты, қарулы жігіт. Ашуланғанда бет-әлпеті бұзылып, сөйлеуге аузы келмей, қалышылдап, теріс айналып кететін. Ал сол ашумен ол тасты да үгіп жіберер еді. Әкеден алған дұрыс тәлім-тәрбие оны ондай әрекет жасауға жібертпеді.

Мынандай бір қызық есте қалған екен: қой үрықтандыру кезінде, оның отары қоздауға бірінші баратын тоқтылар еді.

Осеменатор – Бағайдың өзі, бас зоотехник – Усенов Амангелді. 16 литрлік құтыдағы спиртті дәріханаға апармай, маған алмып келді. Екеуіміз де аңы су ішпейміз. Осеменаторларға ғаулігіне жететіндегі мөлшерлеп беремін. Кешкі ұрықтандыру үшінде тексеру үшін Бағайдың базына келдім. Ұрықтандыру өтмелесіне кірсем станок та, Бағай да жоқ. Сол сәтте күбірлеген дауысты естіп, баздың сыртқы жағына шықсам, 15 шақты қой қамауда тұр. Станокты Бағай далаға алып шығып, қойларды ұрықтандырып жатыр екен. Аяғы ұзын жігіт қой. Станок екі линьйың арасында. Қой әкелуші аяғының үстімен станокқа кіріліп жатыр. Не қылар екен деп байқасам, ұрық салынған қобідиң домалап жатыр. Ана нәрсенің екі жағына түкіріп-түкіріп, етігінің қонышына сұрте салып, қынапқа енгізіп жатыр. Жүгіріп барып, қолындағысын қағып жібердім. Ол менің көлгенімді мүлде аңғармапты. Орнынан қалай шапшаң тұрғанын білмеймін. Станокты көтере-мөтере атып тұрып маған бір үмтүлды да, үндемей базына кіріп кетті. Менің зәрем кеткені ғондай, өлтіретін шығар деп ойладым. Бірақ, тағы сол әкеден алған дұрыс тәлім-тәрбие қол жұмсауға жібермеді, ұтын женді.

Қалам – меңгеруші. Шашылған шөпті жинау үшін маяның іобесіне шығатын адам табылмай, ақыры өнерін салып, жезделеп жүріп көндіріп, Шәріпті төбеге шығарады. Шөп жинауға Москвандың бір университетінде оқитын үш қызды құрылыс отряды шенберінде алып келеді. Үстықтаған әлгі қыздар шешініп тастап, қазіргі қыз-келіншектер, жігіттер өнер санап киіп жүрген купальниктерімен маяның іргесінде көлеңкеде демалып жатады. Сол кезде төбеде тұрып жерге үңіліп қараган Шәкенің зәресі кетеді. «Аа» деп айқайлай бергенде, жағы саудырап шығып кетеді. Бел орамалмен жағын таңып

алып, мән-жайды Қаламға барып айтады. Қаламның жібере қоятын бос адамы жоқ. Оның үстіне жағдайды ойынға айналдырады.

Келесі күні Сұлтановқа келіп оқиғаны айтады. Ол кісі де күліп: «Шәке, олардың алған, көрген тәрбиесі сондай ғой енді. Қаламға айта бар, қыздарды ауыстырын» – дейді. Қаламға барған, жағдайды айтқан. Ол міз бақпады ғой. Енді тағы несіне барады? Осылай деп ойлап, Шәріп маяның тәбесіне шығып, енді қыздардың шешінгенін аңдиды. Қыздар демалуға жатты-ау деген сәтте Шәкең де кең дамбалдың ышқырын тәмен түсіріп жіберіп, төбеден тәмен қарай, қыздарға бағыттап ішкен шайын төгеді-ай келіп. Қыздар жатқан жерлерінен атып-атып тұрып, дамбалсыз Шәкеңді көріп: «Боже мой!»-ды соғып, тым-тырақай бытырап қаша жөнеледі. Қазақша «Сендерге керегі осы болды ғой, ә!» – дейді Шәкең өзіне ырза кейіппен қарқылдай күліп. Қыздар тұп-тура Егел Сұлтановтың өзіне келіп кіреді. Ол кісі: «Ақсақал білмей, байқамай қалған ғой енді» – деп мәселені жуып-шаяды. Дегенмен, әлгі қыздар бұл жерге кері қайтып келмеді. Ғасырдан ғасырға мұра болып, күлкіге айналып кеткен Қожанасыр Әпендейнің де қылышы осындаидан туындаған болса керек. Ашуды жеңе білу – адамшылықтың ең зоры. Үлкендердің жорамалдай айтқан аталауда ғибратлы сөздерінен үлгі-өнеге іздеу жастардың келешегіне жарқын да бәтуалы жол ашады. Біздің қазақ, біреудің бір қылышы жақпаса, «мынаның ары, иманы жоқ екен» дейді. Бірақ сол ардың не екенін өзі де мандытып түсінбейді. Атам заманнан қазаққа сіңісп келе жатқан қос сөз үнемі қатар айтылады: олар – арсыз, ұятсыз деген сөздер. «Арсыз, арыңды таза ұста, әуейіленбел Ұятсыз, ұтыңды жап» деген мағына береді әлгі жүрген қыздарға жасалған қылыштың басты мәні.

Інде, қазақшалап айтар болса, шарифатта «шалбарыңды отырып киін» дейді. Айнаға қарап көрші, не болар екен, үялғаннан үлкендер төмен қарамай ма екен? Жалпы, мен де осындай қадамға баруға мәжбүр болған Шәріптің Қылышының жақтайды.

Әкесі мен қызы, шешесі мен баласы, ағасы мен қарындасты, келіні мен қайынағасы сапыралысып жатқаны үят пен ардың араласып кетуінен, адамшылықтан алшақтап бара бара жатқан қасірет, әсіресе, біздің қазақ баласы үшін ар мен ұяныңды таза ұста деген сөздің түп-төркіні осы.

Жетпісбайдың Қызыры коммуніст молла, анамыз Орындық екеуді тату-тәтті өмір сүрді. Алданыштары – немерелері. Ол кіндіктерінен туған балаларынан қайыр болған жоқ. Қызыр партия қатарында қызметте болса керек. Бертін келе төсек тартып қалды. Орынтай шешей анам екеуімізді жыл сайынғы отмыртқа дастарқанынан тастамайды. Төсек тартып жатқан Қызырдың, яғни, жолдасының көңілін көтеру үшін домбырамды бірге ала келуімді де сүрайды. Мен «ғазіреті ғалінің 10 жаста диюмен күресін», Қазырғала Исламның патшаға корінуі туралы, Мұса пайғамбардың «Қарыңды жер жұтқызған» қиссаларын айтқанда, Қызыр атамыз: «Жиен, сен шарифатты жақсы оқыған баласың ғой. Мұның бәрін қайдан үйреніп жүрсің?» – деп наңбайтын. Артынан ырза болып, ақ батасын да беретін. Тақуа адам еді ол кіси.

Насидің Рамазанымен көп көрісе алмадым. Ол кісі өмірден тым ерте озды. Ол кезде екі әйелі тірі-тұғын. Жалғыз баласы Ермектің анасы жоқ, қайтыс болған. Ал соңғы екі әйелі омірде бар еді. Оның бірі – Жақсыбаев Қылышбектің анасы. Мергенбайдың Шамхамбеті ұзын жақты, ұзын сақалды, арықша келген, көп сейлейтін, сөзуар адам болды. Аздал домбыра шертіп, өлең-ән де айтатыны бар. Жалғыз ұлы Қайыржан

(Боташ) қой шаруашылығында еңбек етті. Ол да өлең-ән айта-тын қабілетке ие. Майра жиен екеуі қыдыруды жақсы көретін. Майра – көп балалы ана, алтын алқа белгісінің иегері. Шамұхамбетте әйел жоқ, ұсақ балалардан ығыры шығып, кейде жайсыз жағдайларға кезігетін. Ол да дүниеден ерте озды.

Жаңғабыл марқұм қақ-соқпен шаруасы жоқ, жиындарда көп сөйлемейтін, көп жүрмейтін, бір тоға адам-тұғын. Отбасында ер бала болған жоқ. Шешеміз Үкітай тоқсанға таяп, жуырда дүние салды. Олар ер балаларға бергісіз бес қызды өсірді. Үміттен басқасы сауда саласында жұмыс істейді. Сара бір жылдары Қызыл Сарайда астық қоймасын басқарды. Үміт бұхгалтерияда қызмет істеді. Біз екі-үш жыл бірінші бөлімшеде бірге қызмет істедік.

Бекман молланың өмірі үндінің хикаяларына үқсас. Жалпы, молла адам ел кезін көп жүреді ғой. Қабдолла ақсақал айтқандай, нағашылары – Ақмола жатқтың Керейлері. Бекман құдандалы жекжаттарын қыдырыстап жүріп, сол жақта бір келіншекпен бас қосады. Қолындағы шешей оны біледі. Бұл кісі Бекманды қызғанудың орнына екеуі қалай қосылғанын хикаялайды. ...Қонаққа келген Бекманды осы шешейдің үйі де қонаққа шақырады. Бұл кісіден басқа меншікті жолдасы да бірге болады. Қонақтағы Бекман терлеп отырғанын сылтау етіп, «осы үйде қона салайын» деп қалып қояды. Сөйтіп, жас келіншекпен өзара келісіп, арманын орындаиды. Сол кезді есіне алған шешей: «Киімшең отырғанда мен бұны әжептәүір жігіт деп ойлағанмын. Шымылдық ішіне кіріп, шешіне бастағанда көрдім ғой бар болмысын. Шешініп жатыр, шешініп жатыр... Білмеймін үстінен нешеуін тастағанын. Әйтеүір, жаныма жақын келгенде шынашақтай ғана болып қалды. Аталарың осындей», – дейді жүртты құлдіріп. Расында үлкен тері шалбарын төсіне әкеліп байлайтын шағын денелі адам еді.

Бұл кісіден туған Қеңес атты үл мен бұрынғы жүрген әйелдін туған үл бір-бірімен қатынасып тұрады.

Кезім көріп, өзім білген әксақалдардың өмір тарихы осылай өріледі. Бірде өзім араласып жүрген адамымның баласы маған: «Айтыңызшы, менің аталарым қандай адамдар болған?» – деп сұрады. Бұл сұрақты қойған сол кездегі бала қазір шау тарта бастаған. Атасы да осы жазбаның ішінде айтылады. Тек осы жазбаға көз салып, оқып шықса болғаны. Ішірлік жаңа тарихтың сырты осында. Ескісіз жаңа тұл деген осы ғой.

Қолға қалам алып, есте қалғандарды жаза отырып, «Бұл іуралы кейін толығырақ тоқталамын» деген тұстарым бар ғой. Соның бірі завгар Шәкен мен директордың арасындағы шароль. Егел Сұлтановтың халқына нендей көмек жасап, қандай жәрдем бергенін жоғарыда қал-қадірінше айтып өттім. Қолында барды бағалай білген, атақ-даңқ құмаған Егел ағамыздың қолы қысқа, мұқтаж адамдарға жанашырлық жасап, көмек көрсетуі – адамгершілікпен астасып жатқан қайырлы Іс. Ол кісі қажеттілік қысқан жандарға астық өнімінен үлес боліп, оны диірменге тарттырып, қоймадан үн босатып отырды. Бірақ бұл жақсылықты асыра пайдаланғысы келгендер де табылмай қалған жоқ. Қабайдың, Олжабайдың көліктерін Слеті, Чапай жақтан жиі көреміз деген қауесет тараған соң, Шәкен жездей машина сұрап келгендер: «Директорға барыңыз» дейтін болды. Ал директор «Шәкенге барыңыз» десе, жездеміз сөзсіз көлік бөледі. Ал қағазға қол қойып, «машина берілсін» деп жазып жіберсе, онда көлікті бермейді. Бір парақ ісағазды алып келгендерге: «Директорға барып, машина жоқ

деп айтты деңіздер» – дейді. Түкке түсінбегендер Егел ағаға қайта барады. Егел ағамыз Шәкенге телефон соғады. Шәкен: «Егел Сұлтанұлы, келесіде болмаса, бүгін барлық көлік жүкке кетті», – дейді. Бұл да халықтың бетін қайтармаудың тамаша бір тәсілі еді.

1968 жылы оқуға түскен Амангелді оқуын Құлжианға үй-ленгеннен кейін тәмамдады. Жамбыл қаласында білім алды. Анасы мен екі қарындасты бар. Мүмкін тапшылықта болды ма, оны тап басып айту қыын. Әскерден оралған соң бұрын өзі істеген бригадаға агроном етіп жіберді. Соғақоздың бас агрономы Колесников осылай үйғарса керек. Кейін Колесниковтың орнына келген жаңа бас агроном Амангелдіні ұнатпай, жақтырмай, үнемі қағыта береді. Мүмкін қағытуы – оның агрономдық білімінің жоқтығынан болар. Оның мамандығы – бухгалтерлік. Бір айыбы – үйқыны жақсы көреді, көп үйықтайды. Маубастықца салынып, есеп-қисабын үақытылы тапсыраймыды. Амангелдінің мінезі ауыр, үндемейді. Керуен көшіп жатса да, бір қалыпта ұстайды өзін. Оттызға жақындағанда Құлжианға үйленді. Кейін Целиноградтың ауыл шаруашылығы оқу орнын бітіріп келіп, агроном, бас аграоном, экономист, ауылдық кеңестің төрағасы қызметтерін атқарды. Үш директормен де тіл табысып, еліне барынша еңбек етті. Менен 3—4 жас кіші еді. Аяқ астынан жүрек ауруынан қайтыс болды. Жүрек деген көп адамға жабысып, обыр болып тұр ғой осы күні. Алла жатқан жерін жарық, топырағын торқалы етсін. Артында жары, Құан, Ерлан, Ержан есімді үлдары қалды. Олардың әрқайсысы үбірлі-шүбірлі, аналарының көз-қуанышы болып отыр.

Баекең шешкен шырғалың

Оразбайдың Баянбайы – Ақтоғай ауданына қарасты Шұға ауылының тұмасы. Рұы – Қанжығалы. Ажыбайдың – Ақбура – жоғарғы атадан соң Иманбек, Мәди, Оразбай, Қожахмет, Малды-бай.

Оразбайдан Баянбай, Жұмабай молла. Баянбай Ишан Хан Нұреттің тұқымынан 4 жыл дәріс алған. Құрметті демалысқа шыққаннан соң имандылық жолын місі тұтып, Тоқтада моллалық құрды. Бұл кісі Ұлы Отан соғысының ардагері, сегіз қырмызы, бір сырлы қадімгі бесаслап еді. Отырған жері – құлқі мен дүмдік, домбыра шертіп, ән төгілтеді. Партияның адал қызыметшісі болған Баекең 18 жасынан еңбекке ден қойып, 1955 жылы тың игеруде нәтижелі жұмысымен көзге түсті. Өмірінің соңына дейін қол қусырып отырмай, түрлі салада қызметтап қарды. Тоқтада ауылдық кеңестің төрағасы, МТФ бригадирі, ғовходзың мұнай базасында менгеруші болды. Бір үл, бір қызы оскріп, тәрбиеледі. Балалары тәлімді болып ержетіп, екеуі де жоғары білім игеріп, әкесі Баянбай мен шешесі Орынбасардың көз қуанышына айналды. Ағайынға бауырмалдық танытуда Ішекеннің бәсі биік. Ол кісі қолын созып, жанашырлық көрсеткен, демеуші болған туыстарының балалары туралы әңгіме – өз алдына бір тәбе. Атасы да, ботасы да Баекеңе қосылмайтын, тегі Кенжеғара тұқымынан тарайтын Тілеке есімді жетім баланы тәрбиелеп, оны үйлендіріп, балалы-шағалы етіп, қолында ұстады. Тілекеден туған балаларды өз немересіндегі коріп, тіпті, «Оразбаев» деген тегін де құжаттап алды. Тілекеден тараған балалардың барлығы да «Біз Баянбайдың немерелеріміз» дейді тақылдап. Баекеннің тонның ішкі бауындай болған тағы бір баласы бар. Ол – **Кәрібаев Карменнің Исламы**.

Ислам Карменұлының тұл негізі – Қыпшақ-Қосқұлақ-Малқара, Есқара, Досқара, Жанқара. Нақты қайсысынан тарайтыны белгісіз. Ислам Карменұлының кіндік қаны тамған жер – қазіргі Железинка ауданы. Тегі Қанжығалы Қарім қорығы деген жерден 5—6 шақырым тұста ауыл болған екен. Ол ауыл «Тоқта – Голубовский» деген секілді қазақша атауынан ажырап, кейін «Церковное» аталып кеткен. Ислам әке-шешеден айрылған соң Ертістегі Беловод – Иса Байзақов мекеніндегі туыстарына қоныс аударған. Кейін бухгалтерлік курсты тәмамдап, Голубовский совхозының үшінші бөлімшесінде бухгалтер, бұрын Тельман атындағы колхозда аға бухгалтер болып қызмет істеді. Үйленбеген бойдақ жігіт осы тұста Тельман колхозында ауылдық кеңестің төрағасы болып істейтін Баянбай Оразбаевпен танысады. Сейтіп Ислам Баекеңнің киімшешең баласы болады. Ислам сүйген жары Қайшаға үйленгенде Баекең мен Орынбасар шешей келінді өз шаңырақтарына түсіреді. Жас келінді Орынбасар шешей өз қызындаі тәрбие-леп, бір шаңырақтың адамдарындаі болып кетеді. Исламның үлдары Қуанышбек, Балтабек, Болатбектер Баекенде «ата» деп қабылдайды. Ал Баекеңнің өз балалары Жұмабай мен Әйкен де Исламды туған ағаларындаі сыйлап-құрметтеп, оған «аға», Қайшаға «жеңгей» деп, үнемі құрақ ұшып тұрады. Ұрпақтары бүгінге дейін бір шаңырақтың балаларындаі сыйласып, жарасып келеді.

«Әке көрген оқ жонады, ана көрген тон пішеді» – дейді халқымыз. Экесіндей сыйлап өткен Баекеңнің тәлім-тәрбиесі Ислам ағаға да жұғысты болса керек. Қосқұлақтың қай атасынан тарайтынын білмесе де, Досқарадан тараған ұрпақтарға елжіреп, елпілдеп, бауырына тартып, бірін іні қылса, бірін баласындаі тәрбиеледі. Тіпті, Байманның Қайролласына келін алып беріп, ата-ене болды. Қайролланың өзі сол үйдің туған

Пиласындағы, қолдарында бір шаңырақтың астында тұрды. Исламның Шарапаты мен Оспанның-Құсанының Ерланы, Ісекбатырдың Сматы Голубовкаға келіп қызметке тұрып, Тоқтаниң жалынды да жігерлі азаматтары атанды. Ислам жоқ-жітік-ке әрдайым көмек қолын созып, мүмкіндігінше жәрдемін лиған жоқ.

Фирофанов Сабыржан – Ресейдің көршілес аумағы Омбының тұмасы. Омбыдағы ауылшаруашылығы оқу орнын бітіріп, кейін Голубовкаға экономист болып қызметке орналасады. Інші 1965—1966 жылдардан бастап жарымжан, балдақпен жүретін. Сабыржанды. Қайша жеңгей туған бауырында тәр-биелеп, 1990 жылдары дүниеден өткенше бар ауыртпалығын көтерді. «Қайырымды болғанға хайуан да құл» дейді қазақ. Адамға қайырымдылық жасаудың, мейірім танытудың бұдан алтың үлгісі болар ма! Бұл екі отбасының өзара араластығы, адами қарым-қатынасы, кіслік келбеті, тонның ішкі бауындағы ғатулығы адамшылықтың асқар шыны десе де болады.

Баекеңнің қайталанбас бітім-болмысындағы тағы бір грекше қыры – адалдық. «Адамның аласы ішінде», «Жау қайда деме, жар астында, дау қайда деме, табан астында» деген аталы сөздер барын бәріміз де білеміз. Дау Дайрабайдың ала сиырынан басталды. 1970 жылдары мал басын көбейту үшін меншіктен мал сатып алына бастады. Төңіректе мал тапсыруға ынталы ағайын сиреген соң, Ислам аға екеуімізге көршілес Омбы облысынан мал жинап әкелу шаруасы жүктелді. Сейтіп, біз бұл сапарда екі күн жүріп, ірісі бар, ұсағы бар жалпы саны 82 бас мал сатып әкелдік. Бұл желтоқсан айының басы еді. Елге кештеу келдік те, малды бос қораға қамап, аузына құлып салып, күзетші қойдық. Ертеңгісін сағат тоғызға таман бас зоотехник, бухгалтериядан екі адам, Баекен, бөлімше меңгерушісі бар – бесеуі біз Омбы жақтан әкелген малды санап, қабылдап,

актілейміз деді. Сол кезде Баекеңнің халық бақылаушысы деген өкілеттігі де бар болатын. Келгендер қораның есігін ашқызып, малға санақ жүргізді. Мал саны – 82 бас, тұп-түгел. Сейтіп Баекең бөлімше менгерушісіне бұрылып:

– Элгінде лездемеде сен «Омбы жақтан жеткізілген малдың саны бастапқы қағазда көрсетілген межеден кем» деп, бізді осы жерге мал санауға алып келдің ғой. Бұл қалай? Білдей бөлімше менгерушісің, анық-қанығын біліп алмастан, беталды даурығып, жүртты дүрліктіргенің не? – деп кейістік білдірді.

Бұл қылышына ұялып-қызарған менгеруші жоқ. Сасып-пысу қайда:

– Малды таразылаймыз. Бұлар артық салмақ көрсетіп, ақша жеді, – дейді екіленіп.

Сейтіп Исламды шақыртты. Малды бір-бірлеп таразыға тартты. Таразыға тартушылар – бухгалтер және Ислам аға. Ал құлақтағы номерлерін бас зоотехник бақылап тұрды. Жол сапары бар, қорада қамаулы тұрғаны бар, екі тәулікке жуық аш болған малды таразыға салуда. Қалай болар еken деп тұрмыз. Бас бухгалтер Қалкен Қайыров пен Амангелді бас-аяғын есептеп шығып, салмақ көрсетілген көлемге сәйкес келетінін айтты. Халық бақылаушысы Баекең осы араға келмес, малды санамас бұрын: «Тек жүрсөң, тоқ жүресің, адап бол, ададықтан аттамасаң, атың арып, тоның тозбайды!» дегенім қайда саған?!

 – деп мені сөккен-тұғын. Дерек-дайек, мәліметтердің барлығы сәйкес шыққан соң, «бәрі дұрыс» деген акт жасатты да:

– Естерінде болсын, өзі ұры адам басқаны да ұры санайды. Мен сені тәуір жігіт деп жүрсем, осындай екенсің ғой... Қызғаныштың қызыл итіне еруің қалай? Бұның жарамады, – деді өкінішпен. Біраз үақыт өткен соң, Ислам бас бухгалтер болып тағайындалды.

Зәйни молланың кішіпейілдігі

Жоғарыда жазғандарымның бір түсінда «Бейбіт үшін соттала жаzdадым» деп едім. Мал басын тексереп алмағаным ашқун болыпты. Жалпы, екі күнде бір санап шығатын ғадетім барды. Баздарды аралап, Искаков Тұрардың гуртындағы жылқы малын санағанда, бір бас жетіспей шықты. Ол Бейбіт деген малшының аты екен. Баздан үйі алыс болған соң, атпен барып-келіп тұратын-ды. «Атың қайда?» деп сұрадым Бейбіттің озінен. Жазғанның тілінің кемсіндігі бар еді. Қолымен Тұрарды көрсетіп: «Басы бοқ, басы бοқ, анау, анау» – деп екі қолын жая берді. Тәртіп бойынша сол арада акт жасадым. Келесі күні қолында тілдей қағазы бар Зәйни ақсақал тепкіленіп жетті.

– Баланың атын неге үрлайсың, ә? Бұл жерге менің баламның атын үрлау үшін қаңғып келдің бе? Түнде неге базға баrasың? – деген айқай сұрақтардың астына алып, апшымды құырып барады. Бұрын тапанша асынып жүрген адам ғой. Соңында:

– Мен оны табамын. Ал сені сottатамын, қарада тұр! – деп әлек салды.

Жаңа жылдың қарсаңында ауылдағы клубта үлкен жиналыс болды. Аудан басшылары, прокурор, сот, милиция өкілдері, ауыл шаруашылығы бөлімінен тегіс жиналды. Жиынның орта түсінде малшының ағасы Файниден сөз алып, орнынан тұрып:

– Дәл қазір осы біздің арамызда үры отыр! Милиция өкілі үрыны тап осы жерде ұстап, апарып қамасын! – деді айқайлад. Милиция бастығы Қуаныш Оразбай орнынан тұрып:

– Кім ол үры? Бұл араға үры қайдан келді? Ол нені үрлап жүр? – деді.

– Ол менің інімнің атын сойып алды. Енді соны інімнің өзіне төлеңтіп жатыр, – деді үры отыр деп шу шығарған адам. Осы арада Сұлтанов қолын көтеріп, жүрттү тыныштандырды.

Келесі күні кешкі сағат 9-дың кезінде Панфилов совхозының үчаскелік инспекторы, милиция капитаны Шакиров «мал санаймыз» деп мені алып кетті. Сауын сиырдан басқасының барлығын санап шықтық. Малшыға акті бойынша бекітіліп берілген (Акт закрепления) малдың бәрі дерлік бар, түгел. Орган өкілі күндіз барлық мәліметті орталық кеңседен (контор) алған еken. Бәрі де соған сәйкес болып шықты да, жабұлы қазан жабұлы күйінде қалды.

Жазғытурым Зәйни ақсақал маған тағы да келді. Бақсам, бұл жолы менен кешірім сұрау үшін келіпті.

— Атты кімнің алғаны белгілі болды. Ол жайлы Егелге де айттым. Ұры алыстан келмеген, маңайымызда жүргендер еken. Файниденнің де қызыбалыққа салынған ақымақтығын кеш. Негізі ол бәрін білген еken. Бірақ ардан безгендер осы үрлыштың ісін саған жапқылары келген деп шындықты айтты, — деді Зәйни ақсақал кешу сұрай келіп.

Міне, өмірде осындағы келеңсіздіктер мен кесапттар, адамшылықтан аттау жағдайлары, аққа қара жағу әрекеттері, өкінішке қарай, кездесіп тұрады. Егер сол кезде Егел мен Зәйни ақсақал араласпаса, маған бір тықыр таянып тұр еken.

Тоқтаның Зәйни, Баянбай сынды қадірлі ақсақалдарының бірі – Әкімбеков Мұқатай. Тегі – Қанжығалы – Бозым – Сапты – Барақ, Шабақ – Жаңаберді – Жұмағыл – Дәүлетей – Бозша батыр – Таңат – Әкімбек – Мұқатай болып тарқатылады. Тегін бұлайша тарқатуым – кейінгі үрпақтары біліп-танағын жүрсін деген ниетім. Ерейментау Қанжығалысы Қоянды Қойтаста Сұңқарция деген жерден 1930—1931 жылдардағы зұлмат кезеңде Омбы жаққа қарай өткен еken. Мұқатай 14—17 жасынан еңбекке араласып, шындалған. Қолында кәрі шешесі бар. Ағасы ертерек қайтыс болып, одан қалған жалғыз баланы

озі тәрбиелеп, бауырына басып һәм ағалық мейірімін төккен. Ағасының баласын ер жеткізіп, шаңырақ көтертіп, үй қылып шығарады. Өмірдің талай қындығын бастан өткерген Мұқатай түрлі жұмыстарды атқарды. Панфилов совхозында почта бастығы, Голубовка совхозында Тоқта ауылдық кеңесінің төрағасы, жұмысшылар кооперативінің бастығы, құрылыш үйымының шебері қызметтерінде болды. Тоқсаныншы жылдары ауылда құрылған «Қазақ тіл» қоғамын басқарып, үлт тілінің қанат жауына үлес қосты. Сонымен қатар, имандылық жолына мойынсұнып, моллалық құрды. Жұбайы Жібек – көп балалы ана, «Алтын алқа» иегері. Сансызбай, Мұңсызбай, Абай, Бағлан есімді төрт ұлы мен алты қыз балалары бар. Бір үл, бір қызынан басқасының бәрі де жоғарғы білімді.

Мұңсызбайдың қызы Жанар атасы Мұқатай мен әжесі Жібектің қолында тәрбиленген. Өкінішке қарай, өз қолдарында өсіп-өнген сол сүйікті немересі жуырда 39 жасында ауыр науқастан дүние салды. Бала күнінен арманшыл, оқуға зерек атанып, көбінесе Жібектің тәрбиесін алып, алыс-жақынға ерекше мейірман әрі мейірімді болып өсіп еді. Білімнің талай шыңын бағындырып, шыңға қарай өрлеймін деп арман құған баланың миына зақым келіп, ортамыздан ерте кете барды. Бұл қаза Әкімбековтар әүлетіне ауыр соққы болып тиді. Жанар С. Торайғыров атындағы университетете кафедра менгерушісі еді.

Мұқатай Голубовский союхозына басшылық жасаған үш директормен қызметтес болды. Құлдырау кезеңіне дейінгі Тоқтаның өркендеу кезіндегі келбетіне қосқан жемісті еңбегі үшан теңіз.

Тоқтанаң токырауының төртінші кезеңі

Голубовский созвхозын басқаруға қоян жылы қорқақтай келген Егел Сұлтанов «Қуа берсе, қоян да батыр болады» дегендей, орыс басшыларымен арыстанша айқасып жүріп, табаны күректей 17 жыл ел басқарды. Ит жылының ырысына елді кенелтіп, 1982 жылы құрметті демалысқа шығып, ақ таяғымен жинаған бар дүние-шаруаны Шабенов Қайыржан-Дәүлеттің қолына ұстасып кетті.

Ырысты ит жылында басшылыққа келген Шабенов Қайыржан табан аудармaston 10 жыл мәндай терін төгіп, еселі еңбек етті. Мешіннің жұтына тіреліп, өзі де жұтап қалған аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Жетпісов Халелдің мойнына құдайдың қарғысына ұшыраған мешінді мінгізіп, өзі депутаттыққа ойысты. Мешін даланы қуартып, суды суалтып, халықты жұтатып түр еді. Тығырықтан шығудың жолы тозып кеткен ТОЗ-дың шаруашылық басқару жүйесін жандандыру деп тауып, кек иық болғандардың орнына кек шыбықтарды жинады. Сейтіп алдағы бағыт-бағдарынан айырылып қалды. Онсыз да тұралап қалған шаруашылықтың қойнына енді «ру» деген партия орнығып, төсін еміп, қолтығына етene еніл алды. Бұл дұрыс дамуға кедергі жасай берді. Жылжып келген Жылан 2001 жылы Голубовский совхозын жүтті да, Тоқтаға әлжуаз жан бітті.

Өтпелі кезенде «Тоқта» атауынан жерінген кейбір жүртқа «Голубовский» маңыздырақ болып шыға келді. Өмірдің өзегі – еңбек. «Еңбек етсөң, ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген ғой Абай бір сөзінде. Еңбек ерді түлетеді, не ез қылып жүдеді. Қарын тоюы үшін ерінбегендер еңбек етті, еңбегі елен-бегендерді ез қылды. Қоғам арасында еңбексіз тойынған мәс-

тектер көп болды ғой. Кейбіреудің қарны тоқ болды, бірақ тоқ қарын артынан боққа айналып, ақыр-соңында еңбегінің жемісі жоқ болды. Түбінде келіп тоқырауға ұрынды да, Тоқтанаң садағасы Голубовский жоқ болды.

*Бірақ мен адам емен ізім тақыр,
Мейлі жүрт алтын десін, мейлі бақыр.
Жолында өзім ерген ұлы көштің*

Бірталаі мен қалдырыған мүлік жатыр, – дегендей,
Тоқтанаң әр азаматының тарихта өзіндік орны бар, менің де озіме ғана тиесілі ізім қалды.

Егер бәзбіреу «Тоқтанаң келешегі бар ма?» деп сұраса, мен ойланбастан «Әлбетте! Келешегі молынан бар!» – дер едім. Тоқтанаң топырағы майлы, ауасы жайлы десем, мұнымды ешбір адам өтірік деп айта алмасы анық. Жерінің құнарлы екенінің өзі бір бөлек әңгіме. Қызыл Сарай жерінің құнарлылығын облыстық мәслихаттың депутаттығына өтердегі халықпен кездесуінде Солтанов Темірхан былайша атап көрсеткен еди: «Сіздер бұл жерден егін шықпайды дейсіздер үнемі. Шынтуайтына келсек, бұл жердің сапасы өзге совхоздардың жер құнарлылығынан әлдеқайда артық. Екіншінің егіс алқабының сапалық көрсеткіші 44—45 бонитетке дейін».

Жөнін билетін, тылсымын табатын нағыз иесіне кездеспеген жер – жетім жер. Қөршілес жатқан «Абайдың» алпауыттының егіні бітік шығады. Тоқтанікі (Голубовканікі) шықпайды. Бұл қалай? Демек, жер төсінің бабын дұрыс таба білмегендіктен, кәсіби жолымен емес, бухгалтерлік есеп-қисаптың жолымен ғана егілген егіс таздың басы болмақ. Құдды менікі секілді. Мұндай есептің түпкі мақсаты – шығынды аз шығару, жанармай мен тұқымды үнемдеу. Жалпы, жерді өңдеуде де көп үнемділік жатыр. Демек, жер нағыз иесін таппай тұр.

Жердің иесі болуға кімдер лайық дегендер болса, мен Дүйсенбайдың Талапкерінің балалары дер едім. Өйткені олардың қолы ұзын, алақаны майлы, қарулары сайлы. Ата жеріне жақындап келеді. Мен оларды әкесі Талапкерді танығаннан бері сырттан бақылап жүремін. Бұл менің жақсыны жаңым сүйетін мінезімнен болса керек. Ауданымыз бойынша жерге иелік ете алатындаі талапкерлер баршылық. Бірақ, солардың барлығынан жер төсінің жай-күйін жақсы білетін, тиянақты әрі тегеурінді Талапкердің балалары мен Оразбай әүлетін артық көремін. Ата жеріне жақындап келеді демекші, Қарбұжыры олардың да елі, Ажым, Ажыбай бір Қармыстың балалары ғой.

Тоқта – менің де елім. Осы топырақта аяулы азам мен сәбіім, ақ батасын, алғысын алған аталарым мен әжелерім жатыр. Бұл – балаларымның ұшқан ұясы, кіндік қаны тамған қастерлі жер.

Біз әрдайым Тоқтаның өркендеуіне тілекtesпіз. Қолы ұзын, ақыл-парасаты мол, іске тағайынды әрі тиянақты бір адам табылып, Тоқтаны өркендетуге қол созса, баршамыз Алланың нұры жаусын дер едік, шіркін. Осы күні Тоқтаның шаңырағын шайқалтпай, малын бағып, шамалары келгенінше егінін салып, несібесін тауып, жергілікті халқына қызмет істеп отырған кешегі балаларға – бүгінгі ел ағаларына айналған азаматтарға алғысымыз шексіз. Олардың әрқайсысының өсіп-өркендеуін Тәнірден тілеп отырамыз. Ол азаматтар: Нұрмағанбетов Дүйсенбай Шакенұлы, Айтенов Еркін Болатханұлы.

Әкесінің жіберген қателігін түзейді деген зор үмітпен кешегі ауыл-үйде отырғанда жас жеткіншек болып көз алдымызды өскен Халел баласы Ерланға да ақ батамызды беріп, өркендей бер демекпіз.

1) Бүгінгі күні Еркін Болатханұлы 139 га егістік аумаққа, 500 га жайылымға, 35 сиыр, 30 жылқы, 70 қой малына иелік жасап, жұмысын өрістетіп отыр. Бұл қолда өскен бала ғой.

Мамандығы – зоотехник. Менің қол астында үшінші фермада бірнеше жыл еңбек етті. Жұбайы Қымбат екеуі шаруашылықтың шырайын көлтіріп отыр. Мүмкіндіктері мол, қажетті керек-жарақтары түгел, мал қоралары да, техникалары да шаруашылықты шыр айналдыруға әбден сай.

2) **Нұрмаганбетов Дүйсенбай Шакенұлының мамандығы – механизатор.** Әуелде шаруашылық жүргізу ісін ғасы ыбырай екеуі бірге бастаған. Қазір күні ыбырай – Ақсу қаласының тұргыны. Жұбайы Сәуле жергілікті әкімдікте жұмыс істейді.

Дүйсенбай – техниканың тілін жақсы білетін, ете іскер жігіт. Егер бригадасында бригадир болып еңбектенді. К-700 тракторынан бастап, комбайн, Беларусь, Дт-75 сияқты егістікке қажетті барлық техникалары сай. Кейбір техникалық бөлшектерді өз қолдарынан да жасағ алады. Жұбайы мұғалімдік жұмыста. Бұлар отбасында екі үл тәрбиелеп өсірді. Балаларының екеуі де жоғарғы білімді. Шаруашылықтарының дербес мекхетогы, қоймалары да бар. Бүгінгі күні 200 га алқапқа егін салып отыр. Одан білек мал шаруашылығын да өрістетуде.

3) **Жетпісов Ерлан Халелұлының мамандығы жоғары білімді ұстаз.** С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің түлегі. Апасы Шынар Халелқызы да аталмыш оқу орнын тәмамдаған. Қазіргі үақытта сол университетте қызмет етеді.

«Тау баласы тауға қарап өседі» демекші, оқу бітірген Ерланды өзге ешбір жұмыс қызықтырмай, өзінің өскен ауылы, білім алуға жолдама берген үясы Тоқтаға көңілі бұрыла берген соң, ата-анасы Халел мен Ғазиза оған қарсылық қылмай, ақ батасын берген. Ерланнан туған немерені құшақтап, баяғы шаңыраққа қайта оралып, Ерланның мал шаруашылығымен, егін шаруашылығымен дәндеп айналысұына көмек қолдарын созып, болашағынан мол үміт етіп отыр. Бәріміз де үміт етеміз, жарқын болашақ күтеміз.

Қазір үақытта Ерланның шаруашылығында 200 га егін алқабы, 150 бас қара мал, 100 ұсақ мал бар. Материалдық-техникалық базасы жеткілікті, аумағы кең баздары бар. Дербес қоймасы және астық тазалайтын арнайы тоқтары да жұмыс істеуде.

Тоқсаныншы жылдардың басынан жұртқа жанаширы, елге қамқор болып келе жатқан еңбекқор отбасының бірі – Қарі-баевтардың әүлеті.

Жалпы, өткен оқиғаның бәрі де үақыт тезімен сүзіліп, тарих қойнауына жол тартатыны белгілі. Көз алдымыздан өшседе, оның бәрі халықтың санасынан ешuaқытта көшпейді. Жадымызда жатталған, санамызда сақталған сол өткен тарихты саралап-сараптасақ, көп дүниеге таңырқап, мұңайып, өкінішпен қарайсың. Сол тоқсаныншы жылдардың дересінде жетпіс жыл салтанат құрып, мызғымастай болған алып КСРО ыдырап, сендей соғылысқан әр республика ақыры егемен ел атанды. Нарықтық экономика есік қағып келген осы тұста халық қатты абырап қалғаны бүтінгідей есімізде.

Нарықтың жен-жосығын түсінбеген, әліппесін игермеген жұрт нәпақа табудың жолын білмей, есекіреп қалды. Еңбек-акы үақытылы берілмей, мал басы азайып, күн көріс тіптен қыынадады. Елді ауыртпалық жайлап алды. Осы тұста кейбір отбасыларды аштық жайлап, күнделікті талғажау қылар түк таппай қалды десем, артық айтпаған болар едім. Қазақтың кейбір сүйріктей қызы-келіншектері өзгенің боғы мен сідігін төгіп, жалданып жұмыс істеп жүрді. Жауырды жаба тоқығандай, бұл шындықты жасырып-жабудың еш керегі жоқ. Сол қыын-қыстау шақта елде екі қолға бір күрек дейтіндей жұмыс табылмай қалғаны хақ һәм ащы ақиқат. Былай қарасан, бұрынғы совхоздарда қоймада бидай бар, бірақ оны ешкім ала алмайды. Өйткені атқарған еңбекі жоқ. Тұрақты, табысты жұмысының болмаса, нендей еңбек атқарасың. Қайырымдылық

шарасы деген, қысылғанға жәрдем беріп, қолғабыс жасау деген ол кезде болмады.

Осы кезеңде **Кәрібаевтар** әuletінің өкілдері жарқ етіп шықты. Сол үақытта өрімдей жас, жас болса да ірі істі қолға алып, ағалары Қуанышбек, Балтабек, Болатбектерге жетекшілік етіп, халыққа жәрдемге келген Асылбек деген бала еді. Бұл әулеттің балалары жұмыла жұмыс істеп, дербес наубайхана ашып, мүмкіндігінше жергілікті халықты нанмен және тағы да басқа құнделікті қажеттіліктермен қамтамасыз етті. Елдегі ағайынның кейбіріне жұмыс тауып берді. Шебі жоқты шөппен, отыны жоқты көмірмен қамтамасыз етіп, тасып беріп отырды. Бұл қүнде олардың да белі шойырылып, шаутартуға айналды.

Ислям ағаның қызы Альфияның жолдасы – көңлі жайлы, қолы майлы белгілі кәсіпкер. Әбылай ханға 90 бие сойып, той қылған, аты шулы Абыз-Шомақтаң тұқымы Талапкердің ұлы Амангелдіге Альфияны құдай айдан косуы – таңғаларлық. Альфия бала қүнінен көз алдымызды, өз қызымыздай болып өсті. Менің қызыым Қөгершінмен бірге оқыды, өте тату құрбылар болды. Бірақ екеуінің жолы екі басқа. Ислям аға кеңседе болсын, далада болсын, тіпті, үйде де қалтасынан плита шоколад үзілмейтін еді. Альфия бұзау тәрізді, тіпті сабақ арасындағы қоңырауда да әкесіне жүгіріп барып, омырауын иіскеп, шоколадын жеп кетеді. Жасындағы қызыққа құмар баланы Амангелдіге қосуы Алланың шын қалауы емес пе! Алланың жомарттығы, міне, осындар! Сондай жомарт жүрекпен өздерің туған елдің көтерілуіне де жомарт қолдарынды созып отырсаңдар, бәрекелді, иғі жақсы дейміз. Альфия мен Амангелді екі ер бала тәрбиелеп отыр.

Тоқта тоқырады. Бір тоқырауында халқы Панфиловқа қарап қалған екен. Бұл үшінші тоқырауы.

1934 жылды Тоқта басына ел жинап, Ахметтің Зәйнинің құрған колхозын он сегіз жылдан соң жанындағы Қылыш-

бекке – Корниловкаға қосады. Халқы тағы бытырап, бірі Қылышбекке, бірі Панфилов, Суворов совхоздарына көшеді де, Тоқта тағы қаңырап қалады.

Панфилов совхозы 1943 жылдың құрылған екен. Оған дейін ол да Корниловкаға қараған. П.Н. Роденко директор болып тұрған кезінде шаруашылығы жақсы өркендесе керек. Бұл басшы құрметті демалысқа Социалистік Еңбек Ері атағымен шығады. Араға бір жыл салып, чәни 1966 жылдың директор болып Қайыrbай Жұмабекұлы Тастанбеков тағайындалады. Ол Омбы жақтың жігіті болатын. Омбы облысы Ново-Варшавка ауданына қарасты Қараман деген ауылдан. Ертіс ауданы Голубовский совхозында Қимашке Тастанбеков бас агроном болып істеді. Ғабдолла Арғынов аудандық партия комитетінде, Мұстафа Жакин аудандық атқару комитетінде қызмет етіп, кейін F. Арғынов Павлодар облысының Мұнай базасының директоры, ал М. Жакин Шарбақты аудандық атқару комитетінің төрағасы болды. Омбы Қарынан бірге келген Бұрас Иманғалиұлы Момынов Ертіс аудандық ауруханасында бас дәрігер болып қызмет етті. Кейін ол да облыстық ауруханаға ауысты. Бұлардың жүп жаэбай тұрған кезінде бірі аға, бірі іні болып, біріне-бірі сүйеу, қамқор, қолдау болып жүретін. Қайыrbай 14 жыл Панфиловты басқарып, Ертіс аудандық атқару комитетіне ауысқанда шыбыққа сүрініп жығылып, жазасын жат жерде өтеуіне тұра келді. Тер төгіп істеген еңбек, жинаған тәжірибе, абырой мен атақ, марапаттар – бәрі-бәрі маңсұқ болып, бір боктың астында қала берді. Атам қазақ жақсы адамға ердің де құнын кешуші еді. Ол ер құнынан ада еді. Ол кезде әр директордың қолынан келе бермейтін шаруаларды атқарды. Халық иғлігіне үш қабатты мектеп, аурухана, балабақша салдырып еді. Бүгінгі күні оның көзіндегі аман тұрғаны – мектеп пен мәдениет үйі. Атағы әйгілі болған ауруханада хирург-

гиялық, терапевтік бөлімдер, амбулатория, балалар бөлімі, акушерлік бөлім, рентген кабинеті, зертхана жұмыс істеді. Жеке асханасы, 30-ға жуық жатын орындар болды. Олардың бәрін орталықтандырылған жылу жүйесімен қамтамасыз етті. Бас дәрігер Н.И. Молчанов бастаған С. Молчанова, Төлеген Мұсабаев, Қатима Сұлтанова, Құлбарышын Сұлтанова, сондай-ақ тағы З дәрігер-маман жемісті жұмыс жүргізді. Облыс бойынша ауылдағы алдыңғы қатарлы аурухана атанып, жоғары деңгейде қызмет көрсетті. Сырқатқа шалдырып, дертіне дауа таппай қиналған адамдар өзге аудан, ауылдардан да осында – Панфилов ауруханасына ағылып келетін. Аурушаң болған адам бәрін де көзбен көріп, күә болады еken. Аурухана жылдар бойы құрмет тақтасынан түскен жоқ. Н.И. Молчанов облыстық ауруханаға бас дәрігерлікке ауыстырылғанда ол өзімен бірге сенімді мамандарын да ала кетті. Қазіргі күні олардан тараған үрпақтардың өздері де білікті дәрігерлер.

Голубовский совхозына Қайыржан Шабенов салдырған шағын ауруханадан ауысып келді. Айтпақшы, F. Сұлтанов атындағы облыстық ауруханада Тоқта ауылдың ағайынды екі жігіті қызмет етеді. Олар – Руслан Хафизов және Баймурзинов. Тоқтандың шашылған тарысының бір түйірі мұнда да келіп жетті. Қайран Тоқтам-ай! Панфилов ауруханасының ғұмыры өртеніп барып үзілді. Қайырбай Тастанбековтен кейін директор болып ҚазССР-не еңбек сіңірген агроном Елемес Бұлтықұлы Хасенов келді. Ол 8 жыл басшылық жасаған кезде шаруашылық өркен демесе, кері кеткен жоқ. Мал басы өсті, егістік алқаптарындағы көрсеткіштер жақсы болды. Бірақ «Барды да басып отыруға арт керек» дегендей, Панфилов халқы есіре бастады. Елемес тым қатал деген сездер сыпсындарап көбейе берген соң, ол өз еркімен басқа жұмысқа, яғни аудандық жалжымайтын мүлік жөніндегі органға басшы

болып ауысып тынды. «Құырдақтың көкесін түйе сойғанда» дейді ғой, Алладан мүйіз сұрап жүрген елге тұқыл мүйіз беріп, В.А. Миллер келді басшы болып. Ол келісімен, қазақтардың малды үрлайтынын желеу етіп (ол кезде қой басында ағайындар жұмыс істейтін), қойды сатып құртып, бөлімшени жауып тастады. Қылышбек аталатын бөлімшениң де малын сыпрып алып, жергілікті халықты жұмыссыз қалдырды. Бір кезде колхоздың орталығы болып, сегізжылдық мектебі, элеваторы жұмыс істейтін ауыл еді. Малын алған халықтың жаңы бірге шығады ғой. Тұрғындар үйлерін тастап, бұзылатынын бұзып, жергілікті жұрт жұмыс ізден үдерे көше бастады. Сол кезде барып есін жинаған аудан басшылары бұл мәселеге көніл аудара бастады. Оның өзінде де «Қазақ тілі» қоғамының арасынан соң. «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Мұбарак Жаманбалинов ағамыздың жиналыстардағы өткір сындарынан кейін ол молаға қарай жүгірген баладай сүрініп барып ұшып түсті. Қазақта тиісіп несі бар еді?

Бір жылдан кейін оның орнына Голубовский совхозының бұрынғы оза шапқан тарлан боз директоры Қайыржан-Дәүлет Шабиденұлы Шабенов келді. Спортпен шұғылданған жаттықтырушы секілді жұмыс жағдайында әбден шындалған Қайыржан аз жылда шаруашылықты дәүірлеген қалпына келтірмесе де, орта дәрежеге жеткізді. Халықпен тығыз байланыста жұмыс істеді. Елді бытыратпай, уыздай үйитып ұстады. Өрт шалған аурұхананы қалпына келтіре алмағанымен, Мәдениет үйінің тәмемлі қабатын Молчановтың орнына келген дәрігер В.А. Сырцовқа түгелдей босатып берді. В.А. Сырцов та өте білімді, қазағуар, кішіпейіл адам болды. Күндіз жатып емделетін 6—7 орын жасақтады. Осында бір акушер, бір фельдшер маманды ұстады. Емдеу орнының дербес дәріханасы да жұмыс істеді. Аруханаға тиесілі жедел жәрдем көлігімен ауыл-

дың қарттарын, мүмкіндігі шектеулі тұрғындарын аралап, әрқайсысының үйіне өзі арналып, ем-дом жасады.

Откен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап біз отбасымызben осы ауруханада емделіп жүрдік. Қазіргі күні қалаға жақын тұрсам да, бұрынғы ауруханаға барып, ем-дом қабылданап тұрамын. Панфилов Голубовканың – Тоқтаның үлкен үйінде ауыл халқы мәпелдейтін. Осы мәпелден мен келгеннен кейін Тоқтаның байырғы тұрғындары Қалам Қайыржанов сегіз жыл бөлімше билеп, жетпісінші жылдардың басындаған оралды. Шахановтар әuletі, ағайынды Соғымбаевтар, Шахматалиновтар әuletі, Белгубаевтар және тағы басқалары. Қалам Қайыржановтың сарбаздары бәрі бір жылдары қатар келді. Панфиловтың ыстығына күйіп, суығына тоқып, елдің берекесін кетірмей, табаны құректей он жыл қызмет істеп, құрметті демалысына шығарып салған ауылдың бүгінгі күнгі тыныс-тіршілігі қандай?

Қазір жаңадан емхана ашылды. Атақты дәрігер Сырцовтан тәрбие алған, Павлодар қаласында жедел жәрдемде жұмыс атқарған, мамандығы фельдшер Айбек Белгишев есімді жігіт қызмет істейді. Оның парасаттылығы мен жоғары білімі намысқа тисе де айттайын, өзін жоғарғы білімдімін деген талай дәрігерден асып түседі.

Қосағаш, Тоқта, Ұзынсу және Панфилов ауылдарының округ орталығы Панфиловта орын тепкен. Төрағасы – Ислам Кәрібаевтің кіші ұлы Асылбек Кәрібаев.

Округ төрағаларының қызметіндегі басты бағыт – өзіне бағынышты мекемелердің қалыпты жұмысына қамқорлық, қолдау жасау. Мектептің, мектеп жанындағы бала-бақшаның жұмысын үйлестіру, балаларға спорт алаңдарын ашу – ауыл төрағасының құзырындағы жұмыстар. Панфилов мектебі – ертеден жақсы нәтижесімен ауызға ілініп жүрген оқу ордасы.

Директоры Абдраев Дархан – инабатты, үлкенмен де, кішімен де ортақ тіл табыса білетін, елге сыйлы азамат. Білім ордасының ұжымы да бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара еңбек етеді. Бұл мектептің өзге мектептерге қарағанда артықшылықтары да аз емес. Мысалы, мұнда ұстаздар мен оқушылардың көркеменерпаздар ансамблі, хор ұжымы бар. Өнердің қадір-қасиетін жоғары қойып, соның шыңына жетуге талпынады. Жеткіншектерді спортқа баулу мақсатында шахмат, асық ойыны, тоғыз құмалақ ойыны, күрес үйірмелері жолға қойылған. Оқушылар арасында ғана емес, сондай-ақ ұстаздар арасында да түрлі спорт сайыстары жиі ұйымдастырылады. Бір сөзben айтқанда, ұжым өте ұйымшыл, бірлікшіл әрі биік мақсаттарды көздей отырып жұмыс жүргізеді.

Бұл мектепте жалпы саны 100-ге жуық бала оқиды. Ди-ректор Абдраев Дарханның мамандығы – математик. Жұбайы Айғаным да ұстаз. Оның да мамандығы математика саласы. Олар отбасында екі үл, екі қызы тәрбиелеп отыр.

Мәдениет үйіне жетекшілік ететін Досанов та – Голубов-ка – Тоқта елінің азаматы, Ақсудағы мәдени-ағарту училищесін бітірген бесасспап жігіт. Мәдениет ошағында да өнердің әр саласы бойынша үйірмелер жұмыс істейді. Олардың әрқайсында арнайы білімі бар мамандар еңбек етеді. Мәдениет үйінде үнемі түрлі шаралар өткізіледі. Би тобы, орысша, қазақша хор ұжымдары бар. Көптеген музыка аспаптарының тілін меңгеріп, ойнай алатын Досановтың қолғабысы мектепке де ти-тетін сынды. Өйткені, оның аспапта ойнау қабілеті мектептегі іс-шараларға аудай қажет.

Жол түсіп Панфилов ауылына барған сайын ауасымен тыныстап, емін-еркін қызырыстап, елді аралап, болмысына бас ұрып, келбетіне сүйсінемін, ауылдың томаға-түйік бол көрінетін тірлігіне, халықтың бірлігіне қызығамын, тіпті қы-

зғанамын да. Шіркін-ай, барлық мәдениет үйі осылай жұмыс істесе ғой, жастар да беталды жүріп, көше кезіп кеппес еді-ау деймін мен. Панфиловтағы аурухананың қызметінен әлі қолымды үзген жоқпын. Дәрігер Айбектің жұмсақ мінезінен жан жадырап, жұмсақ алақанынан ем-домымды алып тұрамын. Айбекім, жүз жаса, бас дәрігердің барлығы сендей болса еken деймін үнемі. Тұгастай Панфилов ауылдық округінің бүгінгі тірлігі, оның басшысы Асылбек Исламұлы Кәрібаев пен округ әкімдігі мамандарының жұмысы ауыз толтырып, мақтауға тұратында жақсы деңгейде. Бұл совхоздың соңғы директоры – Шабенов Қайыржан-Дәulet шаруашылықты жүдеусіз күйде тапсырған болатын.



Тоқта тұралы түркесіфім

Тоқтаның аты жойылып кетуге таяу. Бірақ оның тарихы жойылмауы тиіс. Керісінше, ізденумен жаңарып-жасарып, ізденумен мағынасы айшықтала бермекші. Өйткені Тоқта атауының түп тамыры теренде жатқан сынды. «Жеңіл тулақ желге ұшар» дегендей, Мұрат баба ит арқасы қияннан келіп, құнделікті қолданылып жүрген, жеңіл-желпі айтылар сөзді тарихи атауға айналдырып, кейінгі ұрпағына мұра қалдырып кетпеуі мүмкін емес-ті. Хатқа түсірілмеген тарих – жетім тарих. Қембе астында жатқан қазынадай ескерусіз қала береді. Ба-ра-бара мұлде ұмытылады. Тарих барлық халыққа ортақ қазына ғой, сондықтан да оған әркім өз үлесін қосуға міндепті. Бұл жаэба естіге ескерілер, ескерілмесе орын көп қала берер деп зердемдегі билетіндерімді қағазға түсірдім.

Қанжығалы атамыздың Қармысынан Әжіғүл, Әжібай, Әжім. Әжібайдың Мәметқазы аталығынан үш жүзге аты шыққан, байлышымен және жомарттығымен әйгілі байлар – Абыз бен Шомақ. Әжіғулдан үш жүзді әнімен тамсандырған Естай Беркімбайұлы шықты.

Әжімнен Әз Тәуке заманында әскер басы болған Қара-бұжыр есімі тарихтан орын алған. Тарихта:

Әрі ақын, әрі батыр Қарабұжыр,

Айтатын өрлеп барып аспанға сыр, – деген жолдар кездеседі. Аспанға қарап, Аллаға мінәжатін айтса, ашылмаған бір сырдың болуы анық. Ол сыр Аллаға ғана мәлім. Әз Тәуке заманынан Ташкент, Түркістан, Қаратай өңірін жайлап, Арғын атасың балалары мекен етті деген мәлімет тарихта көптеп кездеседі. Осыған орай 420 км-ге созылып жатқан Қаратай бойында Тоқта тауының бар екені анық. «Әй, тоқта! Тоқтай тұр» деген сөзді меніреу тас ұға ма? Тоқта тау атының тоқта-

ның басқа баламасы бар екенін өзі дәлелдеп тұр. Жаугершілік заманында басқа пана, жеміс-жидегі ашыққанға нәр берген Тоқ-тау аталуы да мүмкін. Қарататуды кімдер мекен етпеген? Мүмкін тіл құрамы өзгерген ежелден келе жатқан атау ма? Тіл ғылымының мамандарына талдауға, сараптауға берген жөн секілді.

Телғожа Жанұзақ деген азамат 2010 жылды тарихи жер-су атауларының түп төркіні деген еңбек жазған екен. Бұл жинақта «Т» әрпінен басталатын ешбір атау жоқ.

Қ.Т. Сапаров «Павлодар облысының әкімшілік-аумақтық бірліктері мен физикалық-географиялық атауларының көрсеткіш анықтамалығы» деген еңбегінде «1. Тоқты – ауыл, Ертіс ауданы (көл атынан қойылған атау); 2. Тоқты – көл. Жарқайың көлінен солтустік шығысқа қарай Ертіс ауданы (кіші көл)» дег көрсетілті.

«Құырдақтың көкесін түйе соғанда көресің» демекші, тапайдың тал түсінде Мұраттың да, Тоқтаның да ініне су құйдық, жоғалттық. Кейінгі үрпақ бірер он жылда Тоқта деген ел болған жоқ деуі де мүмкін. Мениң айтпағым – жер иесін халықтық тарихқа енгізіп, атын мәңгілік ету керек. Ауызben айтылған тарих болмайды. Болмағанда Абызбай Адамовтың бастамасындағы Мұраттың өмірбаянын тасқа қашап жазып, жылқы санын көрсету міндег емес. Мал ақымаққа да біте береді. Қорқыт Атаның: «Баба малынан не пайда баста дәүлет болмаса» дегені осындайда ойға оралады.

Ел қорғаны Абылайға тигізген шарапатының өзі ешбір ба-тыр-бидің дәрежесінен кем емес. Осыған-ақ ескерткіш орнату керек. Ескерткіш тас қай дәүірде болмасын – мәңгілікке жазылған хат. Ол өшпейді. Мұрат атамыздың қазіргі күнгі көзі тірі үрпақтарына айтарым осы.

Сөз басында Мұрат атамыздың бұл атырапқа қай жылда-ры, қай тараптан келгенінен мәлімет аз, тіпті, жоқтың-қасы

деп жазған едім. Өз сөзіме өзім жауап беріп, біраz шолу жасамақпын.

Қожаберген жырау бабамыз «Елім-ай» дастанында:

Арғында Бес Мейрамның мекені еді,

Қорғалжың, Нура, Баян, Қарқаралы.

Сұытұшы, шебі шүйгін малға жайлыш,

Құйқалы ғажап жерлер арқадағы, – дейді.

«1730—1740 жылдары Бес Мейрамды Баян тауға бастап келіп қондырған Қаржас Құшік баласы Сәти мырза мен Айдал бол Толыбай баласы Олжабай батыр», – деп жазады Мәшінүр Жұсіп атамызы.

Ежелден мекендереген Шыңғыс тауды,

Тобықты Құрлеуіт пен Қанжығалы.

Жүргізбей, бөгөу үшін ата жауды,

Соғысып жер-су үшін соғыс салды, – дейді Қожаберген жырау тағы.

Осы кезде «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» басталады да, рулар Мұғалжар тауына дейін шұбыра қашып барып тоқтайды. Қазақ батырлары 1726 жылы Бұлантты өзенінің бойында, 1729 жылы Балқаш бойында соғыс салып, «Аңырақайда» қатты жеңілген қалмақ кері шегінеді. Қазақ жерінде, елінде аз үақыт тыныштық орнайды. Ел біртіндеп өздерінің атамекеніне қайта қоныстана бастайды. Атақ үшін алысып, жер үшін шабысып ескен халықпаз той. Әр батыр, бай, би өз руластарына жайлыш қоныс таңдап, өзара қырғи-қабақ болып жатқанынан хабардар болған жоңғарлар қапелімде қайта тап беріп, оңтүстікті басып алады. Кейін орталық Қазақстанды көктей өтіп, Ереймен тауына дейін келеді. Қабанбай, Бөгенбай, Баян, Малайсары батырлар Ереймен тұсынан түре қуып, Аалатаудан асыра Ақшәүілгіге тұқырта жүргенде, «Абылай ханды жанындағы Өтеген батыр мен 200 жасағын тұтқындағы» деген мәлімет тарайды. Тағы бір деректе бірнеше баты-

ры мен 3000 тұрғынын тұтқындап, айдап әкетті» деп жазады. Өйткені қалмақтың келесі тобы 30000 әскермен қазақ елінің солтүстік шығысынан Ертістің мұзы қатқан соң десе, кейбірі мұз жібімей тұрып шабуыл жасады, Керей, Уақ, Атығай, Қаралы, Қанжығалы елдерін басып алғып, малын айдауға, жанын қамауға салып, қазақ жерінің құйқалы түсын ойрандады дейді жазушылар. Осыған қарағанда Шідерті өзені бойынан Абылай ханды 1740 жылы тұтқындап әкетсе, өзге батырлар қалмақты қуып, оңтүстікте жүрсө, солтүстік аймақты қорғаушылар кімдер болмақ? Әрине ақын-жыраулар арқылы тарих сахнасына шыға алмай, есімдері ел аузында сақталып қалған осы руладың өз батырлары. Осы соғысқа атағы шыққан батырлар мен хан-султандар қатынаспаған сынды. Фәлен мындаған жылқы өргізіп, шапқында жүрген қалмақтың көзіне Мұрат бай түсे қоюы екі талай. Ендеше бұл жылдары Ертіс бойында Мұрат атаның болмауы анық. Абылайдың тұтқыннан босауы туралы әркім әр түрлі мәлімет жазады. Сол себепті бұл арада оның маңызы керек емес. Абылай тұтқыннан жалғыз өзі ғана босаңып шықса, оны халықтың қорғаны деп айтуда бола ма? Тек жеке басын қорғаған біреу болып шықпай ма? Тұтқындардың бірге босатып ала шықса, жұдеп шыққан оларды тамақтандыруды Мұрат атадан сұрауы мүмкін. Жонғарлардың ордасы Алтайда екені белгілі. Жаудың бетінен, желдің өтінен сақтанып жүрген Мұрат атамыз осы кезде Балқашты паналады деп пайымдауға болатындей.

1753 жылы Абылай хан Қызылжар бойына еніп кеткен жонғарларды Ертістен асырып құды деген мәлімет бар. 1755 жылы Құлан Қыпшақ Қошқарбай батыр жонғарларды Құлынды даласы арқылы Обықа қарай қуғанын А.Байтұрсынов та, Щербин де жазады. Қосайдар Қыпшақ Тілеуберді батырдың сүйегі Құлынды даласында қалды дейді. Ерейменнің оң беті, Ертіс өзенінің сол беті жаудан тазарады. 1753 жылы күзге та-

ман Абылай хан Алтайдағы Керейлерге барады. 1759 жылы Алтайдағы жоңғарлар мен қытайларды сабасына түсіріп, 1760 жылы үш жүздің женіс тойы тойланады. Той қай жерде өткенінен мәлімет жоқ. Хан ордасына жақын маңда өтуі мүмкін. Орта жүздің хан ордасы көкшетауда орын тепкен. Қожаберген жыраудың қартайып қалған кезі еken. Қартайса да соңына мынадай өсиет қалдырған. Жеңілген жоңғарлар хан ордасына келіп, мына кісілердің алдында қазаққа енді соқтықпауға аnt берді дейді.

*Ант берді қазақ ханы Абылайға,
Жалынып Бөгөнбай мен Қабанбайға.
Үәдесін жауыз қалмақ тағы берді,
Қолбасы Балта Керей Тұрсынбайға, – дей келіп:
Басқаның жерін алған күшпен зорлап,
Қалмақтар жеңіліс тапты әбден сорлап.
Оралды қазақ қайта мекеніне,
Алла, аруақ Үш жүэ үлын ақыр қолдап, – деп жырлайды
Қожаберген жырау.*

Мұрат бай Ереймен бетінен және 1760 жылдары той тойланғаннан кейін ғана Тоқта аумағына келіп, орын тепті деп айта аламыз. Бұл – тарихи болжам. Егерде тарихтың өзі болжамнан тұрады десек, оқушым сарапқа өзің саларсың. Хатқа жазылып, көзben көргеннен туындаған емес. Бабалардың жүрген ізіне барлау жасау ғана. Болжам оқиғаның шындығына бір табан жақын болса құба-құп, ал тисе тереккө, тимесе бұтаққа дегендей, мақтан үшін айтылған ауыз екі тарих – күлді көмеш.

Жер тарихы - ел тарихы

Алдында Мұбарат Жаманбалинов ағамызды өкпелетіп алдым деп едім. Ағамыз неге өкпеледі? Қалай өкпелеттім? Гиді сол әңгімені тиянақтасам. 2004 жылдың маусым айында «Сізді әкімдікке шақырады» деп кісі келді. Келсем, жазушы ағамыз Мұбарат Жаманбалинов, Павлодар облыстық Потанин атындағы тарихи-өлкетану музейінің директоры Гүлнар Баркенқызы Нұрахметова, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры, шежіреші ғалым Тілеуken Еңсебаев, еліміздің қадірлі ақсақалы Алданазаров Қабдолла, Тоқта ауыл атындағы мектептің директоры Абжат Шахматалинов бар екен. Абжат аяғынан тік тұрып, екі қолды көзек сілтеп, Мұрат атандың жылқысы мен Абылай ханның нағылсының сынығын, Абылайдың қонағасын, оған тарту етілген жылқыны санап тұр екен. Бұл туралы үақытында Жаманбалинов та, Еңсебаев та жазған болатын. Тілеуken мырза Зәйни марқұмның 9000 жылқысын екі еселеп, 18000 мың деп көрсетіп, жазды. Абжатқа басқа не керек екенін білмедім. Гүлнар Баркенқызының ғылыми экспедициясы біздің Голубовский совхозына биыл үшінші жыл келіп отыр. Бұл жолы экспедиция Амантай Мусиннің қожалығындағы құдық пен Голубовский совхозының белімшесі Қызыл Сарай қай жылдары салынған зерттей келіпті.

Бұланбай ауыл атындағы құдық туралы Амантай айтқан болар. Бұл аймақты одан жақсы білетін ешкім жоқ. Қызыл Сарай туралы Қожаназардың Қабдолласы ақсақал: «Ағылшындар сарайды тұрғызғанда Ертіс өзені арқылы құрылыс материалдарын өгіз арбамен тасыстым» дейді. Қабдолла 1912 жылы тышқан жылы туған екен. «Ол кезде мен 12 жаста едім» дейді. Онда сарай 1924 жылы салынған болады.

ман Абылай хан Алтайдағы Керейлерге барады. 1759 жылы Алтайдағы жоңғарлар мен қытайларды сабасына түсіріп, 1760 жылы үш жүздің женіс тойы тойланады. Той қай жерде өткенінен мәлімет жоқ. Хан ордасына жақын маңда өтуі мүмкін. Орта жүздің хан ордасы көкшетауда орын тепкен. Қожаберген жыраудың қартайып қалған кезі еken. Қартайса да сонына мынадай өсиет қалдырған. Жеңілген жоңғарлар хан ордасына келіп, мына кісілердің алдында қазаққа енді соқтықпауға аnt берді дейді.

*Ант берді қазақ ханы Абылайға,
Жалынып Бөгөнбай мен Қабанбайға.
Үәдесін жауыз қалмақ тағы берді,
Қолбасы Балта Керей Тұрсынбайға, – дей келіп:
Басқаның жерін алған күшпен зорлап,
Қалмақтар жеңіліс тапты әбден сорлап.
Оралды қазақ қайта мекеніне,
Алла, аруақ Үш жүз ұлын ақыр қолдап, – деп жырлайды
Қожаберген жырау.*

Мұрат бай Ереймен бетінен және 1760 жылдары той тойланғаннан кейін ғана Тоқта аумағына келіп, орын тепті деп айта аламыз. Бұл – тарихи болжам. Егерде тарихтың өзі болжамнан тұрады десек, оқушым сарапқа өзің саларсың. Хатқа жазылып, көзбен көргеннен туындаған емес. Бабалардың жүрген ізіне барлау жасау ғана. Болжам оқиғаның шындығына бір табан жақын болса құба-құп, ал тисе терекке, тимесе бұтаққа дегендей, мақтан үшін айтылған ауыз екі тарих – күлді көмеш.

Жер тарихы - ел тарихы

Алдында Мұбарат Жаманбалинов ағамызды өкпелетіп алдым деп едім. Ағамыз неге өкпеледі? Қалай өкпелеттім? Енді сол әңгімені тиянақтасам. 2004 жылдың маусым айында «Сізді әкімдікке шақырады» деп кісі келді. Келсем, жазушы ағамыз Мұбарат Жаманбалинов, Павлодар облыстық Потанин атындағы тарихи-өлкетану музейінің директоры Гүлнар Баркенқызы Нұрахметова, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры, шежіреші ғалым Тілеуken Еңсебаев, еліміздің қадірлі ақсақалы Алданазаров Қабдолла, Тоқта ауылдындағы мектептің директоры Абжат Шахматалинов бар екен. Абжат аяғынан тік тұрып, екі қолды кезек сілтеп, Мұрат атандың жылқысы мен Абылай ханның наизасының сынығын, Абылайдың қонағасын, оған тарту етілген жылқыны санап тұр екен. Бұл туралы уақытында Жаманбалинов та, Еңсебаев та жазған болатын. Тілеуken мырза Зәйни марқұмның 9000 жылқысын екі еселеп, 18000 мың деп көрсетіп, жазды. Абжатқа басқа не керек екенін білмедім. Гүлнар Баркенқызының ғылыми экспедициясы біздің Голубовский совхозына биыл үшінші жыл келіп отыр. Бұл жолы экспедиция Амантай Мүсиннің қожалығындағы құдық пен Голубовский совхозының бөлімшесі Қызыл Сарай қай жылдары салынған зерттей келіпті.

Бұланбай ауылдындағы құдық туралы Амантай айтқан болар. Бұл аймақты одан жақсы білетін ешкім жоқ. Қызыл Сарай туралы Қожаназардың Қабдолласы ақсақал: «Ағылшындар сарайды тұрғызғанда Ертіс өзені арқылы құрылыш материалдарын өгіз арбамен тасыстым» дейді. Қабдолла 1912 жылы тышкан жылы туған екен. «Ол кездे мен 12 жаста едім» дейді. Онда сарай 1924 жылы салынған болады.

Экспедиция мүшелеріне мен «Қызыл сарай жайында көнекөз ақсақалдардан немесе ел аузынан еш әңгіме естімегім» дедім, тек ескерілетін жайды естеріне салдым. Бұл өнірде еш өндіріс орны жоқ. Ағылшындар еш мақсатсыз мидай дағаға құрылышы салуы да мүмкін емес. Олар Сілеті өзені бойынан Ертіс өзеніне кіре тартуы мүмкін. Өйткені Семей, Ақмола облыстырының жерлерінен 1909 жылы мемлекеттік қажеттілікке Патшалық Ресейдің жер алу туралы заңы болған екен. Осыған сәйкес, Ақмола облысына қарасты Бестөбеден ағылшындар алтын кенішін (шахта) ашты деді. Менің ойымша, бұл жердегі ірілі-ұсақты құрылыштар шамамен 1910 жылы басталған. Бұланбай ауылындағы құдық пен Тоқта ауылынан жеті шақырым, Қызыл Сарайдан үш шақырым – бір сызық бойындағы құдықтар керуен жолы екенін айғақтап тұр. Сарайдың ішкі құрылышы да көп ой тастайды. Еденінен бастап жоғарыға дейін бірнеше полка орналастырылған, зат қоймасына ыңғайлаңып тұрғызылған. Бертін келе астық қоймасына айналдырғанда, астыңғы жағы алынып тасталған. Едені қос қабат көлікті үрілардан жасырып, ішіне қойғанда, сарығы астына кету үшін жасалған.

Ақ пен қызыл бірі қашып, бірі қыуып жүрген дүрбелең кезеңің 1919 жылы Ертіс ауданы территориясынан Қызылдар ақ гвардияшыларды қыуып шыққан деген дерек бар. Қызыл сарай сол оқиғаға дейін, шамамен 1916—1917 жылдары салынуы мүмкін. Ағылшындар да бұл жылдары табандарын жалтыратқан болар. «Іздеген – табады, еккен – орады» дегендей, біздікі еш құжатсыз ауыз екі дәлел, жорамал ғана ғой. Жалпы, нақтылық дерек табылуы хақ.

Құдық пен сарайдың тағдыры туралы біраз сөз келтірейін. Су – өмірдің өзегі. Суыз тіршілік жоқ. Ағылшындар Қызыл Сарайды тұрғызбастан бұрын, алдымен, су мәселесін шеш-

кені дау тудырмаса керек. Құдықтан тереңдігі отыз метрден астам. Қабырғасын баспалдақты қылып, тубіне дейін таспен оріп, шегендеген. Суды шыңыраудан қолмен тасып шығарған сыйнды. Бұл маңайдағы өзге совхоздарда мұндай тұщы су мүлде жоқ. Суворов, Панфилов, Абай совхоздары егіс науқаны кезінде өз бригадаларына суды осы жерден алып тұрды. Жалпы, су мәселесі – Голубовка совхозының да бас ауруы, қындық-қасіреті. Ұақап Бекұлы ағамыз құдықтың өлігін жылда тазалатып, насос қойдырып, тәртіппен алатында жағдай тұдырып, жай-жапсарын тікелей өзі қадағалайтын. Өйткені құдық Ертіс-Сілеті күре жолының үстінде. Әрлі-берлі жүйткіген көліктер құдық басына тоқтамай өтпейтін. Әсіресе, орақ науқаны кезінде құдық маңы көлікке де, адамға да толы болатын. Қызыл сарайдың ел болып қалыптасуына дәл осы құдық үйтқы болды десек артық емес. Құдық – жүрттың ел ретінде топтасуының қайнар көзі. Ертістен су құбыры тартылған кезде «жазатайым мал түсіп кетеді» дегенді желеу етіп, бөлімше менгерушісі құдықтың ішіне көң-коқыс төгіп, аузын жаптарып тастаған «Судың қадірін білмеген шөлден өледі». Беловодтан тартылған судың тамыры кеүіп, түбі құрғай бастағанда Қызыл Сарай халқы жан-жаққа босып кетті.

Сарай тоқсанға келіп, таяқ таянып тұрған Қабдолла ақсақалша бір жағына қисайып тұрды да, артынша экспедицияны бастап келген Гүлнәр қарындастымыздың Керекуге кері кетуін күтіп тұрғандай қызылсарайлықтар бұл құрылышты өз колдарымен бұзып алды. Қызыл Сарайдың қаусап қалған келбетін көріп, Гүлнәр қарындастымыз жанындағы фотографқа түсіртіп алған болар. Тоқсаныншы жылдар басында құдық бар болатын.

Қызыл Сарай туралы құнды мәлімет ала алмаған экспедиция енді Амантай Мусиннің қожалығына аяқ артуға тым асығу-

лы еді. Экспедиция 2002 жылы аүыл-ел арасынан тарихи, құнды жәдігерлер іздестіріп, жинастырып келген кеңде менің бар бергенім – әкемнің қолымен жасалған, менің құнсыз-дығымнан жартылай жарылған ағаш астау мен ағаш ожай, сондай-ақ ағашқа қобыз жүргізетін сүргі. Сүргі ағаштың көлеміне қарай бұрандамен тартылып, кеңейтіліп отырады.

Қашанда бір омыртқаны қонағына сақтаған халықпаз ғой. «Адам үйден қырық қадам шыққан соң мұсәпір», «Қырықтың бірі – Қыдыр» деген де аталы сөздер жиі айттылады. «Қыдырдай қонағымыз болыңыздар!» деп үйге шақырдым. Меймандар қазан көтеріп, ас дайындауға қарамайтын болған соң, қымыз ішілді. «Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл» деп Лұқпан Хәкім айтқандай, қонақтарымды бұрыннан, кейбірін сырттай білсем де, қазақылық жолмен дұрыс таныспаған еkenбіз. Тілеуken мырзаның тубі – қожа. Аз сөйлеп, аса үндей қоймай, есесіне өзгені көп тыңдайтын, ауызынан уызы шығып тұрған ақылды адам еken. Сақал-шашы бүйраланып, ойлы жаңарын төмен үстап, біздің әр сөзімізге мұқият зер сала тыңдал, ой елегінен өткізіп отырады. Ешбір әңгімемізге араласпауына қарағанда, ақыл ойының да бүйра-бүйралығына дау жоқ. Оқу жылы тәмамдалып, жазғы демалыс үақыты келісімен Г. Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы құрамында Қазақстанның, шекаралас республикалардың қала-даласын аралап, тарихи мағлұматтар, дөректер мен жәдігерлер жинап, ел құрметіне бөленіп жүрген Тілеуken ғалымды сөзге тарттым «Құмнан балық аулағандай». Қазақтың қазақ болып қалыптасқаннан кейінгі тарихы талай белестерді бастан өткерді. Ұлттың тарихы – елдіктің болашағы. Тарих дегеніміз елдің аузында, халықтың санасында салырылысып жатыр. Бабадан аманат болып қалған көне тарихты тану, игеру, меңгеру, зерттеу – үрпаратарға жүктелгенabyroylыш

міндеп. Ұлттымыздың жүріп өткен жолына зер салып, назар аударған әр үрпақ елдігіміз қалыптасқанға дейін небір жағымды да жағымсыз жәйттердің орын алғанын аңдайды. Аңдап қана қоймай, тереңіне бойлайды. Әйткені оларда қазақтың тол шежіресі, даланың келбеті, көк аспанның құдіреті, ұлттың киесі жатыр. Міне, осы аманатты орындау жолында Тілеуken ғалымдай адамдар еңбек атқарып жүр. Тарихты зерттеу, Ідену, жазу – айтуға ғана оңай. Әйтпесе, мұндай бағыттағы жұмыста қырық атанға жүк боларлықтай өзіндік ауыртпалықтар мен қыындықтар мол. Соның барлығына қайыспай келе жатқан қазағымның ғалымдарына, тарихшылары мен шежірешілеріне Алла қуат берсін дейміз әрдайым.

Тілеуken Еңсебаев бұған дейін Қанжығалы атандың шежіресін жазып жарыққа шығарғанын білемін. Ол шежірені қолға алып, оқып та шықтым. «Сіз Қанжығалы шежіресін жинағанда Бозымнан тараған үлкен Абыз Тілеудің, кіші Абыз Жаңа бердінің үрпақтарын таратыпсыз, яғни Майлышдан – Ойым, Саптыдан – Барақ пен Шабақ. Барақтан жеті ру Қанжығалыны: Қоскелді, Қылышар, Лабашы, Пұшқантай, Есіргеп, Нияз, Жолымбет аталарын таратыпсыз», – дедім сөз арасында.

Ол кісі менің айтқан сөзімнің бәрін үнде mesten тыңдағ отырды да, былай деді: «Нұралының Олжабайы олар өзбекке сіңісіп кетті» депті. Сондықтан оған қатты көңіл қойып ізде-медім. Ол аталар Ерейменде, өз елі, өз жүртynда тұрып жатыр ғой. Сіздің Ақсары мен Құрсарайдан тараған біраз әuletter ертеде Павлодар өңіріне келіп, осында сіңісіп, орнығып қалған екен. Олардың шежіресін мен сізге берейін. Сіз Бозымнан тарағандардың шежіресінің барын беріңіз». Өкінішке қарай, біз осылай деп үағдаласып, келіскенімізben, Алла оны қош көрмепті. Осы әнгімелесуден кейін біз екінші мәрте кездесе алмадық.

Нұрахметова Гүлнәр Беркенқызының көптен білетінмін. Жақын таныса келе, руы Қанжығалы екенін білдім. Қанжығалының Есенінің Қаржысынан Ажығұл, Амалдық, Сары болып келеді. Амалдақтан – Аманбай, Бұқарбай, Есберді, Қажыбек. Сарыдан – Тілеумбет батыр, Өтеулі, Өтеміс. Бұлар – Ерейментау Қанжығалылары. Менің анам да, жұбайым да ереймендік. Сондықтан Гүлнәрді балдыз деп те атауыма да болатындар.

Бұқарбай аталары бай тұқымынан болса керек. Нұрмұхамбет бай тұқымы атасын, 20 жылға сотталғанда, оның баласы Баркен анасын алып, тіршіліктің күйін күйттеп, күн көрістің қамын ойлап, қазіргі Железинка ауданына қарасты Жаңабет ауылына барып панарайды. Тұстарының және анысының қажыр-қайратының арқасында Баркен жетімдіктің жетегінде кетпей, азамат болып ер жетті. Он жылдық мектепті бітіріп, жоғары білім алу үшін Алматы қаласындағы ҚазПИ-ге түседі. Институтты жақсы тәмамдап, жолдамамен Жаңабет мектебіне мұғалімдік жұмысқа орналасты. Шәкіртерге математикадан білім береді. Ол адамгершілігінің, біліктілігінің, жауапкершілігінің арқасында Абай ауылындағы Абай атындағы мектептің қатардағы мұғалімдігінен бастап директорлығына дейінгі баспалдақтан өтті. Зейнет демалысына шыққанша бір орында жұмыс атқарып, үлкен абырой-беделге ие болды.

Беркен екі үл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы да жоғарғы білімді. Үлкені Рахметолла Алматы қаласында мектептің директоры. Ал Абайы Павлодар қаласында тұрады, нарықтың ағымына сай іс жүргізіп отырған белді кәсіпкер. Баланың ортанышы болған Гүлнәр Алматы қаласындағы Қыздар педагогикалық институтында білім алды. Диплом алған соң, әке жолын қуып, 2 жыл ұстаздық етті. Кейін жауапкершілігімен, тағайындылығымен көзге түсіп, белсенді жас ретінде комсомол комитетінде қызмет жасайды.

Гүлнәрдің одан кейін өмірі мен қызметі Павлодар қаласындағы Г. Потанин атындағы тарихи-өлкетану музейімен тығыз байланысты. Ол осы музейде ғылыми жетекшісі, сектор менгерушісі, директордың орынбасары лауазымдарын жемісті де абыройлы атқарып, одан соң директоры болып тағайындалды. Гүлнәр табаны құректей жиырма жыл үақыттан астам осы музейде еңбек етеді. Бір орында, бір салада еңбек ете отырып, зор беделге ие болған. Оның жемісті еңбенің нәтижелері жүрттЫң кез алдында.

Тоқсаныншы жылдардың соңында облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің редакторы Мұхит Омаровқа бір материалды тапсыруға редакцияға барған едім. Ол кісі Бақыт Баймұратов деген журналисті шақырып: «Мына кісінің материалында мағыналы сөздер, орамды ойлар бар екен. Өзініз оқып-танысып, редакциялап, түзеп, газетке берерсің» деген еді. Арада біраз үақыт өтіп кетті. Материал газет бетіне шыққан жоқ. Редактордың тапсырмасымен менің материалымды алып қалған Бақыттан хабар жоқ. Сейтіл жағдайды өзім барып білейін деп, «Сарыарқа самалы» газетінің редакциясына тағы бардым. Айқындаsam, Бақыт ол материалды мүлде жарияла-маған екен. Тіпті, материалды өзіме кері қайтармады да. Бар айтқаны: «Біз оны алдағы үақытта пайдаланамыз» деген үәж.

Откенде бір жол түсіп, Голубовский совхозына Төлеген деген журналист, тарихшы-ғалым Тілеуken мырза, сондай-ақ Ертіс ауданынан жетекшілер келген-тұғын. Солардың қата-рында Гүлнәр да болды. Гүлнәр Баркенқызы ол кеңде Г. Потанин атындағы тарихи-өлкетану музейінің сектор менгерушісі еді. Редакциядағы Бақыттан шыққан соң, жолай сол ғимар-ратпен жапсарлас қоныс тепкен Г. Потанин музейіне кірдім. Музей жәдігерлерімен танысады көптен бері ойлап жүр едім. Музеймен таныстыруға бекітілген маман үлтү орыс қыз екен.

Мен орысшаға аса жүйрік емеспін ғой. Сондықтан да қолымды кеудеме қойып, қызға қарап: «Я сам» дедім.

Сейтіп тарихи-өлкетану музейін армансыз аралауды бастап кеттім. Жәдігерлер самсал тұр. Әрбірінің өз тарихы, дерегі, құндылығы бар. Мына бір тұста сақалы қауғадай-қауғадай орыс ғалымдарының суреттері орын теуіпті. Ана тұста – орыстың Қазақстанды жаулап алғанда қолданған қарулатары – пулеметтері, қылыштары, нагандары, мылтықтары. Ұлы Отан соғысында қолданылған қару-жарақтар дейсіз бе, жан-жануарлардың қаңқалары дейсіз бе, әйтеүір қаптаған өңкей сұлбалар. Әсіресе Орлов деген біреудің өмір тарихы кең қолтықтай тарқатылып жазылыпты. Өкінішке қарай, қазақылыққа тән, көңіліме ұнаған онша ештеңе таппадым. Содан бұл өкпе-назымды Гүлнәр қарындасыма айтып кеткем-ді. Рас, сол кезде Гүлнәрдің қызметіне көңілім аса тола қоймаған-тын. Өз Отанында тұрып, өзінің төл тарихынан кең қолтық мағлұмат берерлік қандай да бір құндылық, тарихи жәдігер таппаса, көңілге жағымды қандай да бір мұрағаттық дүниені көре алмаса, бұған жалғыз мен емес, үлтyn, елін сүйіп-қастерлеген әр жан қапаланып, қатты өкпелейтін еді-ау.

2006 жылы Г. Потанин музейіне бір керегімді іздеп арнайы тағы бардым. Гүлнәр қарындасым: «Ана жылы өкпелеп, реніш айтып кетіп едіңіз ғой, аға. Енді уақыт тауып, музейді бүгін тамашалап, танысып шығыңыз тағы» – деді. Музейді тұтастай өзі аралатып, таныстырып шықты. Алдымен көргеніміз – алып мамонттың қаңқасы. Мұны өткенде келгенде байқай алмадым, мүмкін бір себептермен қаңқа құрылмай тұрды ма екен. Гүлнәрдің айтуынша, мұндай қаңқа үшеу болған екен. Санкт-Петербургке жіберіпті. Ал Павлодарға қайдан келді, кім тапқан, қашан әкелген? Бұл жағын қазбалап сұрамадым. Тек ұққаным, бұл қаңқалардың табылған орны – Бессары,

Птирижск елдімекендерінің маңы. Железинка. Аққу, Май ғұданындарына қарасты атыралтардан осыдан мыңдаған жылдар бұрын тірлік кешкен тағы да өзге хайуанаттардың сүйек-қаңқалалары табылыпты. Музейде көзге жарқырап көрінеттің жәдігердің бірі – қазақтың киіз үйі. Ішкі жасауы қазақтың жаугершілік заманында тұтынған құрал-саймандарымен, ат-абзелдерімен, әйел және ер адамдардың оқалы киімдерімен өрленіпті. Қазақтың қызы-келіншектеріне тән жүзік, сырға, білеziк және алқа, қыштан жасалған ыдыс-аяқтар, қолөнер шеберлерінің ағаштан ойып жасаған бұйымдары ерекше көз гаргады. Менің көңіл-күйімді аңғарып қалған Гүлнәр:

— Aға, мен бұл бұл қызметке келгенше, осындағы орыс басшылығының тапсырмасы бойынша тек орыс ұлтына ғана тән материалдар мен жәдігерлерді жинадық. Қазір сол олқылықардың орнын толтыруға ден қойып отырмыз. Мына киіз үйді осында бір ағайдың басшылығымен Қызылордадан арнайы алдырдық. Ал жан-жануарлардың қаңқалары өзіміздің Ертіс өзені бойынан, Павлодар қаласының аумағынан табылды. Қалған экспонаттарды Қазақстанның түпкір-түпкірін арапап жүріп таптық, жинастырдық, — деді.

Кей қызметтің түймедей түйедей болады. Ал кей қызметтің түйедейі елеусіз ғана көрініп, жай айтылады да қала береді. Мұның төркіні неде? Өз пайымдауымша, бұл ақпараттың жүртшылыққа дұрыс әрі үақытылы жетпеуінен. Музей – ата-бабаның жүріп өткен ізі, асыл мұрасы, үрпаққа қалдырган қазынасы. Ал мұндай құнды қазынаны үқыптылар мен жауапкершілікті тереңнен түсіне алатындар жинап, қадірін арттырып, берекесін асырады. Гүлнәр қарындасымның үқыптылығына ризашылықпен раҳметімді айтамын.

Мұбарак ағамды өкпелетіп алғанымның бір ұши музей қызметкерлерінің жинақтап, теріп жүрген мәліметтеріне қа-

тысты болған соң, асылды алдынан, жасықты соңғы келтіріп жазып отырған жайым бар.

Жазушының мінез-құлқы үстараның жүзі тәрізді. Кейде іріп барып, жанымай-ақ жетіліп кетеді. Құміс те қоспасызың іри береді. Мұбарак ағай біздің Керейдің шежіресін жазғанда сан қабат ірітіп жіберіпті. Онсыз да жетім лақтай зарлап жүргендер аз емес. Сондықтан да қолымда бар дәйектелмеген шежіремді сұрағанымен, мен бермедім, басты себеп осы.

Қымыз ішіп, шайға қарар кез. Менің жазу үстелімнің үсті қобырап жатқан. Айлық есеп жасап жүрген едім, соның қағаздары шашылып-төгіліп дегендей. Сол айлық есептер қағазда-рының астында өзім жинақтап жүрген шежіре де бар-тұғын. Сол шежіре дәптер Мүкеңнің қолына тұсті. Оқып, танысып:

— Қайырбек, мына шежіре дәптерінді маған бер. Мен «Әйгілі аудән Ертісімді» толықтырайын деп едім, соған пайдаланайын», – деді.

— Аға, мұның ішінде дәйектейтіндері, толықтырып, дұрыс-тайтын тұстары көп. Оған менің қолым тимей жүрген. Ренжіменіз, мұны Сізге бере алмаймын, – деп ем:

— Маған дәйектің керегі жоқ. Осылай пайдалана бере-мін, – деді ол кісі. Осылайша, үш мәрте сұрап еді, мен үш ретінде де «жоқ» деп жауап бердім.

Үйде Естаевтың кабинетіне жиналғандар түгел бар еді. Содан Мүкең жұлып алғандай кейіплен: «Жарайды, мен асы-ғыспын!» – деп атып тұрды да, қонақтарға шай да ішкізбестен сыртқа шығып кетті. Гүлнәр қарындастым Қабдолла ақсақал мен менің анамды Тоқтандың қарттары деген айдармен фотога түсіріп қана үлгерді.

Қабдолла ақсақал 1912-ші ит жылы туған, жасы – 92-де. Анам Нұрғайша Әкуқызы 1916-нші жылы туған, жасы – 88-де.

Сөз алдында Мұбарак ағайды өкпелетіп алдым деп едім. Адамның көнгілі бір атым насыбайдан қалады дейді. Ернің салған насыбайыңды былжырап, ашысы кетіп, аузыңың берекесін алған соң былш еткізіп түкіріп тастайсың ғой. Мүкең ағамның сұрағаны түкіруге келмейді. Тәніңе инеше қадалып, әр-ұяttan ел-жүрттыңа қарай алмайтын, жүргегіңе шер болып қататын дүние. Жақсы сез тәнге шипа, болымсыз сез ешкімге бермес опа демекші, ол – жалған сез, жалған ақпарат, жазық-сыз жабылған жала, өсек-аяң. Қазақта «Ауруда шаншу, сезде қаңқу жаман» деп тектен-тек айттылмаған. Мүкеңнің сұрағаны осылардың ұлысы – «Ата шежіресі». Ол шіркіннің төрт аяғы тен болып тұрса ғой. Қазақ «Жығылып жатып сүрінгенге қүледі» нақыл сезді де айтады. Шежіре жинаушылар «анау тоқалдан, анау бәйбішеден туды, анау өзбектен, қырғыздан, қалмақтан келді» деп лепіріп жазады. 10—15 ғасыр өткен бабаларымыздың да бәйбіше, тоқалдарына есім беріп, лепіріп кететіндер аз емес. Ал, сенің атаң бәйбішеден, менің атам тоқалдан туды дейік. Сонда атасы тоқалына құятын рухты басқа бұтынан құйып па?! Міне, біздің шатағымыз бір әкеден туған баланың, бірін ішкі бауынан, бірін ышқыр бауынан тудырып, туыстардың арасын ажыратып жіберетіні өкінішті-ақ. Енді өз себебіме тоқталайын:


Тұжырм

Қазақ шежіресі қазақты Анас сахабадан, кейбірі Гакаша сахабадан таратады. Б қожадан тарататын шежіре де бар.

Бар қазақ рұларын бір тамырдан тарататындар да жоқ емес. Меніңше, дұрысы осы секілді. Ал қазіргі оқымысты шежірешілер иттен тұғызып, бірі, екіншісі нөғайлар айтпақшы, әріптерді алып, қосып, орыспен де туыс қылып қояды. Менің ақылды ағамыздың балалық мінезі таң қалдырды. Ошыбай

ұранды Керейлер былай тарайды: Ақылбай – Абақ, Жәнібек – Ашамайлы, Уап – Уақ (сызықшадан кейінгілері жеңгелерінің қойған есімдері). Кіші жүздегі Керей – Керейт – бір Керейдің, бір ұранның балалары. Керейдің Керейт аталуының өзі бір жеке әңгіме. Осы төрт атандың түбі бір Ошыбайдан тараймыз. Бұл бабамыздың дәүірі Шыңғыс ханның дәүірімен туспатыс келеді. Шыңғыстың тоғызы биінің бірі Ошыбай. Түгел сөздің түп атасы Ұлы жүз Майқы би – Ақсақ Майқы. Майқы өте семіз, бір аяғы ақсақ, аттың белі көтере алмаған соң сүйретпеге салып, аттың құйрығын байлап сүйрейді екен. Бабамыз Ошыбай екі аяқты арба ойлап тауып, құрастырып, арбаға отырғызған екен. Екі аяқты арбаны «қазақ арба» деп жүргендері сол. Ұлы жүз мақтанғанда «Майқы Шыңғыс ханның жаңында отырған» деп мақтанады. Содан былай Ошыбай атамыз Оиши би атандып кеткен. Шәкәрім қажы атамыз барлық Керейді Қарабиден таратады. Бұл дұрыс емес. Қарабиіміз Танаш бабамыз Арғын – Мейрам Соғымен тустанас. Танаштан Балға, Балта, Сибан, Танаш болып тараймыз. Уақ пен Абақ аталарамыздың арасы 5—6 атаға барады. Ошыбай мен Керей атам арасы 8 атаға дейін барып қалады. Мұбарак ағамыздың шежіресінде Арғын мен Қыпшақтың екі жігіті далада келе жатып екі баласымен жас босанған бір әйелді тауып алады. Кімге асыратқанын Алла біледі. Керіліп жатқанын Керей, кішірегін Уақ деп ат қойыпты дейді. Бір бала іште жатып айқайладының кері. Керей Арғын мен Қыпшақтан әрірек туған. Қыпшақ пен Арғын егіз ата, шежірешілердің дерегі Керейден жас және Сабит Мұқанов, Ғабит Мұсірепов, Ғабиден Мұстафин, Сәкен Сейфуллин, Мәлік Ғабдуллин секілді танымал тұлғаларды Сибан Керейден таратып қойыпты. Сабит пен Ғабит – бір баяуыр, бір сауыр. Сәкен мен Ғабиден – Қарпық – Тоқа – Енең. Мәлік Ғабдуллин – Қарауыл. Осыны көріп отырып Керейлерге жүзім шарық болғанша, жарық болсын деп қолжазба шежірені

бермедім. Мұкең ағамыздың аудандық газетті билеп тұрған кезі. Осы кездесуден кейін газетке «Керейдің бір шалы Құдайбергенге 92 баулы Қылышақ депті. Құдайберген Керей атасы Кер жорға ит деп сыйбағасын беріпті», – деп жазыпты. Ақындардың өзара сөз қағыстыруда бірін-бірі жеңү үшін айттылған сөздерді тере берсе, біздің қазақ, ногайлар айтпақшы, нағыз мазақ болып шыға келеді. Газет бетін ақтарып отырып Мұзаттар Әлімбаев атамыздың «Дұрыс сөзге қырыстанбай, тоқтай білген басқаны сөзімен тоқтата білген, міне, бұл шын мықты» – деп жазғанын оқып қалдым. Бізге ондай мықтылық дарыматы, дұрыс сөзге тоқтау да жазбапты. Қазақта «Қарыстан сүйем жақын» деген сөз бар. Керей үрпағы ірігөнін көрмей-ақ, дым білмегені тіпті жақсы. Бірақ біз беттесіп, жүрекке дық түсіргеннен аманбыз. Осыдан кейін Мұбарак ағамен арамыз алшақтан кетті.



Сыр еліне сырлы сапар

Биыл мен үшін мейірім шуағын төккен, ерекше жыл болды. Тұркі текстес халықтардың ұмытылып бара жатқан жыр-дастандарының жаңғырту сайысы Қызылорда төрінде үй-ымдастырылды. Жалпы, еліміз егемендік алғаннан кейін бұл өңірде, сондай-ақ Оңтістік пен Батыс облыстарының орталықтарында бұлт астынан жарқ етіп, күлімдеп шыққан күндей рухани іс-шаралар легі толастамады. Бірақ «көніл жүйрік, қол қысқа» демекші, көңілдің кек дөненімен ешқайда жете алмайсың! Жете алмағаннан кейін өнердің лаулап жанған ортасына, сол дуылды ортаның қайнаған қызығына кірісе де алмайсың. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар озғандарды тек телеэкраннан көріп-тамашалайсың. Паҳ, шіркін! – деп армандаيسың да. Павлодар облыстық «Шаңырақ» халық шығармашылығы және мәдени-сауық орталығының директоры, Қазақстан Республикасына Еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Ермұрат Нықатұлы Тілегенов пен музыка зерттеуші Сағатбек Қалиев менің бұл асқақ арманыма қол жеткізуіме себепкер болды. «Ауылдың алты ауызы» бағдарламасынан кейін, яғни 2003 жылдың қыркүйек айында мен: «Шаңырақ» шығармашылық орталығына жетсін» деген хабар алдым. Ауырынқырап жүр едім. Сырқатымнан әлі айыға қоймағанмын. Ертіс аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Қазымұлы Шәріптің берген көлігімен Бақыт Қайыркенова екеуміз Керекуге келдік. Ермұрат Нықатұлы күліп:

– Қалай ақсақал, алыс жолға шыға аласыз ба? Қызылорда қаласында өтетін «ғасырлар үні» атты республикалық жыр-шы-жыраулар сайысына қатысуға шақырту алдық. Біз Сіздің осы сапарға облыс атынан баруыңызды үйғардық, – деді.

— Егер сіздер үйғарып отырсаңыздар, мен дайынмын қашанда ғой! — деп ықылас-ниетімді білдірдім.

— Онда ақсақалға барлық мүмкіншіліктерді жасаңыздар. Қандай қажеттіліктер мен нендей дайындық жасау керек, соның барлығын ескеріңіздер. Сайысқа дейін бір аптаға жуық үақыт бар. Құнделікті дайындықты қүшеттіп, барлық мәселені жан-жақты түсіндіріңіздер, — деді Ермат Нықатұлы орталықта істейтін Алмагұл есімді маманға қарап.

— Негізі, біз бұған дейінгі жылдары да осы Қызылордан немесе өзге де облыстардан үнемі шақырту алатынбыз. Өкінішке қарай, мұндай сайыстарға қатыстыратын адам таба алмай, шақыртушы тарапқа «біздің өнір қатыса алмайды» деп жауап қайтаратынбыз. Ермұрат Нықатұлы орталықтың басшылығына келгелі бері ешбір шақырудан бас тартып көргеніміз жоқ. Өнерпаздарымызды тұрақты жіберіп, қатыстырып келеміз. Қызылорда төрінде өтетін жыршы-жыраулар додасынан қалыс қалмауымызды үйғарып, оған қатысуы үшін сізді іздең тапқан екен. Бұл кісі дамыл таппай, ел аралап, өнерпаздарды іздестіріп жүреді, — деді Алмагұл.

Біз өзара сөйлесіп тұрғанымызды ортамызға Үміт Айтмағанбетова келді. Бұл кісі «Шаңырақта» жұмыс істейді екен. Жұмыс бағыты – халық шығармашылығы – терме, жыр-жырау жанрларына жетекшілік ету. Өзі де түрлі сайыстарға жиі қатысып жүретін термеші екен.

— Ермұрат Нықатұлы «Қызылордаға ақсақалды, сен арасың! Ол кісі аздал жүректен ауырыңқырап жүр, бас-көз боларсың!» деп еді. Сапарға бірге баратын болдық, аға, — деп жарқылдап жатыр Үміт.

Үмітті бұрыннан білетінмін. Менің қызыым Көгершінмен Мұзыкалық училищеде бірге оқып, бірге бітірген. Қазір Павлодардағы «Майра» музейінің директоры қызметін атқарады.

Алмагүл сайыста қандай қисса-дастандар айтатынымды анықтап, құжатымның көшірмесін алғып, менің ақпаратымды Қызылордаға жөнелтті. Қазанның жиырма үші күніне жол жүрү билетіне де тапсырыс берілді. Жиырма бесі күні біз Қызылордада болуымыз керек екен. Қазанның жиырма үші күні шекпеннің иығына жабысқан шеніндей, қазақ жерінің иығынан орын алған «Павелға сыйлық» – Павлодардан Ақмешітке – «Қызылдар ордасына» жол тарттық. Бұлай деп сейлеуімнің мәнісі бар. Қызылордаға табан тиген соң бір лауазымды адам бізге қарап: «О Алла! Ұлттық сайысқа орыстардан да адам келеді екен-ау» деп қалжындағандай болды. Әрине, әзіл деп қарасақ та, оның бұл сезі жүректі тырнап өтті.

Ұшқан құстың қанаты талатын ұлан ғайыр даланы бабала-рымыз ат үстінде шарласа, ыбырай Алтынсарин атамыз:

Аты жоқ құр арбаны

Мың шақырым жерлерге

Күн жарымда барғызды, – деп суреттегендей, сайын даламен жүйткіген поезд біреуге бақ, біреуге сор болған, монголдар «Көк теңіз» деп атаған Балқаш көлінің етегіне де ілікті. Тerezeden байқаған адамға Балқаш күн сәүлесімен шағылысып, жалтырап жатқан мұз тәрізді. Оның су екенін екі езүйінен жынын ағызып, көбік шашқан бурадай, толқыны жаға-ны ұрып, қатпар-қатпар ақтаңдақтар қалдырған ізінен аңғара-сың. Сарышағаннан айналар мүйісте қайық мінген үш адам көзіме түсті. Екеуі қайықтың ернеуіне жабысып отыр да, біреуі түрегеп тұр. Жағаға жақындай бере қайық аударылды ма, не толқын ұрды ма, әйтеүір әлгі түрегеліп тұрған адам суға құлап түсті. «Әттеген-ай» деп, тершіген бетімді он алақаныммен сипағанымда, алақан он қабақтағы тыртыққа тиді. Зымырап келе жатқан поезд ешнәрсені байқатпастан ағып өте шықты. Әлгі адам не болды екен? Тағдырдың тәлкегіне үшырады ма

екен, әлде дін аман ба екен? Бұл сауалдарға жауап таппай, мәселе жүмбақ болып артта қала берді.

Алыстан көгеріп, мұнарланған көлге қарап отырып, осыдан қырық жылдан астам үақыт бұрын өткен оқиғаны – оң қастағы тыртықтың неден болғанын есіме алдым. Шағын ғана ауыл. Эбден ескіріп, қиуы қашып, құлағалы тұрған үйде бір емес, екі отбасы қысталап, қыстан қысылып шыққан кез. Ауылдың шамасы жететін тұрғындары күн жылышысымен шымнан үй сала бастады. Ауылда ер адамдар жоқтың-қасы. Соғыс аяқталғанымен, майдан даласында ажалдан аман қалған елге әлі орала қоймаған. Жесір әйелдер, ерге шыға алмай отырып қалған қыздар ауылға түскен салмақты жұмыла көтерісіп, ауыр күндердің тірлігін бірге өткерісті. Үш әйел алған Құсайын деген адам үй салмақшы болып, шым жыртқызды. Өзі беймаза, айқайшыл, қырсықтау адам. Үш әйелінің үшеуінен де бала бар. Алғашқы қосағы қайтыс болған. Көзі тірі екі әйелі өзара сыйыспаған соң, ортаншы тоқалына там салып, отау етіл көтермекші екен. Шым үш түрлі болады: құрт-бауыр, мұқ-бауыр, ақ-бауыр. Құсайынға керегі – ақ-бауыр. Шіліктің үлпа басын қуаңшылық жылы мал азығына шауып алып, түбірі ғана қалған. Солардың арасынан алаңқай жер тауып, ақ-бауыр шым жыртқызды. Он, он екі жастағы біздер өгіз айдаға көмектесеміз де, қалған жұмыстық қыздар атқарады. «Қызға қырық үйден тыю» дегенді назар алып жатқан жан жоқ. Далаға, еркіндікке шыққан қыздардың істемейтіндері жоқ. Балаларды үстап алып, қойын-қонышына шөп тығып, жерге домалатып, әурелеп жатқаны. Әукесі түскен қыздың біреуі мені тұра құды. Мен қайбір жүйрік адаммын, қашамын деп үмтүлғанда бір томарға сүрініп, етпетімнен құладым. Қуып жеткен қыз менің үстіме шығып алып, бар күшімен басып-жаншып жатыр. Оқыс қимылмен жерден басымды көтеріп алғанда, бетімнен қан сау ете түсті. Алақанмен сипал көрсем, жіңішке құ шілік қа-

бағыма кіріп, сыйнығы қалыпты. Әйтеуір шіліктің сыйнығы ет пен тірінің арасына қадалып қалыпты. Қөзге зақым түскен-нен аман. Қадалған шіліктің жартысын қыздар суырып алды. Күн аптап ыстық еді. Беті-басымнан қан саулағанда қорқып қалған қыздар аздал сабаларына келіп, үйілген шымның көлеңкесінде отырып, өлең, айтып, көңіл шерін басты. Біре-үінің әкесі, енді бірінің ағасы соғыс даласынан әлі оралмаған кез. Ауылдан майданға аттанған бір жігіт ата-анасына жазған хатында:

*Күн батыстың даласы,
Тау мен тастың арасы.
Сол далада мен тұрам
Немістің өснен қаласы.
Қош болыңдар ата-анам,
Салынғыннан хат жазам.
Кеп жазуға уақыт жоқ,
Снарядтың даудысынан.
Осы хатты мен жаздым,
Землянкіде отырып.
Сіздер еске түскенде,
Көздің жасын көл қылып, – деп толғаныпты.*

Ақырғы қошын Алла қабыл алды ма екен, жарықтық елге оралмады. Шерлі қыздар Балқаш көлінде болған бір қыздың қайғылы қазасы туралы өлең айтты. Балқаш көлінің атауын тұңғыш рет осы қыздар айтқан өлеңнен естіген едім.

*Балқаш көлдің жағасында,
Көк орай шалғын шөп екен.
Көргенімнен көрмегенім
Құдіретті Алла көп екен.
Балқаш көлдің жағасында
Үш күн жаным қиналған.*

*Үстімдегі ақ көйлегім
Шешіп сұға лақтырдым.
Артымдағы ата-анамды
Жалғыз хаққа тапсырдым.
Үстімдегі барқыт камзол
Шешіп ілдім қазыққа.
Су астына кетіп барам
Балықтарға азыққа.
Мойнымдағы бәртпе шәлім
Фабрикада тоқылған.
Қарақаттай екі көзім
Балықтарға шоқылған...*

Қыз құлақтарындағы сырғасын, білезігін, аяқтағы хром етігін шешіп, бәрін де үйқаспен өлеңге қосып, оны қағазға жазып, қағазды камзолының қалтасына салады да, өзі сұға батып өледі.

Қыздың өлімін әңгіме етіп айтушылар:

«Бір-біріне ынтық болып, ата-аналарының рұқсатынсыз қосылған екі жас қашып барып, Балқаштың қалың қамысын панарайды. Аспан төңкеріліп жерге түскендей аптап ыстық. Жігіт қызға: «Мен сұға түсіп, балық аулап әкелейін, сен от жағып қой» – деп қамыс арасына жүгіріп кіріп кетеді. Қыз жігітті үш күн күтеді. Жігіт келмейді, көрінбейді. Ақыры шыдамы таусылған соң қыз өзі ізделп шығады. Бір жерге таяғанда жігіттің қан-қан болған киімін көреді. Қызыл қанға боялған киім жатыр, дene жоқ. Жігітті жыртқыш жолбарыс таласа керек. Сөйтіп қайғы мен құсадан дерпті болған қыздың өзі де сұға батып өледі. Әңгімелемеушілер «қыз бір жақсы адамның жалғыз перзенті еді» дейді.

Сарышаған өлкесінің өмірі Асан Қайғының Шу бойының базары мен мазары туралы айтып кеткен фәлсәфәсін еске түсіреді.

Биттің терісінен биялай жасайтын өзбек, қырғыз ағайындардан тәлім алған базаршылар вагонның ішіне кіріп кетіп, Балқаштың жыртқыш балығы мен Шудың шабағын, апам үйінің құрты мен ірімшігін, қысқасын айтқанда, орыс ертегісіндегі аю арқалаған қыздың самсасынан бастап жылтыраған түймесіне дейін – ұсақ-түйектің бәрін саудалап, «мынаны алыңыз, мынаны алыңыз» деп әуреге салып жатқаны. Өзімізben бірге үйден алып шықкан асымыз болса да, «селдіреген тісіме осы жұмсақ шығар-ау» деген оймен Шу стансасына тоқтағанда бір мосқал қазақ әйелінен самса сатып алдым. Қасиетті Қаратаяға поезд терезесінен болса да тағым етейін деп ойланып келе жатқанмын. Саудагер қарт әйел самсасын «бісмілләсyz» пісірген бе, қалай, аяқ астынан мазам кетіп, есім шықты да қалды. Әйтеуір, өзімді жайсыз сезініп, Шымкентке дейін жолсеріктедің әбден есін шығардым. Содан шаршап, артынша демалып үйықтап кетілпін. Үміт: «Аға, Қызылордаға келіп қалдық. Жиналыңыз» деп оятқанда ғана орнынан тұрдым. Қызылордаға поезден бір қауым ел келді. Эр вагоннан домбырасын құшақтап түсіп жатқан қыз-жігіттер. Шұбат құйылған тостақандары мен шоқ гүлдерін ұсынып, Сырдың сұлулары «Қош келдіңдер» айтып, бізді құшақ жая қарсы алды.

Біз осындағы Медициналық колледждің жатақханасына орналастық. Үш адамға бір бөлме бүйірдды. Менің бөлмелес серігім келе сала тесекке домалады. Таңғы асына да бара алмады. Асханадан оразамызды ашып келіп, шамалы демалайын деп қисайып жатыр едім, мойнына магнитофон асынған, кішірек келген, қара мұртты жігіт кіруге рұқсатсұрап, сәлемдескеннен кейін: «Мен Алмтыдан, «Шалқар» радиосынан келіп отырмын. Сізге өтініш – қазір студияға бірге жүріп, бір-екі өлең жазып берсеңіз» деді. Студияның затын көрмесем де, атын естігенім бар. Шақырған соң барайын деп, жылдам жиналып, аулаға шықсам, машина күтіп тұр екен. Қасымда жамбыл-

дық мұғалім қыз бар. Екеумізді діттіген жерге алып барды. Қара торы қыз негізінде осы Қызылордадан екен. Ол Шора-яқтың Омарының бір термесін Сыр ауеніне салып жаздырды. Мен М.Ж. Қөпееvtің «Бір хикая жазайын» деген фәлсафалық өлеңі мен Балуан Шолақтың «Ақбоз атын» жаздырдым. Радионың жігіті кешке жақын жатақханаға тағы келіп «Мұңсыз ханды» таспаға жазып алды. Жатақханаға келсем, бөлмелесім төсектен басын көтеріп, жуынып-шайынып, түскі асқа барғалы дайындалып отыр екен.

— Аға, «Кішіден – құрмет, үлкеннен – ізет» деуші еді. Таңертең ауырып есім шығып, сізге дұрыс сәлем де бере алмадым гой, — деп қос қолын алға ұсына келіп сәлем берді. Қызылордалық жігіт екен. Мұзыкалық білім алғаннан кейін мұны Қызылжардағы Мұзыкалық колледжге мұғалімдікке жіберіпті. Аты-жөні – Әлишев Әміrbек. Ұқынамын сол, бұл жігіт бағана поездан түскенде қарсы алған қыздардың шұбатына құмары қанбай, артынан дүкенге арнайы барып, шұбатты сатып алып ішкен. Дүкен сөресінде ұзақ мерзім тұрып қалған тағам болса керек, Әміrbек те жолай пұшайман болған менің қүйімді кешілті.

Сағат үште Қорқыттың жемлямен желдіртіп, зар кешіп, кетіп бара жатқанын бейнелеген кесенесінде «Гасырлар үні» республикалық жыршы-жыраулар конкурсының ашылу салтанаты өтті. Салтанатты шара жарты сағатқа созылды. Әр өнірден келген қатысушыны қыздар жетектеп, биік кесененің баспалдағына шамасы 20—30 метр ұзындықта төсеген кілемнің үстімен өтіп, Тайыр Жароков атындағы мәдениет сарайына әкелді. Мен сахнаға 23-інші реттік санмен шықтЫМ. Конкурстың шарты бойынша қатысушы әүелі өзін таныстырып, соңынан жыраулардың нақыл термелерін орындауы керек.

Менің таныстыруым былайша өрілді:

*Сөйлер сөз келші енді маңдағыма,
Бақ берсін ер жігіттің маңдағына.
Сыр бойы – бүтін қазақ жайлапан ел,
Бас идім өткендердің аруағына.*

*Сенде ғой – Сыр бойында Қорқыт бабам,
Қорқыттың кім екені әлемге аян.
Сан батыр, сан ғулама, сан шайырлар,
Өтті ғой бұл өңірден ой-хой заман.*

*Ассалау мағалейкүм, Қызылорда,
Кеше сен болдың елге Алтын орда.
Шаңырағын үкіметтің көтерген ел,
Теңдессіз сен иесің алтын қорға.*

*Ассалау мағалейкүм, сізге қауым,
Өмірдің бірге өткізген дауылдарын.
Сары бел, Сарыарқаның сар төсінен
Сәлемін дүгай-дүгай ала келдім.*

*Ұлы өзен – Ертіс өзен, өмір – өзен
Бойынан келіп түрмүн, Керекуден.
Үш жүзге Бүқар, Машыр аты мәлім,
Қорқыттың олар да өткен ізіменен.*

*Ертіс ағыл, біздерден Сібір өткен,
Сары төсін Сарыарқаның тіліп өткен.
Аудан бар «Ертіс» деген жар басында,
Естай мен Иса ақындар кіндік кескен.*

*Қайырбек сол ауданнан, Тоқта елім,
Атағы Алатайдай асқар белім.
Солардан бір жүқанақ қалған ба деп,
Арнайы шаңыртумен келген едім.*

*Қайырлы алған істер сәтті болсын,
Төгілер жырларымыз тәтті болсын.
Ұлы ісін ұлылардың ескергендер
Бақ дарып, шаңыраққа шаттық енсін.*

Осылай деп өзімді таныстырып, артынша Балуан Шолақ пен Шал ақынның шалымын орындағадым. Балуан Шолақты орындағанда, қайдан естігенін қайдам, сол кезде студент, қазір дардай халық музыкасы өнерінің ұстазы, жырау Әбдуәли Ақан: «Мынау Балуанның өз әні ғой» деп таңырқады. Одан өзге ешкім селт етпеді. Шынында, мен бұл туындыны Балуанның өз әніне салып орындал едім. Бұл өз алдына жеке әңгіме. Ақан бұл әнді індептің зерттеді ме, жоқ па, ол арасы маған бей-мәлім.

Республикалық конкурсқа Қазақстанның әр өңірінен келіп қатысушылардың тізімі тәмендергідей:

Шалабаев Қондыбай – Маңғыстау;
Құдияров Қадырбек – Маңғыстау;
Сүлейменов Нұрбол – Оңтүстік Қазақстан;
Түлегенов Нышанбек – Оңтүстік Қазақстан;
Нығметжанов Дүйсен – Семей;
Сарин Әділбек – Ақтөбе;
Макаров Көшерғали – Батыс Қазақстан;
Абдрахманов Серік – Батыс Қазақстан;
Құйысханұлы Қыдырбек – Қостанай;
Әлишев Эмірбек – Қызылжар;
Әбдуәли Ақан – Алматы, студент;
Ырысқалиев Ерлан – Алматы, студент;
Әлімжанов Баянғали – Қекшетау (манасшы);
Айтмағанбетова Үміт – Кереку;
Бейсенбаев Қайырбек – Кереку;
Қамиев Дида – Қарағанды, оқушы;
Жақсықұлов Серік – Қызылорда.

Алматы қаласынан арнайы келген журналистер мен студенттер бар. Башқұрстаннан келген қурайшы мен Тувадан келген бір жас жігіт болды. Барлығы отыздан астам адам. Жетекші-жүргізуши – мұхиттың арғы жағын өзінің орындаушылық шеберлігімен тамсандырған кафедра менгерушісі, ҚР Еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Алмас Алматов. Бас төреши – белгілі ғалым, жазушы Бердіқұлов. «Павлодар мен Солтүстік Қазақстан орыстасып кетті деп еді... Мына шалдың әні онды екен. Біржанның ізбасары ма өзі?» – деді жазушы. Залда өзім шамалас бір адам бізben бірге болып, сөз алғанда «пәленше деген ақынмының» деп таныстыруды өзін. Негізі қалалық емес, ауылдан арнайы шақырылған адам болар деп топшыладым. Қайтар жолда жақсы тілегін ақтарып, жол айрығында Қармақшыдан түсіп қалды. Есімін ұмыттым. Екінші айналымда Мұзафар Әлімбаев ағамызы Шығыстың інжү-маржанына балаған «Тотының тоқсан тарауын» орындағадым. Көлкесір көлемдегі бұл туындының «Қағира мен Таймыс» тарауын айттым. Бұл тарауды таңдауымның да сыры бар, байқау «Фасырлар үні» деп аталған соң, туындының тарауын да соған сәйкестендіріп алып едім.

Мен кезегімді күтіп, домбырамды шертіп отырғанда, қанжардай қатқан кішірек, өні сүрлау, арық, киген киімі де жеңілtek, бәйгеге шабатын шабандоздай ықшамды бір жігіт таяу келіп: «Қазақтың осы қара тартысын жақсы көремін, үйренгім келіп жүр. Домбыраны жұмсақ тартады екенсіз» деп біраз тамсанып тұрып, менің көңілімді көтеріп кетті. Сол кезде студент болып жүрген бұл жігіт қазіргі күні менің сүйікті әншілерімнің бірегейі саналатын Ерлан Үрысқалиев екен.

Иә, тән қартайғанмен, жан қартаймайды. Жан қартаймаған соң, адамның қуанышы да, реніші мен көңіл толқынысы да өзгермейді. Жыр сайысына келгендердің көпшілігі өрімдей жастар. Бірі студент, бірі аспирант, енді бірі журна-

лист, тағы бірі өнер иесі дегендей. Қазақ «Жат жерде бой сыйлы емес, тон сыйлы» дейді. Үстімде қара дүрсін, айғызды оюы бар сүйретпе шапан, баста оралман ағайындардың екісінің бірі киіп жұрген қаракүрең тақия. Сырт келбетіммен көзге аса түсे қойдым деп айта алмаймын. Маған қарағанда, Башқұрттың құрайшысы әлдеқайда көзге өтімдірек болған сыңайлы. Үстінде оқалы, жағалы ұлттық шапан, басында тұлкінің терісінен жасалған, салпыншақтары бар қымбат тымақ. Бас киімнің екі құлағын артына қайырып байлапты. Алақандай беті мен жез мұрты тымақтан әзер көрінеді. Біздің жастар жүзіктің көзінен өткендей келбette еken. Бірінен бірі етеді. Өнер бәйгесіне әлденеше түсіп, сахнаға шығып әбден ысылғаны байқалады. Шетінен белін буған сәйгүліктеі ойқастап тұр. Онсыз болмайды, өйткені бұл намыс баске түсер ерекше дода ғой. Міне, осыларды көргенде қайтіп қобалжымайсың, қайтіп толқымайсың?!

Сахнаға шығар алдында аузында шылымы бар, бойы менімен теңдес, жас шамасы да қатарлас бір адам келіп: «Қандай жыр орындағын деп отырсыз?» – деп сұрады. Мен күбірлеп: «Қағира мен Таймысты», – дедім. Артынан бұл кім еken деп сұрастырысам, осы байқаудағы бас төрешіміз еken. Қазақта жол жұргелі жатқан ер адамға әйел адам «Жол болсын!» айтпайды және «Қайда барасың?» деп те сұрамайды. Жолын кеспейді. Осындай аталы қағидалар мен ырымдарды үнемі қаперде ұстайтын мен сахна төріне қарай қолтықтап әкеле жатқан қыздан қолымды тартып алдым. «Қазақ ырым етеді, ырымы кейде қырын кетеді» дейтін де сөз бар.

Мен орындаған жырдың мәтінінде хан мен үәзірінің әйелдері туралы да сөз болды, «буаз» деген де сөз бар еді. Бірнеше мәрте қайталанған «буаз» сөзін ұятқа балады ма, болмаса қиссаның мазмұнын дұрыс түсінбеді ме, әйтеуір жұргізуши Алмас мырза менің үақыттың бітпестен тоқтатып, раҳметін айтты. Сөйтіп ырымымды қырын кетірді.

Мұхтар Әүезов студенттер алдында «Айман – Шолпан» жыры туралы дәріс беріп тұрғанда бір қыз бала Көтібар батырың, есімін атауға ыңғайсызданып: «Көтеке» десем қайтеді? депті. Сонда заңғар жазушы: «Қалқам! Не деп айтсан да бір мағынадағы сөз. Өз атымен атай бергін» депті-мыс. Сол сияқты «Буаз» деген де табиғи сөз болғандықтан, оның еш тұрпайылығы болмас. Мұны айтып отырған себебім: қазақтан шыққан «манасшы», ақын-жырау, жазушы, драматург, ҚР Еңбекі сіңген мәдениет қайраткері Баянғали Әлімжанов інім:

— Аға, «қатындары болды буаз» деп неге қайталай бердіңіз? – деп сұрады. Бағдат падишасы Сұлтан баладан зарығып жүргенін суреттеген тұста:

*Елу мен алпыстың арасында,
Қатыны падишаның болды ғамла, – дей келіп:
Қатыны падишаның болды буаз,
Сөйлеген Шарман молла мұны біраз.
Нұкім Шаңар баршасы қуаныш қып,
Нашарға көп молдарды берді нияз, – деген жолдар келтіріледі.*

Бас уәзір де перзенттен зарығып жүреді екен. Ол былай деп суреттелген:

*Қатыны ол уәзірдің буаз екен,
Әр іске тәңірім тағдыр қылады екен.
Ханымы бала тапқан сағатында,
Бір перзент одан дағы туады екен.*

«ғамла»-«жүкті»-«буаз» сөздері бір-бірін қайталап тұр. Қазақтың өз тұма сөздері, мұның еш ерсілігі жоқ секілді. Падиша баласының атын Таймыс, уәзір қызының есімін Қағира деп қояды. Екі бала дос болсын деп аналары бірінің сүтін біріне емізіп, бір үйде асырап, бір жерде оқытады. Балалар ер жетіп, сейіл құрып жүріп екі тіленшіге жолығады. Тіленші

адамдардың өзара: «Адамзаттан да мұндай бала туады екен-ау! Бұларға Шын-машын шаңарының падишасы Фағыфордың қызы Мәлике ғана тәң келер» деп мақтап тұрғанын естиді. Балалар олардың қасына таяу барып, садақа беріп, айтып тұрған сөздерінің мәнісін сұрайды. Әлгі екі тіленше Мәлиkenің көркемдігін мақтап:

*Балғаның мен де ғашық біреу іедім,
Сыртынан ғашық болып жүруші едім.
Мен де өзіңдей бір патшаның жалғызымын,
Сыртынан анда-санда көруші едім.*

Мәликеге ғашық болып, бар мүлкінен айырылғанын айтЫП:

*Елден шығып қаңғырдым оның үшін,
Тіленші болып журмін жансым үшін.
Шын-машынның шаңары тоғыз айлық,*

Ойлама сіздер оған баруушін, – деп жолдың қашықтығын, өздерінің жас екендігін ескертеді. Бұлар тоғыз ай жол жүріп барғанымен, Мәлиkenің жүзін көре алмайды. Бір күні Мәлиkenің ұзатылайын деп жатқанын, Мәликеге молла шешен үш күн сабақ беретінін естиді. Таң намазынан бұрын үш күн үдайы молланың жолын торуылдап, екі жүзден алтын шашып, ақыры жолығады.

*Молла шешен:
Ей балам, мен айттайын тыңда, – дейді,
Мәликеден енді үміт қылма – дейді.
Ертеңен қалдырмай жәнелтеді,
Әуре оның үшін болма – дейді.*

*Жәнеліп кетті мүлкі қырық күн бұрын,
Ақылын таба алмадың еркін мұның.
Күйеуі бір патшаның шаңизадасы,
Көрген жоқ Мәлиkenің көркем нұрын.*

*Күйеуі Мәлиkenі көрген емес,
Қалыңдық ойнап, мұнда келген емес.
Алдыңған үйде жатып, ол данышпан,
Екеуі бір-бірін білген емес.*

*Ешкімге көрінбей қайт, жаным дейді,
Болмаиды бұл ісіңнің сәні дейді.
Біреу білсе, өлерсің, деген шақта,
Қағира сөз сөйлейді тағы да енді.*

*Мәлике қамданды ма жөнелуге,
Болмайды екен енді мұнда бөгелуге.
Біздің дағы көңіліміз дауаласын,
Себепші болшы тақсыр бір көруге, – деп Қағира да сұра-
уын қоймайды. Молла шешендей көндіріп, қызды көрмекші бо-
лады. Молла шешен:*

*Ендеше киімім ки менің дейді,
Сілтейін Мәлиkenің жөнін дейді.
Басынды бүркен-дағы пердені сал,
Көрмесін ешкім сенің жүзін дейді.*

Бірінші қақпада екі күзетші, екінші алтын қақпада үш кү-
зетші түрғанын, кіргенде еш кідірмеуді ескертіп, ар жағынан
Мәлиkenің өзі келіп таққа отырғызып, пердесін ашатынын
түсіндіріп айтЫП:

*Пердеңді ашып алған соң қыз көрерсің,
Біткені сол арада демің қалың.
Қыз қылыш ала үмттылса шабамын – деп,
Есіңе ала түрғайсың мені жаным.
Жаныңнан қорықласаң қыз көрерсің,
Қайла жоқ бұдан басқа енді жаным, – деп жылап-еңіреп
Қағираны Мәлиkenің үйіне шығарып салады. Қағира бар қағи-
даны бұлжытпай орындал, Мәликеге де жетеді.*



Аға зоотехник Усенов Амангелді мен Қожаназарқызы
абдолланың жалғыз қызы – Зияда. Мамандығы есепші



роном Амангелді Халықұлы мен Күлжиян той үстінде.
Мамандығы – есепші



Еңбек ардагері, Алтын белгі иегері – Акимбекова
Жібек Омарқызы, жолдасы Мұқатай балаларымен



Алдыңғы қатарда Бекет,
артқы қатарда Сансызбай Акимбековтер



Иса Байзаковтың 95 жылдығында, айтыскерлер:
Атқазин Нұрлан, Бисенбаев Қайрбек, Құсанбаев Серік,
Мұқажанов Бейсенбі, Исаханов Базарбай



Қозы аудан Ертіс ауданы чемпионы, шабан – Ахметов
Гафур, жолдасы – Ләzzат, отбасымен 1993 жыл

Өнер жолында



Облыстық «Шаңырак» орталығының директоры, ақын-сазгер, ҚР енбек сінірген қайраткері – Тлегенов Ермұрат Нықатұлы



Ертіс аудандық ішкі саясат, мәдениет және спорт бөлім бастығы менгерушісі – Шакірова Гүлзада



Жазушы-журналист
Бухар Жырау музейінің
қызметкери – Беделханов
Айтжан



Потанин атындағы облыстық
олкетану музейінің директоры –
Нурмухаметова Гүлнар
Баркенқызы



Қызылорда қаласында өткен Республикалық
«Ғасырлар үні» жыршы-жыраулар конкурсына
Павлодардан қатысушылар



Көп жылдар өткен соң көздесу. ҚР еңбек сінірген қайраткерлер.
Сол жақта атақты жыраулардың бас сардары Қызылордалық
Алмас Алматов. Ортада байқаудың арнайы жүлдегері –
Бисембаев Қайырбек. Атақты әнші – Ербол Рысқалиев



Бұхар жырау атындағы музейде шыгармашылық кең. Музей директоры – Молдабеков Женис Нұртасұлы, он жақта жүргізуши журналист – Маржан, ЖұматовҒалымбек, қазаки көстюмде, журналист, «Найзатас» журнал. редакторы, – Асыл Әбіл. Менің сол жағымнан екінші катардағы қазаки орнамалмен отырған, журналист, айтыскер-акын – Шолпан Байназар, журналист Балтабаев Рамазан

Тоқтандың бүгінгі иегерлері



Айтенов Еркін,
жолдасы Қымбат, баласы



Нұрмагамбетов Дүйсенбай,
немересі мен балалары –
Дәulet, Елдар



Жетпісов Ерлан, әкесі – Халел, анасы – Шакар,
келін немерелерімен



1980 жылдар ішінде Павлодар орыстаннып кетті. Олардың айтышкер-акындар шыға кою тәуекел деп, күдікпен караған. Павлодардан шықкан жас қырандар, айтышкер-акынлар тобы. Ермұрат пен Асылғатын шекіртері



Панфилов аудыл мектебі. Ертіс ауданы бойынша алдыңы қатарданы мектептердің бірі болып саналады. Мектеп ұжымы Орталда, козайліркіт, мектеп директоры – Абдраев Даражан Абылхайырұлы



Тоқта мектебінің ұжымы



Айнакөл ауылы. Ауған ардагерлерімен кездесу: Ауыл молласы – Бисембаев К., Сауле Каримбаева, Алыпқашев Абай, Кусаинов Оразбек, Кишеренко Александр, ұстаз – Сабитов Асқар, екінші қатарда, онынан бірінші ауыл әкім Валиев Мирхат Фархатович, әкімнің көмекшісі – Жанар Жақсылық қызы, оқушылар мен түркіншар.



Өүлөт. Немерем Абылай баласы Арланның тұсай кесер тойы



Панфилов ауыл акімі Карибаев Асылбек,
жолдасы Гүлнар Амангелдықызы, қындық аке-шешесімен



Достар: агроном – Досанов Ж.,
зоотехник – Ботбаев З.,
мтф бриг. – Бисембаев К.,
сатушы – Батбаева Маржан



Москва ВДНХ

*Мәлике ар жағынан келді жетіп,
Келгенін молла шешен құрмет етіп.
Қолынан үстап таққа мінгізді де,
Ашуға бүркеншігін тұрды күтіп.
Пердесін бетіндегі алады қыз,
Бетіне устазының қарады қыз.
Қараса – танымайтын бөтен адам,
Шошынып таң-тамаша қалады қыз.
Мәлике түре келді ашуланып,
Қылышын қолына алып, қатуланып,
«Сен менің сарайыма қайдан келдің.
Ақырды, – тастайын деп басыңды алып! – деп қыз
қаңарланғанда Қафира:*

*Мәлике бұлай ашу қылма дейді,
Сөзімді менің айтқан тыңда дейді.
Мен де өзіңдей бір падишаның жалғызымын,
Жіберді молла шешен мұнда деді.*

Ақыры тіл табысқан екеуі Қағираның жолдасы падишаның баласы Таймысқа бармақшы болып келіседі. Мәлиkenің шартты: Қафира қызша киініп, осы арадан ұзатылып кетуі керек.

*Мен мұнда қалған шақта сен өлесің,
Өзің өліп қалған соң не көрерсің?
Егер барсаң ойлама өлмеймін – деп,
Достың мен ғарыздасып жөнелерсің.*

Осы сөзге Қафира «аят оқып, ант ішіп, қыз болып ұзатылып баруға серт береді.» Мәлике өзін тапқан анасының ол дүниелік екенін айттып:

*Ақ күмбезді анамның қабірі бар,
Есігі тартып ашылып, жабылады.
Тірі жанға сездірмей түнде барып,
Сол тамға сіздер барып, бекініңдер.*

Мәликемен үағдасын бітіріп, Қағира Таймысқа келіп, қыз болып ұзатылып кететінін айтады.

Таймыс:

*Қыздың маган керегі болмас – деді,
Сенсіз жерде көңілім тынбас – деді.
Сені көрмей бір сағат тұра алмаймын,
Қой, достым, қайғың ішке сыймас деді.*

Қағира:

*Айтты үағда біткен – деді,
Енді қилас болмайды серттен – деді.
Қыз алаіық мен кетпеймін бір жолата,
Ажалсыз жан шықпайды, достым, деді.*

Таймысты мойындағып, там ішінде қызды тосады. Ана-ма «ясин» оқып келемін деп әкесін алдаған Мәлике зиратқа жалғыз келеді. Қағира Мәликенің киімін киіп, қыз болып кете барады. Бірнеше күн перде жамылып, дидарын ешкімге көрсетпей, келін болып түседі. Келіннің алдынан шығуға ханның қызы да келеді.

*Алдынан ол қыз шықты жеңгесінің,
Не керек қисабы көп өзгесінің.
Қағира бұны көріп, шукір етті,
Өзінің Мәликедей теңдесінің.*

Ханзада үйде жатып, алыстан алдырған қалындығын көруге ойланады. Мұны сезген Қағира атасына сөз салады.

*Алыс жолдан мен келдім жүдеп дейді,
Сураймын соның үшін тілек дейді.
Бұл күнде балаңызға көрінуге,
Сескеніп, қорынып тұр жүрек дейді.
Бұрынғы өз өңіме келсем екен,
Бұрынғы шырайыма еңсем екен.*

*Бір жеті күн тынығып шырайланып,
Содан соң балаңызға көрінсем екен.*

*Атасы келін сөзін қабыл алды,
Тілегін алсын балам тағы және.
Бір жеті күн өтпей жүзін көрмесін – деп,
Падиша баласына әмір салды.*

Қағира жеті күннің ішінде ертегі-әңгімелер айтып, қыздарды үйықтатып тастап, хан қызына қол салады.

*Қыз шошынып, оянып түрегелді,
Ғажайып, әй- жеңеше, бұл не – деді!
Бұның-дағы кеудесінде жаны жоқ па?
Алған соң бір ыңғайлап жібермеді.*

Қағира:

*Атаң маған келін бол келсін деген,
Екеуі бірін-бірі көрсін деген.
Екеуі бірін-бірі қабыл алса,*

Осындай ынтымаққа енсін деген, – деп ханның қызының көндіріп, киім-кешек, ас-суларын алышп, екеуі екі арғымаққа мініп, түнде ордадан қашып шығады. Алдында қырық күнге үағдаласып, «осы күнде келе алмасам, менің өлгенім, мені күтпей, жүре беріндер» деп кеткен Қағира «бүгін қырық күн, ол енді өлді, ертең жүреміз» деп қайғырып отырғанда келіп жетеді. Екеуі екі патшаның қызын алышп, «баламыздан айрылдық» деп зарлап отырған ата-аналарын қуантады. Таймыс әкесінің орнына патша, Қағира уәзірі бол мұраттарына жетеді.

Менің айтпақ болған қиссамның мазмұны қысқаша осылай өріледі. Шорман молла жырлаған бұл қисса 800 жолдай. Мен бұл қиссаны 17—18 жасымда әкем Жақия марқұмнан естіп, ауызба-ауыз жаттап алышп едім. Ол кісі өте қиссашыл

адам болатын. Екі-үш тәулік жырлағанда бір қиссаны екі қайтала маіттын еді. Шығаруши Шорман молланы Қожа тұқымынан дейді. Ал оқиға һарон Рашид заманында болған дейтін.

Жасым қазір сексенге таяды. Осы жылдар ішінде небір өлеңшілерді көріп, естідім. Дегенмен, олардың аузынан бұл қиссаны ешқашан естімедім. Тіпті, кітап бетінен де көре алмадым. Мүмкін қазіргі күні зерттеліп, жарыққа шыққан шығар. Әйтеуір, құлақ түре жүріп, көп іздендім. Ақыры іздегенімді ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан атамыздың еңбегінен таптым.

VII ғасырда Жетісу өлкесін қытайлар билеген. Ғазіреті Әлінің (арабтардың) Талас, Шу бойын «Исламға» кіргізіп, қытайларды қуады. Талас-Түркістан аумағындағы шаһарларды шын-машын деп атаған қыз әкесі Фагафор орта Азиядағы қытай елінің падишасы ғазіреті Әліның бір баласы Садуақас дін үстінде қытай барған деп жазыпты. Қытай ішінде «Хо-Хо» деген тайпа мұсылмандыққа сол кезде кіргізілген. Менің мақсатым халықтың өз мұрасын өзіне жеткізу болатын. Ол ортаға жеткізе алмағаным өкінішті.

«Ғасырлар үні» республикалық байқауына қатысушыларды марапаттау рәсімі мен жыр шеруінің салтанатты жабылуы кешкі сағат сегізде басталып, онға дейін ұласты. Салтанатты шара Қызылорда облысы әкімінің қатысуымен етті.

Қазақта «Болар бала бағынан» деген қанатты сөз бар. Осы кеште Қарағанды өңірінен келген талантты жас бала жүртты аузына қаратты. Жайылған кілем үстіне отыра қалып, «Алпамыс батырдан» үзінді орындал берді. Қысылып-қымтырылу дегенді білмейтін өжет екен. Мінезі де ойнақы. Біреу бірдене десе, дереу өлеңмен жауап береді. Сұрастырып білсем, бұл баланың әке-шешесі жұмыстан қолы босамай, осында әпкесі ертіп келіпті. Жас таланттың үмітін үзбей, бетін қайтармай, барамын деген тілегін жерге тастамаған әпкесіне жарайсың дедік. Бұлар бізден екі күн бұрын келіпті.

Баянғали «Қобланұды батырды» үн таспаға түсірмек болып, студияға арнайы шақыртқан екен. Атам қазақ намысқа күлгендे жаттың өзін жақынға санаған ғой. Ер намысы – ел намысы. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген өнерпаздың өрқайсысы озып шыққысы келеді. Әркім өз аймағының жүйріл бәйгеден озса екен деп қалайды. «Аталастың аты озғанша, луылдастың тайы озсын» деп тілеген ата жолымен жас бала-ның өнеріне тәнті болған арқадан барған біздің делебеміз қозды-ай! Жас талап Дидарға алғысымызды айтып, төбеміз көккө жеткендей болды. «Атаң Мәдидің жолын бермесін, жүргегінің іугін, таңдайының желін берсін, даңқың одан да зор болсын!» деп батамызды бердік. Бұл бала құлын күнінде топтан озған әудүйінди ақын Дидар Қамиев еді. Келесі күні қонақасыдан кейін Қорқыт атаниң ескерткіш-кесенесіне барып, сол жерде-гі музейді көру мақсатымен Қармақшыға жол жүрдік. Біз кел-тепеңдері бері қарауылдай қорып, барлық жағдайымызды жасап, үақытылы үйқымыздан оятып, ішер асымызға дейін қадаға-лап бәйек болып, қамқоршылық танытып жүрген Қармақшы әудандық мәдениет бөлімінің қызметкерлері бізді арнайы бөлінген көлікпен алып жүрді. «Қазақ сұраса, білісе, таныса келе, құрығанда қарын бөле шығады» дегендей, жол қысқарту жөнімен әңгіме тиегін ағытып келеміз. Сөз арасында бір азамат: «Сіз біздің ағамыз болып шықтыңыз ғой. Біз осындағы Кіші жұз ішінде Керейт тайпасынанбыз. Сондықтан түбіміз бір», – деп мынандай әңгімені айтты. Ақсары Керей Құрманұлы Марал ишан баласы Қалқай ишан екеуі Қармақшыға қарасты «Әулие көл» деген жерде жатыр. Қызылордада сек-сенге тарта әулие болса, солардың екеуі осы кісілер. Ишандардың басына кесене тұрғызылып, шырақшы қойылған. Тағдырдың тәлкегіне түсіп, басы ауырып, балтыры сыздаған адамдар осы әулиелердің басына келіп, дұға етіп, түнеп қайтады екен. Осы әңгімені мен Астанадан Қызылордаға кетіп бара жатқан

жігіттерден де естіп едім. Олар: «Павлодардан құдалықтан келе жатырмыз. Құдаларымыз Шәкен Айманов көшесінде тұрады» деп еді. Түптері – Уақ. Олардың бірі: «Есімім Мұсабаев Бисенбек болады. Сәрке батыр көшесі, 25-інші үйде тұрамын» деп маған мекенжайын да жазып берді. Бұлардың айтуынша, Шалқарда Керей және Уақ тайпаларынан отыздан аса отбасы тұрады екен. Бір-бірін туыс санап, өзара қыз алсып, қыз беріспейтіндерін де алға тартты. Марал ишанға кесене тұрғызғанда Нағманов Қажымурат пен Омаров Әлиасқар арнайы келіп дұға оқытты деп еді. Жазушы, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мұсірепов өзінің «Ұлпан» романында Марал ишан туралы аз болса да деректер жазғаны барды. Бірақ толық өмірі туралы еш нәрсе айтылмап еді. Сондықтан мына жігіттер айтқан деректер мен үшін басты олжадай болды. Кіші жүзден шыққан ақын Сейтжан Омаров жазды дейтін поэмадан үзінді оқып едім. Сол үзіндіде:

*Марал ишан жам тауында,
Пірге барып болды жолдас.
Бірнеше күн болғаннан соң,
Қырық мың аруақ болған жолдас.
Оттар шығып ауызынан,
Зікіріне болады мас, – деп суреттеліпті.*

Омаров Сейтжан ақынның тубі – Қыпшақ. «Халық жауы» деген жаламен атылып кеткен соң, ақынның еңбегі үзін-ді-үзінді қалыптен ел аузында сақталған. Марал ишан Тобыл бойында мешіт тұрғызып, шәкіртерге сабақ береді. Патша үкіметі бұл іске қарсы болып, мешітті жаптырады. Ал Марал ишан Тобыл бойындағы мұсылмандарға қарсы ғазауат жарияладап, үкіметке мешітті қайта аштыртты. Бұл өңірде әрі қарай өмір сұру қауіпті болғандықтан, Тобыл бойынан Сыр өңіріне кетуге мәжбур болған.

Қорқыт ата кесенесіне бармастан бұрын Шиеліде Шамшат пен Арзула ақындарды еске алу рәсімі өткізіліп, ас беріл-

мекші екен. Бірақ бұған үақыттың болып, біз Қармақшыға тұра тарттық. Жол бойы биік-биік кесенелері көз тарты небір анықтар әулиелердің, аяулы ел ағаларының қабірлері жатыр икен. Осы өңірді жақсы білетін азаматтар жол бойындағы кесенелердің қайсысы кімдікі екенін, олардың қысқаша тарихын айтып, бізге жан-жақты түсінік беріп отырды. Алыстан қырағанда кесенелердің күнмен шағылышқан аппақ мұнаралары ол дүниеліктен емес, өмірдің қайнап жатқан қазаны бар іршілік шаңарынан елес бергендей. Мүмкін әулиелер соңында қалған үрпақтарын желеп-жебеп жүрген болар. Әйтегір бір гажайып көріністің елесі анық сезіледі.

Әулие-әнбие, қайсыбір жақсы адам туралы мәлімет-дерек айтып, олар жөнінде мол мағлұмат-түсінік бермек түгілі өзінің аке-шешесі мен балаларын еске алмайтындар да бар ғой арамызды. Ал тамырлы тарихтан сыр ақтарып, өткенді көз алдымызға әкеліп, санамызға талай мағлұмат-деректерді қүйған білікті азаматтарға Алланың нұры жаусын демекпін.

Арзула Молжігітулы мен Шамшат Төлепованы еске алуға арналған Құдайы ас Тұрмағанбет Ізтілеуов атамыздың кесенесіне жақын жерден тігілген екі ақбоз үйде берілді. Башқұртстаннан келген бауырымызға Тұрмағанбет бабамыздың басына дұға оқу тілегін білдіріпті біреулер. Тұрмағанбеттің кім екенінен бейхабар, мұрнына оның тұлғасы мен шығармашылығының іісі де кіріп шықпайтын бүл бауырымыз «алхамды» оқып, жұрт естір-естіместей міңгірлеп, бетін сипады. Ас үстінде Арқадан келіп, арқам қозған мен бата беріп, дұға оқуды өз мойныма алдым. Жалпы, Павлодар өнірі, ол жақтың қазақтары дегенде «олар орыстанып, шала қазақ болып кеткен» деп осқырынып шығатын ағайындар «мынау қайтер екен» дегендей екі көздерін маған қадай қалысты.

Аруағынан айналайын Мәшіүр бабамыз намысты қолдан жібертпеді. Тұрмағанбет бабамыздың жаны жәнннатта

болғай. Арзуланың «Шиеліде туып, Сыр жайлаған» деген өлеңінде жерлес батыр, ақын бабамыз Иманжұсіп туралы мынандай жолдар бар екен.

*Шиелі – ата мекен, жайнаған жер,
Жаз болса Сарысуды жайлаған ел.
Иманжұсіп құс салып, ит жүгіртпіп,
Сәкенмен серуен құрып ойнаған жер.*

Тағы да:

*Жеттіс жыл еркімізбен жүрмелеп едік,
Мың шүкір, ел болып шықтық іргеленіп.
Қазағым салт-дәстүрін құрып жатыр,
Біз елміз дінге берік, ділге берік, – депті.*

Бұл сөздер бізді күстәнәлап, қаралағандарға үлкен соққы емес пе? Әттең, елдің бәрі осылай түсінсе ғой.

Уақыт зымырап, тез өте шығады. Тұс ая Қорқыт ата кесене-музейіне келіп жеттік. Кесене темір жол бойына жақын, Сырдариямен арада орналасқан екен. Алыстан зер салсан, биік дуалды қорған тәрізді көрінеді. Дуалға шығатын бас-палдақтың аузында қақпа тәрізді екі бағаналы босағада екі шырақ жанып тұр. Отқа екі алақанымызды төсеп, жылыштып, бет сипау рәсімін орындадық. Бұл – Қорқыт ата Шаман діні дәүірінде өмір сүрген деген ұғыммен істелінген ишара. «От – Ана, жарылқа!» деп, жаңа түскен келіннің бетіне майды қыздырып жағу дәстүрінің бір сипаты тәрізді. Бірақ бұл – қазақ отқа табынды деген сөз емес. От – тіршіліктің қуаты. Атам қазақ қорықса да, қуанса да, тоңса да отқа жақын жүрген, от – шырақ жаққан. Келіннің бетін сылау – «бетің зәрлі болмасын, нәрлі, жүзің жылы да нұрлы болсын» дегеннен туған ырым. Беті ажарлы, міnezі жұмсақ адамды көргенде қазақ: «Қараши, екі бетінен май тамып тұр» немесе «Екі бетінің үйізы шығып тұр, жақсы адам екен деп дәріптеген. Ал міnezі шатақ-шәлкес

ідамды көрсө: «Екі беті сүп-сүр болып, заңар (у) шашып тұр» деп жақтырмай, керісінше, сөгеді. Алла екі бетіміздің заңарынан сақтасыны! Жалпы, «Шаман» деген дін жоқ. Ол – тек бақсылық, сәуегейлік өнер.

Кесене баспалдақтарымен жоғары көтерілгенде, ескерткіштің Сыр өзені жағындағы қабырғасына төбесі шошақ тағы інкі күмбез орналастырылыпты. Бірі ошақтың үш бұтына үқсас, тобесі тас шатырлы. Мұнда бірі қысқа, бірі үзын, бірі жуан, бірі жіңішке – түрлі пішіндегі түрбалар бекітіліпті. Міне, осылардан желдің ырғасына қарай қабыздың түрлі сарындағы үні шығып тұрады. Күмбездің екіншісі – екі қабатты. Бұлардың аралары метрден астам. Ішкі қабаты алақанды тигізіп, ниет-тілек ету үшін жасақталған. Ішкі-сыртқы дыбыстар бір-біріне мүлде естілмейді. Күмбез іші электр қуатына қосылып, жарықтандырылыпты. Шығар есік біреу ғана. Басы артық есікті де, тесікті де аңғармадым. Кесене қабырғасына қолымды тигізіп, мен де дұға етіп, тілек еттім.

«Я Алла! Осының барлығы – тек Өзіңнің құзырыңмен ғана болған дүниелер. Алла, тек Өзіңе шүкіршілік етемін. Елімізді, халқымызды, отбасымызды әрдайым жарылқап, аман-есен ете көр. Бұл менің меніреу тас қабырғаға сыйынғаным емес, дәстүрді сыйлағаным! Дұғамды қабыл ет, Алла!» – деп дұға жасап, дәлізben кері шықтым. Биік дуалды қорғаның үсті жалпақ текше тәрізді, көлемі екі үйдің аумағындағы болып қалар. Ортасы төмен баспалдақты, циркітің аренасы тәрізді. Баспалдақтарға кілемшелер төселген.

Жыр десе, ішер асын жерге қоятын Сыр халқы өнер до dasы туралы хабарды ести сала, «жақсыны көрмеккे» деп ағылыпты. Қармақшы ауданының әкімі өзі бас боп келген соң, халқы қалсын ба? Қызылорданың өзінен барған 30—40 адамды қоса есептегендеге үлкен бір жынын boldы. Әкім құттықтау сезін тамамдағаннан кейін қазіргі Сыр сүлейлерінің бас сар-

дары Алмас Алматов сүйікті екі шәкірті әм бас жүлдегерлер Серік Жақсылықов пен Шолпанды екі жағына отырғызып, шамалы концерт берді. Концертten кейін барлығымыз жоғары көтеріліп, ескерткіш суретке тұстік. Баянғали: «Мен – Кереймін! Керейлерің маған таман жақындандар!» – деп айқай салды. Мұны естіген Керейлер де керіліп тұrmай, бізге қарай жақынадады. Шамасы он шақты адам бар екен. Бұлар тек Ашамайлылар. «Керейдің де жүрмейтін жері жоқ екен» деп іштей таң-тамаша қалдым.

Үй күшік бол отырып қалған біздей қарттар нені ұқсын. Мәдениет үйінің қызметкерлері «суреттеріңізді табыстаймыз» деп еді, менің қолыма сурет тиғен жоқ. Музей төменде орналасқан екен. Мұнда жәдігер өте көп. Мені аса таңданырғаны – Қорқыттың қобызы. Шанағы менің құшағыма сия қоймайтын нар қобыз. Қара қошқыл жолақты мойынын сәл иіп, әрқайсысы алақандай екі құлағын қалқытп, аузын ашып саған қарал: «Иә, көнеден қалған көндігер аспаппыш» деп сен-діріп тұрғандай, сенбеске лажың да жоқ. Ғалым атамыз Әлкей Марғұланның зерттеу жазбасында мынандай сездер бар екен:

*Қорқыт қашып ажалдан,
Аңыратады қобызын.
Қобызында көп арман,
Тоқсан толғау, әдемі үн.
Желмаямен желдіртіп,
Ілгері басып келеді.
Күй сарыны жел тасқын,
Күңірентіп келеді.
Тасы құлап жартастың,
Жаңғыртты дағаны.
Құйын бол та үйытқиды,
Ну орманды шулатып.*

*Дауыл боп та жүйткиді,
Көл-өзенді тулатып.
Қас қаққанша кенеттен,
Баурап бәрін билейді.
Боздағандай бебеулеп,
Жас төгеді күй легі.*

Жаңағы қалқан құлақ бұраған қыл шектен қобыз үні бүгін де сарнап-зарлап түрғандай. Енді бұдан былай тек егемендігіміздің әуелеген әсерлі күй сарыны ғана шықса еken деген тілекпен сыртқа шықтым. Музейден шығып бара жатып артыңа қарасаң, Отырады қорғаған бабалардай, дұлығаларын қасқайта киіп, наизаларын берік те нық қыса ұстап, күзетте түрған сарбаз ұландарды көресің. Бұл – ел қорғаған бабаларымыздың арыстандай айбатын, жолбарыстың қайратын асқақтатып түрған әдемі де әсерлі, жарасымды да ұлағатты көрініс.

Корқыттың өз жайы ескерткіш кесенесінен көз көрім қашықтықта. Сырдың балағына жармаса, етегіне оранып, ағысқа қарсы жантая жатыпты. Алыстан төбесі жалпақ жота тәрізді. «Сыр сүлейлері барда сен мәңгіліксің, жатқан жерің жайлы болсын, Қорқыт баба!» деп қош айтып, Қызылордаға кері оралдық.


*Сыр елі, айналайын, бауырым-ай,
Жаздың сен арқамдағы жауырымды-ай.
Кешегі бабалардан қалған үнді,
Жаңғыртып жасартыпсың қалбында-ай.*

*Қазақтың тәрт құбыласын түгендерсің,
Кеше кім ойлат еді болар мұндаі.
Тыйым салған бабалар ұлағат сезі,
Жарқ етті наизағайдың жарқылындаі.*

*Сыр елі, жыр елі деп ежелгіден,
Естуші ем, елім емес бұрын келген.
Құлақ қағыс, көз таныс, көрдім міне,
Әсерім жеткізе алман жалғыз сөзбен.*

*Сардары – жыр сүлейі Алмас мырза,
Тәнні еттің, өнеріңе болдым ырза.
Әр өлкенің өзінің болса Алмасы,
Өркендер жыр өнері, болам күа.*

*Керекудің кер тарланы,
Аяғынан шалдықты.
Сүрінбеске қалмай шара,
Өз обалы өзіне ғой кәрінің
Жастық жалын алыста қалыпты.
Қош Қызылорда! Ғасырлар үні жасай берсін!*



Ауылдың алты азызы

2003 жылы Айғаным Ш. Уәлиханов атындағы университеттің «Физика-математика» мамандығын тәмамдап, Қекшетаудан үйге оралды. Практикасын Тоқта ауылдық мектебінде үштастырып, диплом алған соң осы мектепте жұмыс істемек болып, директорымен келісіп кеткен-ді.

Өкінішке қарай, Айғаным оқу бітіріп келген соң, әүелгі айтқан сөзінде, үәдесінде тұрмаған тайғанақ директор мектептен орын бермеді. «Аудандық оқу бөлімнің менгерушісі «біз директорды зорлап, көндіре алмаймыз, басқа ауылдың мектебіне баrasың» деді» – деп қызыым қатты қапаланып, ренжіп келді. Амал бар ма, оған да құлдық.

Қызыымның ренжіі – олардың жағдайды елемеуінен. Ұл баладан гөрі қыз баланың ата-анаға деген мейірімі өзгеше өріледі, жаны қуйіп-пісіп тұрады. Анасы осы ауылдың ауыр жұмысында – сауыншылықта жүріп, іштен жарық (грыжа) алған еді. Оған қарамай, балаларымды жеткіземін деп жұмыстан қолын үзбей, ауруын асқындырып алып, ақыры пышаққа (операцияға) түсіп шықкан. Дәрігер «Сізге бір жылға дейін еш ауыр зат көтеруге болмайды. Егер жан қымбат болса, осы талапты қатаң сақтаңыз» деп жазып берді. Үйдің тіршілігінде таусылмайтын күйбен қөп. Сол бітпейтін шаруамен зыр жүгіріп жүріп, еріксіз бүгілесің, еріксіз оны-мұны затты көтересің. Ауылдың тұрмысында жеңіл жұмыс-шаруа бар ма?

Кенже қызыымыз Толқын – Павлодардағы С. Торайғыров атындағы мемлекеттік университетінің студенті. Үйдегі анасына көмектесіп, жәрдемдесер, қолұшын берер өзге ешкім болмаған соң, тұрмыстың ауырлығына қарамай, Айғаным «қайғысызға қара су да ас» деп, шешемнің жанында боламын деп шешті.

Осы аралықта тірлігіміздің несібесі деп өсіріп-өргізіп отырған малымыздан айрылып, менің де дегбірім кетіп, тынысым тарылды. «Жылқыны жау алды, басты дау алды» дегендей, жылқылар мен тәрт сиырды ұрылар үлтеп кетті. Қорада қалған тәрт бұзауға қарап, қансып қалғанбыз. Таңның атысы, кештің батысы енесін таппай, сут іздел, азына-мөніреген бұзауларға сексеннен асқан қарт анам қосыла жылағанда, жаһымды қоярға жер таппаймын. Ақпен күн көріп отырған ол да жас баладай егіледі. Қолды болған малды құқық қорғау органды таппады дей алмаймын. Бірақ олардың өзі «Алаған қолым береген» дегеннен аса алмаған тәрізді. Өкінішке қарай, қоғамдық тәртіп пен тыныштықты сақтайды, құқығымызды қорғайды дейтін солардың кейбірінің қылышы осылай айтуда жетелейді. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) бір хадисінде «Зорлықшыл жазасын тартып өтеді» дейді. Алған қарызда да Алланың аты бар. Аларда Алланы ауызға алып, ренжітпеймін дейсің. Ал ұрыда Алла бар ма?

Толқыным оқуға түсерде Бақыт Лама-Шариповтен алған қарызымды да екі жыл бойы қайтара алмай қатты қүйзелдім. «Жомартқа мың да аз, сараңға бір де көп» дейді, екі мың теңге қолы ұзынға көп дүние де емес. Шал ақынның: «Сасқанда қолдың ұшын бергенді айтшы» дегеніндей, Қызыымның Павлодарға дейінгі жолақысын таба алмай, қиналыш-қысылып тұрған да «сегіз жұмактың аузын ашып бергендей» мені қуантып еді. Мен де оған әрдайым қуаныш тілеймін. Ол кезде Бақыт Ертіс аудандық оқу бөлімнің менгерушісі еді. Қашанда асығы алшысынан түскендердің мұраты асыл болмақ. Қаламның қарымтасын үақытылы қайтармағаны үшін ши жүгіртіліп, ақыры орнынан түсірілді.

Не керек, біздің ендігі күн көрісіміз отанасының тәрт мың теңге зейнетақысына қарап қалған-ды. Оның өзі үақытылы қолға тие қоймайды. Тиген күнде де алдына ала қарызда-

нып-қауғаланып, оны-мұны керек-жарақты жаздырып алған дүкеннің қарызын санап береміз де, келесі зейнетақыға асыға алақан жаямыз. «Жаманың үйі түссе, күйі түседі» дегеннен аулақпыш әйтеуір. Тіршілік жасап, талпынуда едім. «Жаманға ісің түссе, аспан жерге жабысады». Не де болса жағдайымды алға тартып, аудан басындағы жақсыларға барайын деп жолға шықтым. «Бастан бақ тайса, жақының да жат болады» дегендей, қорадан мал, қолдан қауқар кетіп, тығырыққа тап келген жағдайымды көре-біле тұра мектеп директорының көрсеткен қылышы жүйкеме тиді-ау деймін. Қатты күйзелістен жүрекке салмақ түсіп, оқу бөлімі ғимаратының сыртқы табалдырығын аттай алмай құлап, ақыры ауруханадан бір-ақ шықтым. Оқу бөлімінің бас маманы Сағынаев Жаңбырбай Бекейұлы жедел турде ауруханаға жеткізбекенде, жағдайым мүшкіл болады еken. Мың қунгі көрген жақсылықты бір сәттік қана бейнет өшіреді. Оны басына түспеген, баспаққа мінбеген адам қайдан түсінсін.

Аяқты баса алмайтын жағдайға жеткен мені жас маман, аурухана дәрігері Ринат Бақтыбаевтың жанашырлық ілтираты, ықыласы ерекше жігерлендірді. Оның науқас жанға деген дәрігерлік мейірімінен баланың әкеге деген махаббатындай көзқарасты сезіп, дертіме шипа, жаныма дауа таптым. Ақ же-ленді аbzal жанның шипалы қолы мен есімінің арқасында сырқаттан айығып, ауруханадан аяғымды алшаң басып шықтым. Жоқты бар ету – Аллаға ғана тән, барды жоқ қылатын – Құдайсыз жан. Ауруханадан үйге оралсам, білім бөлімінің маманы Ж.Б. Сағынаев қызыымды жұмысқа орналастырыпты. «Жақсылың нұры шалқығай» деп осындей азаматтарға қаратастылып айттылса керек.

Тіршілікте қолдау көріп, жанашырлығын сезінген осындей арда азаматтарға және туған қызыымдай қызмет көрсеткен медбике Гүлжанатқа алғысыымды білдіріп, ойымды, ықы-

лас-ниетімді өлең сөзбен өрнектеп, «Ертіс нұры» газетіне беріп едім, ондағылар «жә» деп алып қалып, соңында мүлде жарияланбай қалды. «Дейді»-ге сенбейін десем де, өлеңде сөз етілген кейіпкерлерімнің бірі газеттегі қызметкердің біріне жақпағаны ақиқат еді. Ешten кеш жақсы, ағаш басындағы жақсылықты аяқ асты тастамай, енді осы еңбегім арқылы жеткізілмей қалған алғысындағы білдірмекпін.

Қазақ қуанса да құрмалдық, қорықса да құрмалдық, Алладан тілек тілесе де құрмалдық атайды. Аллаға деп атаған құрмалдығымды сойып, елдің батасын алып, азырақ тыныстап жүрген күннің бірінде ауыл әкімі Естаев Тілеміс іздел келіп: «Мен сізді аудан орталығына жеткізейін деп әдейі іздел келдім. Шәріп Қазымұлы мен Бақыт Қайыркенқызы кезек-кезек телефон шалып, сізді аудан орталығына жеткізуімді ұрады. Не жағдай екенін айтпады. Міне қазір жүреміз», – деді.

Осы жылы маусым айында Алматы қаласынан Құрманғазы атындағы ұлт аспаптары оркестрінің бір тобы Ертіс ауданына концертпен келген еді. Жетекшісі – Социалистік Еңбек Ері, Халық жазушысы Ғабит Мұсіреповтің немересі Еркебұлан Мұсірепов, дирижері – Халық әртісі, ҚР Еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, композитор А. Жәмиев. Өнерпаздар құрамында атақты жерлесіміз, опера әншісі Шаңмардан Әбілов сынды өнер майталман да бар.

Алатрудың асқар шынынан қиялай үшқан ақыық қорқау берінің апшысын қалай қуырса, Алматыдағы Құрманғазы атындағы өнер ұжымының шәкірттері де нарықтың өкшесін жерге тигізбей құалап, халықтың еңсесін көтеру үшін арнайы ел аралап, Ертіс өңіріне келіп жеткен беті еді. Еңсесі биік халықты дау да, жұт та, жау да алмайды. Нарық қыншылықтары қысып,abdýrap қалған халық өз беттерімен еш харекет жасай алмай, озбырлары бардың қолындағысын ұрлап, момындары алақанды үкіметке жайып отыруды машыққа

айналдырудан әрі аса алмай отырған тұс еді бұл. Қазақтың сана-сезімі әлдеқашан оянса да, ескіні есіркеп, жаңаны жатырқай жүретін әдетімізben алға қарамай, артқа айналышықтай беретініміз де шындық.

Қай кезеңде болмасын, халық үнемі орталыққа қарайды. Ол кезде аудан орталығының келбеті көзбен көрген жаңа адам айтса нанғысыз әбден талқандалып, берекесі қашқандай еді. «Бала жеңіне қарап өседі» демекші, «ағасына інісі тартқандай» аудан орталығының кейпіне совхоздар да түскен-тұғын. Тек тәрт совхоздың орталығы нарық талаптырына сәйкес жаңа құрылымға көшкенде өздерінің асқақ болмысын сақтап қалды. Олар: Қосағаш – директоры Солтанов Темірхан Тоқбергенұлы; Тәжірибе шаруашылығы – директоры Асқаров Сапарғали Уәшүұлы; Панфилов – директоры Шабенов Қайыржан Дәulet Шиабиденұлы; Абай – директоры А.Н. Миллер. Аудан орталығының келбетін кеше ғана Сыздықов Тито Уақапұлының әкім болып тұрған кезіндегімен салыстырғанда жүнін жұлған тауыққа үқсатуға болады. Тито Уақапұлы Югославия кәсіпкерлерімен келісім жасап, соның нәтижесінде салынған қаншама үйлер, диірмен кешені, шағын ет комбинаты, бұрын да нан, сыра заводтары, К-700 тракторын жөндеу заводы, екі қабатты мейрамхана, а/парктер тұрғызылған еді. Бүгінде соның барлығы да істен шығып, құр үйінділерге айналған. Жақсыдан қалған көз дейтіндей тек Титоның Югослав шеберлеріне қазақтың киіз үйіне сәйкестендіріп салдырған нан-тоқаш наубайханасы ғана сақталған. Әзірше бұл наубайхана жергілікті халықтың сұранысын өтеуде. Кейін оның қатарын Аманкелді Талапкерұлының диірмені мен наубайханасы толықтырды. Бұрынғылар тас-диірменді «тас-ана» дейді екен. Халқымыз диірменнің тасын киелі санап, оны бүлдіруге, үстіне отыруға да рұқсат етпеген. «Ол сенің анаң тәрізді – асыраушың» деген. «Тас-анасы барлар жұтамайды» депті үлкен-

дер. Тас-анаға байланысты аңызды ел аузынан естіп білді ме екен, Тито Үақапұлының көрегендігінің арқасында әр совхоз орталығында асхана, наубайхана ашылып, дійрмендер тұрғызылды. Өкінішке қарай, солардың бірді-екілісі ғана сақталып, өзгесі қиратылды, сатылды, талан-таражға түсті. Осы түсқа тап болған жаңа әкім – **Абызбай Адамұлы Адамов**.

Абайдың: «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, үнінің тәтті оралған мәні оятар» деген ұлық сезін еске алып, қысылтаяң, күйзелген кезеңде, ең бірінші халықтың көңілін көтеру мақсатында шақырылған өнерпаздар еді. Қазақ көңіліне ұнамсыз нәрсе естісе, «Әдірем қал, өзгесі келісіп, енді сол қалып па?! – деп бір жағынан кейістік білдірсе, екінші жағынан мұқату, кекету, көре алмаушылық, қызғаныш сезімін танытып жатады. Аузы қисайып кеткен біреулері болмаса, бұл иғі істі жақсылықтың нышаны деп сезінген халық Мәдениет сарайына лық толды. Жақсыны көрмек үшін деп, «Тоқта» ауылдан әкіміміз Тілеміс бастаған біздер де тобымызben келіп жеттік. Концерт басталысымен Құрманғазының озбырдың тәбесін тескен, мұндының көкейін кескен бірнеше күйі орындалды. Артынша аса қадірлі ағамыз Нұрғиса Тілендиевтің сиқырлы сазды шығармалары орындалып, қошемет қылған көрменнің жан дүниесін айрықша рахат сезімге бөледі. Әсіресе, «Аққу» күйін сыңсытқанда «Қыз-Жібек» фильмін көрген кейбір азаматтар таң-тамаша болып, «осы күй «Қыз-Жібекте» де бар емес пе еді» деп бір-бірінен сұрап жатқанын құлағым шалды.

Ауылдық жерде қазақтың қара домбырасымен ән салынбаса, қариялар айтпақшы, концерттің сәні де, мәні де болмайды. Сұлу қарындастарымыз домбыраға қосылып, халық әндерін шырқады-ай. Әннің ұраны болған «Шәүпеле» әуелегенде, кейбір ақсақалдар бірге қосылып, тіпті, орындарынан тұрып кетті. Ал опера саңлағы Шаңмардан Әбілов жерлес

Дынышпандарымыз Жаяу Мұсаның, Естайдың, Исаңың әнін ісқақтатқанда лық толы зал дүр сілкінді. Осыдан соң жүректің шинбағандай несі қалды, мылқау жүрек болса, әңгіме басқа. Концерт аяқталысымен сағна төріне аудан әкімі Абызбай Адамов көтерілді. Арада он жыл өткен соң, Ертіс ауданына әкім болып қайта келгелі бірінші көруім. Ақ көңілдің ажарымен, салиқалы да салмақты ойдың базарымен, жорға журісінен танбаған тұлпардай, қара сөзге шешен, қазақ ғурпына кесем әрі майталман Абызбай жағымды, жұмсақ қоңыр дауысымен Алатау баурайынан арнайы келген оркестр ұжымына Ертіс ауданы халқының атынан, аудандық әкімшіліктің атынан алғыс ғілдірді. Сонымен қатар, үлттық дәстүрмен Шаңмардан бауырымыздың иығына шапан жапты. Концертті көретындей отырып, мен де жанымды баураған әсерді, алғысымды білдіріп, ойымды өлеңмен өрнектеп, қағаз бетінен түсіріп алған өдім. Абызбайдың салтанатты марапаттауынан кейін сахнаға котерілдім. Алдымен жаңа әкімімізді ауданымызға басшы болып келуімен құттықтап, ісіне сәттілік, жолына ақтық тіледім. Соңан соң рұқсат сұрай отырып, оркестр ұжымына арналған олеңімді оқып бердім.

*Домбыра, сен не деген бақытты едің,
Жеткізген үрпағына бабам үнін.
Екі шек тоғыз перне, тоқсан толғау,
Күмбірлеп күміс көмей сырлы әуенмен.
Бетіңде Құрманғазы табы қалған,
Қос жорға, қос ішекте бабы қалған.
Жайсаң жайран, өктем үн, өксу, сыңсу,
Перненде сиқырлы әуен сазы қалған.
Иса мен Құрманғазы үнделскендей,
Күй мен жыр сар даламда тілдескендей.
Ақ Жайық, Есіл, Ертіс қолтықтасып,
Төсінде Сарыарқамның сыр шерткендей.*

*Қаршығадай қомданып Иса атам,
Негып тұрсың қаратас бір сілт етпей?
Құрманғазы күйлері топырағында
Аруағың жай жатар ма бір тебіренбей?
Елім бай, өңірім бай, қазақ дархан,
Бабалар, елдігіміз сенің арқаң.
Шанағы домбыраңың сырлы әуенмен
Мұхиттың ар жағын да тамсандырған.
Мирасқор аман болсын үл-қыздарың,
Демейміз шектелдік біз, осы – барым.
Сан бұлбұл, сан Алатау таар әлі,
Сыңсытып айдын көлдің Аққуларын.
Біз ауылдың қазағы бүйірі өскен,
Күйді де түсінеміз көкей тескен.
Сендердей өнерпаздар туда берсін,
Отанды ән мен жырга бөлеп өскен.
Асқарлы Алатаудан сәлем алып,
Еліне Иса атамның келдің талып,
Кіндік қаны тамған жерден шанағыңа
Мың раҳмет, сәлем әкет құйып алып!*

Айтқали: «Аға, сізге көптен-көп раҳмет! Өлеңіңізді маған беріңіз», – деп жақындал келіп, құшақтап, зор ризашылық та-нытып еді. Мен атағы шыққан ақын, не жазушы емеспін. Арқа-сынан ері түспеген жауыр аттай қырық жыл жұмыс істеп, еден сыпышушиның алатын 4000 теңгесімен жуырда ғана зейнет-керлікке шыққан ауылдың қарапайым ақсақалымын. Үлкен дәрежесіне қарамастан, жаныма жақындал келіп, құшағына тартып, алғыс-раҳметін айтуы адамгершілігінің асқақ екенді-гін танытуы еді. Осы көріністің бәрін Шәріп Қазымұлы бейне-камераға түсіріп алып еді.

Далада машинаға мінейін деп жатқанымда аға тағы бір сөз – дегенде, аузыма сөз түспей, жақсыдан басқа не айттым,

Пілемеймін маған бір данасын – деп ескерткенім есімде. «Әкең өлсө, өлсін әкенді көрген өлмесін» дегендей, Шәріптің әкесі Қиындық көзім көрген адаммын. Мүмкін менің ескертуімді еске алып, шақыртты ма екен. Бірақ Тілеміс шәріп пен Бақыт Өңдердегі телефон шалды деді ғой, тегін болмас деп ойладым.

Бақыт аудандық мәдениет үйін басқарады. Мен танып-біл-төл жиырма жылдан астам осы мәдениет саласында қызмет һана келеді. Мәдениет саласындағы жұмыс – шыбық үстіндегі шырылдауықша үнемі зыр жүгіріп, ұршықша айналуды талап еттін беймаза қызмет. Еңбегі еленіп жатса, құба-құп қой. Ішірақ сын бар да, сыралғысы жоқ мамандық.

1989 жылдың шілде айы болатын. Тұс әлетінде ауылдық көңестің хатшысы Сәуле Нұрмамбетова келіп: «Аға, сізді ертіңгі сағат онда аудандық мәдениет үйіне келсін деп шақырды» деді. Қ. Шабеновтың тасы өрге домалап тұрған кез. Қол астындағы мамандарды тас түйін жұдышықтай түйіп ұстал, үүрүнгө болмысынан да қатайып, қүшейіп алған. Планерка-дап кейін ақырындалп бұйымтайымды жеткізіп едім: «Аудандық мәдениет үйі шақырып жатса, барып келуіңе рұқсат. Бірақ ғеретін көлігім жоқ», – деді. Соңан соң, 20 литр бензин алуға қағаз жазып берді.

Мен аудандық мәдениет үйіне жетіп, ішке кіріп келсем, гимназият бос қалғандай тым-тырыс. Бастапқыда ешкімді кездес-тірмей, аң-таң болып тұрып қалдым. Шамалыдан соң бір қыз келіп, мені бір бөлмеге бастап алып барды. Байқасам, бөлме һашу да шу. Өңкей сары мүйіз әйелдер топтанып алған. «Екі әй-ғолдің басы қосылса – базар» дегендей, олар шуылдап-дуыл-дап, тіпті, біріне бірі кезек берер емес. Аңдасам, Бақыт та осында екен. Бет-әлпепті айтып тұрғандай, арса-арса болып герлеген. «Қазір босаймын, күте тұрыңыз» дегеннен өзге еш-норсе айтуға мұршасы келмеді. Әйттеуір, шуылдаған әйелдермен бір мәселені қызу талқылауда. Әйелдердің бірі жаныма жақын келіп, жүлқынып билеп, анекдотты төлеп жатыр.

Асқар Тоқмағамбетов ағамыз айтқандай, желіккен жеңгейлер әбден желігіп алышты. Бақыт оларға: «Әңгімені кейін жалғастырамыз, әзірге боссызыздар», – деді де, мені өзінің жұмыс бөлмесіне алыш барды. «Бұл не қылған әйелдер?» – деп сұрадым. «Мәдениет үйінің жаңынан «Әжелер» тобы құрылсын деген нұсқау келген болатын. Сол топты құрудың сәті биыл түскен тәрізді. Әзірге он бес адам жинағым. Енді тағы бес әже табуым керек. Тајуда облыс орталығында өтетін, ауданаралық конкурсқа барамыз. Соған дайындалып жатқан түріміз ғой. Сізді де шақыртқан себебіміз осы еді. Дайындалыңыз», – деді Бақыт маған қарап.

Арада үш-төрт жыл өтпей, Бақыттың тер төгүінің арқасында «желіккен жеңгейлеріміздің» басы қосылып, облыста алдыңғы қатардан көрінетін «Әжелер» тобы құрылды. «Бақыт неге шақырған еken, барып білейін» деп жеттім. Тағы сол бөлме, тағы у да шу. Әжелер тобының құрамындағы жиырма адамның үшеуі ғана қалышты. Солармен жұмыс жасап отыр еken.

«Аға, келгеніңіз қандай жақсы болды! Сізді ауруханадан енді ғана шықты деп естіп, келе алмай ма еken деп уайымдап едік. Қазір Гүләзаданың орнына Шәріп Қазымұлы істеп жүр. Сізді Алматыдан келген жігіттермен таныстырайық деп шақыртқан едік», – деді.

Керек-жарақтарын артынып-тартынып қонақтар да келіп қалды. Көз көрген облыстық «Шаңырақ» халық шығармашылығы және мәдени-сауық қызметі орталығының директоры Тілегенов Ермұрат Нықатұлы да бар еken. Қашыр ауданында С. Торайғыровтың 100 жылдығына арналып өткізілген ауданаралық айтystan кейін көріп тұрғаным осы. Мен қайырлы болсын айттым. Ол денсаулығымды сұрап, бір жадырасып қалдық. Алматыдан келген жігіттің бірі: «Есімім – Сағатбек, қасымдағы жолдасымның аты Мұратбек болады», – деп өздерін таныстырды.

«Біз Алматыдан – «Хабар» агенттігінен келдік. Телеарна-
мыздан «Ауылдың алты ауызы» деген бағдарлама ашып едік.
Солған байланысты Қазақстанның әр облысын аралап, ауылдан
шының өнерге бейімі бар адамдардан ескілікті ел ауызында
жүрген қисса-дастандарды, нақыл-термелерді, жыр-толғау-
ларды бейнетаспаға жазып алғып жүрміз. Әүелі Баянауылда
болдық. Сосын Маралдыға баруымыз керек болатын. Атақты
Исаның аруағын сыйласап, алдымен сіздерге келіп тұрмыз. Ақ-
сақал, сізді өлең-жыр айтады деп естідік. Қалыңыз қалай, ден-
саулығыңыз мықты ма? – деді елгезек жігіттің бірі.

– Балам, мен бұрын микрофон алдында ән айтып, бейне-
камераға түсіп көрген пенде емеспін. Сіздерді ұятқа қалдыры-
маймын ба? – дедім.

Ермұрат:

– Аға, ескі қиссаларды айтатын сізден басқа лайықты
адамды таппадық. Баянның өзінде де жоқ еken. Лебяжіде бір
иісақал «Құралайды» орындейды еken. Бірақ ол кісі домбыра
үстай білмейді. Сізді жақсы білемін ғой, қолыңыздан келеді,
айта аласыз. Сондықтан еш қобалжымаңыз, – деді.

Сағатбек есімді жігіт:

– Аға, мен осы арқаның жігітімін. Қарқаралыдан бола-
мын. Тегім – Қаракесек. Мұзыка зерттеумен айналысамын.
Олең-жыр, толғау айту бойынша әр аймақтың өзіндік ерекше
дастүрі бар. Біздің қазақ өнері осынысымен қызықты да құн-
ды. Сіз тек орындаудың біліңіз, Мұратбек екеуміз жаэбаны өң-
дейміз ғой, – деді.

Осыдан кейін жеке бөлмеге орнығып, ыбдыр-сыбдырсыз
ғимтихан алуға кірісті. Әүелі «осы жарайды еken, осыны айта
аласыз» деген қиссаларды іріктең-сұрыптаپ, таңдау жасадық.

«Қалқаман Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Ермек», «Сәтбек
Батыр» дастандарынан үзінділер орындағым. Ұмытыңқырап

қалған тұстарды еске тұсурғе тура келді. Соңан соң «Назымбек пен Құлше қыздан» 3—4 ауыз орынадады. «Мұны Иса Байзақов жазыпты» деген сөзді естігенімді айттым. «Ендеше Исаның туған елі Үлгіліге арнайы барып жазатын болған соң, осы тұындыны айтыңыз», – деді Сағатбек.

Киіз үй, басқа да жабдықтарды машинаға тиеп алып, тұске таман жолға шықтық. Исаңың жүз жылдығының қарсаңында ауыл ажарланып, тәртіпке келтірілген екен. Үлгілі ауылы атына заты сай болып, езге елдімекендерге үлгілі боларлықтай деңгейде түрлендірілген.

Аттың басын ауылдағы орта мектепке тіредік. Сағатбек пен Ермұрат «Иса атамыздың атындағы «Халық театрының» ұжымы осында жұмыс жүргізеді ғой, сондықтан бұл мектепке кірмей кетуге болмас» деген соң білім ордасына еніп, Исаға сәлем ретінде суреттерінің бетін сипадық. «Қонақтар келе жатыр» деп құлақтанған ұжым күтіп отыр екен. Жүк тиелген көлік діттеген жерге киіз үйді тігу және құрал-жабдықтарды орналастыру үшін алға қарай жүріп кетті. Киіз үй көк майсалы, шалғынды ойпатқа, жарға жақын, шоқ талдың бауырына қарай тігіліпті. Айнала жыл-жырттыныштық. Жар басынан төмен қарағанда су бетінде шабдар ақ бұлтты көк аспанның бейнесі төңкөріліп көрініп, ерекше ажар һәм көрік беріп тұр. Исаңың өзі айтқандай, құдды бір көк аспан сүдың бетіне құлағандай көрініс. Анда-санда шабақ балықтар шолп-шолп етіп су бетіне шығып, көзге шалынып қалады.

Киіз үйдің маңайы абыр-сабыр. Ошақ басында шай қойып ауыл мектебінің жас мұғалімдері жүр. Бейне түсірілім болып жатқан соң, олар да тыныштықты сақтап, шөптің сылдырын да сездірмей, аяқтарын еппен басуда. Сағатбек пен Мұратбек киіз үйде «Әжелер» тобы мен жеке орындаушылардың әнін үн таспаға жазып, бейне көрініске түсіруде.

Иса атамыз тақалған үлкен үйге ақ отаудан, сыйылған да-
уыс шығады, ән шырқаған жуырда келіншегін алған еді, «кен-
жесі Келденбайдың ерке Байжан» дегендей.

Кішігірім ауыл-үйдің тыныштыққа бөленген бір сәті. Іште
шырқалған ән, сыртта мығым денелі, бойшаң, басына құндыз
боркін баса киіп, шапаны жер сыйзуға таяу тұрған Ермұраттың
«Қара нары» екі қолды арқасына ұстап, алдағы айтар сөзін
інжіктеп, іштей толғануда. Уақыт екіншіге таяу. «Қара нар» деп
отырғанымыз – Ермұрат Нықатулының Ақтогайда аудандық
мәдениет үйінің директоры болып жүрген кезінде шабан-
дықтан ақындық жолына түсіріп, тәрбиелеген шәкірті Бейсем-
бі Мұқажанов. Бейсембіге «Ақындар мектебін» ашып беріп,
онердің ауыр жүгін арқалатып, кейін «Қара нар» атап кеткен.
Осы тұста Ақтогай аудандық мәдениет үйінің менгершісі Бал-
табаев Рамазан еді. Ол Рамазанның қолдауымен келіп отыр.
Қазір ол облыстағы алдыңғы қатарлы ақындардың бірінен-
саналады. Міне, кезек Қара нарға да келді. Ол Ертіс өңірінің
шығын-эншілерін жырға қосып, мадақтап, арнау айтып шықты.
Гиді режиссер Мұрат Бидосов дыбыс қабылдағыш қонды-
ртыны маған қарай бағыныштап, 20—30 метр қашықтықта
дыбыстың тазалығын тексеруде. Қабылдағышты біресе алы-
сатып, біресе жақындастып, бейне көріністің көз әйнегін біре-
се жатып, біресе тұрып, онды-солды тексеріп әуре. Бір сәтте
қолын біреуге қаратса сермен, белгі беріп, орнынан тұрды. Әлгі
адам тұрған орнынан киіз үйге қарай жүргенде, шөптің сый-
дыры қабылдағышқа жазылып қалған екен. Неткен беделді
де жауапты, сонысына қарай машақтты һәм бейнетті жұмыс
деп ойладым мен. Жазу және түсіру аппараттарын нақты дәл-
дікке қойғаннан кейін түсірілімді үйымдастыруыш жігіттер
40—50 метрдей кері тұрды да, іске кірісті. Бейне көріністі жа-
нып болғанымызда күн де еңкейіп қалған еді.

Төсеген кілем үстінде кемпір деуге қимайтын сыланған
бояйбіше арулар, менікіндей шоқша сақалы бар, күндей күлім-

деп жүретін Үлгілі ауылының қазіргі молласы Исаханов Базарбай артымыздығы самаурынымызды тамшылатып, армызыды үятқа қамшылатып, жазып болып «үň» деп дамылдадық-ау. Өткенде көксегендіктен бе, әйтеуір «ойдағыдай жазылды» деп айтуда ауыз бармайды.

Қазақтың жыршылық-термешілік дәстүрі біраズ үақыт көзден таса болып, құнын жоғалтып, ұмытылып бара жатқандақтан ба еken, әйтеуір тосырқап қалған тәріздімін. Оның үстіне денсаулықтың да жайсыз болып жүргені еркін көсілуге жібермей, жырларды құдды бір зорлықпен орындал шыққандай сезіндім өзімді. Ермұрат Нықатулы:

— Аға, сізге көптен-көп раҳмет! Сіздей аталардың сарқытының қоры бар екенін әрдайым есімде ұстаймын. Сіз бізге әркез керексіз. «Ауыл іші – өнер кеніші» деп бекер айтылмаған еken, — деп көңілді бір көтеріп, жадыратып тастанды. Алматыдан келген азаматтар да өз ризашылықтарын білдіруде.

Таңнан бастаса – күннің батқанын, түннен бастаса – таңның атқанын аңғармай, шынтақтап жатып, қызығына қызынып, сүығына сүйнеп, ерлігіне еміреніп, қайғысына құйініп, қуанышына шаттана отырып, тындаитын қазақтың ауыз әдебиетінің жыр-дәстүрі жоғалуға таяу қалғанда Ермұрат Нықатулы Тілегенов, Сағатбек Қалиев, Мұратбек Бидосов сынды елдің ардақты азаматтары халқымыздың келешектегі қамын ойлап, жастарға өткенімізді таныту үшін иті іс жасағандары қуантады, дорбасын арқалаған Қыдыр атамыздай жоғалуға таяу қалған інжү-маржан жырларын ел ішін аралап, арнайы жоспар жасап, іздел-зерттеп, жинастырып жүрген мұндай азаматтарға алғыстан басқа айтарымыз бар ма!? Біреу егін ексе, көктегенін күтеді, ал біреу көктесінді жермен жексен етеді. Бұл өмірдің заңы ма, болмаса адамның ары ма? Халқы үшін тер төгіп жүрген адамдардың еселі еңбегін ешuaқытта шашау етпес болар. Ендеше «Ауылдың алты ауызы» жасай берсін!

Баянауыл баурайында

Көрнекті ақын, ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтой атамекені Баянауылда ертең басталмақ. Бүгін Қазақстанның бар облыстарынан, алыс-жақын көрші мемлекеттерден арнайы шақырылған меймандар көліктерін жүйткітіп, тойлы ауылға ағылуда. Жол жүріп, шаршап-шалдығып жеткен меймандар қалықтап келіп қонған ақ қаздай жайлау төріне тігілген 300-ден астам ақбоз үйлерге орналасты. Сейтіп тойғанына емес, органдына семіріп, «шүкірі мен тәубесін» есіне алып, қайғысызға қара суды ас қылышп, «бісміллә» деп иманын айтып, ертеңге құнға дейін үайымсыз демалуға кіріскең. Таң әзаннан жорғаларын тайпалтып, әбзелдерін жарқылдатып, қамшыларын біленіп, жаршылар той басталды дабылын қаққанда, мұлгіп тұрған кең дала әп-сәтте думанға айналып жүре берді.

Әр облыстан келген сыйлы меймандарды қарсы алу, оларға қонақасы беру міндепті аудандарға жүктелген. Той иесі – Баянауыл ауданының әкімі Қорабай Шәкіров «дәм татқанға қырық құн сәлем» дегендей, Ертісін еске алышп, арнайы келіп, бір көрініп кетті. Жүктелген тапсырмаға сәйкес, Ертіс ауданы Оңтүстік Қазақстан облысынан келген делегацияны қарсы алды. Аудан әкімі Сыздықов Тито Уақапұлы оларды өзі бастап келді. Меймандарды салтанат-думанмен, қошаметпен қарсы алғаннан кейін Солтанов Темірхан тіккен ақ ордада қонақасы берілді. Үй тоғыз қанатты, кең, өрнек-айшықтары көздің жауын алардай сәндеп тігіліпті. Төрге аудан әкімі Тито Уақапұлы мен қадірлі меймандар жайғасты. Өзіміздің Ертіс ауданының азаматтары да орта толтырды. Киіз үйде аяқ алыш жүрер бос орын жоқ, адамға толы. Шағын концерттен соң Қожахмет екеумізге осында болу бүйірылған. Бізге үйдің шығыс

жақ қанаты тиді. Молдақасов Сатқан ағамыз біздің қасымы-
здағы екінші дастарқан басында. Бақыт пен Салықовтың қан-
дай сценарий ойластырғанын білмеймін, әйтеүір тақиямымызды
баса кигізіп, өрнекті шапанымымызды қымтай оратып, ақ найза-
дай домбырамызды көлденен ұстатып, бізді аласа орындыққа
жайғастырып: «Бұйрық болмай, тыптыр етпендер. Келген мей-
мандардың қатарында «К...» есімді қыз да бар. Оның шым-
байына тиетіндей бір сөз айттып қалып жүрмендер! Әйтпесе
ол қыз сендерді «атқа теріс мінгізіп қайтарады». Қысқасы,
«жер шұқып қаласындар, шайнамай жұтып қояды», – деген
ескертпелерді құлаққа құйып берген. Айтқандарынан үққа-
нимыз – бұл қыз «талайды тілерсектен қаққандай сүріндіріп,
жүндей сабаған» көрінеді. Кімнің тірідей жұтылып кеткісі ке-
леді дейсін. «Елуде тұлкідей боп айла тосардың» кейпіне еніп,
абайлап, ойланып әрекет етерміз енді деп қоямыз біз.

Қонақ күтіп, құрмет көрсетіп, құрақ ұшып жүргендер – үй
иесі Темірхан мен Әмір. Біздің көзіміз соларда. Қонаққа ас
тартып, сусын ұсынып, алма кезек сөз беріп, сіңбіруге қолда-
ры тимей жүрген олар біз жаққа қарай ала ма? Алдымыздағы
ас батпай, ара-тұра табаққа қолды бір салып қойып, орнымызды-
да тапжылмастан әлі отырмыз. Үстіндегі киімі қызыл болған-
дықтан ба, Қожахмет «әлгі қыз қайда отыр екен өзі?» деп,
басын бұрып, мойнын созып, қыз жаққа қарай береді. Қонақ-
тар – жайылып, төсеген бөстек үстінде, біз – биікте. Олар енді
оңтүстіктен ғой, жайлы отырғанды жақсы көреді де. Анау айт-
қан қыз Тито Ұақапұлының қалтарысында екінші болып отыр
екен. Сықылыштаі күліп, сиқырлы мінез танытып, өзімен-өзі
әуре. Олардың арғы жағында батыстың жас жігіттері де отыр.
Тито Ұақапұлы саналы сәйлеп, көп тыңдал, саяси астармен
ақтарылған сонар әңгімеге құлақ түріп, салмақты сөз өрісін
бағуда. Қалай болса да, тойдың аты – той. Біздің де кезеніп
отырғанымызды көзі шалуда. Тойда қонақ кәде сұралады, ол

үшін «Ауылдың алты ауызын» айту керек. Тито Уақапұлы даяшыларға бір, бізге бір қарап, бірдеңе айтқысы келіп ыңғайланып еді, алыстан болжай билетін сезімтал ағамыз Сатқан Молдақасов шапшаң қимылдан, орта жолдан бір домбыраны үсгай алып, женгемізге шығарған бақылық бәйітін бастап кеп жіберді. Меймандарды үнемі мүлгітіп отырып, өлең тыңдағы емес, қол көтеріп алып отырыңыздар дейтін сіңіскен кеде бар, арасында тағы бір ән жалғасын табады. Келесі әнді «К...» жалғады. Қорыққынға қос көрінген арқаның сырлы сазды әуешіне қайдан жетсін. Бізді қорқытып қойғаны тіл орамы ғой. Іито Уақапұлы өнерге салмақты қарайды, женілтектік таныттын біреу болса, біздің де ақсақалдарымыз қара жаяу емес деп мақтанышпен ауыздан бір сөз шықса, басқа киіп отырған ғакияммызды теріс айналдырып кигізуші ме еді? Кім білсін!

Келесі әнді «композитор едім, өз әнім» деп батыстың бір жігіті түрегеп тұрып орындал берді. «Ендігі кезек бізге тиетін шығар» деп Қожахметжалақтай беріп еді, Сатқан ағамыз домбырасын тегін тастамай отырған жоқ екен, аяқталмай қалған шұмақтары бар болуы керек, одан ары жалғап жіберді. Сөйтіп «Аллаңу акбарымызды» айтЫП, тойдың қайыр-берекесін тілеп, орнымыздан тұрганша ағамыздың бәйіті де аяқталды. Алла жарылқап, екеуіне де иман байлығын берсін!

Қазақтың думаны – дала сахнасы, қай сахнаны көремін десен, де өз еркің. Бәйгеге қосқан тұлпарымыз алдыңғы аяғын шауып, қатардан шығып қалған. Ендігі баар жерім – ақындар айттысы өтіп жатқан орта. Мені мазалағаны – «сахна төріне шықсам, оған жігерім жетсе» деген ой.

Түстен кейін той мерекесі ырзық берекесіне айналып, аспаннан ақ нөсер құйды да тұрды. Соған қарамастан, ақындар айттысы тоқтаған жоқ. Эр жұптың арасында мадақ шығармасын оқитындар үшін уақыт берілген. Жауынның астында қалмайын деп пана тауып, ақындардың сөз қағысына құлақ түріп

тұрмын. Мен тұрған тұстан 30-40 метр жерде Тито Уақапұлы мен Шабенов Қайыржан орнығыпты. Мен тұрған жер ашықтау еді. Төбеден сорғалаған жауын тамшылары аяқ астын езіп, үстіме шашыраС былғай беріпті. Екі көз бен құлағым айтыста болып, мұны аңғармаппын. Қойын қалтама қол салсам, Сұлтанмахмұтқа арналған «Ұш жұмақ, ұш дана» деген шығармамаға да су тиіпті. Дегенмен оқуға болатындақ қүйде. Біз кіндік қанымыз бір ауданда тамған жерлеспіз ғой. Құдай сақтал, қыздан жолым болып еді. Сахна төріне жолым болмай, еңсем түсіп, Жетпісов Халел тіккен Тоқта ауылдының киіз үйіне келдім. Кейін Ертіске келгенде әлгі шығармамады «Ертіс нұры» газетіне бердім, жарияланды.

Еліміз еркіндік алып, шаңырақ көтергелі Кереку өңірінде – қасиетті Баянтауда тұңғыш рет ұш жүзге сауын айтЫп, ба-сын қосқан дүбірлі ас берілді десем, мұным жүрекке жылы, құлаққа жағымды, қөңілге қонымды пікір деп санаймын. Бүгінгі қүннің тілімен айтсақ, біртуар тұлғаның туғанына жүэ жыл толуына арналған той. Той – тіріге, ас – өліге беріледі. Көретін, көрсететін қызық біреу, айырмашылығы – «өлі жібімей, тірі байымайды». Рухына арнайы дұға бағышталады. Бар ғылымды астарына сыйдырып тұрғандай аталарымыздың бір ауыз сөзі неткен ғажап – «өлі – тірінің азығы». Сұлтанмахмұт бабамыздың өмір жолы талай тіріге азық болып келеді, әлде де бола бермек. «Жақсының аты, жазған хаты – мәңгілік» деген осы.

Тойдың соңы ақ жауынға ұласуы да тегін болмас. Алла елімізге жақсылық, берекесін бергей, көк аспан астында, көк туымызды мәңгі желбіреткей. Ел үшін еңреген Елбасы мен ат үстінде жүрген азаматтарымыздың ғұмыр жастары ұзақ болып, жұлдыздары бекем бірлікте жана бергей, әумин деп, торқалы тойда бата жасап, елге оралдық.

Орындалмаган арман немесе ұміт жолында

«Атасы басқа аттан тұс, атасы бірге атқа мін» демекші, қарпттыққа қадам басқанда анам үнемі туысқандарын есіне алып, «іштен шыққан шұбар жылан» – ұл-қыздары мен не-мерелеріне де көңіл аудармай, сағыныштың сарғыш сезіміне бой алдырып, туған жерін, ата-ана топырағын бір көруді аң-санап, жылай беруді шығарды.

Осыдан он төрт жыл бұрын басталған аңсары кейін сая-бырыспік, күнделікті жағдай оны көтере алмайтынын білді ме, айтеуір тынышталған болатын.

1961 жылы ғайыптан шешеме нағашы апа пайда болды. Мен еш нәрседен хабарым болмаған соң, не қылған нағашы апа екенін қанеріме де алмағанмын.

«Мен кіммін, кімнен тұдым, қайдан болдым, затым кім, қай нәсілден пайда болдым?» деп Шәкәрім қажы жырлаған Ермектің тағдыры ата-анасынан жастай айырылған ұрпақтар-дың бәріне де ортақ.

«Әке – асқар тау, ана – кеме» десе де, асқар тау басын бұлт шалып, кемені де толқын ұрып, жағаға шығарады емес пе? Өмір заңы сол, бірі – өседі, бірі – өшеді. Өшкендерден есіп-өн-ген біздер өмірлік гибрат ала алдық па? Ұақытында алынбаған гибрат – өлімен тең. Шешемнің тағдырынан, әкеден естіп-біл-меген мағлұмат мен үшін өлімен тең. Әкем басына бұлт үй-іріліп, жазықсыз жаны жарапанып, ақ таяғын қолына ұстап, қар жамылып, мұз тесеніп, жат жерді жағалап, түбі біргені сағалап, өз өмірінің қылы кезенінен мағлұмат берсе де, анам туралы есте қаларлық еш нәрсе айтпапты. Тек есімде қалғаны –

Қанжығалы көрсө қайынсырап, Қаржас көрсө нағашылап, бәйек болып, тонның ішкі бауында араласып, жақындастып кететін. «Жетім көрсөң, жебей жүр, қолтығынан демей жүр» дегендей, төркін-жұрағатсыз шешемнің көңлін аулау керек екенін мен енді түсіндім. Енді анамның өз тағдыры туралы мәлімет-деректерді өз аузынан естіп-білмекпін.

«Мен 1916-ыншы үлу жылында Ақмола облысы, Еркіншілік ауданына қарасты Сұнқарқия деген елді мекенде туып-пын. Әкем Әккүдүң буынынан жалғызыбын. Анам Мәпіш Алып-қашқызының тубі Қаржас. Ол кісі менің алты жасымда дүние салды. Нағашыларымды елес секілді еміс-еміс қана білемін. Өйткені мен оларды тек алты жасымда бір-ақ рет көрдім. Анамды жерлеп келген түні жылап-жылап, әкемнің ағасы Теміртастың жұбайы Құлжазира анамның қойнында үйиқтап қалыппын. Анамның бар кезінде де ол кісіге бауыр басып, жаңына жатып жүретінмін. Таңертең апам мені оятып «шайыңды іш» деп, үстел басына қолымнан ұстап алып келді. Төрдегі дастарқан басында әкеммен қатар бейтаныс екі адам отыр екен.

Әкем:

– Балам, бері кел, нағашыларыңа қол бер, – деп мені қасына шақырды. Мен жақында бара қоймадым. Әкем жастау адамды көрсетіп:

– Бұл кісі – нағашың, шешеңнің інісі, есімі Сағындық. Мына кісі де нағашың болады. Есімі Әкімбек, – деп әкем бейтаныс адамдарды таныстыруды. Мен үндеңей тұра бердім. Сағындық деген адам орнынан шапшаң көтеріліп, қасыма келіп, басымнан сипап, бетімнен сүйді де, теріс айналып кетті.

Әкімбек дегені:

– Амансың ба, балам? – деп сәлемдесіп, артынша әкеме қарап: – Бұрын көрмеген соң жатырқап тұр ғой. Жер шалғай,

асығып жеткеніміздің өзі осы болды. Мәпіштің жаны жәннатта болсын. «Жол мұраты – жету» деген, біз қазір кері қайтамыз, – деді. Нагашы жұртыманнан қалған бар естелігім осы ғана.

Екінші шешемнің есімі – Шөкіш Сыматқызы. Түбі – Қаракесек. Бұл кісі менің сегіз жасымда келді. Қашан тұрмыс құрып кеткенімше, мені бір ретте ренжіткен кісі емес. Мінезі жұмсақ та жайлы, биязы адам болды. Сенің әкең қайтыс болғанда дұға ете келген нағашы апам, Шөкіш шешемнің сіңлісі Омбы облысы, Азов ауданы, Дәрігер деген ауылда тұрады. Маған: «Тұған нағашыларыңды ізде, біздің де артымызда саған тірек болар ешкім қалған жоқ. Жалғыз ағамыздың өзі қазір тоқсанға таяды. Артында үл перзенті жоқ, жалғыз қызы ғана бар», – дей келе, туған нағашыларымды қайдан іздеу керектігі туралы оз болжамын айтқан еді. Өз туыстарымнан әкеммен немере Әлімбет, Әлімбай деген екі інісі болды. Әлімбайдан Нәсір деген ағайым соғыста мерт болыпты.

Әлима, Жамиға, Жамила, Зағипа деген апаларым болатын. Біздің үйде сауын сиыр мен мінер аттан басқа он шақты түйеміз болды. Халықты жаппай малсыздандыру кезінде, жалғыз ғана түйе қалдырып, өзгесін орталыққа жинап алды. Елді ашаршылық жайлады. Жұрт бірінікін-бірі тартып алып жеуге айналды. Жағдай ауырлай бастаған соң, әкем жалғыз түйесін арбаға жегіп, шешем екеумізді түнделетіп ауылдан үрлап алып шықты. Егер кетеміз десе, мұлде жібермейтін еді. Біз ауылдан кеткенде туыстарым дін аман болатын. Біз сол шыққан бетімізben Омбы облысы, Шарбаққөл ауданына қарасты Бараба деген ауылға келдік. Әкем көш басын сол жерге тіреді. Атығай жұртының ішінде әкемнің нағашылары бар екен.

1935 жылды әкеңе тұрмысқа шықтым. Мәмилә деген бәйбішесі қайтыс болған екен. Одан бір үл, екі қызы қалыпты.

1937 жылы тұңғышымыз Қайролланы көрдік. Сен туғанда әке-шешем жоқ болатын.

Иә, солай!

Зарлы да нәрлі замана бірде артын, бірде алдын тосып, жылжып өте береді.

«Енді қартайғанда туған топырағыма оралсам иғі» деп іштей егілген Әккүдің Алла тілегін қабыл айлап, 1938 жылы ел іші тынышталды деген хабарды естіп, өз жүртynа қайтады. Сұнқарқияға 30—35 шақырым жетпей, күн көрістің қамымен Бестөбе алтын кенішіне жұмысқа тұрып, сонда қалып қояды. «Әке-шешен аман, елге жетті» деген хабарды анам жолаушылардан естиді. Анам үшін бұл жақсылық хабардың басы да, аяғы да осы болды. Елді жайлайған алауыздықтың алапат күші әлі басылмаған кез. «Байдалы түгілі бас қайғы» болған әкем қайын жүртyn ізdemек түгілі өз соқа басын да арашалай алмай, жауыздықтың құрбаны болып, баласы екеуі елден беzedі. Бір баласы өліп, үш баламен қалған анам, жел аударған қаңбақтай сәбілерін бауырына басып, еліне түйемен келсе, енді екі аяқ арбаға сиыр жегіп, ел кезіп күй ізделеп кете барады. Бірінен соң бірі төрт ұлды дүниеге әкелген анам, жел-құз, тіл-сұқтан болды ма, әйтеуір дерктеке шалдығады. Сырқаттанып жүріп, ақыры бір жылдан соң әкемді табады.

Соғыс басылышп, ел есін жинай бастағанымен, жалаң аяқ қар кешіп, қызыл топай болып масақ теріп, бала-шағасын асырап, баспана тапқан Рыспай – Жаңаауылды қимай, алансыз осы елде өмір сүріп қалып қояды. Жаэмыштан озымыш жоқ. 1960 жылы Хрущевтің ауылдарға салған лаңы әкемді туған топырағы Қызылтуға алып келді. Адам дүниө есігін ашып, өкшесі жерге тиген сәтте мәңгілік баар жерінің топырағы бүрк ете түседі дейді. Шынында туған жерінің топырағы бүйірдьы

ма. Шүмекті көлде туып, Кішкене көлден 1961 жылы әкеме топырақ бұйырды. Екі көлдің арасынан темір жол ғана өтеді. Селтендеп, домбыра сүйретіп жүрген сері басым не үй, не күй, не сауынам жоқ, не ақ жауалығым жоқ, шеше жесір, қарындағас жас, мұртым шыққан, сүр бойдақ жетім болып қала бердім. Өлмегенге өлі балық, әйтеуір етім тірі. 1968 жылы Павлодар облысының Ертіс ауданына қарасты Голубовка совхозына көшіп келдік. Қарға тамырлы қазақтың қанына сіңген жақсы қасиеті – қонысына құтты болсын айтып, жөн сұрасуы. Егіс бригадасында учетчик-есепші едім. Орақ науқаны қызу жүріп жатқан кез болатын. Ертегелтіп жұмысқа асығып, бір үйдің жаңынан өте бергенімде:

– Амансың ба, балам! Тоқтай түр! – деген дауыс шықты. Қарасам бүйірдегі есіктен қолында балтасы бар, кішірек мосқал адам шығып келеді еken. Таюу барып, сәлем бердім. Сәлемімді алды да:

– Көшіп келген бала сенсің бе? Қоныстарың жайлы болсын! Сендерді Қанжығалы дейді ғой. Қай Қанжығалысың? – деп сұрады.

– Мен – Кереймін, анам – ереймендік Қанжығалы, – дедім.

– Менің есімім Салық, әкемнің есімі – Боқан. Біз де ереймендік Қанжығалымыз, соның ішінде Дәүлетейміз, – деп таңыстырды өзін. Сонын «Кешке келемін» деді де, жұмысына асығып жүріп кетті. Бұл кісі балташы еken. «Көктен тілегені, жерден бұйырды» демекші, анам бұл адамға ал кеп жабыспасынба. «Қазақ сұраса келе, қарын бөле шығады» демекші, шынында Салықтың шешесі анаммен рулас болып шықты. Салықтың Балықбай, Бахырыслам деген туған және Мұқатай деген немере інісі де осында және Әкімбеков Мұқатай Тоқта ауылдық кенесінің төрағасы еken. Ішінара тереңірек танысқан-

да Мұқатай мен Салықтың аналары және жақынын жатқа жібермейтін қазақ Балықбай мен Мұқатайдың да жолдастары немерелес екен. Бұлар шешелері жағынан анама туып шыққаннан кейін анамның қуанышын айтып жеткізудің өзі артық. Дәүлетейлер Қанжығалы ішінде аз ата. Аздың өзі жан-жаққа бытырап кетіп, енді ғана табысып жатқан сыңайлы.

Біраз үйлері Бестөбеде, аралас-құралас қарым-қатынастары жақсы. Осы жақсы қатынастың арқасында Бестөбедегі Сағындық деген адамнан анама жағымды хабар жетті.

— Нұрғайша келсін! Әкесін өз қолыммен жерлегенмін, соның қабірін көрсетейін, — депті.

Сағындықты мен де білетінмін. Әзken есімді апасы біздің Хасен деген бір ағайынның әйелі еді және менің Хайролла ағамның кіндік шешесі. Анамды танығандықтан хабар салған көрінеді. Апасы Әзкен Омбыда тұрады, балалары бар.

Тағдыр кезіктірейін десе, арқандаған жылқыдай шыр көбелек айналдырып, түпкі қазығын таптыра береді.

Лабашы, Пұшқантай, Саназар, Дәүлетей, Ажыбай – жеті Бозым атанған, бұл ата бір кезде Қоржын көлдің қоржынына сыйып тұрған болса, тағдырдың тәлкегімен тарыдай шашылып барып, қайта құшақтасып, табысуы тағдырдың жазуы емей немене?

Лабашы – Есен, Байтөбет болып екіге бөлінеді. Есеннің бір баласынан тарайтын Қаменниң Жұмабегі Қондыбай Сырым, Ұбырайдың Смағұлының үйіне немере қарындасын іздел келеді. Смағұл бізбен ауылдас. Одан менің анамның амандағын және осы елдің келіні екенін естиді. Жұмабек келгенде біз жоқпыз. Сексенге келген қарт адам бізді іздел баруға денсаулығы жарамайтын болған соң, үлкен ағайыма хат тастап кетеді. Ол хат біздің қолымызға бес жылдан кейін, яғни 1968

жылы тиді. Хат қолына тиген анам баяғы «ғой-ғойына» тағы басып, жоқтау айтып, дауыс салып, жылауды шығарды:

*Жетпеуден қалған жалғызыым,
Тындасаңшы зар мұңын.
Тірімде көрсет ел-журттты,
Алладан болсын алғысың.
Аналық сүтім кешейін,
Көрсетші ата-ана топырағын.*

Ереймен иек астында иісі шығып тұрған соң, анамның зарын түсінсем де ел жіберсе баарарсың демекші, баланың да баласы бар. Қысқа жіп күрмеуіме келмей, табалдырық деген таудан аттап шыға алмадым.

Улкендердің «Тұыс қартайғанда керек» деген аталы сөзін ұқсам да ұқпағандай болып, анамның зарына құлақ аспай, төрт жыл жүрдім. Не құлы заманның жалғыз төрешісі де, емшісі де – уақыт. Қырық жыл байлық, қырық жыл кедейлік, жоқ кедейліктің арты көрініп, сабакты иненің сәті түсіп, Сыздықов Уақап Бекұлы, Егел Сұлтанов, Зейнүр Рахматуллин сынды аяулы ағалардың арқасында темір тұлпарға қолым жетті. Ендігі ана тілегін орындауым Алланың алдында зор күнә болмақ. 1978 жылы совхоз директоры Егел Сұлтановқа жағдайымды айтып, 15-күнге демалыс алдым да, жолға дайындалдым. Алдағы сәрсенбінің сәтінде жүреміз дегеннен бір күн бұрын, дастарқан үстінде анамды қатты ренжітіп алдым. Менің:

– Нағашыларымның аттары Сағындық пен Әкімбек деген кісілер дедің ғой. Нағашыларың біз баратын Бестөбедегі Сағындық пен мұндағы Мұқатайдың әкесі Әкімбек болды ғой, жас бала нені білдім дейсіз! Мені неге алдан жүрсіз? – деуім мұн екен, үстелді итере салып, атып тұрып, жыламасын ба кеп.

«Оңбаған, жалмауыз! Бар туыстарыңды жұтып алып, жалғыз қалдың, егерде олардың біреуі тірі болса, мына сөзің-нен мен сені көрмей-ақ өтер едім. Тәркін жұрағаты жоқ деп басынасың ғой, оңбаған! Апармасан, апарма! Қайыршылап болса да жаяу кетемін. Бұлар Қанжығалы, менің нағашыларым Қаржас есімдері үқсан түрғанына мен кінәлімін бе! Сағын-дықты мен түгілі бала күннен өзің де білесің ғой, оны мен нағашы деп қашан айттый?!

» деп ашуға бұлыққаны сондай, ауыздан жіберіп, далаға күніреніп атып шықты. Дастанқан басында екеуміз-ақ едік. Балалар оқуда. Жолдасым сауын ба-сынан әлі келе қойған жоқ-ты. Оның келер уақыты енді болды. Анамды қалай жұбатарымды білмей далмын. Екі көзім есікте. Енесін құшақтап жолдасым да мені жерлеп кіріп келді. Қателігімді мойныма алып, кешірім сұрап, далаға шығып қай-та кірсем, еңкілдеп барып сабасына түсіпті. «Апармасан, апар-ма. Бірақ әлгіндей сөзді айтып жанымды жарапаушы болма. Құйінгеннен аңы сөзім тиіп кетті, сен де оған өкпелеме» деді. Болар іс болды, ауыздан шыққанды қайтарып ала алмайсың. Ендігі міндет – жолға шығу.

Сарсенбі күні ел дегенде, ет жүргегі езілген анамды алып, көктүлпардың басын жолға салдық. Ішінара менің де өз есебім бар еді. Бірақ ол туралы анама айтпадым. Аталарымыз ерте-де Ақсу, Масалы, Шатырымбек деген жерлерді жайлап, қоныс қылышты. Ел бүлінген 30-шы жылдардың ішінде Бейсенбай-дың екі баласы Қаунышбай мен Шыңғысбайдың үрпақтары Қапар, Сапар, Әміржан және қыздары қоғамның қысымына төзе алмай, осы жаққа кетті деп еді. Бұлар әкеммен бел не-мерелер. Бұл тұқымнан қалған үлкені мен ғана. Мүмкін олар-дан да бір сыйыс естіп қалармын ба деген үміт те жоқ емес еді. Әкеммен тағы бір бел немересі Жұніс молланың Ерғалиы-

ның Мұстақым, Төлеш деген балалары да хабарсыз кетіпті. Ерғали майданда контузия алып, біраз жылдар елмен хабарласа алмайды. Осы екі арада тұрмыстың таршылығына байланысты жұбайы тұрмыс құрады. Балаларды өзімен алып кетті ме, болмаса бір жерге тапсырды ма, бұл арасы белгісіз. Ерғали өзі сегіз жылдан соң елге оралғанда әйелі мен балаларын таба алмайды. Біздің отбасымыз да анда-мұнда шашылып жүріп, бұл жайттан хабарсыз болатын. Бұлардан туқым-жұрағат жоқ. Бейсенбай әулетінің талқаны шықты деуімнің себебі де осы еді.

«Елім-айдың» кебінін киген анамды алып, Бестөбеке Сағындықдікіне келіп түстік. Сағындық қойын сойып, қолын құсырып, осындағы Дәүлетеілерді жиып, бір жақсы отырыс жасады. Сағындықтың жұбайы Орынбасар бізге құдаша болып келетін-ді. Анам түні бойы дөңбекшіп, үйиқтай алмағанмен, күндіз Алла сабыр берді ме, ешқандай тосын мінез танытпады. Экесінің қабірін көргенде: «Мауқымды бір басайыншы» деп біраз уақыт қабірді құшақтап жатты да, «балалық борышымды кеш орынадым, уақытым осы болды, кеше гөр» деуден басқа еш нәрсе айтпады. Сағындық дүға оқыды.

Аты шулы Қоржын көлдердің атағы бүтін қазаққа аты мәлім. Бөгенбай туқымынан Саққұлақтың Нұралысының Олжабайының екінші Қоржын көл Жаманнның Кәрібайының даңқтарын аспанға көтерсе, бұл кунде көл суалып, жері құрғап, жетімсіреп, екеуінің де табаны кеүіп, соры шығып жатыр. Келесі күні Сағындықты жол басшылыққа алып, Торғай совхозының бөлімшесі – Жаңажолға келдік. Анамның апасінлілерінен хабар естірмін деп үміт күткен ауылды. Ат басын тіреген үйіміз – Қаменнің Жұмабегі о дүниелік болғаннан кейін әулеттің үлкені болып қалған Солтанның шаңырағы. Сол-

тан анаммен құшақтасып, көрісіп, табысты. Жер астынан жік шыққандай, ғайыптан табылған апаларына кейінгі жастар қол беріп, беттен сүйісіп, мәз болсып жатыр. Кешке ел жиналып, кішігірім той болды. Анам іздеген туыстарынан еш дерек ала алмады. Солтан сөз арасында:

— Сол бір алапат жылдары атадан бала, бастан жақ айырылған кез болды ғой. Құн көрістің қамымен әркім беті ауған жаққа кетті емес пе! Тарыдай бытырап шашылған, тарам-тарам жолға түсіп, бақ іздел бағыт кезіп кеткен сол туыстардан көз жазып қалдық. Сенің нағашы жұртың бұл өңірде жоқ, — деп тұра кесіп айтты.

Ендігі баар жеріміз – анамның ескі жұрты. Онда анасының қабірі жатыр. Солтанның жасы сексеннен асса да, қымылы ширақ. Сұңқарқияның ұңғыл-шұңғылын, соқпақ жолдарын жатқа біледі. Ескі ауылдың зираты таудың бауырында емес, алаңқайда екен. Зираттың айналасы қоршалмаған. Әр атаның зират-қорымы жеке-жеке көше тәріздес қойылыпты. Солтан:

— Мынау Лабашы, мынау Саназар, Дәүлетей, Пұшқантай, Әжібай ауылдарының зираты, — деп анама көрсетіп, әрқайсына жеке-жеке құран бағыштап жүр. Ең соңында Лабашылар қорымына келдік. Қалың қаудан аяқ алғып жүргісіз.

— Анаңның қабірін таба алмайсың. Мен де ұмытыппын. Ұзақ уақыт өтті ғой, белгілері де құлаған. Ашаршылық зұлматы кезінде кімнің қай жerde жерленгені белгісіз, — деп Солтан Құран аяттарын оқыды. Көптен бері келмеген бе, егіле отырып, ұзақ оқыды. Анам іштей толғанып отыrsa да, сыртқа сырын білдірмеді. Тек аңғарғаным – аяғын басқан сайын сүрініп, құлай береді де «Анам» деп күбірлейді. Басқа ешбір сөзін жіті түсінбедім.

Сұнқарқия тауының шыңына таяу жерден тәңірегі алабе-
тен қазылып, орланған тәрізді келбетке ие төрт құлақты тамға
кез болдық. Тамды қыл қайрақ, саз балшық, жүн мен қыл қо-
сып соққан екен. Жел-құздың салдарынан бір бұрышы ғана
сетінеп, жаралып түсіпті. Ишінде тоғыз адамның мәйіті жатыр
екен. Там әуелде биік болғанға ұқсайды. Қазіргі биіктігі кісі
бойына ғана таман. Сұнқарқия бір бүтін тауды қақ тілігендей
екіге жарылып тұр. Бір жағы тік, келесі жағы жонды. Бауырына
арша талдары өсіпті. Эр түрлі бояумен келімді-кетімді кісілер
өздерінің аттарын жазып, мерзімін көрсетіп, естелік қалды-
рыпты. Біз бояу алмағанымызға өкіндік. Айналып отырып тау
үстіне шықтық. Таудың шың басы тесік екен. Тесікте аттың қу
басы қыстырулы тұр. Бас өзге жылқының басындағы емес, ұзын
сопақша екен. Сол тесіктен бірнеше метр жерде ені бір жарым
немесе одан да көлемді қазан шұңқыр бар екен. Бұрын терең
болғанға ұқсайды, өйткені тау басы құмды-топырақты. Қазан
ішінде толар-толмас су бар. Тау басынан қарағанда, айнала
жап-жасыл, тауды бойлай өскен аршалар жартасқа жабысып,
ирелендең кетіп бара жатқан жыланға ұқсайды. Қазанға бір,
қу басқа бір таңырқап, зер сала тағы бір қарайын деп күйбен-
деп тұр едім Солтан нағашым: «Ал, жиен отыр! Бұл құыстағы
ат басының өзіндік тарихы бар. Тыңдасаң, соны айтып берей-
ін» деді.

«Шығып тұрған тауымыздың аты – Сұнқар қия. Адам аяғы
аз тиғен, кезінде осы тауға сұнқар құс ұялапты. Мынау тесік
садан қалған ба екен, кім білсін. Қолмен тескен емес, бұл –
табиғаттың өз жаратылышы. Мұнда арқар, тау ешкілері көп
болған. Қазір бар-жоғын, бар болса, оның аз немесе көбін
білмеймін. Мен бұл араға жылына бір рет аралап арнайы ке-
лемін. Мына төмендегі ойпат – атақты Қоржын көл Ертеде

Сілеті арнасы тасығанда көлді аз үақыт болса да сүмен қоректендірген. Қазір ол арналардың бәрі бекітілген. Қоржын көл деп аталуының да себебі бар: жаңбыр мен қар сұынан басқа алар қорегі жоқ, көріп түрғандай қоржын секілді көмкерген тау қуысындағы көл. Осы аттас Бестөбе жеріндегі көлдің бауырында – кешегі зиратта біздің ағамыз, сенің нағашың Әкү марқұм жатыр. Мына көлдің табаны кепкеніне көп жыл болды. Біз барған анау түрған там – осы Сұңқарқияның түпкі иесі десек те болады, батыр бабамыз Қашқынның зираты. Ішіндегі тоғыз адамның екеуі – Қашқынның өз балалары, өзінен бұрын жерленген әйелі мен өзі, қалғаны – жақын тұмалары. Қашқыннан үрпақ қалған жоқ. Біздің ата Есен, Байтөбет болып бөлінеді. Есеннен бес бала, Өмірінен Қашқын, қалған балаларынан біз тараймыз. «Ақтабан шұбырындыдан» кейін қалмақ жеңіліп, Сарыарқаға қоныс аударған кезде әр рудың батыры елін бастап, жайлыштың іздеп, жер шалады еken. Бөгенбай батыр осы Ерейменді қоныс қылу мақсатымен жер шалғанда, Сұңқарқияны жайламақ ниетпен, іштей ұнатып жүреді еken. Оны білмеген өзінің қандыкейлек досы әм оң қолы, үзеңгілес серігі, атағы да, батырлығы да Бөгенбайдан кем түспеген бабамыз Қашқын батыр кіші абыздан тараған Бозымдарды осы жерге қоныстандырды. Мынау қу бас – құса жауына жеткен, қашса жауынан құтылған, жауды сезсе, жер тарпып, кісінеп белгі берген, адамдай ақылы көп күрең тұлпарының басы. Қашқын күреңін мәпелеген, мойынына арқан, аяғына тұсау тигізбеген. Жайлауға жүгенін сыптырып бос жіберген. Елін жайлауға қондырып, жау қарасы білінбеген күндердің бірінде күрең тұллар кісінеп келіп, киіз үйді тесіп жіберердей жер тарпып, Қашқынға «сыртқа шақ» дегендей белгі береді. Жау келген еken деп сасып қалған Қашқын жалаң қылышын қолы-

на ұстай, далаға жүгіріп шықса, мұздай қаруланған он шақты адам тұрса керек. Бұлар – Бөгенбайдан келген елшілер екен. Олар Бөгенбайдан:

– Қашқын руласын өртіп, бұл арадан көшсін, қай таудың етегіне қонамын десе, өзі ұнатқан жеріне қонсын, – деген хабар әкеліпті.

Мұны естіген Қашқынның түгі сыртына шығып:

– Ешкімнің арқалап жүрген жері жоқ. Болмаса, «осы жерді Бөгенбай үшін жараттым» деген Алладан келген елші де жоқ. Елдің берекесін алмасын, ешкім ешқайда қозғалмайды. Осы сезімді айта барындар! – деп бір ақырып, үйге кіріп кетіпти. Бөгенбайдың қаңарынан қаймығып, кері шегінгендері де болған. Бөгенбай мен Қашқынның арасындағы қырги-қабактық Абылайдың да құлағына жетеді. Абылай Бөгенбайды жақтағанымен, атамыз Қашқын батыр қайсарлық көрсетіп, жерді босатпайды...»

Абылай мен Бөгенбайдың жақтасы Бұқар жырау бабаның «Күпшек санды күреңді» деген толғауы осы жайға байланысты айтылды ма деген ой лезде көнілімді шарлап өтті.

Толғауда:

Күпшек санды күреңді

Тәбияға жаратқан.

Қырық сан қара қалмақты

Жарлығыңа қаратқан.

Айбалтасын алтынменен булатқан,

Алефасын арттырып,

Арпалап атты қуантқан.

Лабашы деген бір елді

Антынменен улантқан, – деген жолдар бар.

Солтанның сөзіне дәлел, бір-біріменен үндесіп жатыр. Екі атадан Қанжығалы жұрты нағашы болса, өз жолдасым да Қанжығалы жұртынан болғандықтан, шежіреге көз салғанымда, бұл аталар өзбек арасына сіңіп, өзбек болып кетті деп жазылған екен...

Осы ойларға беріліп кетсем керек:

— Жиен, айнала-төңірекке көз салшы – киіз үй тәрізді әдемі емес пе? Қазақ баласы мал бақсан елміз ғой! Малсыз күнің де, күйің де жоқ. Хан мен қара да, би мен батыр да алдындағы малымен қадірлі. Екі алыптың таласып жүргені де – малының қамы. Меніреу тастың анау құысы «Қысырақ қамаған» деп аталады. Кірер-шығар ауыз біреу. Ақ түтек борандарда мың-даған жылқыны қамап, табиғат апатынан алып қалған құыс. Осынысымен де ол тендересіз бағалы. Анау «Қоян қамаған-ның» да ауызы біреу. Кешегі ашаршылық жайланаң жылдары қоян аулап, талай адам талғажау тапты. Ертеде қоянның көптігі сондай, жылқымен бірге жайылыпты.

Енді анау түсқа көз салшы. Қақпа ауыз деп аталады. Әрі шықсан, алдындағы жазық – Қашқынның жайлалауы. Қөлігімізді қалдырып кеткен Сілеті өзені жақ «бет ауыз» деп аталады. Қарасаң көз тоймайтын сұлу жерлер. Бұрынғы үлкендер «тау ішіне тұщы судың көзі – бұлақ бар» деп аңыз қылатын. Бірақ мен ол бұлақты көргенім жоқ. Жарайды, күн де еңкеюге айналды. Қазандағы сумен ауыз шайып, дәм татайық та, төмен түсейік. Қөлігіміз де жырақта қалды ғой, – деп тау арасын тағы бір шолып өтейін дегендей қолын көлегейледі. Үйден алып шыққын шайымызбен сусындал алып, кері тарттық. Жол тастақ, алдыма қарап үнсіз келе жатыр едім:

— Жиен, не ойлап келе жатырсың? – деп қолын иығыма салды.

– Жол нашар екен. Екі көзім – алда, – дедім.

– Көлігіңді асықпай ақырын жүргіз де, сөзіме құлағың-ды сала отыр. Аса заңғар биік болмағанымен өркеш-өркеш тау қыраттарын көріп келесің ғой. Атақты Ерейментау осы. Аумағы жүздеген шақырымға барып қалар. Арғы заманда «Кәрі тау» аталса керек. Киіз үйлі қазақ пен қалмақ сол дәүірде құдандалы-жеккіт болып, бірге қонып, бірге көшіп жүрсе керек. Құндердің қунінде өмір тіршілігінде үқастық болғанымен, тілі басқа, діні бөлек қалмақ қанды аңсаған қорқау қасқырдай көршісіне тап беріп, малын тонап, халқын босытып, жерін иемденеді. Кейбіреулер бұл қырғи-қабақтық Әз-Тәуkenің заманында басталған десе, енді бір кенекөз ақсақалдар әріні мензейді. Абылай хан дәүірінде қазақ байырғы қонысына қайта аяқ басады. Енді қазақтың өзі жер үшін өзара шабыса бастайды. Белдісі нашарының белін бүгіп, атақ үшін зорлық-зомбылыққа салады. Бұл қазақтың басынан нендей зар-заман өтпеді дейсің. Замана зарлатпаса, бастан жақ айрылып, сенделмес едік қой...

Солтан нағашымның құлағы аздал мүкүс тартыпты. Менің талай сұрақтарым жауапсыз қалды. Дегенмен, әңгіме айтқанда жұмсақ та қоңыр дауысымен адамды өзіне тартып, үйытып отырады екен. Әңгімесін тындал отырып, елге қалай жеткенімді сезбей қалдым. Нағашы шешем шай жасағанша, домбыраны ермек етіп отыр едім. Солтан нағашымның туған інісі:

– О жиен, домбыра тартады екенсін ғой! Ал қане, ендеше өзіңнен «қонақ кәде» сұраймыз, – деді алабұртып.

Домбыра теректен ойып жасалған екен. Таққаны қойдың шегі, дауысы күмбірлеп шығады. Нағашымның тілегін орындаіын деп, өлең-жырдың әуенімен домбыраны күйге келтіру

үшін құлағын қайта-қайта бұрап отырып кілем үстіндегі екі нәрсеге көзім түсті. «Нағашы, рұқсат болса, «қонақ қадені» шайдан соң шырқайын», – деп домбыраны сүйей сап, кілем үстінде жатқан қамшыны қолыма алдым. Жанындағы зат таңдайша шашақ сап өрген жуген екен. Мені қызықтырғаны – қазақтың аты шулы сары ала қамшысы. Он екі таспадан бүзаяу тіс қып өріпті. Жуандығы бармақтай болады енді. Алаңының жүрекше келген жалпақ сапиян былғарымен астарлапты. Сабы қолмен қапсыра ұстауға ыңғайлы етіп жасалған. Қай әғаштан жасалғанын біле алмадым. Әйтеуір тобылғы емес. Қамшының басын сапқа таспаша жезбен, жалпақтығы екі елідей етіп, бірнеше мәрте орап, бекітіпті. Бұлдіргі тұсы сәл жіңішкелеу, екі ортасын бунақтап келтірген, әдемі һәм көз тартады, салмақты. Нағашы атам қамшыны өз қолына алып: «Орта жасқа келгенде бұл бүйімдарды ырым етіп, төрге іліп едім. Үрымым ірің болды ма, ұстаушысы жоқ әлі, иесіз тұр. Бұл дүниелер өз қолымнан шықсан. Егер қызықсан, осыны өзің ала ғой», – деді өні бозарып. Білсем, үлдан үміттеніп жүргенде, нағашы шешеміз қыз бала туған екен. Ол қыз ержетсе де тұрмыс құрмаған, өз қолдарында.

Қазақ: «Қыз бала – өріс», «Қыздан туғанның қырығы жоқ» деп те айтады. Ертең өрісі кеңіп, жабырқап жүрген көңілі жадырамасына кім кепіл. Сол уақытта «Қап! Бекер өкініп, үайымдаппын ғой» демесіне де кім кепіл.

Мен іштей «нағашымның үмітін қалайша үземін» деп ойланым да, «ал» деген сөзін естімегендей, «менікі жай ғана қызығушылық қой» деп қамшыны төрдегі орнына іліп қойдым.

Шайдан кейін нағашымның «қонақ қаде» деген тілегін орындаған бердім. Байқаймын анамның қабағында кіrbің бар.

Інді қайтсын, өзінің туыстарынан ешкім қалмапты. Мағрипадан бір ғана қыз бар. Киікбай деген жерде тұрады деп естідік. Біз ол кезде елге оралғанбыз. «Нағашыларың бұл маңайда жоқ» деп Солтан айтқан болатын, сондықтан оларды іздестірмедік. Шекіш шешесінің ағасы «Фрунзе» совхозының «Қызылту» бөлімшесінде тұрады деп естідік. «Арғы бетке өзен сүзы тартылмайынша өте алмайсындар» деген соң бара алмадық. «Қонақ бір қонса – құт, екі қонса – жұт» демекші, құтымыз қашпай тұрғанда жолға шығайық деп ыңғайландық. Біздің аттанайын деп жатқанымызды естіген туыстардың барлығы жиналышп, құшақтасып, қоштасып тарқастық. Нағашым жыламсырап кеп, анамды құшақтап, «туыссызбын деме, елің – мынау, жұртың – осы, жиі келіп жұр» деп қоштасты.

Біздің ендігі бағытымыз – Ақсу. Ақсуда елу жыл қатарынан алтын кенінде учаске басшысы болып істеген «Ленин» орденді Жақия ағайдың үйі бар. Сол шаңырақты бетке ұстап келдік. Жақия ата жағынан келгенде – Күрсәрі Керей. Бір Есболдың баласымыз және Мәруа деген туған апайымның немере қайын-сіңлісі Мұнуәрә Мұхамедқалиқызы ол кісіге келін, маған құдаша. Бұрын Жақияны қарияны көргенмін. Жақия менің келген мән-жайымды естіген соң:

– Осы кеніште істеген жылдарымдағы жұмысшыларды түгелімен жақсы білемін десем, артық айтқаным емес. Сонау ашаршылық жылдарынан бастап, күні бүгінге дейін зейнеткерлік демалысқа шыққанша қол астынан кімдер өтпеді дейсің. Алапат аштық жайларған жылдары бір үй отбасымен түгелдей аштан қырылғанды да көрдік. Фәнимен қош айтысқандардың ешбірі де менсіз жерленбейтін. Сол жылдар мен үшін аса қасіретті, ауыр да күйзеліске толы жылдар болды. Құдай басқа салмасын, халықтың жағдайы өте мүшкіл еді.

Тәңіректегі ауылдардан арып-ашып, тозып-тоңып келгендеге қолымнан келгенінше көмегімді аяған жоқын. Ал сен айтып отырған адамдарды мен бұл жақтан кездестірмедім. Осындағы қазақ мектебінде сенің руласың – Құрманнан тарайтын Қайролла деген мұғалім бар. Ол да көпті көрген, түйгені мен білгені мол адам. Мүмкін сол кісі бір дерек-мәліметін біліп қалар. Мұнүәрәмен бірге ертең мектеп жаққа барсаң Қайроллаға жолығарсың, – деді.

Кешке Мұнүәрә «қажеті жоқ, әуре болмаңыздар» дегенімізге қарамай, күйеуін жайлайға жіберіп, бір қой алдырып, бата тіледі:

Илаңи Амин! Қара қой, сенде жазық жоқ,

Жол жүрген бізде азық жоқ.

Сойма деп сені айтсам да,

Мұнүәрә ерікке қоймады

Жатқын деп құдам қарның тоқ,

Алла бүйіртып жегізсін, Аллаңу Акбар! – деп арасында қалжың қосып бата бердім.

Мұнүәрәның өзі де мұғалім болып сол мектепте жұмыс істейді еken. Мектепке барған соң, бізді Қайролламен мұғалімдер бөлмесінде таныстырды. Арықша келген, кішірек кісі еken. Таныса келе: «Мен Құрман ішінде Оразбайдан тараймын» деді ол. Айтқан сөзімді мұқият тыңдал алып: «Сіздің туыстарыңызды кездестірмедім. Осында Таслима есімді бәйбіше бар. Негізі бұл жердің адамы емес. Еш жанмен шешіліп сөйлеспейді, сыр ашпайды, әйтеуір бір тұңғиық адам. Сіздермен сөйлесе, бірдеңе айта қойса жақсы-ау», деп Таслима тұратын үйдің нобайын түсіндіріп, көрсетіп жіберді. Ауыл Ақмолаға баар жолдың батысында, тас жолдан онша алыс емес. Ауыл арасын қамысты қопа ғана бөліп тұр. Кең көшенің бір

беті Қонақбай болса, бір беті Қайдауыл дегендей Бұрас-Құрман ауылдары да солай іргелес жатыр. Біздің барған үйіміз Іұрас ауылында. Құн еңкейіп, ақшам үақыты таяп келеді. Сырттай қарағанда, қазақылау үй екен. Есігін зорға тауып, сөлем беріп, кіріп келдік те төрге қарай оздық. Үйде сәлем алар ешкім жоқ, көрінбейді. Кішірек терезе алдында бір бәйбіше үнсіз ғана бесік тербетіп отыр. Амандығымызды иегімен гана жауап қатты. Біз «жоқ іздел сізге арнайы келдік» деп аты-жөнімізді, жөн-жосығымызды айтқанда, елең етіп басын бір көтерді де үндемеген қалпы бесікті тербетіп отыра берді. Үндемегеннен үмітті жауап күткен бізде де үн жоқ. Бәйбіше толғанып көп отырды да: «Мен сіздер ізденген адам емеспін, мен Тұрлыбек ауылынықімін», – деді де, тағы үнсіз қалды.

Мен:

– Шешей, мүмкін ұмытып қалған боларсыз. Біз сіз тұралы естіп, әдейі іздел келіп отырмыз, – дедім. Біздің үміттеніп отырған адамымыздың түр-сипаты, дene пішінің шағындығы, отырған отырысы мен басына салған кимешегіне дейін әкемнің Бақия деген жалғыз қарындасынан еш аумайды. «Жоғалған малдың түгі алтын» демекші, бізге солай көрінді ме, жоқ тап соның өзі ме екен?

Ымырт түсіп, үй іші қара көлеңке тартса да, бәйбіше тарапынан қимыл жоқ. Сол бесігін тербеткен күйі отыра берді. Шамалыдан кейін тағы да: «Мен Тұрлыбек ауылынықімін, сіздер ізденген адам мен емеспін» деп қайталады.

Бұрас пен Құрман егіз ата. Айтып отырғаны – сегіз дуанды билеген советник Көшеннің Тұрлыбекі. Қайролланың айтқаңы дұрыс болды. Тұрлыбек Бұрас атадан тарайды екен. Теке көлінің оң бетінде Мырзағыл деген ауыл бар. Тұрлыбектің әкесі Көшеннің хабыры тек осы ғана. Мырзағыл зиратында

Тұрлыбек ауылдың кімін деп отырғаны осы Бұрас Қерей Мырзагұл ауылы жақсының аты өшпейді деген бар бәйбішеге «Тұрлыбек елінікімін» деп біреу үйреткен. Санасынан айырылған жетім баланың есіне Тұрлыбек есімі сіңіп қалған сыңды.

Сегіз дуанға советник болған Тұрлыбектің әкесі Мырзагұл да осы қорымда жатқанымен, үрім-бұтақ, заузыаты бұл арада жоқ. Омбы генерал-губернаторының қарамағында қызмет еткен оның тұрағы Омбыда ма, Қызылжарда ма, әлде Қостанайда ма – әйтеуір ол жағы зерттелген жоқ. Бұл жөнінде айтылатын ақыздар да аз емес. Бірі Есеней батырдың бөлесі десе, бірі Қаржас Сәтидің Шорманымен достығы туралы айтады.

Тарихи деректерді айтушылар шатасқан секілді, негізі біздің тұқым. А纳ма айтпай, ішке түйіп келген сырым өзінен өзі ашылғанымен, еш нәтиже шықлады. Анамның да жүргегі қарс айрылып, нағашы жұртынан хабар ала алмай, аман-есен отбасымызға оралдық. Үмітсіз – сайтан, үмітіміз үзілген жоқ.



Ананың ақталған үміті

1962 жылы біз отбасымызben Қекшетау облысына қарасты Қызылту ауданының орталығында тұрдық. Әкем қайтқан жылы ғайыптан шешеме нағашы апа пайда бола кеткен-ді. Анықтасам, бұл кісінің ата тегі – Қаракесек, шешемнің екінші шешесінің сінлісі. Сонау мен туғаннан ұмыт болған шешемнің тұстары мен туған нағашыларының ізде деп, шешемнің жүргегіне құрт түсіріп кеткен-ді. Біздің ата қонысымыз – Омбы үші, Теке болысы, Қебен сайы деген елдімекен. Мен туған тұста бұл жер Петропавл облысы, Қызыл ту ауданы, Молотов колхозы деп аталған.

Текенің оң бетінде Қисықтағы Қаржас деп аталатын ауыл бар. Колхоздастыру кезінде Жұмысшы колхозы деп аталған. Осы Жұмысшыда, яғни Қисықтағы Қаржаста Кеменгердің Дүйсенбайының Қошмұхамбеті (Қошке) дүниеге келеді. Бұл 1896 жыл екен. Қошке менің әкемнен бір жас кіші. Дүйсенбай баласы Нұрмағамбет сауатты адам болыпты. Бұрас Керей Шуақбайдың Мұсасы советник шенін алған екен. Екатеринбург деген қалаға үездердің бай-манаптарын шақырғанда бастап барған – Мұстафа Шорманұлы. Шуақбайдың Мұсасы орысша Білмегендіктен, Нұрмағамбетті тілмаштыққа ала барады.

Соған қарағанда ел азындағы аңыз дұрыс секілді. Советник Қөшенің Тұрлыбекі Шорманмен дос болған деп сейленеді. Іосентиін Төлебай салға қараған Сырым аталары мен Қаржас аталарын Баяннан алғып келіп, осы жерге қоныстандырған деген сөз бар. Жұмысшы мен Мырзағыл ауылының арасы таяқ тастам жер. Тұрлыбектің әкесі Қөшенің бейіті осы Мырзағылда жатыр. Тұрлыбектің де тегі Бұрас Керей, Жәнібектен тарайды.

Әкеммен карым-қатынас жасаған, жасы әкеммен шамалас, тегі Қаржас Төлеутай деген кісі болыпты. Нариман деген баласын көрдім. Бірінші Жұмысшы колхозы үйімдасқанда Төлеутай Жұмысшы колхозының бастығы болып сайланады. Тұтас Қазақстанды он жыл басқарған тегі Балта Керей Жұмабай Шаяхметов те Омбы облысы, Шарбакөл ауданы Томар ауылының тұмасы еken. Омбыда Төлеутаймен бірге оқыпты.

Нұрмағанбет пен Қошмұхаметтің (Қошкенің) үрпақтарының Томар ауылын жағалауында бір сыр бар. Төлеутайдың Жұмабай арқылы тиген көмегі болуы мүмкін. Әрине, оны анықтап білу үшін көп іздену керек. Бұлар Қаржастың Анының балаларынан тарайды деп, әкем айтатын. Қайсысынан еkenі бала базардың есінде қалмапты. Әйтеуір шешеме қаржастар нағашы еkenін білемін. 1939 жылы мен түмай тұрып, бар жақындарынан көз жазып қалған анам үшін заты қаржастардың бәрі кеңілге демеу еді. Шешемнің нағашы аласының айтуымен мен нағашы жұртты іздел Алматыға бардым. Мекенжайды сол кісі берген болатын. Бір үйде ме, әлде бөлек тұра ма? Мекенжай бойынша келгенімде үйде ағайынды еki жігіт еken: «Біз білмейміз, жаспыз ғой, анамыз білмесе» – деді. Аналары қыдырып кеткен еken. Ағасы бір институтта қызметте еken, ал өзі милиция формасын киіп алыпты.

Совхоздың аға мал дәрігері Асқаров Сапарбек білімін жетілдіруге Алматыға оқуға келген еken. Сапарбектің әкесінің інісі де осында. Енді соның үйін тауып барып, екі күн сол шаңырақта болдық. Ағасы инкассатор да, оның балдызы үн-деместе істейтін көрінеді. Мәселемізді оған да айттық. Іздестіруімізден еш нәтиже шықпады. Ақыры мен кетіп қалдым да, жолдасым, құдам Бақырислям тәрт күн жатып, «Волга» машинасын айдалап әкелді.

Менің Алматыға барып, одан еш хабар әкелмегеніме айнам уайым жеп, мұңайып, қайғырып жүрді. Шыдамасқа амалы бар ма? Өз жұртынан түнілген анам нағашы жұртын бір көруді қашалықты армандаса да, сол аңсаған арманына бір жаурам жыл ғана жетпей, 2005 жылы 89 жасқа толған шағынды коз жұмды. Ана арманын ұғынған, сол арманға жете алмай ноткен қасіретін түсінген менің қолымнан келер дәрмен болмады ғой, болмады. Ақыры мен де арман қуып жүре бердім. Дүгесімен, мен сол арманға түбінде жеттім.

2006 жылы тағдыр жазып, дәм тартып Айнакөлге қоныс пударып келдім. Қазан айының іші. Шуағын төккен, ашық күнің бірінде жаңа қонысқа келіп, жарқын көніл-күймен далада отыр едім. Тағы жердегі үйде тұратын азамат аулада отырған моні көріп, ақсақалдық болмысымды байқаған соң ұялған болуы керек, «дұға беріп жатқан едік, бірге болыңыз» деп шақыра келді. Үй иесінің есімі Ерсайын еken. Дұға бағышталып, садақа таратылғанда, маған да ұсынылды. Садақа алған соң, дистур бойынша бата берілуі керек. Құран аяттарын оқып, копишілікке бата жасадым.

Кешкілікте ауылдың **Жетпіс, Социял, Совет** деген аға буын тұргындары келіп: «Ақсақал, имандылық жолынан білген-түй-түпіңіз бар екенін естіп жатырмыз. Біз өзара ақылдаса-кеңесе көле, сізді ауылымыздың молласы етіп сайлауды үйғардық» – деді. Олардың бұл ұсынысын тыңдал болып: «Мен моллалық құрган емеспін жалпы. Тек бес уақытты қаза етпейтін намаз-хан едім» – дедім. «Діни сауатыңыз бар екенін көріп-білдік. Сондықтан өзіңіздей лайықты жан таппай отырмыз. Бұл ұсынысымызға қарсы болмаңыз» – деп шығып кетті.

Ертеңінде тұс кезінде үйге ауыл әкімі Аманжол Мубараков келіп:

— Ақсақал, аудан орталығына барып, сізді ауылымыздың молласы ретінде ресми бекіттіріп келдім. Енді осы ауылдың имандылық жолындағы барлық жоралғылары сіздің құзырыңызда, — деді. Сейтіп жаңа ғана қоныстанып жатқан мен ауылға молла болып шыға келдім.

Бір күні ұзын бойлы, дембелше келген, қара торы жас жігіт пен жасы одан біршама үлкен, қасқа мандай, сары жігіт сәлем бере келіп, жан-жаққа қарайлап отырып:

— Сіз молласыз ба? — деп сұрады.

— Осындағы елдің қалауы солай болып, арнайы ұсыныс жасап, мені сайлап еді, — дедім мен.

— Ақсақал, ардақты әкеміздің дүниеден озғанына он жыл болып отыр. «Көктас» деген елде әкемізге арнайы дүға берейік деп едік. Осыған өзіңіз қатысып, діни жоралғысын жасауға қалай қарайсыз? — деді.

Мен келістім. Айтылған уақытында «Көктасқа» барып, Құран бағыштадым. Осы дүғаға себепкерлердің қағазға жазып берген есімдерін оқып отырып іштей таң-тамаша болдым. Нақтырақ айтсам, қағазға жазылған есімдерге көз жүгіртсем, олар менің анамның бір көруге зар болған нағашыларының есімдері еken. Осы арада «Қайран шешемі-ай! Сәл кідіре тұрсаң, бір көремін деп армандаған нағашыларыңа да кезігеді екенсің-ау» деген ойға беріліп, көзіме жас алдым. «Ару-ағыңнан айналдым, атам қазақ! Істеген ісің мәңгілік, жоқты тауып беріп, барымен қауыштырып, бақытқа кенелтетін сенің қастерлі шежірең ғой» деп іштей толғандым. Бірақ, бұл жағдайды дүға беріп жатқан балаларға сездіргенім жоқ.

Аруақтарға арнап ас беріліп, дүға оқылып болғаннан соң, алғы жігіттерге мән-жайды түсіндіріп, барлығын жайып салып айттым. Жігіттер таң-тамаша болып, қайран қалды. «Бұл жиғіттіңде әкеміз бізге неге айтпаған екен?» деп бір-біріне сұраулы жанармен таңдана қарады. Олар «Біз Баянауылданбыз. Ал бұл кісінің шешесі Ерейментаудікі. Бұл мүмкін емес қой...» деген күдіктің жетегінде тұрғанын аңғардым. Ештеңеге түсін-лей, қайта-қайта иықтарын қозғап, еріндерін сыпсылдатып тұрды. Әсіресі Абай есімді жігіт пен оның жеңгесі Сәүле бұл жағдайға өзгелерден гөрі молырақ күдіктенетін тәрізді. Жігіттер Баянауылға барғанда әлдекімдерден сұрастыра иқүріп біледі. Тағы бір дүғада бас қосылғанда мен әлгі бала-ларға: «Қарақтарым, сенімсіздік болмасын. Егер нақтылығын ишкітаймын десендер, менің шашымның бір талын алып, шартханаға апарып тексертіңдер. Тіпті шешемнің әbdіресінде ойнің де шашы болуға тиісті» – дедім.

Күдік күдікті қуалайды ғой. Осы мәселені бір жақты етуға бел байлап, мен де іздене бастадым. Ерейментау ол кезде Іркіншік ауданы аталып, Ақмола облысына қараған деген дәрек бар екен. Шешем Ерейментауда атырабындағы Қоянды, Қойтас, Сұңқарқия деген жерде туған.

Мәшінүр Жұсіп Қөпееvtің еңбегінде де, Әнес Сарайдың өңбекінде де, архив құжаттарында да Қанжығалылар мен Қаржастың жер үшін дауласқаны жазылады. Қаржастың Ақша, Һайбура, Мырзағыл, Талас, Нияз, Жәдігер, Бабас тармақтары Ерейменнен Сілетіге дейін Қанжығалы жеріне зорлықпен кірген. Бұлардың қыстауы Сілетіден Далба тауына дейін 60 шақырым қашықта дейді.

Қаржастар Шұақтың ақ шоқысы мен Торғынбай шатына пріксіз кірген кезде Қанжығалылар намыстан дүр сілкініп,

Қаржасқа қарсы соғыс ашады. Қанжығалы жағынан 4 кісі өледі. Ақыры жер дауына құн дауы келіп қосылады. Жер құны мен ер құнын бірдей даулаған Қанжығалыларға Қаржастар: «Ер құнын алыңдар да, жерді бізге беріңдер. Болмаса, ердің құнын кешіңдер де, жерді сендер алыңдар» деп талап қояды. Қанжығалы жағы жерге иелік етуге келісім етеді. Ал Қаржастар бұдан соң Баянауыл төңірегіне, Даңба, Жаманқызыл тауларының баурайына қарай шегінген екен. Демек, анамның шешесі Мәпіш Алыпқашқызының тегі Қаржас екені ақиқат. Тағы бір мәлімет бойынша, анамның шешесінен Сағындық, Әкімбек есімді аға-інісі болған. Оларды мен шешем жерленгеннен кейін көрдім. Сағындық дегені жастау біреуі маңдайымнан сипап, теріс қарап кетті. Екіншісі Әкімбек болар деген еді. Негізі анам бұлар туралы тек естүі бойынша айта салған. Ал шындығына келгенде жорыта танымаған. Сонда олар кімдер? Жілгітердің шежіресіне жүгінсек, Атығайдан – Нияз, Әмірбек, Момын, Әбдіғаппар. Нияздан Марқа, Көкен – Қанжығалы – Қиқымбай – Іскендір. Марқадан – Тәкібай – Алыпқаш, Тұсіpbай. Алыпқаштан – Сағындық, Әкімбек. Тұсіpbайдан – Шахмардан, Шахмет, Ахмет, Шеркей, Шөпіл. Сағындық 1904 жылы туған. 1907 жылдан Шеркей тәрбиеледі дейді. Демек, анамның көргені Әкімбек ёмес, Алыпқаштың әкесінің туысы Тұсіpbай баласы Шеркей болуы мүмкін. Шеркейдің жұбайының есімі – Асыл. Сағындықтың анасы болып саналады.

Мәшіүр Жүсіп атамыздың шежіресіне жүгінсек, Әнес Сарай да – «Бес Мейрамда» Мәшекенен алдым дейді. Қаржас – Оразкелді (Олжакелді) – Алтынторы, Құлеке, Бегім. Бізге керегі осы Құлеке – Ойым, Телі (тентек). Теліден – Анайтарайды. Бұл арада сөз көп, бізге қатынасы аз. Анайдан – Нияз – Құттыбай, Қатыбай (Тәтібай), Бөгенбай. Шатаспас үшін

Нинадың үш баласын да жазбақын. Мәшіүр Жұсіп Қөпееев атамын алғашқы екеуі – Құттыбай мен Тәттібай таратылмады да ол иккінші. Үшіншісі – Бөгенбай. Одан Аманжол, одан Атығай, Шарбек, Атығайдан – Еркебай, Тағай, Әуез. Әшірбектен – Жұмабек, одан Әбдіғаппар, Момын. Жалпы, шежіре басында 10 ишшіктықтар бар. Нияздан Марқаға дейінгі шежіре дұрыс болып. Марқа Құттыбай мен Тәттібайдың бірінен тарауы керек.

Сағындық нағашымды үкімет тәрбиелеп, ер жеткізді. Ол үкіметтің адал перзенті болады. Қызыл жүлдyz тағынып, ішінша асынады. Үкімет сақшысының қызметі қалай болғаны барша қауымға белгілі ғой. 1931—1932 жылдары, оған дейінгі 1928—1929 жылдары, кейінгі зұлмат әкелген 1937 шыншылдары орын алған кесаптардан аттап өтті деп айту қыын. Өнилдій бұрсаң арба сынған, былай тартсаң өгіз өлген наубетті, кесаптты, елді есеңгіретіп, тұтас ұлтымызға қан құстырған қаржылы кезеңдер болды ғой бұл тарихта.

Шежіреге барлап қарасақ, бұлардың тұқымында қаусап тұрған кедейшілік те, шалқып жатқан байлық та жоқ сияқты. Нияздан тараған тармақтарға зер салсаң, Алтынторыдан шынықкан Бұқар болмаса, тарих төрінде Нияз үрпағы жоғарғы орында. «Тоқтық не дегізбейді, аштық не жегізбейді» дегендегі, жетімдіктің тауқыметінен азап шегіп жүрген 15—16-дағы бола жігіт не істеуі керек еді? Тәрбиелеп өсіргеннен кейін, қийда жұмсаса, сонда барады. Жамандық аяқ астында. Сен жисірсаң да, жерден өзі теүіп шығады. Ағаш басындағы жақсылықты ешкім көре қоймайды. Қатал болуы – ол занға сәйкесінше, жейтін наны. Істеген қызметі соған жетелейді. Бәрібір қиңиша қатал болсаң да, кімді болса да егілтеді, іштей күйіндереді. Өйткені үрпақ қамы толғандырмай қоймайды. Өсіріп, өсіраған үрпағыңа біреудің тілі, қарғысы тимемсө екен дей-

сің. Сол қырынан қарасаңыз нағашымызды өтпелі кезеңді кинодан көрсеткендей істерге барды деп айта алмаймыз. Үрпағының өсіу соны мензейді.

Нағашымыз екі некелі болған екен, Айған есімді бірінші жұбайынан Болат, Марат деген екі ұл, Галя, Клара есімді екі қызы сүйіпті. Екінші жұбайы Қапсуранның тегі найман.

Қапсурадан туған балалар: 1. Асқар – Шолпан деген жолдасынан Назым қызы, Еркін ұл. 2. Болатбек – Шериаздан ұл, Даңара қызы, аналары – Зоя. 3. Асылбек – Дәүрөн ұл, Даны қызы, аналары – Сәуле; 4. Абай – Бауыржан, Біржан ұл, аналары – Мақпал. Қыздары Роза, Рысжан, Бақытжан.

Нағашымыздың екі некеден 6 ер баласы, 5 қызы баласы, немере-шеберелері бар. Үкіметтің жолдамасымен Ақсу ауданына қарасты Жолқұдық ауылына учаскелік инспектор болып келеді. Офицер қатарында отставкаға шығып, Потанин совхозының бөлімшесі Қектасқа көшіп келіп, бөлімше менгерушісі болып, қызмет атқарады. Өмірінің ақырына дейін Қапсурдан туған ұл-қыздарын тәрбиеледі. Дүние салған соң, Қектас зирағына жер қойына тапсырылды.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша, нағашымыз мінезі қатал, ауыл-үймен аса араласып кете қоймайтын, бір тоға адам болған. Тек бұрынғы араласып жүретін ағайын-туыс, жора-жолдастарымен ғана қатынасы жақсы болса керек. Ол кісіге қарағанда жұбайы Қапсурға ақ жарқын мінезді болып, ел-жүртпен етene араласып, абысын-ажындағы болып кетті дейді. Әркімнің талғамы әртүрлі ғой. Кім не айтса да, өзіндік ой-өресінің жеткен деңгейінде, талғамының татымдылығы шеңберінде айтады. Оған я жақсы, я жаман деп қарауға болмайды. Алла бетінен жарылқағыр аяулы анамның аманатын мен орындағым деп ойлаймын. Анамның мінезі де кейде ша-

тақ болатын. Көпшіл, қолында барын аямайтын жомарт, қо-
шыңғай адам болды. Қатарлас-замандастарын бір күн көрмей
қалса, өзі ізден барып немесе үйге ертіп келіп, күнделікті тір-
лілік откенді еске алып, өзара әңгімемен өткізетін. Құдалық,
пішін-тойларға шақырса, бірінен қалмай, жен-жобасымен ба-
рып, сшқашан жолынан жығылмайтын, мейірлі де сауықшыл-
дау адам еді.

Кімнің үстінен жылтыраған көйлек немесе шапан, камзол
нәрсес, сондайды алғысы келіп ынтығып тұратын. Біреулер
қынғанышпен я аяушылықпен бір нәрсе айтса, «жалғызымы-
ның арқасында нені қалаймын, соны киемін де жүремін ғой»
дайтын.

Анашым, арманыңды орындағым, ақиретте сендерді қа-
үшшілтіруға жазсын, риза бол, иманды бол. Эмин!



Жал азабы - жан азабы

Жалғыз бауырмның жалғыз ұлының қазасы желтоқсан-ның соңындағы үскірік аяз бер аласапыран боранға тап келді. Жыл соны. Келіп қалған жылдың басын әркім бала-шағасының жанында отбасымен бірге қарсы алғысы келетіні де түсінікті. Ауыр қазаға, қайғылы қүйге душар болған адамға қандай мейрам? Жегеніміз – желім, ішкеніміз – ірің болып, қайғыланған туыстың жанынан табылу, жабдық басына жету үшін аласұрып көлік іздедік. Көбі: «Бұрын бармаған жеріміз, жол алыс екен. Оның үстіне боран-шашыннан қауіптенеміз. Реніш болмасын, бара алмаймыз» дейді.

Желді желтоқсаннан қақаған қаңтар да қалысқан жоқ. Қунде боран. Менің де көңіл-қүйім аласапыран. Әулөттің үлкені мен болып қалғандықтан, үақытылы жете алмай жатқанымды айтып, бауырларым өкпе-назы мен реніштерін телефон арқылы төгіп жатыр. «Ақпанның бесі күні қырқы беріледі. Ең болмағанда қырық күндік дүғасына келіп қаларсыз» дейді. «Келіп қаларсыз!» Қандай ауыр жаза! Ағайын-бауырлардың қазасына бірге қайғырысып, көңілін жұбатпаса, қызығын бірге қызықтап, қуантпаса, «тірлігінде сыйласпаған ағайын екі көзін ағарсын, өлгенінде жыласпа» дегеннің кебін күп, ауыр өкпе-назды арқалап жүргенде ақпан айы да келіп жетті. Табиғат сабасына түсіп, жайдары қалыпқы еніп, қуантып еді. Бірақ Аллаға бір ісім жақпады ма, болмаса ауыр сынақтан тағы бір өткізгісі келді ме... «Ертерек жүреміз» деп қамданып отырғанымызда, шолақ ақпан шолтандап, кәрі жынына қайта баспасы бар ма?! «Өлімнен үят күшті», неде болса тәуекелдің қайығына мініп, қалған бауырм мен (қыз бала) бала-шағамды ертіп, сексенге келгенде сендей соғылышпай-ақ екі машина болып, жолға шықтық. Астанадан бір қызылым бала-

Тұмени келген-ді. Омбылатып жүргуге көлік иесі қөнбеді, мойныңда қарызы бар екен. «Қайраттап» жүргуге болады дегенді шешіп, көлік басын солай бұрдық. Павлодардан Қызылағашқа дағын ағылып жатқан көлік көп, бірін-бірі далаға тастамайды. Қоресіні «Қайраттан» шығып «Көбенсайға» қарай жол тартақанда көрдік. Елсіз, құнсіз, ойлы-қырлы, меңреу дала. Алдыңда жар бар ма, я күтіп тұрған сор бар ма – белгісіз! Қерінші бейнетті айтпай-ақ Аллаға сыйына отырып, «Көбенсайға» көліп жеттік. Бауырлардың қуанышында шек жоқ. Ертеңінде дүгіндан кейін «Алла өткеннің артының қайырын берсін! Ендігі көлүлміз тек қызыққа ғана болсын!» деп ниет етіп, елге қарай шырт бет алдық.

Қуаныш пен қайғы дегеніңіз егіздей ғой. Бірі кетсе, бірі кипіл, алмакезек бәсекелесіп жататындей. Сол кезеңде біздің шібасымызға қуаныштан төрі қайғылы жағдай бұрынырақ киңуге аз-ақ қалды. Алла өз сынағынан өзі арашалады. «Телжин» мен «Мортықтың» арасындағы, «Мортық» пен «Елтай» аралығындағы үйдің биіктігінен де асып кететін қалың қардың ортасынан трактордың тіліп өткен жалғыз ізімен жүріп, қырды қүрей-күрей зорға дегенде аман шығып едік. Өкінішке қырай, «Елтай» мен «Жасқайрат» аралығындағы түйір-түйір шын пен қалың қардан аман шыға алмадық. Сағат кешкі бестің шамасы еді. «Қарды бұзып өтемін» деп екпіндеп келе жатқан көлік бір демде төбеден үрғандай қатты да қалды. Қармен араласа кептелген тас көлік картерінің мойнын үзіп жіберіпті. Онымен қоймай, ұшқан тастың сүйір басы артқы доңғалақтың бірін жарып тастапты. Қырсық шалғанда, біраздан бері тымырайып тұрған ая-райы аяқасты бүлініп, желдете бастады. Жанымыз аласұрды. Не істеу керек? Тәңіректе ешбір тіршілік нышаны білінбейді. Алдымызда – «Жасқайрат», артта қалған ауыл – «Елтай». Осылардың біз тұрған жерге қайсысы жақын, қайсысы қашық екенін айыратындей еш белгі жоқ. Көлік жүр-

гізушісі мен менің балам Абылай ақылдаса келе, «не болса да алға қарай жүрейік» деп «Жасқайратқа» қарай жаяулап бағыт алды. Мен: «Қатты жүгіріп демдерінді құрытып алмандар. Менің жобалауымша, «Жасқайратқа» әлі отыз шақырымдай бар. Бар үміт сендерде! Сендер аман жетсендер, біз де аман шығамыз. Болмаса, бәріміз бірдей қырылдық», – дедім мен ақыл-кеңесімді айтып.

Тырбанып тірлік қамын жасайық деп, ұялы телефондары-мызды күрек сабына байлап, көліктің төбесіне шығып, елге хабар жазамыз, бірақ байланыс жоқ. Шамалыдан кейін телефондардың қуат көзі таусылды да өшті.


Откен наұрыз айының басы болатын. «Ақжарға» отбасы-мызбен жол жүріп бара жатып, жол үстінде қалған үш «Камаз» көлігіне кез болдық. Көліктердің жүргізушилері үш тәулік бойы ешкіммен қатынаса алмай, нәр татпай, өндери қуарып, құр сұлдері ғана қалған еken. Тіпті, бірі әбден әлсізденіп, тәлтіректеп қалыпты. Өзімізбен ала шыққан ас-сұымызды беріп, ес жиғыздық. Сосын Ақжарға жеткен соң, жағдайды айтып Павлодар қаласына хабар бердік. Міне, осылайша үш адамның аман қалуына себепші болып едік. «Алла, бізге де араша бере гөр» деймін жылап-жалбарынып. Сағат тілі кешкі оннан асқанда, қорқыныш пен үрейіміз тіpten қоюлана түсті. Қыз балалар мен жұбайым қалтырауға айналды. Қолымнан келетіні білгенімді айту – «жаурап-тонған адамды үйқы басады, денелерінді қимылдата беріндер» деймін. Арамызда шылым шегетін ешбіріміз жоқ, от жағып жылынуға оттықта жоқ. Амандық үшін «ақсарбасымды» айтЫП, іштей егілемін. «Пәленшенің отбасы сұыққа үрынып, қырылып қалыпты» деген атақтан өзің сақтай гөр» деп Аллаға жалынып, жерге назамды айтам. «Сен үшін шабысып, жаны үшін алысып, қалмақпен жан алысып, жан беріскең медиен дала, малына өріс болған, жанына қоныс болған, атамекен. Өрісі малға толып, жаны қырға қо-

Нын, иттың үстінде, атанның қомында халқы айрандай үйып, бір бірімен қойша араласып жататын, атамекен, қазіргі мына жайың ән алғыш Әзірейілге татиды екен» деймін іштей өттіліп. «Мал иесімін», «Жер иесімін» дегендеге де іштей мұнцимды шағамын. «Халқыңды ойласаңдар, осындаған апаттаң сақтаңдар! Осы жолдың үстінде қанша елді-мекен бар. Өліордуң да ауру-сирқауы бар. Өлімді қазасы бар. Қызығы мән шыжығы бар. Балапан басына, тұрымтай тұсында, күн күрістің қамымен баласынан бөлінген ата-ана, кәрі-құртандар бар. Сл араласпай қоймайды. Жол – қазіргі өмірдің өзегі. Осындағы нашар жол өмірінді үзеді. Батпақ пен түйір тастардан айықтырындар! 1,5 метр ағаштан барап бағытқа жол мөлшерін жиғып, қадап қойыңыздар!» деп іштей толғанам. Бұл жолдың 11 олтмеше «Жібек жолы» деймін қамығып. Осы ойлармен қорқыныш шырмауынан шыға алмай отырғанда, мұз басқан яйнектен көліктің жарығы көрінді. «Ия Алла! Әзінің шарапағымен құтқарушы Қыдырым медиен далада да бар екен ғой. Гаубел!» деймін. Балам Абылай отыз шақырым жерге жүгіре отыра, сағат он бір шамасында жетіпті. Құтқарушылар дереу өкі колікке от алдырып, үш-төрт үйдің азаматтары бір-бірімен қибарласып, көрпе-жастықтарын алып, сағат он екіге таман күнліп жетті. Жұбайымның өздігімен жүрер халі жоқ. Жігіттер қолтықтап, көтеріп көлікке отырғызып, көрпелермен орап, жұбату сөздерін айттып жүр. Біз мында жеті адамбыз, келгендер – үш адам, бәрі – он адам болдық. Екі көлікке сыйысып, құргелі жатқанда алыстан тағы бір жарық көрінді. Қуаныштан жүрек жарылғандай. Бұл келген көлік күйеу балам болып шықты. Ақжарда Рамазан деген бауыр бар. Павлодардағы балалармен хабарласып, діттеген жерге жеткен-жетпегенімізді білген екен. Жететін уақытымыз әлдеқашан болғанын барладап, Дархан дереу іздеуге шығады. Қызылағашқа жетіп, Рахат деген жігіт екеүінің «Нива» көлігімен келіп жеткен беті

осы екен. «Жасқайратқа» жете бере тағы бір машина келді. Осы елдімекеннің участекелік полиция инспекторына құтқаруышы Қыдырларым хабарлаған екен. Жағдайды ести сала, дөреу іздел шыққан беті болса керек. Құтқарушы Қыдырларым кімдер: жүргегіне мейірім, аузына иман үялаған жас жігіт, Гинаятов Демдес молла, Қапаров Жанат, Оспанов Мейрам деген асыл да абзал азаматтар екен. Олар азды-көпті малмен жанын бағып, өзге ел көшкенде атамекенін қимай, осы арада отырып қалған. Мал үшін талайдың өмірін қіған жауыз жүректер де бары белгілі. Ондайлар танымайтын адамға есік ашпақ түгілі мылтығын кезенүі де мүмкін ғой. Баламның сырттан айтқан зарын естіл, адамшылық көрсеткен осындай азаматтарға шын жүректен алғысымды айтып, ақ батамды беремін. Мал-баста-ры аман болып, кішкентайларының қызығын көрсін – деймін. Адам баласы болған соң, бастан жақсы да, жаман да өтеді. Алла сендерге жасым мен көрген қызығымды нәсіп етсін! Балалар, сіздер бір отбасын ажалдан аман алып қалдыңыздар! Бұл айта салуға оңай болғанымен, адамды қасіретке бөлейтін ауыр қайғы. Сіздер мені екі ажалдан арашаладыңыздар! Бірін-ші өлім аузында, аузыма су тамызып, Алланы есіне салар адам қалмаудан, екінші нағыз жаман өлім – «пәленшениң отбасы медиен далада сүйкә ұрынып, үсіп өліпті» деген атақтан арашалап қалдыңыздар. Сіздерге түгел бала-шагамызбен алғысымызды жаудырамыз. Жасай беріңіздер! Қайғы-қасіреттен аман болыңыздар! Ұрпақтарыңыз қойдай қоздап, қозыдай маңырап өсе берсін! Қуаныш, Рахат, Дархан – баршаларыңызға алғысым шексіз.

Дархан туралы бір үзік сыр: қызыым Айғаным өзі қалт-құлт етіп, дірілдеп, әзер отырса да: «Әке, ренжіменіші, қо-рықпаңызышы. Дархан жай жатпайды, қазір ол бізді іздел ке-леді» деп жұбатады.

Алла тағала адамға қандай сезім сыйлайды десеңші. Құдай үзүйнә салып, шын қуантуға жазыпты. «Бірденеге ұшырап қилмады ма екен?» – деп екі жұз шақырым жерден іздең келүүл – Алланың бүйрығы болар. Сезімін жоғалтып, жаман ойға ғүскен жүргізуши, баласы мен әйелінен кешу сұрап, қоштасып, ажалға беріліп, қалтырап, ауық-ауық отырып, жылаумен болса, балам Абылай «қазір бізді іздең келеді, мына аүылға икітіп алайық» – деп жан ұшырып, оны еріксіз жетелеп, аүылға аман-есен жетеді. Осы жан ұшырудың арқасында біздер аман қилдық. Қуаныш, саған да алғысым шексіз. «Жасқайраттан» «Қызылағашқа» дейін балаларымды әкеліп, біздің жай-күйімі іді бақылап, қашан біз қорқыныштан айыққанша, жұбату літіп тостыңыз. Экенді білуші едім, Қойбағардың тұқымы, өни де қойдай өсіп-өн! Рахмет, қызметің жемісті болсын!



Балалық шаққа саяхат (толғау)

*Откенім ертегі деп, есте жүрген,
Сейлейін біраз сырым бала күннен.
Кеңдерім тал-шыбықты ат қып мінген,
Өтсе де жарты ғасыр, ескірмеген.*

*Көп сөйлемен, еске алып балалықты.
Істелген қияс істер шалалықты.
Бір күнгі балдауренді есіме алып,
Бастаймын, содан кейін естелікті.*

*Аз ауыл, отыз үйдегі колхоз еді,
Малы аз, жері-дағы шағын еді.
Соғыстың біткен кезі, ел тыныстап,
Бір үйде аздаған бір сауық болды.*

*Жастар аз, жиналғандар – кемпір мен шал,
Есіктен сығалаімыз, белгілі қал.
Ертеде ұстаз болған Құсбек атты,
Жиналған мол кітабы, дастандар бар.*

*Оқылды соның бірі – Қобыланды,
Ісіне, ерлігіне жүрт разы.
Астында Тайбурылды мадақтасып,
Жақсы ат – болған дейді ер қанаты.*

*Біз бала, еліктірген осы қиял,
Дәурені балалықтың – шекер мен бал.
Батырлық Қобыландыдаі жасаймыз деп,
Хабар бердік балаларға «бол, тез жинал».*

*Шілденің ыстық күні жанып күйген,
Астымда тал шыбығым – атым сүйген.
Ойқастап, екі жақта басты шайқап,
Келеміз бір топ бала дүбірлеген.*

*Жасалған қолға қылыш қарағайдан,
Тал-шыбық үшкірленген – жебе, наизам.
Шіреніп, иген жақтан жебе тартып,
Балалық пәк сезіммен, ой-хой жалған.*

*Топ бала шаң көтеріп тұстік жолға,
Асылған, садақ, қылыш, наиза қолда.
Ауылдан қозыкөш жер бір дөңгелек,
Аққайың, ескен тоғай – бардық сонда.*

*Ортасы алаң еді дәп-дөңгелек,
Отырдық, алқа қотан жиналып кеп.
Әңгіме – Қобыланды боп күш сынасу,
Жекпе-жек, алыс-жұлыс салайық деп.*

*Тайбурыл атымыз да тал-шыбықтан,
Балалық кімнен қорқып, неден ыққан.
Табанға ақ көбелек жағып алып,
Басталды енді жарыс, бір аламан.*

*Бетперде қара шаңнан өрім-өрім,
Етекпен сүртіп тастап беттің терін.
Шаң-шұң боп, жағаласып кеттік тағы
Ойлаттай, еш нарсені бала сезім.*

*Тағы да екі топқа бөліндік те,
Балалық салдық тағы шын егеске.
Ортаға нысанага қазық қағып,
Кигіздік басқа киер телпекті де.*

*Атқылап садақпенен нысананы,
Ешкім жоқ, дейтін оны несі қалды.
Найзаны қылышпенен қоса сілтеп,
Осылай бар бас киім додаланды.*

*Қызымен тұс ортасы ауып кеткен,
Қапер жоқ ешкімде де «үйге кетсем».
Титықтап, әбден шаршап, болдырган соң,
Шалғынға демалуға жата кеткен.*

*Ауылға қайтамыз деп жиналайық,
Шаң мен тер бетте айғыз кімге лайық?
Көйлек пен бұтта дамбал өрім-өрім,
Бас киім жұлма-жұлма неткен сүмдық?!*

*Қайтуға қазір үйге батта алмадық,
Балалық тағы тыныш жата алмадық.
Бір ногай жеміс-жидек егетүғын,
Топ болып, жасырынып сонда бардық.*

*Жемістің айналасы биік қорған,
Қазық түйіп, өріліп, тал тоқылған.
Сығалап арасынан қарағанда,
Гүл шоқтар – көздің нұры, жауын алған.*

*Сындырып тоқыманы сиярлықтай,
Балалық қойсайшы енді, қаярлықтай
Бір тесік жасап алып, кірдік ішке,
Аш қарын, соныменен тоярлықтай.*

*Біз шалды сыртта тұрып, аңдамадық,
Жақындалап гүл шоқтарға таяу бардық.
Жұлуға енді еңкейе бергенімде
Желкеден ала түсті, қапы қалдық.*

Сүйрелеп, жаппасына алып барды,
Ұсташтапай қалғандары кете барды.
«Әкеңді шақырам» деп, мені қамап,
Есікті тас қып жауып, кетіп қалды.

Отырдым жыламсырап сәкі үстінде,
Қолымнан не келмекші одан өзге.
Кетсем деп қалаі шығып, отырғанда,
Бір қақпан құрулы тұр, тұсті көзге.

Ығында қалың шілік шалдың үйі,
Қоянның түнде жүрер нағыз жымы.
Жеп кетіп жемістерін қоймағаң соң,
Қақпанмен үсташа болған шалдың ойы.

Ұмытып, шаптырмай-ақ қоя салған,
Ойладым осылай деп, емес жалған.
Қақпанды жылжытумен есікке кеп,
Жолына жүретүғын қойдым таман.

Шал байғұс қалбалақтап, кіріп келді,
Есікке таяу түрган көрмей мені.
Шап етті: «Нәшік істі яшадың?» – деп
Жантайып бір жағына құлай кетті.

Жүгіріп аттап, қарғып кеттім шығып,
Қалмаған адам көрер менде сиық.
Ауыздан ашу-ыза шығып жатыр,
Қарамай үйге таман келдім зытып.

Өрістен мал да келер уақыт бопты,
Көшеге қарап түрмыйн, әкем шықты.
Тығызып, көң-тезекте мен жатырмын,
Ақсандарап біздің үйге Ноғай келді.

«Яхия балаң миңә Яшады» – дед
Арызын айтып жатыр әкеме кеп.
Серіппесі жұмсақ сіра болған білем,
Ашудан сөздерінің күлкісі кеп.

Шешем шықты «бұзаяу қайды, әукім-әукім»,
Айқайлады мені іздейді, қайды кеттің?
«Әлгі шешек әлі жоқ, жер жұтты ма?»
Тығылдып менің жатқан мынау сиқым.

Айрылдық осы күні қатық сұттен,
Бұл енді іс емес ед менің күткен.
Халықтың әл-ауқаты әлі тәмен,
Күн көрген жалғыз сиыр сүмесімен.

Тығылған мені әкем көріп қалды,
Аз қарап түрді-дағы, жақындаады.
Қолымнан үстап үйге кіргізді де,
Айналып, қайта шығып, кетіп қалды.

Ойбайлап кірді шешем, «шешек қайды?»
Тығылар жерім де жоқ, барам қайды?
Астына жүк ағаштың кеттім сұңғіп,
Бұл да бір жан сақтауға қылған айла.

Кірген жоқ әкем сырттан үйге әлі,
Дәт етіп бәрін айту келмес сәні.
Қолына түссем шешем оңдырмайды,
Әкемнің жұмсақтау ед алақаны.

Кірді әкем, мені іздең «балам» деді,
«Жақында маған қараң таман» деді.
«Келе ғой, үрмаймын да, соқпаймын да,
Істеген ісің бірақ жаман» деді.

*Қолымнан әкем келіп үстап алды,
Жетектеп, төрдегі үйге алып барды.
Көрді де түр-сипатым аянышты,
Құшақтап, бауырына қысып алды.*

*Қорқу ма, қуану ма, кім біледі?
Жылап мен өзімше айтып әлденені.
Киімімді өрім-өрім шешіп тастап,
Шешеме «әкел» деді жez легенді.*

*Болған соң жуындырып, орап мені,
Кеткен соң дене балқып, еттің кірі.
Пысынап, маужырап мен үйықтап қаптын,
Оятты шешем келіп түртіп мені.*

*«Жүреғой, асыңды іш, қарның ашты»,
Жұмсарапты, қылмады ашу қатты.
«Үстіңе мынаны іл» деп тастай берді,
Жамалған көйлек, дамбал сол баяғы.*

*Тұрдым да сүйретіліп, киіп алдым,
Шешемнің мінезіне қайран қалдым.
Басында ұрысып, міне енді жұмсарапты,
Тұбі қайыр әйттеуір, байбаламның.*

*Бұл – менің жалғыз күнде қылған ісім,
Аузым кетік, алдыңғы жоқ-ты тісім.
Ойлама, шатақпенен жоқ екен деп,
Оқуға мына күзде барад жылым.*

*Ұрыспады әкем, ұрмады да, аялады,
Жылы лебіз, жұмсақ қандай алақаны.
Өмірдің әр өткелін көрген адам,
Бәрін де парасатпен пайымдады.*

Қолында баладан мен жалғыз едім,
Қияңқы, сотқардың бір нағызы едім.
«Балам» деді сонда әкем иіскеп тұрып,
«Қақпан-қапқан ноғайға не ғыл дедің?

Әкеме айтып бердім бастан-аяқ,
Ерікті бергеннен соң жасқанбай-ақ.
Қобыландыдай батыр боп істелген іс,
Бақша, қақпан – бірінде тастамай-ақ.

Құшақтап, алып жатты қойынына,
Басым сипап, қарап алып, болымыма.
Ертегім – есте жүрген естелігім,
Дүшпанымның жүк артар мойынына.

Деп былай бастап кетті ертегісін:
Ертегі қып сөйлемді естелігін.
Жан қимас әке сөзі қалған есте,
Санаң жетер ертегісі ескірмесін.



Тегіңді таны, үрпагым!

(Ата шежіресі)

*Өзенді Есіл, Нұра мекен еткен,
Смайыл деген аты бір бай өткен
Қалмақтың шапқыншылық кеzi болар,
Көштері Обағанға келіп жеткен.*

*Арғы атасы Фарқат батыр, одан Танаш,
Жалған сөз татымы жоқ жанына қас.
Танашқа «Қара би» деп атақ берген
Тұсында әз Тәуkenің барлық Алаш.*

*Танаш би алған екен екі қатын,
Сейлейін білгенімді қалмай қапым.
Балға, Балта, Көшебе Тарышы боп,
Танастан төрт арыс боп таралатын,*

*Балғаны сибала деп Сибан қойған,
Кенжелеп байдішеден кенже туған.
Сибаннан аты әйгілі адамдар көп,
Есенейі Естемістің сол ұрығынан.*

*Көшебе адам болған ер көңілі,
Үрпағынан көп тараған батыр-сері.
Баласы Толыбайдың Қожаберген.
Бергісі – Қозыбай мен Сегіз сері.*

*Балтада атағы асқан ер Тұрсынбай,
Жауына салған қылыш еш қымсынбай.
Төле би ӘзТәуkenің заманында
Ерлігін көрсетіпті елге талай.*

*Қозғайын енді сөзді Тарышыдан,
Баласы Тарышының – Достиярдан.
Смайыл – Достиярдың бел баласы,
Түк тартсақ ертегінің тарихынын.*

*Смайыл бай болыпты дәулеті асқан,
Бола ма жақсыменен сөз таласқан.
Ақсары, Курсары мен Қосарысы
Атағы кең жайылып, даңқы шыққан.*

*Алты арыс Ақсарысы тұра тұрсын,
Таратып сөз сөйлейін Курсарысын.
Курсарыдан Есбол мен Есеналы,
Жалғайық әрі қарай ендігісін.*

*Құдайқұлды жалғыз көрген Есеналы,
Немере Құдасы мен Құдайберді.
Нарнай, Сатай, Олжабай – Құдасынан
Құдайберді бес қара бол таралады.*

*Үш әйел алған екен Еспол-дағы,
Би болып көтерілген баста бағы.
Тұыпты бір анадан Бұрас, Құрман,
Екіншіден туыпты – Сақал, Сары.*

*Дуадақ, Төбетпенен – ушіншіден,
Жақсыны әрқашанда Алла сүйген.
Құрман шал тағы да алып үш бәйбіше,
Алты ер үшеуінен бала көрген.*

*Оразбай, Есенгелді – бір әйелден,
Аққұлы, Жанғұлысы – екіншіден
Бәске мен Жарылғасын және көріп,
Құрман шал шалқып, тасып өмір сүрген.*

*Төрт ұлы төрт ру боп тәр тағанда,
Қозғалмай ата жүрттa, қалған сонда.
Бурастан Түрлýбек бек билік еткен,
Жер бөлісін билеген сол заманда.*

*Есенегелді – ол да алған екі қатын,
Өткеннің біліп болмас парасатын.
Ұрпақты өсірудің қамы болар
Көтерген төрт бала қөңіл-шатын.*

*Бердіке, Шыныкемен – бәйбішеден,
Дүкені мен Жүкені – кейінгіден.
Ұрпағы – Дүкен, Жүкен Шыныкенің,
Оразбай ұрпағымен қоныста екен.*

*Қос қатын алған тағы Бердіке бай,
Билікті құрган кезі хан Абылай.
Абылайдың көп батыры, бірі болған,
Бір баласы Бердікенің ер Қабанбай.*

*Бәйбішеден Бердікенің екі бала,
Сабырлы, ақылға кең, болған дана.
Байжігіт, Найманбайы өсіп-өніп,
Рұлы ел болыпты осы күні неше пара.*

*Тоқалдан аты шыққан ер Қабанбай,
Емшектес Түменбаймен және Еркебай.
Көлбай мен Марқабайдай інілері
Байлышқа ие болған, шаруаға жай.*

*Бердікеде болған дейді Тормолақ ат,
Абылай сыйға алған мыңға балап.
Аяғы ат желдірер жасаң болған,
Шапқанда жел жетпестей біткен қанат.*

*Ол төр ат молақ болған айғыр тістеп,
Қабанбай ала алмаған оны күштеп.
Әкенің бүйрығынан аса алмаған,
Екі аға үстап берген «Қайыр қош» деп.*

*Бердекең отау бөлгөн жеті үлға,
Марқабай шаңыраққа болған тұлға.
Қабанбай екі ағасын ренжіткен,
Ашумен қолы тиіп, өнбес пұлға.*

*Мінезі Қабанбайдың қатал болған,
Жауына мейірімсіз салған ойран.
Кездессе буаз әйел ішін жарып,
Жауым деп қанжығаға байлап алған.*

*Атадан Қабанбай дейді қарғыс алған,
Кешірім бекер айтса, аруақтан.
Баладан жалғыз туып қызы Ұмсынай,
Найман да Ақан деген батыр алған.*

*Тұыпты Ұмсынайдан қызы Еңлік,
Болыпты ақылға бай және көрік.
Тобықты Кебекпенен уәделі боп,
Болған опат махабаттың құлы болып.*

*Нағашым Байжігіт те ер Қабанбай,
Кебекке мұңын шаққан Еңлік солай.
Тұрақсыздық заманда ер Қабекең
Хабарын кеш естіген үйде болмай.*

*Келейік енді айналып Байжігітке,
Бұл кездे қоныс болған теніз теке.
Құдаспай, Тоқпан менен екі бала
Байлықпен аты шыққан төңірекке.*

*Тұыпты Найманбайдан Қопай, Танат,
Сары, Серкен екі ұл, төртеу болад.
Түменбайдан үрпақ жоқ деп айтады,
Балықпай Еркебайдан жалғыз туад.*

*Қолбайдан жалғыз туған Сапақ екен,
Үрпағы өркендемей, қапалы екен.
Марқабай – ең кеңжесі Бердекеңнің,
Бапақ пенен Тырмысты ол да көрген.*

*Марқабай шаңыраққа ие болған,
Малы орта, ақылдың кен құты болған.
Шағалақ Жәнібекпен құда болып,
Күйеуі бол, Жәнібекке Бапақ барған.*

*Қанжығалы құсы Жәнібек белгілі адам,
Тарихта өшпестей бол аты қалған.
Абылайдың заманында 1738 әм 41 де
Елші бол орыс пенен қытай барған.*

*Алғыр құс Жәнібектен құтылмаған,
Сыңғыру артық болған жазған хаттан.
Айырылып соңғырықтан құстың тегін,
Ол құсты қайда барса құтқармаған.*

*Жиені құсы Жәнібек Бейсембай-ды,
Ол өзі бір анадан жалғыз туды.
Қуанышпай, Шыңғыспай мен Әбдірахман, Жұніс
Бейсекен көрген екен бұл төрт ұлды.*

*Үрпақ жоқ үшеуінен өсіп-өнген,
Біз бармыз Әбдірахманнан, өзгесі өлген.
Тағдырдың теперішін біз де көрдік,
Дейміз-дағы ұлы той көппен көрген.*

*Бул кезде басталған-ды зарлы заман,
Адамдар құтырғаннан қаны жаман.
Тәбеттей арсылдаған шынжыр сүйреп,
Заң-закон Қарғыбауды таққан заман.*

*Жаугершілік қалмақ-қазақ тынған кезі,
Қалмақты қазақ жеңіп, қайтқан кегі.
Асынған наиза, садақ, алмас қылыш
Тот басып қында қылыш қалған кезі.*

*Бас иіп бөтен елге бодан болып,
Саясат әзәзілдік құрған кезі.
Аузынан шыққан сөзі дуалының
Ем болмай, дауасының қайтқан кезі.*

*«Ақтабан шұбырынды» қайта соғып,
Бір үзім нан таба алмай, босқан кезі.
Теккиіп аш-арықтар далада өліп,
Ит-құсқа жемге айналып жатқан кезі.*

*Боздақтар талаі-талаі құрбан болып,
Фашистің оғына ұшып жатқан кезі.
Шайқалып шаңырағы, түнек болып,
Жабылып түндіктері қалған кезі.*

*Адамдар өзді-өзінен құтырынып,
Біріне-бірі қақпан құрған кезі.
Ой шертіп, өткен күннен естелігін
Өз басы ертегісін айтқан жері.*

Заманы Абылайдың болса керек...

*Заманы хан Абылай болса керек,
Айтады осылай деп аңыз-дерек.
Басынан Қаратаудың ақтабандап,
Ауыр көш Сарыарқаға ауса керек.*

*Басынан Қаратаудың Арқаға ауған,
Сарыарқа – ата жұртты болған арман.
Қалың көш Есіл көлге тоқтап қапты,
Босамай Ертіс бойы қалмақтардан.*

*Қошқарбай, Қабанбай мен батыр Қонай-
Өңшең ер жалақтаған қаруы сай.
Қыпшақта Түгел, Жазы батырлардың
Тоқтаған олардың да көші солай.*

*Беттесіп қазақ, қалмақ Теке көлде,
Болады қырғын соғыс осы жерде.
Қалмақты қазақ жеңіп тоз-тоз қылған,
Көшкен ел ие болған «Теке көлге».*

*Қошқарбай өз тобымен Ертіс асқан,
Қалмақтың орап барып, алдын асқан.
Батырлар Түгел, Жазы Сілеті өрлең,
Келетін Қошқарбайдан жаушы тосқан.*

*Айналған аты аңызға Жалаулы көл,
Ежелгі аты болған Аллаулы көл.
Үш жерден үш бұрыштап, Алау жағып,
Қалмаққа ақыр заман салатын жер.*

*Үш жақтан қыспаққа алып қалмақ қолын,
Қошқарбай алдын тосып, кесіп жолын.*

*Қалмақты мәңгілікке жоқ қылышты,
Баспастай бұдан былай ата жерін.*

*Текені, міне, осылай тартып алған,
Арғын, Керей, Қыпшаққа қоныс қылған.
Бұл дүниеден баз кешкен бабаларға
Бір Алла жақсылық бер ол жалғаннан.*

*Сай жыра мың тарауы аққан көлдің,
Қан тамыры – тіршілігі Теке көлдің.
Әуелде аттап өтер шалышқ бопты,
Түз тағысы иелік қылған мекен.*

*Шалышқ су ортасынан қайнар ағып,
Арнасы келе-келе көлге айналған.
Текенің шор-құяңға сұы дәрі,
Деп бұрынғы үлкендер айтады екен.*

*Текенің бір аңғары – Көбен сай-ды,
Шағырсай, Тоқпансай мен Шолақсайы.
Жиналып, жеті сайдан жеті ауыл
Басынан Көбен сайдың колхоз ашты.*

*Бұл кезде ел булігі алатайдай,
Басеңдеп, тынышталған, ел – қоңыржай.
Дегенмен, қай адамдар қарабас құрт
Кеміріп жүреді екен ішке сыймай.*

*Немере Қапар ағам бастық еді,
Осы кезде қарабас құрт бас көтерді.
Есіркеп ескі дәуір мынау жүр деп,
Арызбен тұра алмастай тас қып ұрды.*

Қалған ол бір әкеден жалғыз еді,
Тұяқ жоқ әм бір үлға ол зарлы еді.
Әменгөрі бір баламен жесір қалған,
Алмаққа көнілі де болған еді.

Зан-закон бермеді оған ондай сыйды,
Қорыққаннан елден безіп кетіп тынды.
Белгісіз қай тарапқа, қайда кетті,
Хабар болмай, өл-тірі екендігі.

Өткен соң жеті жылдаі келді хабар,
Оған да шүкір, тәубе, пруарданар.
Қатынды баласымен жіберсін деп,
Сарыбай деген адам жетті шабар.

Есіріп, елді бұзар пәлеқорлар,
Тағы бас көтеріп ед іші тарлар.
Оған-дағы қол үшін бермек түгіл
Бізге де құрық түскен, не шара бар.

Әйел оны іздел өзі де шықты жолға,
Естідік кездесіпті қанды қолға.
Өлтіріп, дүние үшін қу Сарыбай
Баланы тастап кеткен құба жонға.

Хатшы еді ауылнайға жалғыз балам,
Баталды осы кездे соғыс ылаң.
Жыл жарым уақыт жүріп келген еді,
Бір қолдан жаралы бол, есен-аман.

Аздаған бұл арада шегініс бар,
Елде әлі жайылмаған партиялар.
Жаламен бірін-бірі сотқа байлап,
Тұтқын бол қолға түскен не сарбаэдар.

*Айрылды кейбіреуі жалғызынан,
Зұлымдық тартқаннан соң таңдығынан.
Бір қадақ бидай үшін он жыл алып,
Тергеусіз бір-ақ шыққан темір тордан.*

*Ауданың әкімдері қанды қолды,
Айырмай жақсы-жаман, оң мен солды,
Домалақ арыз түссе бір жаманнан
Жіберед сағатында «чёрный воронды».*

*Көз жасы көп адамның селдей аққан,
Орнады ел басына қара тұман.
Қойға тиген қасқырдай құныққандар
Зауалын ертеңгі күн ойламаған.*

*Не пайда өткенде айтып өкінгеннен,
Пайда сол – жаман істен жиренуден.
Өмірдің өлшеулі бір кезеңінде
Із қалдыր кейінгіге жақсы істен.*

*Айтамыз үлгі алсын деп кейінгі үрпақ,
Тағдыр жоқ бір қалыпта мәңгі тұрмақ.
«Атаңа нені қылсан, өз басына
Сол келер» деген сөзің емес жұмбақ.*

*Айтып ем хатшы еді деп жалғыз балам,
Баланың қылған ісі – бәрі далаң.
Балаңды тез жетсін деп шақыртады
Деп үйге біреу кірді елең-алаң.*

*Жүрек шіркін қорықты әлденеге,
Ауызыма сөз түспеді жөпелдеме.
«Жарайды!» деген сөзді әрең айттым,
Күдігім кездеспе деп бір пәллеге.*

*Келді балам, ауылнайға бастық қойды,
Дегенше, бастық қойды, мастық болды.
Сезініп, сезіктеніп, жүруші едім,
Тұнде үйқы, күндізінде бөліп ойды.*

*Баламды айналдырған қаяр адам,
Бір түссе жамандықта тояр ма адам?
«Ініме Ғалияны алып бер» деп,
Жанына жақын тартып, аялаған.*

*Тең емес жас шамасы, аралығы,
Мінеки балалықтың шалалығы.
Іші тар, әкесін де байлайды оққа,
Қақпанды солай құрған амал-дағы.*

*Заман деген зымырап тез өтпей ме,
Күдігім тура келеді жыл өтпей де.
Бір топ адам сотталып кезегімен,
Айналды ауылнайым құнныкерге.*

*Бір істі екіншісі ақтамайды,
Әр адам біле-тұғын осы заңды.
Дүниесін жесірлердің жеді деген
Үлгерді тағы жағып бір жаланы.*

*Жала сөз бекер болды, ақталмады,
Жаулығы оныменен тоқталмады.
«Соғыстан қашқан» деген айдар тағып,
Үшінші бір пәлесін талты тағы.*

*Ісінің білді шикі екендігін,
Әйттеуір істеген соң менмендігін.
Әкесін баласымен қоса жоқ қып,
Шаңырақтың жаппақ болды кең түндігін.*

*Сол оймен мені бірге қосарлады,
Жүзеге аса қалса жоспарлары.
Қамбадан қасақана астық ұрлап,
Жаласы мынау еді жапқандағы.*

*Күзетші – Нұрмыш деген нашар адам,
Қорқытып, үрып-согып оны алдаған.
Ұрлатқан кілтін істеп Жақия да,
Әйтпесе, орның даяр, тұрме саған.*

*Шақыртып тамыр-таныс, уәкілдерді,
Құжатқа осылай деп қағаздайды.
Ол кезде «халық жауы» деген сөздер
Аузында әр залымның үрандалды.*

*Заң қуып, ақталуға уақыт тығыз,
Қолдан және ол кезде келмейтін іс.
Ауданда мықты-мықты танысы бар,
Қолға түссең, жақсылықтан күдеріңді үз.*

*Қарындас, бірге туған бауыр барды,
Іңірде келіп бізге хабарлады.
Аңдаусыз оған біреу айтып қойған
Ұстауға келеді деп баласы мен Жақияны.*

*Ұйықтамай, түнде жаттық сақтықпенен,
Ойда бар ма бұндаій іс болар деген.
Еппенен қару, мылтық асынғандар
Қоршады үйімізді күзетпенен.*

*Жатырмыз біз де қарап терең сайды,
Шүкірлік Аллаға айтып, мың бір тәуба.
Бет түзеп Ерейменге жүріп кеттік,
Жалтақтап әр көрінген қараіғанға.*

*Таппадық басқа пана Ерейменнен,
Балдызым Нәсір деген соғыста өлген.
Сібірге өтпекші бол, қайта оралсам,
Тұрабай деген балам науқас екен.*

*Тамшыдан көбеймей ме көлдер-дағы,
Мәңгі өшті жанбай жүлдyz шамшырағы.
Тапсырып қара жерге түнделетіп,
Бет алып, құла түзге кеттік тағы.*

*Үш балам, шырылдаған қалды артта,
Арты – үш, алды еді жеті жаста.
Жұбайдым – аналарың ол да науқас,
Осындаі бейнет туды біздің басқа.*

*Сол кеткеннен бетім ауды Сібірге,
Табан, өкшем, қалмай қалды жүргуге.
Адам жеңбес еш қындық жоқ екен,
Ризамын жеткеніме бұл күнге.*

*Құшақтасып жатқан кездер сар қарда,
Етпеске олай бізде онда хал бар ма.
Өз қандасың өвшпендікпен оқ атса,
Айтыңдарши, бұдан артық жау бар ма?*

*Құшақтасып жатып едік сол бір түн,
Аспан асты болып кетті у да шың.
Бас паналап кеттік біз екі айрылып,
Содан бері өтті айлар, нешеме күн.*

*Сай-жыраны жүре бердім тасалап,
Қар да жауды, жел үрлесін жапалап.
Сақтады Алла, ізімді өзі жасырды,
Жүре бердім дүшпанымды табалап.*

*Талаі таңдар тағы да атып, күн батты,
Жамбасыма дымқыл, сасық жер батты.
Тастай мықты болушы еді денсаулық,
Бұл күндері әлсін-әлсін сұлатты.*

*Жапты жала ағайын-дос көре алмай,
Айдарынан есіп тұр деп туған ай.
Шаш ал десе, бас алатын кер заман
Дегізді ғой «мен не жаздым япрай».*

*Амал бар ма тағдыр солай жазса егер,
Емес едім ешкімге де құныкер.
Бір жауыздың айтактаған тілімен
Қудалады мені осынша туған ел.*

*Паналадым Әміренің ауылын,
Талаі көрдім сүм өмірдің дауылын.
Қар жастанып, мұз тесеніп өткен күн
Ойласам-ақ ойды басат ауыр мұн.*

*Соққы маған сүм өмірдің дауылы,
Қарсы тұрды Әміренің ауылы.
Түбі бірге туыс еді әріден,
Жазды олар арқамдағы жауырды.*

*Үіғына алып, паналатты, ұмытпан,
Артық болды бірге туған туыстан.
Аққа қара ешқашан да жүққан ба
Болса-дағы дүшпан қанша зымыстан.*

*Баламменен табыстым мен сол елде,
Алла өзі пана болса жөндер де.
Үш жастағы Қалижаным мәңгілік бол,
Бір жылдан соң келіп жеттім сендерге.*

*Жүйкем босап, мен жатырмын қамығып,
Қалған артта елі-жүрттын сағынып.
Ертегінің батырындай іздеуге
Сауыт кимей құр қиялға малынып.*

*Міне осылай кеттің, балам тұған елден,
Бұл күнде үш бауырың, бәрі де өлген,
Тентек болма, қарағым, ақылды бол,
Үш бауырың бірі де жоқ көзбен көрген.*

(Жалғасы бар)

Әміре мен біздер Құрман Керейден тараймыз. Әміре –
(О)мбының оңтүстік шығысынан шыққан Ұбырай Алтынсарині.
Мектеп ашып, бала оқытқан тарихи тұлға.



Айтыс тұралы ақиқат немесе қолдауышысыз Құлагер де өзбайды

«Мал-жан аман ба?» деп амандықты малдан бастап сұрасады атам қазақ. Мал ежелден үлтыймыздың құтты асыраушысы, еті мен сүті өмірімдің өзегі екенін тереңнен білгендейктен болар, «малсыз күн жоқ» деп кеткен.

«Күт деген бұрынғылар малдың астын,

Күтпесең малдың астын мандымассың» – деген ата сөзін жадымда ұстап, мал соңында адал еңбек қуып, бала-шағамды асырадым.

«Сексенде шал боларсың селкілдеген» дегенге де бой ұсынбай, қазір де малдан қол үзген жоқпын. Оған шүкіршілік, тәубе деймін.

Әрине, өкінішім де жоқ емес. Өкінішім сол – аз болса да Алла берген өнерімді дер кезінде дамыта алмадым. Бұл менің өзімді-әзім бағалай алмауымнан болар. Бағалайтындар бар екен. Кеш түсіндім.

ССРО Жазушылар одағының мүшесі, ақын, журналист Мұбәрәк Кәрімұлы Жаманбалиновты Голубовка совхозының партия үйімінің хатшысы Зейнұр Нәжіпұлы Рахматуллин тегін ертіп әкелмепті.

Қазақтың халық әндерін орындаушылар некен-саяқ болып бара жатқанына алаңдаған ақын ағамыз «Ел іші – өнер кеніші», ел ортасынан өнерлі азамат табылар ма екен деп ізденіспен жүрген кезінде Зейнұр ағадан мені өлең айтады деп естіп, әдейі іздеп келген екен. Менен Жаяу Мұсаның «Көгершін» әнін орындаған беруімді сұрады.

Сыннан сурінбей өттім деп айта алмаймын, жаман деп те баға бермеген сынды.

Өнер саласында жүртшылықта әлі танымал бола қойман мен будан былай Ертіс ауданы орталығында өткізілетін үүрлі іс-шараларға – концерттерге жиі шақырылатын болдым.

1974—1975 жылдары Ертіс аудандық мәдениет бөлімінің мөңгерушісі ҚазССР-інің еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Қапашев Дүйсен Абақұлы болатын. Тоқсан жасқа иек артқанша қолына таяқ ұстап көрмеген осыл сүйекті ақсақал, жаратылышы бөлек азамат еді. Осы кісі жуырда Кереку қаласында дүниеден озды. Алла иман байлығын берсін. Тегі – Қаракесек-ті.

Осы ағалардың шарапаты болар, есімін естігеніммен, жүзін көрмеген облыстық «Қызыл ту» газетінің қызметкері Мұхамеджан Дауренбековтен хат алдым. Хаттың мазмұны төмөндегідей:

«Құрметті Бисембаев жолдас!»

Биыл – табиғат қорғау жылы. Ауыл арасында не жұмыс жүргізіліп жатыр? Құстар да мекеніне көптеп келіп жатқан болар. Көгалдандыру жағы қалай? Осы табиғатты қорғау тақырыбы аясында бір мақала жазып жіберсөзіз екен». /М. Дауренбеков/

Осы жылы Голубовский совхозының директоры Егел Сұлтанов таңғы планеркада шаруашылық жөніндегі орынбасары Әссоанов Жанұзаққа: «Аудан басшылары келген сайын көгалдандыру жағы кемшін деп ескерту жасап кетеді. Биыл көгалдандыру жылы деп газеттерде жазылып жатыр, бұл шараны қолға алу керек», – деп тапсырған болатын. Жақсы істің бастамасын халық қолдап, көп жұмыстар атқарылды. Нәтижесінде етілген көк талдар жапырақ жайып, көк желеекке оранған жас келіндей болды. Бірақ мен табиғат аясында аспан әлемінен Аққу құстың қайғылы қазасын арқау етіп «Аққу туралы аңыз» деп өлең сөзбен мақала жазып, М. Дауренбековтің атына

жолдап жібердім. Ол «Қызыл ту» газетінде басылып шықты.
№ 14, 16-ақпан 1982 ж.

Кейін тағы хаттар келді:

«**Бисембаев Қайырбек!**

Қазақстанның Россияға қосылуына 250 жыл толады.
Редакция алқасы ақындар айтысын өткізуге шешім қабылдады, айтысқа қатыссаңыз екен. Сонында айтыстың үлгілерін жазыпты.

Сәлеммен мәдениет бөлімінің меңгерушісі Мұхамед-жан Дауренбеков. Қолы.»

№ 55, 1-маусым 1982 ж.

Қозыны көп алған, жүнді мол қырыққан шопандар жайлы фактілерін толық көлтіріп жазуымды сұрапты.

Сәлеммен М. Дауренбеков.

№ 23, 20-қаңтар 1982 ж.

«**Құрметті Бисембаев жолdas!**

КПСС XXVI съезінің шешімдерімен жігерленген ауыл, село түрғындары белсенді еңбек етуде. Сонымен қатар жергілікті жерлердегі тілшілердің де еңбегі зор болмақ.

Біздің сұрайтынымыз – газетке мақала жазып тұрсаңыз екен. Нұсқау хатпен жіберілді. Анкетаңызды толтырып, 3x4 фотоңызды бірге жіберіңіз. Сәлеммен Еңбекшілер хаттары және Бұқаралық жұмыс бөлімінің меңгерушісі. Е. Демешев – депті.

Келесі хат Айтжан Бәделханов ағамыздан жетіпті.

«**Құрметті Бисембаев Қайырбек жолdas!**

Біз жоғалтқан мұраларымызды іздеу үстіндеміз. Оның бірі – айтыс өнері. Біздің Ертіс ауданында бұл шара қолға алынбай, кешеуілдеп келеді. Сіздің өлең айтатыңызды естідік. Ауылдарыңызды Баянбай ақсақалды бұрыннан білуши едім. Сіздер екеуіңіз жазбаша түрде айтысып көр-

сөңгіздер. Біз газетке жариялар едік. Егер уақыттарыңыз болса, бізге келіп өздеріңіз орында берсеңгіздер тіпті жақсы болар еді. Сәлеммен Бәделханов.» – депті.

Қазақта «Көтере алмас шоқпарды жаңыңа байлама» дейді. Айтжан ағамыз оны хатпен байлап жіберіпті. Бұл үш үй-мұғасам түсіме енбес өнер, енбес хат. Арыңа қамшы басқан яғымызға не деп жауап беруім керек. Тым болмағанда, айтысшың үлгісін де білмеймін, бейхабармын. Басекене бармадым. Жұбайы сырқаттанып, бірде ауруханада болса, бірде үйде құйзеліп жүрген адамды мазалағым келмеді. Естен шығып ескіріп, бара жатқан көкшетаулық Мадиев Жұматай мен қызылордалық Қекенов Манаптың айтысын есіме алдым. Қашық ССР-нің қырық жылдық тойында Жұматай ақын Манапты жетіп кетіпті. Бұлар нағыз дүлдүл еді. Олардың екеуі де көзбен көрген ақындарым болатын. Айтыс өнерінің киесі үрмас үшін, плұдымен, көзім көрмесем де, өнерін ел аузынан естіген жерлең ақын аталарымыз Иса Байзақов пен Құдайберген Әлсей-Інов туралы, олардың жолын қуушылар мен орындаушылық өнерін дәріптең, ел құлағына жеткізушілер туралы біраз сөзбен айтып өткенді жен көрдім.

1950 жылдың қан соқты наурыз айының іші. Әкем колхозда ұста болатын. Егістік науқанына қызы дайындық жүріп жатқан кез. Шағын ғана колхоздың бар керек-жарағы ұста дүкенінде қолмен жасалады. Жұмысқа ерте кетіп, кеш келеді. Ыр күні жұмыстан шаршап келсе де тамағын апыл-ғұпты ішесалып, намазға отырада. «Балам, ешқайда ұзап кетпе, қазір Ліклима кемпірдің үйіне өлең тыңдауға барамыз» деді. Кешке ғаман бір үйде балалар жиналышп, асық-қақпақыл ойнайтынбыз.

Өнер десе ішер асын жерге қоятын әкемнің өзі де өнерден қара жаяу емес еді. Өлеңші Баймағанбет Қожаның Қали деген баласы бір көзінен кемтар болған соң, «өлеңші соқыр

Қали» атанған екен. Баймағанбеттен – Шайқы, Қали, Рахым, Заки – бәрі де өнерлі. Шайқы қожалық құрды. Біз сол кісінің алдынан мұсылмандыққа өттік. Қали шұбар бет, тұксиген, өңсіз, қылжақbastau адам екен. Ақлима кемпірдің үйіндегі отырыста біраң өлең айтқаннан кейін «ән ақысын салыңдар» дегендегі бас киімін ортаға тастады. Ол кезде кімде ақша бола қойсын. Тымаққа түскен ақшага разы болмай, Қали сылтау айтып, қипақтайын деп еді, апасы Ақлима: «Халықтың меселін қайтарма, алғысын ал. Қазір кімнің жағдайы онып тұр дейсің» – деп алара қарады. Қалидың «Ә» дегенде дауысы келмей, терлеп-тепшіп, қызып алған соң жортаққа басты. Жалғыз көзін жас келіншек-қыздарға ақырайтып, шыбындаған жылқыдай әр түрлі қимылға басып, құйрығымен жорғалап, елді күлкіге батырды. Мен оның аузынан Исаңың атын бірінші рет естідім. «Құралай сұлуды» билетінмін. Бірақ бұл туындыны кім шығырғанын ол кезде бізге білу қайда. Құралайдан кейін бірнеше әнді орындағы. Ел аузында жатталып қалған мына бір әннің мәтіні:

*Алқара көк астымда,
Белде – болат қанжарым.
Күзеттеміз біз мұнда,
Қайда екен жан жарым?
Отыр ма екен жан жарым?
Жатыр ма екен жан жарым?
Ай нұрындей ажарың,
Көрмегелі жыл жарым.
Атаң отыр егіліп,
Көзден жасы төгіліп.
Баласы еске түскенде,
Қабырғасы сөгіліп.
Есік алды сел дейді,
Жақсы хабар келмейді.*

*Көзбен көріп қойғам жоқ,
Көңіл шіркін сөнбейді, – деп келеді.*

Қали бұл туындыны Исаңікі деп айтып еді. Бірақ бұл әнді ғол күнге дейін ешкімнен естімедім.

Әннің мәтіні де бар. Тағы да:

*Останымның қаңарманы қызыл ері,
Сүйеді шын ниетпен халық сені.
Сенің күшті, сенімді айбыныңмен
Бекітілген шын берік елдің шебі.*

*Сен тұрғанда келе алмас дүшпан аттап,
Аттаса жоқ қылармыз жерге таптап.*

*Аспан менен самолет шығар қаптап, – деген жол-
дыры бар.*

Әні де бар.

Одан соң Құдайберген Элсейітовтің Қадиша қызбен, Иса-
ның қарт Сүйінбаймен айтысын орындалды. Қадиша отырып
қалған кексе қыз болса керек. Құдайберген – 17—18-ге жаңа
толған балаң жігіт.

Қадиша: Ісімді ойыма алған етейін бе?

Соңынан жалғыз қуып жетейін де.

Жас бала, жайдары, ашық көрінесің,

Қыстырып тақымыма кетейін бе? –

*Сен тақым қызығын көрмеген жас баласың, тақымыма
қысып алып, тыптырлатпасын десе,*

Құдайберген: Ісімді ойыма алған мен де етермін,

Соңынан қашсаң қуып бір жетермін.

Бексөңе қолым салып, жұлып алып,

*Төңкеріп топ ішінде мен кетермін! – деп өзінің
жас болса да ол жақтан хабары бар екенін ескерtedі.*

«Үш ғасыр жырлайды» деген айтыс жинағында бұл сөздер көзге түспейді. Демек, айтыс толық жинақталмаған тәрізді.

Қали Исаның қарт Сүйінбаймен айтысын орындағанда алдында жүлқиңып, жыны ұстап отырған бақсыдай қиқаңын көбейтсе, мына айтысты момақан қүйге түсіп, салмақты отырыспен орынадады.

Мүмкін Исаның қарт адамның алдында әдел сақтап, сыйластықпен отырған отырысының өзі осылай болды ма екен. Жақсы сөздер құлаққа тоқтамай, ағып кетсе де, қырсық сөзге құйма құлақ қазақпыз ғой. Исаның Сүйінбайға айтқан мына сөзі ел аузында сақталған. Соны естігелі 60 жыл өтсе де, менің есімде жатталып қалыпты. Сүйінбайдың тегі – Сырым.

*Иса: Сүйінбай, сенің атаң сұыр жеген,
Сұырдың таңдап жүріп туын жеген.
Сырымның бұрынғы өткен жақсылары,
Қуырып жатыры мен шуын жеген.*

Ақындар айтыс үстінде қарсыласын жеңу мақсатында әр түрлі жала да жабуы мүмкін ғой. Бұл сөз негісіз жала ма екен?

Мысалы, Қызылжар ногайлары Орынбай ақыннан мешіт ішінде оңбай жеңіліп, бармақтарын тістеп қалған күндерінің бірінде советник Көшениң Тұрлыбегінің Нөгербегі қызметін Мырзалы деген азаматқа тапсырады. Мырзалы Ақан серімен дос-жар әрі замандас болады. Құттықтай келген Ақан серіге Мырзалының ордасында отырған Нұрым ақын амандық саулықсыз тап береді.

*Нұрым: Мен келдім Мырзалының ордасына,
Сөз айттым қасымдағы жолдасыма.
Әркімдер қазақ жүйрік дегенменен,
Көңілім тоқтатпай түр бармасыма.
Жыландаид Заңар шашып сөз сөйлейді,
Мырзасы қой демейді жолдасына.*

**Қазақтың моллалары харам жейді,
Береді не деп жауап Алласына?**

*Ақан Сері: Татарым, танымайсың, келдің кеше,
Татар көп біздің жақта, әлденеше.
Сылдырап жіпке тізген қоңыраудай
Алдыма шыға берме кесе-кесе.
Бар құдай, тексеретін сен емессің,
Күнәсін өзі тартағы харам жесе.
Қазақты сен қайтарып тыя алмайсың,
Аузыңда сақалың жоқ сен бір көсе.*

*Нұрым: Қазақта толып жатыр батыр деген,
Батырлар нашарлардың хақын жеген.
Қазақтың бұрынғы өткен батырлары
Құырып бауыз қан мен жатыр жеген.
Қазағым, сен білмесең, мен айтайын,
Қазақты бір себептен кәпір деген.*

*Ақан Сері: Қайда сенің затыңда дін бар еді,
Ежелден-ақ бойыңда мін бар еді.
Пайғамбардың қасына «Асқап» болған,
Ноғайдың атасынан кім бар еді.
Ұзатпай тағы-тағы орыс алды,
Басыңа бұрынғыңды қайта салды.
Не қылсын түбің бірге нағашың ғой,
Жиендік қып жеп кетіп жүрсің малды.*

Науан хазіреттің өзін сөзден тосып жүрген қазақтың сері ақыны Ақан Нұрым тасада тұрып оқ атқанымен, оған алдыра қойсын ба?!

Енді Сүйінбай мен Исаңың айтысы туралы айтайық. Сүйінбайдың аталасы Бажек баласы Смағұл деген мұғалім болды. Мен бастауыш мектепті осы кісіден оқыдым. Ұлы Отан соғы-

сының ардагері, Совет армиясының офицері. Оң иықтан жаралы жан. Қаламды онды-солды ұстап жаза беретін. Ол кездегі мұғалімдердің дәрежесін ауызбен айтып жеткізе алмайсыз. Қазақша айтқанда, жақсы-жаман, дау-дамайдың бәрі Смағұлсызы шешілмейтін. Иман деген інісі болды, домбыра тартып, өлең де айтады. Исаңың әлгі сөзін естіген Иман Әкемнен: «Нағашы, (Сырымдар Керейлерді нағашы санайтын) осы сіздер бізге кім боласыздар, туыспыз ба, болмаса жиенбіз бе? Исаңың айтқаны шын ба, әлде жала ма?» – деп сұрады. Әкем: «Оны бір Алладан басқа кім біледі», – деді.

Айтыс туралы осы Смағұл былай дейді: «Ертеде Омбы облысына қарасты Шарлақ uezі болды. Шарлаққа Қазақстанның түкпір-түкпірінен және Ресейдің Омбы, Новосибирск, сондай-ақ өзге де қалаларынан саудагерлер, өнерпаздар келіп, сауда-саттық жасап, ойын-сауық өткізген. Ертістің осы тұстағы екі беті – қалың қыпشاқ ауылдары. Өнер аренасын біраз уақыт дамылдатып, балуан Қажымұқан осы қыпшақ арасында үйленіп, тұрып қалған кез. Қажымұқанға келіп қосылғандар – Иса Байзақов, Құдайберген Элсейітов. Қыпшақтар бұл үшеуін Құдайындай сыйлады десем, астамшылық болар, қатты құрметтеді. Қажымұқан мен Иса ел аралап, Ертістің сол бетіндегі Керейлерге – Сәттібай ауылына келеді. Осы ауылда Иса мен Сүйінбай айтысады. Сәттібай – Бұрас Керейлердің ауылы. Керекудің бетке ұстар азamatы, білікті дәрігер Момынов Бұрас Иманғалиұлының кіндік қаны тамған жер. Әкесі Иманғали (тегі – қыпшақ) Қызыл-ту ауданының жолдамасымен Стаканов (Амре) ауылдық кеңесінің төрағасы болып келеді. Баладан зарығып жүрген Иманғали аталардың ардақты есімін қойса, бала тұрақтайды деген киетпен нәрестесінің атын Бұрас деп қояды. Кеңес өкіметі келген кезде мал өсіру ұранымен кедейлерге мал үлестіріледі ғой. Осы елдегі Бұхар деген кедейдің

де қолы мәлға жетеді. Алған малының тубі қайырлы болып, Бұхар жылдам байып шығады. Ылғи торы ала жылқысының саны 2—3 үйірге дейін жетеді. Қазақта «Түбі жарымағаннан сарқыт сұрама» деген сөз бар. Бұхар өте қарау адам болса керек. Оның сарандығын қызық көріп, жас жігіттер қымыз ішүгे келдік десе, «Қымыз жоқ» дейді жұлып алғандай. «Қымыз болмаса, саумал бер. Саумал қымыз емес пе...». «Саумал да жоқ» ендеше. «Қуыс үйден құр шығамыз ба, онда айран татайық» десе, Бұхар «Айраны бар кісі қонақтан ұяла ма еken, айран да жоқ» дейді еken. Ел ағалары Қажымұқан мен Исаны әдейі осы Бұхардың үйіне әкеліп түсіреді. Бұхар бұларды танымайды. Қонақ кәде жасамайды (мал соймайды). Бұхардың қоянжонғып кірпіштен салған аласа үйі бар еken. Мал соймағанына намыстаптанған Мұқан төбеге қолын созып көрілген болып, абайсыздай төбені көтеріп жіберіп, үйдің іргесін сөгеді.

Құмбасардан балшық құлап, қабырға ырсып, дала көрінгенде Бұхар: «Кімсіңдер өздерің? Төбені құлата көрмендер. Қой түгілі тай сойып құрмет етейін» деп жалынады еken.

Иса мен Мұқанның келгенін естіген ел осы үйге жиналып, ауыл думанға айналады. Тіпті, көршілес ауылдардан да жұрт ағылып келе бастайды. Isa ақындығымен, Мұқан алып күштің иесі екендігімен түрлі өнерлерін паш етеді. Қажымұқан керейлерді 20—30-дан арбаға мінгізіп сүйресе, Isa жұрттың дөлесін қоздырып, желдірмесіне басады. Қымызға тойып алған Қажымұқан Исаның қолындағы домбырасын жұлып алып, жырық танауының астынан тыңқылдатып:

*Атандым Мұқан балуан бала жастан,
Ішінде империяның болдым асқан.
Куресіп Омскіде 44 палуанмен,
Бәрін де жығып шықтым бір шалмасстан.*

*Сурасаң, Қажымұқан – менің атым,
Орта жүз ұзын қыпшақ – арғы затым.
Арғы атам – Қарақыпшақ Қобыланды,
Қолдайды күрескенде журағатын.*

*Жайылған жер жүзіне менің атым,
Көтердім дін мұсылман дара жасын.
Күрескен өлтірмек бол Сара Қикидің,
Сыпирдым тұлкідей ғып бас терісін, – деп әнге басады.*

Қажымұқанмен күш теңестіріп белдесер ешкім жоқ. Иса-
ны бірі мақтайды, бірі даттайды. Исаны сынамақ болып Қара
Сырым ауылына – қарт ақын Сүйінбайға ат шаптырады.

Сүйінбайдың қарттықça бой алдыра бастаған кезі еken. Шашасына шаң жүктырмай жүрген Сүйінбай қапелімде өзі-
не-өзі келे алмай, терлеңкіреп алғаннан соң айқайға басады. Иса Сүйінбайды жеңе алмасын біліп, Сырымға жала жауып,
тұп атасына тиісіп, әлті сөздерді айтады еken. Бұл сөзді күт-
пеген Сүйінбайдың сөз таппай ақырып қалғанын пайдаланған
бозбалалар «Иса женді» деп, оны тік көтеріп алып кетеді. Құдайбергенмен айтысқанда алдырмаған кәрі шенгіл Сүй-
інбай жұрт тарап кеткенде де орнында отыра беріпті. Аздан
соң есін жинағандай болған ол тамсынып: «Жас пері ғой, ал-
бырт, алды-артын ойламайды еken. Атаға тіл тигізіп несі бар
еді, түбінде зардабын тартпаса игі еді. Неткен жүйрік адам! Апышымды қыырды ғой» депті. Сүйінбайдың еңбектері ба-
ласы Райханда бар, бірақ ешкімге бермейді. Қажымұқанмен
бірге жүрген соң, қыпшақтар Исаны өздеріне балаған. Бұлар-
дың туған жері Ертіс болғанымен, өмір жолы мен өнерге ке-
луі, жетілуі, Шарлақ маңы», – дейді Смағұл.

Енді осы әңгімеге себепкөр болған Қали туралы әңгіме-
лейін. Соқыр Қалидың жасы Иса Байзақовпен қатарлас. Құн
көрістің қамымен өлең қуып жүріп Шарлақ базарында Иса-

мен танысады. Қали Исаны еліне ертіп әкеледі. Бұл Исаның шты жаңа шығып, саудагерлермен кіре тартысып, кәсіп қуып жүрген кезі еken. Омба шаңарына үздіксіз жол тартып жүрген Исаға «іздегенге сұраған» бола кетеді. Қалимен достасқаннан кейін біраз уақытын осы ауылда өткізеді. Сөйтіп Қаратерек – Ішайтоқа ауылдары өнер ордасына айналады. Керейлердің Исаны «біздің бала» деп жүргені сол. Бұл ауылға Құдайберген де, Қажымұқан да ат басын тірепті. Сілеті, Жалаулы, Теке көлдері төнірегінен бастап, Алаботадан Ертіске дейін қалың қыпшақ ауылдарының азаматтары Исамен таныс, жолдас болып, қасына ереді. Солардың бірі – Қалимен ауылдас Есмағанбет Мұсайынов. Есмағанбет пен Соқыр Қали түрмеге бірге түседі. Қызылжар түрмесінде отырғанда шығарған: «қамалдық ақ түрмеге тоғыз соқыр» деген Қалидың өлеңі де болды. Өкінішке қарай, мен одан қол үзіп қалдым. Түрмеден шыққаннан кейін Керей арасынан қоныс аударып, руласы Болан ауылына көшіп барады.

1964 жылы Есмағанбетпен екі күн бірге болдым. Ертістің Абай атындағы совхозында Қонақбай дейтін жақсы көретін ағамыз бар. Осы кісі Омбы облысы, Павлоград ауданына қарасты Састомар деген ауылға бас құда болып келеді. Қазақтың ескі қағидалы жолымен өлеңшілікке Есмағанбетті де ертіп ала барады. Жақсыны әр кез ел сыйлайды. Қонақбайдың бас құда болып келуінің езі оның адамгершілігінің зор, беделінің биік скенін байқатады. Оны бас құда етіп алып барған Жүсіптің тегі – Сырым. Омбының Тавршан ауданына қарасты Сары Сырым ауылынан.

Есмағанбет домбыраны бос бұрап, желдіртіп ойнайды еken. Өлеңді Исаның «Алтай аясында» поэмасындағы табиғат суреттелген жерден бастайды. Жырды нақышына келтіруге тырысып, күшті өңешке түсіре, бұлығып айтады еken. Әннің ырғағы Құдайбергенге де, Исаға да келеді. Бірақ бір бүтін

орындалмайды. Жаяу Мұса айтты дейтін «Аққұм» әнімен көп өлеңдерін орындаиды. Мұнда да домбыраға еріп, күшті тамаққа салуы сонша, тіпті, өңеші кеңейіп, иегіне жетеді. Қазір бұл ән Ахмет Байтұрсыновтікі деп айтылып жүр. «Сен жассыңғой, мен шаршап қала беремін. Өлеңді сен айт», – деп мені жегіп қойды. Қалимен түрмеге бірге түскенін, ол арқылы Иса мен танысып, оған шәкірт болғанын әр жерде жерде баяндап жүреді екен.

Арада 15 жылдай уақыт өткенде Қонақбай ағамыздың үйінде Есекеңмен тағы кездестім. Бұл кісінің бір қасиеті есіміңізді естіп, дауысыңыз құлағына жетсе болды, келесі кездескенде дауысыңыздан-ақ кім екеніңізді жазбай айттып береді.

Исаның Омбы өңірінде айтысқан тағы бір ақыны – Бектұр. Бектұрдың тегі – бағаналы Найман. Ақмола байлары Омбы, Шарлақ базарларына мал айдағанда ата-анадан жетім қалған осы Бектұрды орыс байларына малымен бірге малайлыққа беріп кетеді. Бектұр малайлықтан бос уақытын қазақ ауылдағында, әсіресе Омбы аузындағы Қаржаста өткізеді. Қазақ саудагерлерінің де тұрақты үй-жайы осы Қаржас ауылында. «Бала Бектұр мен Иса осы ауылда айтысты» дейді Иса Әлімұлы. Иса Байзақовты бірі Айдабол, бірі Қаржас деп дауласатындарының себебі де осы дейді Иса.

«Батыр бастас, бай құлақтас». Әлі баласы Иса да ата-анадан жетім қалып, орыс-қазақ байларының малын бағып, күнін көріп жүреді. Табиғатында талабы мен талантты бар жас жігіт Бектұрдың жолын қуып, оның өлеңдерін әнге қосып айттып, өзі де жанынан жыр шығарып, ел аралап, жұрт арасында «бала ақын» атанады. Өмірден озбас бұрын кекірегінен жарып шыққан аталық насихаттарын кейінгі үрпағына екі кітап етіп жазып, басладан шығарып кетті. Онда Бектұрдың даналыққа толы ғибратты сөздерімен бірге Тілеуберді батырдың

қиссасы да бар. Тілеуберді оқиғасы Ұлытау бойында болса нарек. Өмірде аттары үқсас би-батырлар көп. Айтжан ағамынан Қосайдар Қыпшақ Тілеуберді батырдың сүйегі Құлышында дилласында дегенді талай естідім. Элі баласы Иса Бектүрдің №1 аузынан естіп, жаттап алғанын айтады.

Иса Элі ұлының тегі – Малай Керек.

Ендігі сөз – тірі Иса атанған екі адам жайлы. Бірі орындаушылық шеберлігімен, екіншісі сұрырып салма ақындығымен түрекшеленген. Теке аймағы бұл екеуін де «тірі Иса» деп дәріп-теді.

Теке туралы Иса Байзақовтың «Ақбөп» поэмасында:

Осы еken Қонай шауып алған Теке,

Таласып талай соғыс болған Теке.

Қазақтың ұл мен қызын сынға салып,

Арқалап көп тарихты тұрган Теке, – деп суреттейді.

Теке аймағынан талай өнер саңлақтары шықты. Солардың соңғысы – әншілігімен әйгілі болған Сәбитов Элім жайында.

Элім Баймағанбет Қожаның соқыр Қалиымен ауылдас. Элім Иса мен Құдайбергенді көріп қана қоймай, олардың өнерін үйреніп, жалғастырушысы, насхаттаушысы болды. Ол Алматыға шақырылып, өнер сайыстарында талай мәрте лауреат атанды.

Әліммен жолдас болып бір-екі жыл мен де жүрдім. Бірақ өнер жүғыс болмаса, өзінді тауысады еken, қонбады. Элімнің Абай үлгісімен шыққан кішірек домбырасы болды. Домбыраны үршиқша айналдырып, желкесіне, артына, төбесіне қойып, шапшың қимылмен аяқ киімін лақтырып жіберіп, бақайымен де ойнап кетеді. Исаңың желдірмесін орындағанда өзі кішірек адам орнында отыра алмай, арқаланып, айқайға басып, игіғай-ға салып, еңкілдеп кеп, кілт тоқтай қалады да, домбырасын жамбасына сүйей салып, көрерменді күлкіге батыратын.

Ал, Құдайбергеннің желдірмесін орындауы тіптен өзгеше! Жатып та, тұрып та, мойнын бұрып та орындаитын жынды Құдайбергеннің тап өзі. Қайырмасын айқайға басып, екі көзін шарасынан шығара алартып, демін ішіне тарта тұншығып, жүтқыншақтан тарсылдатып дыбыс шығарып, бұлығып барып «Үң» деп лебін сыртқа шығарып тыныстағанда, іштен Біржан атамыздың «терезені сындырармын» дегеніндей сиқырлы үіл шығартын. 2008 жылы Ш.Уәлиханов аудандық мәслихатының хатшысы болып қызмет атқарған Әнуәрбек Бейсенбаев Әлекең туралы: «1972 жылы 120 адамнан тұратын Қекшетау өнерпаздары Республикалық жастар фестиваліне қатысу үшін Алматы қаласына кетіп бара жатырмыз. Қекшетаумен көршілес облыстардан, сондай-ақ жол бойындағы өзге де өңірлерден жиналғандар бар, барлығы 18 вагон еді. Балқаш көлінің маңындағы Сарышаған станциясына аялдап, қарсы келетін поезды бір сағаттай күтіп, көлге түсіп, серуенdedік. Бір кезде вагон жақтан домбыраның үнімен сүйемелденген ән естілді. Вагонға қарай келсек, ән шырқап тұрған өзіміздің Әлекең еken. Ән тыңдау үшін жиналып қалған топ адамның арасынан қинала өтіп, орнымызға әзер жеттік. Әлекең зор да-уысымен жоғарғы нотаны ұзақ ұстап тұруши еді. М. Ержановтың «Арқыра паровоз» әнін нақышына келтіріп, домбырасын біресе иყіта, біресе мойнында ұстап, шырқап келіп аспапты лақтырып жіберіп, өзі атып тұрғанда, халықтың көрсеткен қошеметіне тәбесі жататын тақтайға тарс ете түсті. Оған қарамай, отыра қалып Исаның желдірмесіне басты-ай келіп. Әншіні көреміз деп басқа вагондағы өнерпаздар да жақындал, вагонға адам сыймай кетті. Кейбірі, тіпті, вагонның үшінші қабатына да шығып алышты. Осы жолы да Әлім Сәбитұлы үздік шығып, лауреат атанды», – дейді.

Орындаушылық шеберлігімен таңдай қақтырған Әлімнің алдында ән айтуға өзге өнерпаздар жасқанатын. Тағы бір әнші

ағамыз – Қалидың туған інісі Рахым еді. Бұл кісі «өлең айт» деп өтінгенге «айттаймын» деп, күле беретін. Сабасына түскеннен кейін өнердің тиегін ағытатын. «Осындай бір ән байқауында Қызыл ту өнерпаздарының қатарында Рахым да болды. Ол кезде Ішкі істер бөлімінде істеп жүрген. Оңтүстік-шіл бір жігіті Біржан салдың «Жанботасын» айтты. Ол сахнадан іүсіп бара жатқанда Рахым сахнаға атып шығып: «Жігітім, сен Өңідің Қекшениң Біржан салының «Жанботасын» қате орындалдың. Бұл ән мүлде басқаша орындалады», – деп залдағы көрер мен төр алқасында отырғандарды қатты абыржытады.

«Қазір «Жанботаны» сен қайта орында. Соңан соң мен орындағын. Бағасын қазылар бере жатар», – деп сахнадан көтпей, тұрып алады.

Қазылар алқасының құрамында әйгілі әнші Жұсіпбек Глебеков те бар еді. Ол Рахымды өзіне шақырып алып, риазашылығын білдіреді. Сөйтіп бәйгені Рахым алды», – дейді Әнүарбек бір әңгімесінде.

Аз үақыт болса да Иса қонақтаған Керей елі оны жерге қаратқан емес. Иса осы өңірде жүріп 1918 жылы Ермек Серкебаевтың әкесі Бекмұхамметтен дәріс алып, хат таниды.

Тұбін қазсаң шыға беретін кен орнында, іздене берсе ақын аталарымыз Иса Байзақов, Құдайберген Әлсейітов тұралы халықтың жадында аңыздай сіңіп кеткен әңгіме-деректер таусылмайды, шыға береді, жаңғыра береді. Өйткені өнер адамдары көкті шарлай, жерді барлай үшқан қыран құстай қалықтап, бір орнында тұрақтамай, атақ-даңқын кеңе жаяды. Бара-бара аты аңызға айналады, ел аузында мәңгі сақталады. «Жақсыға әркімнің де бар таласы» деп Абай атамыз айтқандай, жаман туғанынан бесе де, алыста болса жақсыдан қазақ безген емес. Иса Байзақов ауруханада хал үстінде жатқанда Сабит Мұқанов: «Біз ақындардың өздерін, Алла берген өнерлерін жақсы білгенімізben, олардың шыққан тегі жөнінде

мағлұматымыз жоқ, жарытып ештеңе білмейміз, бейхабармыз. Бұл тарих үшін өте құнды, сондықтан Исаның өмір дегерін жазып алыңыз», – деп Сапарғали Бегалинді жұмсамаса, Бегалин сол еңбегін жарыққа шығарып, оқушы қауымды қауыштырмаса, Исаның өмір жолындағы деректер мен әңгімелер осы күнге дейін ел аудында түрліше айтылып, талас тудыра берері ақиқат еді. Бұл нұсқа әркімге телініп, бұрмаланып жүр. Әрине, өкінішті-ақ. Шыңырау құдыққа бір түйір тас тастағанмен шыңырау сұы лайланада ма?!

Ендігі сез суырып салма ақындығымен аты шығып, тірі **Иса атанған Мәдиев Жұматай** жайында болмақ. Оның руы – Ақсары Керей. Әйгілі Үкілі ыбыраймен ауылдас.

ҚазССР-нің 40 жылдық тойында Көкшетаулық Мәдиев Жұматай Оңтүстіктің ақыны **Манап Қекеновті** айтыста жеңіп кетіпті. (Манап қызылордалық болғанымен, айтысқа Оңтүстіктің атынан түскен). «Ақын – елдің еркесі». Көкшетау Жұматайды еркелетіп, тірі Иса деп даңқын көтеріп, Жазушылар одағына мүшелікке өткізіп, бөріктерін аспанға ататынын газет беттерінен талай оқып едім. Манап құғын көріп, құйрығын бұтына қыстырған арландарша тығылмай, арыстанша айбат шегіп, ар намысы мен ел намысын қуып, есе қайтармақта Жұматайды «Қызыл туға» іздел келеді.

Бұлар – жасан-ды сірне ақындар емес, сүйеклен біткен өнердің, табиғат сыйлаған дарынның иелері. «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деген бар. Намыс қуып келген Манап Жұматайды іздел таптайтын. «Қарыстан сүйем» жақын. Қабжаның Қалиы мен Тлеубердің Бекежаның іздел «Рай-потребсоюздан» бөлініп жаңа орнығып жатқан «Торг базға» іздел келді.

Мен қойма меңгерушісінің екінші көмекшісі едім. Бестөбенің жалпақ қара тастарынан салынған тас қамал қойма-

мында қыс түгілі жаңда да жылы киініп жүретінбіз. Қол босаған кезде күн сәулесіне арқа жылыту үшін далаға шығып отыр едік. «Торғ баздың» директоры, тегі Қарауыл Шамши Құсайыновтың ақ «Волгасы» ызығытып келіп, есік алдына тоқтай қалды. Қөліктен сырнайын қос қолына ұстай түскен адам құйылжыта, зарлата ойнай бізге таяу келді. Ноғай өндес, қабағы тұксиген, қалың қабақты сары кісі екен. Үстіне киген гимнастеркасы мен көйлегіне дейін сарғыш-сүр. Сырнай ұстағаннан ба, маған еңкіштеу көрінді. Сырнайын зарлата сәлем беріп:

*Ассалаумагалейкум жарандарым,
Жайлы болсын тастан салған сарайларың.
Оңтүстік ақынымын, атым – Манап,
Іздел келдім Көкшетау Жұматайын.*

*Қыс аязы жаз келіп арқа сорып,
Күн шуақұза жылынып амалдағың.
Жасырып Жұматайды қоймады ма
Деп келдім таусылған соң амалдары.*

*Келем деп бір ай бұрын хабарладым,
Еш жауап Жұматайдан ала алмадым.
Келгенімде Қызыл ту басшылары
Таппады шапқылатып шабарманын.*

*Жұматай менен қорқып қашып жүр ме,
Кірерге тесік таппай сасып жүр ме?
Сіздерді Қәкім бастық туыс деді,
Туыстың бір хабарын білдіңдер ме? – төкпелетіп таstadtы.*

Тегі Атығай Ахметов Қәкім аудандық мәдениет бөлімінің бастығы болатын. Ақынның көзі қырағы, сөзі алмас. «Қызыл тудың» басқа кемшіліктерін де бұрқыратып тізіп жатыр, бәрін еске түсіру мүмкін емес. Жұматайдың бұл жүрісінен хабарымыз жоқ деген соң:

*Сәлемім Жұматайға жеткізіңдер,
Күтемін уақыт болар бір кезігер.
Жұнін жұлған тауықтай қылам оны
Екпінін Манап ақын көрдіңіздер! – деп жүріп кетті.*

Жұматай шынында да көзден таса, ел арасына кеткен көрінеді. Сырттан қанық болғанмен, жүзбе-жұз көрген кісім емес еді. Дайыр дегеннің үйінде шай үстінде:

*Осы күнде Жұматайдың қатын жоқ,
Жұматайдың өлең айттар жайы жоқ.
«Өлең айт» деп, Дайыр, мені қыстайсың,
Тым болмаса шайға салған майың жоқ, – деп жайын айтып, май сұраған оны құлақ естігенді көз көріп, Қарауыл тегі Тасболаттың үйінде шілдехана тойы үстінде кездестірдім.*

Тойда «Біржан мен Сараның» айтысын орындалп отыр едім. Бір кезде есік шалқая ашылып, табалдырықтан әрек аттап бір толық адам кіріп келді. Отырғандар өре түрекеліп, жабыла сәлем беріп жатқан соң, үлкенге сәлем беру сүннет деген ғибратпен мен де домбырамды сүйей салып, көтеріле беріп едім: «Бала, өлеңінді айта бер, айта бер», – деп өзі төрге озып барып, биік орындыққа жайғасты. Соңына ерткен 10—11 жасар бала есік жақта тұрып қалды. Мен айтысымды аяқтап болысымен, баланы жұмсап дәлізге сүйеп кеткен домбырасын алдырды.

Бәйге десе, жүйріктің табаны қызаады. Мен айтысымды аяқтап болғанша, ширығып зәзер отырған болуы керек. Қолына тиісімен, ырғалып-жырғалып отырмай-ақ, қарын қуысына сыймаған домбырасын тізеге шынтақпен қысып, сұк саусақтың ұшымен іліп ойнап, шырқатып қоя берді. Домбыраны баю тартып, өлеңді төкпелеп, түйдекпен екпіндете айтады еken. «Қызыл ту» басында отырған: Атқы, Жауар, Мәлтік, Сары – Қарауыл атасынан тараған бергі игі жақсыларды ма-дақтаудан бастап, Тасболатқа:

Тасболат, балаң бауы берік болсын,

Қаз тұрып, өздеріңе серік болсын.

Бір басың онға жетсін, келініміз

Кешікпей тағы үлға жерік болсын! – деп бір тыныстап алды да, төменде отырған менің бір қылышым жақпады ма, білмеймін, бүркітше төбемнен төнө қарап, тұяғына іліп ала кетіп:

Сен несін қарап қалдың аузыңды ашып,

Бозарып екі бетің, өнің қашып.

Мен сені жұтып қояр құбылжық емен,

Қояндай отырысың мынау сасып.

Таныдым, бала екенсің талабың бар,

Жолынан атам Біржан танымың бар.

Күш атасын танымас деген бар ғой,

Айтыспақ ойың болса домбыраңды ал,

Болмаса мәжілісті қыздырайық

Біржанның тағы да бір әніне сол», – деп домбырасын іргеге сүйей салды да, стақанға қол созды. «Жалғыз көбей-ем деп үмітті», «Батаменен ер көгерер» дегендей, мен танымайтын адамның жыр мадағы мен берген тілек-батасына төбесі көкке сәл тимей, қуанып қалған Тасболат шөлмектің «Конъяк» деген асылының бірнешеуін әкеліп, жаюлы үстел үстіне қойып, стақандарға құйып та үлгерген еді. Өзімнің жиырма жылдық ғұмырымда газет, кітап беттерінен оқығаным болмаса, көзі ашылған булақтай жыр нөсерін селдеткен ақынды бірінші көрүім. Сондықтан да болар аузым ашылып, тыптыр етлей, оған тесіле қарап қалсам керек. «Жұмеке, қош келдіңіз! «Дәм айдаса қалма» деген ғой, тойымызды думандатып отыруыңыздың өзі бір ғанибет емес пе? Алып отырыңыз, – деп кейбір пысық жігіттер қолпаштап, бәйек болып, өздері де қосыла стақанға қолдарын созды.

Қапелімде сасып қалсам да, «Жұмеке» дегенді естігенде есімді жинағандай орнымнан атып тұрып, ретсіз қылышыма кешірім сұрадым. Бір көруді арман етіп жүрген Жұмекем бір көргеннен-ақ өзіне баурап алды. Жігіттер қолдарын бір созғанда мол созып, әбден желігіп алған. Мәдениет белімінің бір жігіті: «Жұмеке, ақынмын дейсіз, шын ақын болсаныз, Манап іздеп келгенде қайда жүрдіңіз? Әлде қаймышып, қорықтыңыз ба? Біз сізді іздеп таппадық қой сол кезде», – деді. Бұл сөзге шамырқана қалған Жұматай домбырасын ала салып:

*Інішек, айтқан сөзің емес жалған,
Сөз беріл, жерім жоқ-ты серттен тайған.
Манапқа келем деген жауап беріл,
Жайымды жайғастырып хатпен жазғам.*

*Жайды білмес, жат адам Манап мырза,
Іздеп кепті жайымды біле тұра.
Алдына тарту тартпақ өз жайымды,
Сөздерден сөз туғанда қызба-қызба.*

*Сөйленсе менің жайым қақпан болар,
Өз қақпанын Жұматай басқан болар.
Апанға өзі түскен аю құсап,
Бармағын өзі шайнап сасқан болар.*

*Оза шапқан жүйріктен мін табар ма,
Жалы кеткен түлпарға сын тағар ма.
Айдында қоса жүзген қос аққудай,
Айрылса сыңарынан жуп табар ма.*

*Айрылдым сыңарымнан, бой да сырқат,
Кемшилік басқа түсті неше қабат?
Артымда балам да жоқ, қасіретім мол,
Жұматай айтыс қуып нені табад.*

*Әйел менен бала екен ғой ердің құты,
Сусамыр – жаман ауру елдің жұты.
«Шайқалсын шаңырағың» деген осы,
Жел жетпес жүйрігіңің кепті сурқы.*

*Жүргенім көзден таса амалсыздан,
Жеңіліспен не демейді намыс құған.
Кір келтірме, ел мен ерге тіл тигізбе,
Інішек, дедім жақсы артың қыссасаң.*

Міне, інішек, білгің келгені осы ма еді, – деп өзі толық адам өңі қашып, одан сайын ісініп, биік орындықтан жамбастай диванға құлай кетті. Жігіттің өрескелдігін көңіліне алса керек. Жұматай туралы бұрынғы Қызыл ту, қазіргі Ш. Үәлиханов ауданының 80 жылдық мерекелік тойына орай басылып шыққан «Байрақты, бай өлкем» атты кітапта былай жазылған: «1958 жылы Көкшетауда ақындар айтысы өтеді. Көкшетау – ежелден ақын, сал-серілер мекені. Еліміздің әр тарапынан жиналған ақындарға партизан ақын атамыз Жұмағали Сайн: «Тұлпардың сыны болар ма, тосыннан шауып, топта озбай. Сен де тұс думан сапарға, қасында ешкім жоқта озбай» деп намыстарын қайрап, рух берген екен. Дес бермеген Жұматай:

*Атағы елге әйгілі әуел бастан
Елімнің әрбір күні бір-бір дастан.
Шарықтап шабытыма Ілеседі,
Әнімді қосып алып шырқап аспан.*

*Нұр алған Октябрьден атырабым,
Күн сайын жаңартумен жатыр әнін.
Қожаберген, Шөже, Домақ, Әлкейдей
Кім сүймейді ұлы өскен топырағын.*

*Көз салшы менің шалқар ауданыма,
Сары далама, Қөксенғір Сілетіме*

Көлемі емін еркін шендесе алар

Бүкіл бір Францияның аумағына, – деп шалқытқан еken.

Мен 2013 жылы тамыз айында Көкшетауда оның бөле-сімен кездесіп қалдым. Сөзден сөз туып, «Жұматай жайында не білесіз?» деп сұрағанымда біраз мағлұмат берді. Соның бірі былайша:

Еңбекшілдер ауданының аты шулы ақыны Жолбин Қаби-ден:

«Бір саңлақ ақынымыз Мәди-ді,

Қызыл тудың төріндегі Ақының.

Қыза шапса, күндік жерге озады,

Шын түлпардай омырауы дағылып», – деп ақындығын мойындаған еken. Оның тағы бір ерекшелігі – турашылдығы.

«Мужікен Әшімовтей ел ағасы,

Әлі күнге ескі әдемттен арылмаған.

Жастарын туысының артық жазып,

Бәрін де пенсиямен жарылғаған». Осы 4 жол өлең ел ағасын сынға ұшыратып еді. Өте турашыл болды. Басына түскен ауыртпашилық, бойын жайлаған дерпт ақынды оңалдырмады. Ғұмыры қысқа болды» деді.

Ал Манап Көкенов ағамыз өзі айтқандай, намысты қолдан бермей, Советтік Қазақстанның 60 жылдық тойында орыс қызы Надежда Лушниковамен айтысып, атағы тіпті аспандап кетті. Сонау Жамбыл бабамыздан бастап, егемендік қолымызға тиген күнге дейін «қазақты құлдықтан босатып, қара түнектен жарықта шығарған Октябрь» деп жырлап келді емес пе. Манап Көкенов, Мәдиев Жұматай, Надежда Лушниковалар – сол дәүірдің сарқыншақтары. Кейінгі айтыс ақындарының Октябрьді тілге тиек еткенін естімедім. Надежда мен Манаптың айтысы туралы белгілі әдебиетші Мардан Байділдаев «Қазақ әдебиеті» газетінде 1980 жылы арнайы мақала жариялады, үзінділер келтірді.

*Манап: Түріп қайғы түнегін
Жарып еткен Октябрь.
Тәрт бұрышын дүниенің
Жарық еткен Октябрь,
Хат білмейтін қазақты,
ғалым еткен Октябрь – деп Надежданың аузына мөлтек
сөз сап береді. Бұл сөзді ұтымды пайдаланған ол:*

*Қазақтың Октябрьден жетілгенін
Құлдықтың қыл арқанын керілгенін
Достықтың жақсы айттың Манап аға
Тұысқан ел орнатқан көпірлерін – деп мақтамен бауыз-
дап өтеді. Сиқырлы сөздің сырын түсінген Манап:*

*Қазақша оқып қазақтың тілін білдің,
Балынан сусындағың шырын жырдың.
Көркіңе, өнеріңе қызықтырып,
Қазақтың бір жігітін иілдірдің.*

*Сырымнан ақындықты үйрендіңде,
Ағаңа қарсы үмтүліп қырын жүрдің.
Әй қайдан байқауымша Надежда жан,
Мені де келіп түр-ау сүріндіргің – деп келіп айтыс соңында.
Ақын бол өмірге бос келу емес,
Жеңілу мақсатымыз- жеңуде емес.
Атынан облыстың келгеннен соң,
Намысты бірақ қолдан беру емес.*

Намыстының туы жығылмас. Намысшыл Манаппен Жұматай бірі құып, бірі қашып жүрсе де, туларын жықпаған тұма талант ақының ақындар. Осы тұста Қазақ тіл өнерінің жанашыры әдебиетші Мардан Байділдаев ағамыз Кереку өңірінің не асылдарының еңбектерін тірнектеп жинап, баспадан шығара жүріп, айтыс жанрынан шет қалып бара жатқанымызды оны жандандыру керек екендігін сол кездегі қазақ тілінің

жанашырлары Мұбәрәк Жаманбалинов Кәрімұлы мен Айтжан Бәделхановтің құлағына құя берсе керек. Солтүстік облысымен Павлодар облысы орыстанып барады деген қанқу сөз тағы бар.

Ат аунаған жерінде түк қалады. Кешегі Естай Беркімбаев, Иманжұсіп, Иса, Құдайберген, арғысы Жаяу Мұса, Сақау ақындарды тұдырған киелі топырақ қасиетін жоғалтуы тиіс емес деп бекінген ағаларымыз. Аудан-аудандарға, совхоз-совхоздарға хат жіберіп (жар салып) жүргегінде оты бар, тіл үйірімі ақындыққа бейім азаматтарды іздей бастайды. Маған келген хат солардың бірі болса керек.

Ананың сүтімен, әкенің қанымен сүйегіне біткен өнері болмағанды ақын шығарамыз деу әбестік сынды. Бірақ жабағы жүні түспеген тай-құнандарды сыншы ат бегілер сындарынан өткізіп талай түлпарды баптап шығарып байге алдырды емес пе. Ендеше тұншыққан бұлақтың көзіндей өнерлерін сыртқа шығара алмай сүйеушісіз, қолдаушысыз жүрген өнерлі азаматтар неге болмасын, әрине болады! Іздеген жетер мұратқа Павлодар ауданынан: Серік Құсанбаев, Нұрлан Аққазин, Баянауыл ауданынан Жұмкен Сейітов.

Краснокутск ауданынан Бейсенбі Мұқажанов осы ауданнан журналист Шолпан Байғалина бесеуі үздік шығып, еліміз тәуелсіздік жолында болғаннан бергі Павлодар облысы ақындарының көш басшысы болды және солай тарихта қалулары тиіс.

Аз-аздан үйреніп дана болады,

Тамшыдан жиналып дария болады» – демекші басында қағазға жазып айтысып кейін бірер жылда табиғаттың таланты мен салиқалы тайпалма республикалық жорға ақындарының дәрежесіне жетті.

Облыс түгілі Республикалық айтыстарда да топ жарған кездері аз болмады.

Өнерлеріне риза болған Мұбәрәк ағамыз Серік Құсанбаевты, көкшетаулықтар Жұматайды тірі Isa деп жариялағанындей, Серікті Исаңың ізбасары деп те газет бетіне жариялад жіберді. Исаңың ізбасары ретінде айтысқа түскен Серік Керекуді үятқа қалдырған жоқ. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегендей батасын беріп, бастап берген ақсақалдардың ісін жалғастыруши бойына біткен өнері бар талант иесі үлт жанды Ермұрат Нықатұлы «Шаңырақ» орталығына директор болып келгеннен бері жалғыз айтыс ақындары ғана емес, жыраулық, терме, ән-күй басқа да жанрларды орындаушылар өртеңге шыққан қаудай жастар өсе бастады. Өрістері кеңіп басқа облыстарда өнерлерін паш етті. Қазақта үзенгі қағысу деген тамаша сөз бар. Үзенгі қағысу екі адамның адамилық қасиетінің тен дәрежеде екенін білдірсе, екінші үғымы жақсы адамды үзенгілес ізбасарі ретінде айтылады. Керекулік ақындар аз жылдың ішінде республикалық ақындармен үзенгі қағыса тен дәрежеге жетті.

Ақын тілі кімге бату, кімге қату тиеді, тәтті тіл шындықты ашпайды. Шындықты ашамын деп шырылдаған Серік Құсанбаевтің тілі біреуге бата тиді ме ақыры ол өз отаны Өскеменге кетуге мәжбур болғанда Серік кетсе Павлодардың намысын, кім қорғамақ деген қанқу сөздер етек алып наразылықтар туындағанмен заман өзі өнер өрісті екенін дәлелдеп берді. Серіктің үзенгілес серіктері Керекулік білім ошағы – ПМПИ-дің студенті, өскемендік Қуаныш Шарманов, ақтогайлық жас журналист Бейбіт Бөжен шылауынан тартса да, тұғырынан түсіп, шәркесін лақтыра қоймаған. Шолпан Байғалылар республикалық айтыстарда Павлодардың намысын талай қорғап қалды. Жерді өркендету үшін өзі де өнерге бейім халықта жақын адам болу керек. Құр ақпаратпен өнер өркенемейді. Әңгімеміз тағы Ермұрат Нықатұлына ауысады. Осыдан 3—4 жыл бұрын Ақсу ауданы әкімінің орынбасарымен Ақсу ауданы Мәдени-

ет үйінде ақындар мектебін ашу туралы дөңгелек үстел өтті. Семинардың мақсаты – екі мәдениет ошағын біріктіріп, бір ортадан «Ақындар мектебі» ашылған күнде оған кім жетекшілік етпек деген сауалға жауап табу. Ақсу атынан айттысқа түсіп жүрген Сансызбай Абдулинді меңзейді. Осы отырыста сөз алған «Сарыарқа самалы» газетінің бас редакторы **Асыл Әбішев**: «Әр өлкенің өзінің Жұрсіні болғаны жөн. Екіншіден, айттыс ақыны өр мінезді, алысқанмен алыса, жарысқанмен жарыса, сөйлесе сөзінен бал тамызатын, реті келсе өткір тілден у да тамыза білетін, ұстараның жүзіндегі өткір талант иесі болуы керек десе **Ермурат Нықатулы** мұндан мінезді қазіргі жастар арасынан тек Асығат Түрғанбектен ғана табуға болады. Сондықтан жаңадан ашылатын «Ақындар мектебіне» **Асығат Түрғанбек** жетекшілік етуі тиіс» деп кесіп айтты. Қыран қыранды алыстан таниды ғой, бұл да бір Нықатұлының көрегендігі. Өнерде атадан балаға қалған мирас секілді. Өмірден озған ағаларымыздың бастап берген іс-шарасы бүгінгі күні Асығат Түрғанбектің қолында. Асығаттың баптап жүрген жүйріктері кімдер дегенге келсек, олар: Ақтоғайдан – Абзал Қабдраш, танымал Бейбіт Бөжен, Екібастұздан – Рауан Қайдаров, Алмагүл Жүгінісова (бұл аяулы қызымыз қайғылы қазаға тап болды), жақсының аты өлмеуі тиіс, жатқан жері торқа болсын, Баянауылдан – Таңат Ақатов, Аспанбет Шүфатаев, Нұрқанат Қайрат, әке жолын құушы Тілек Сейітов, Шарбақтыдан – Оразбек Саяхат, Қашыр ауданынан – Ахмет Мақсатхан, Павлодардан – Оңғар Қабден, Гүлшекер Бәттайқызы, Қуанышбек Шарманов, Қанат Шайғазин, Шолпан Байғалы, Ақсудан – Сансызбай Абдулин. Алдыңғы айттыскер ақындарымызды қалай мақтасақ та қарсыластары павлодарлықтардың орысқа бейім екендігін, көше аттарының әлі де өзгеріссіз басқа үлт өкілдерінің есімімен түрғандығын алға тартқанда тіпті Серіктің өзі де абдырыңқырап барып сөзді басқа арнаға бұрып жі-

беретін. Ал, Аспанбек Шүғатаев ше? Ол қарсыласына қыранша шүйіліп, бураша селкілдеп, құтты тізесімен таптап жіберетіндей үмтүлады. Үш жүздің ханы болған қаңарлы Абылайды бас идірген атам Бұхар емес пе, бергісі Қазақстан аймағын жаяу жүріп, зар кешіп жер қойнауының қазына байлығын іздел Қазақстанды кенге байытқан да атам Имантайұлы Қаныш Сатпаев емес пе деп қаңарлана үмтүлғанда төрешілердің өздері де сөзге тоқтап бас бәйгені талай алып берді. Алтын домбырасы тағы бар, нағыз туын жықпас ақынның өзі Егеудің сыннығы деп Мұбәрәк Жаманбалинов, қатардан қалдыртпай кеткен ақындарының бірі Ертістік Амангелді Уақбаев. Мен өзім қоян жылы туғанмын, сондықтанда қорқақтығымды жасыра алмаймын және секемшілмін. Қорқақтығым болар Айтжан ағамыздың, хатына жыл өтсе де жауап жазбаптын. Секемшілдігім жазған жауабым үнамай қалса ұят болады-ау деген ой қолыма қалам үстаппады. Осы оймен айттыс думанына кіруге талпынбадым. Өйткені бұл өнерге деген тыңдау қызығушылығын болмаса, құштарлық сезімім оянбаса керек. Біреу қолына домбыра алып «тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегендей, қалжынды сөздер айтса да оларға жауап беруге қауқарсыз сезінемін де бөденеше бұғып қаламын. Арғы затымда Нұртілеу Иманғали айтқандай бай-қуатты, болмаса өресі кең өнерлі т.т. болды ма, ол өткен өмір өз еншісімен өтті десемде «тубінде бар төрге озады, түбі жаманның арты тозады» – дегендей әкеме қарасам жаман да емес секілдімін. Әкем он саусағынан өнері тамған ісмер (шебер). Шежіреші, түнді-түнгеге үратын қиссашыл жез таңдай адам еді. Біз байғұсқа әке өнерінің қайнаған қазанының қаспағы да жүқпапты. Әйтсе де, қу шөппен ауыз сұртуғе болмас, «Қаймақ былғаған саусағын жалайды» дегендей, мұрнымнан боқ ағып, той-думандарда әке етегіне оранып жүріп 9 жасымда домбыра үйреніп, әкеден естігенімді жатқа айтЫП жүк үстінде отырып ақсақалдарға айтЫП беруге жара-

дым. Бойым шәже болғандықтан ақсақалдар қызық көріп үйілген жүк үстіне отырғызып қоятын. «Жетім қозы маңырап жүріп отығар, жетім бала Тәнір қолдап молығар» дегендей, ер жетіп ат жалын тартып мініп, ақ жаулықты қолынан емес жолынан жетелеп молығып жүргенде өнер артын қысып қала беріпті. «Адамның ойлағаны болмайды, Алла маңдайға не жазса сол болады» дейді бұрынғылар. «Адамның басы – Алланың добы» деп сол себепті айтылған болар. Біздің доптың маңдайына жазылғаны қу бейнет болды. Қатын-баланың қамымен бейнеттің ортасында жүріп денсаулығыма ақау түсіріп алғам. Бұл кезде қой фермасында зоотехник едім. Күйек айы келіп қалған кез. Ержанов Манарабек атамыз жырлатаңдай 1000 саулықтан 1500 қозы күтетін нағыз жауапкершілік маусым. Басшылардың күйек науқанын өткізгеннен кейін курортқа путевка алып береміз, барып емделіп келесіз деген емекстіуімен айға жуық үақыт тағы өткізіп денсаулықты одан сайын төмендетіп алдым. Күйек кезеңі бітті. Қошқарлардың күйегі сыптырылды. Күйектен қалып қалған қашақтары сенің ырысың деп қошқарларға он күнге аманат тапсырып өз қаражатымен «Ессентукиге» емделуге кеттім. Жұмысыма қайра оралғанша күзгі аяға райы тез бұзылып жылдық бейнетінді күз теретін нағыз ауыр жауапкершіліктің кезеңі келіп қалды. Шопан атаның таяғын ұстау өз алдына білімпаздықты, төзімділікті қажет ететін абырайлы да бейнетті де жұмыс, бір отар аналық қойдың аға шопаны абырай дегенді ұмытып ішімдікке салынып отарды қаусатып тастапты. Иә, абырай деген қасиетті үғым. Өзің сол абырайыңды ақтай алдың ба, Айтжан ағамыздың сенгенім сен болсаң күйсегенінді үрайын демегеніне көзің жете ме. «Шын жыласаң соқыр көзден жас шығады, бірақ желге қарсы дәретке отырма, үстінді былғайды» дегендей сыпайы қамшылап Айтжан ағаңа жауап жазып өз абырайыңды ақтап ал дейді ішкі сезімім. Эуелінде хат келгенде айтис

туралы Манап пен Жұматайдың айтысын есіме алдым дедім той. «Болмасаң да ұқсап бақ» – деп Абай атамыз айтқандай әуелдегі ниетім олардан үлгі алу болатын, байқасам олар қандай мен қандай. Олардың сөзі қара құйын дауылдай. Енде-ше сен кімсің? Малшы «Аяз әлінді біл, құмырсқа жолынды біл» – деп шештім, малынды айналдыр. Демалыстан келген адам қандай сергек келеді. Ертемен аралап осы отарға кел-генімде тағы баяғы бәә, бәә – деп жамырай түргеліп маған арыз айтқандай қарсы алды.

Бірінші бәә-бәә-ға сөз беріп айтысты бастан кеттім.

*Біз сені көрмегелі көп күн өтті,
Бізді де ойлайтығын уақытың жетті.
Қырық күн шілде болмас енді қайтып,
Суық қысым, арқадаң дірдендепті.*

*Азығың жоқ уақытылы бізе берген,
Бізді мал деп қарайсың, не бетіңмен.
Қолдан қолға ауысып айдалумен,
Құр құлақ қалды бізде ербендерген.*

*Зоотехник: Немене қошақаным маңырайсың,
Сұраудан су мен шөпті жаңылмайсың.
Қолдан қолға өттім деп ренжіме,
Енді заты осында турақтанасың.*

*Қараң мынау жаңа салған ұядайын,
Сүрлем, шөп, жемі, суың бәрі дайын.
Әйттеуір шайнаудан жағың қарыспайды,
Алдыңа келіп тұрар қылма уайым.*

*Қой: Уайымдама дедің-ау сөзің ғажап,
Бізді әлде тұрмысың қылып мазақ.
Есін жиіп болмаған шапан анау,
Көрсетіп тұр біздерге ауыр ғазап.*

*Зоотехник: Жағдайды түзеймін деп ойымда бар
Менің де өршіл міnez бойымда бар
Қомдансын төл өргізсін деп әкелдік,
Енді тоқтат жылауды антурғандар.*

*Қой: Жыламасқа бола ма қарның ашса,
Қарның ашып арқаңнан аяз сорса
Жатар жерім ол да әне лай батпақ
Болмас па еді молдау қылып сабан шашса
Сабаннан жұмсақ қылып көрпе салса*

*Ерте кетіп, келеді кеште қайтып,
Шабаннның жүргені анау шалқып.
Жас баласы қатпаған бұғанасы,
Шамасы жоқ томпаңдаиды азық тасып.*

*Қараша желтоқсан мен осы екі айда,
Бұл күніммен келерміз біз бір жайға.
Мал қожасы едім деп үялмайсың,
Неге барып айтпайсың басшыларға.*

*Зоотехник: Шығарма дыбысыңды үнің өшсін,
Мені жалғыз бақырауық сендер көпсің.
Бастықтарды түсінер көзін салар,
Көруім бір-біріңнің жүнің жепсің.*

*Көрмегелі көп күн деп сөгіп жатсың,
Уақытымен жүрдім ғой денсаулықтың.
**** тарта жесең тай қалады демейдіме
Араныңды аша берме шырақтарым.*

*Келді уақыт, олар міндеттеме,
90 қозы жүзіне бір кемітпе.
Әр қайсың 4 кг деп жүн бересің,
Жоспарлап жазылған бұл міндеттеме.*

*Кой: Жағдай ғой салып түрған бізді егеске,
Біздер көмпіс қазына қөмбे емес пе.
Біз де тілек айтайық құлағың сал,
Сен де тыңда тіліңді бос безегенше.*

*Қозы болар айтарлық қоңым болса,
Жұн болады берік мықты тоным болса.
Жас төлдерім сырқат боп қалмас еді,
Жел құздан сақтар жылды орын болса.*

*Есік анау жабылмайды қызыуы жоқ,
Шаруа жатқаны анау жиынуы жоқ.
Жылқы, сыйыр ластайды жатар жерді,
Шопанның оныменен жұмысы жоқ.*

*Қоршауга бірге қамайды вз малдарын,
Тілегіміз тыйдырыған бұның бәрін.
Міндептеме орынды жағдай туғыз,
Шопан шешсін ендігі істің наәрін.*

*Егесті осы менен қоямыз да
Қағазға келісім шарт жазамыз да
Сөз бердім шопан ата қауымынан
Кемшилікті қалаі да жоямыз да.*

«Ештен кеш жақсы, жоқтан бар жақсы» не болса да деп – Айтжан ағамызға хатпен жолдап жібердім. Бірақ! Арада 3–4 ай өткенде қолтығына жетім баласын қысқан жесір әйелдей отегіне желімдеп жапсырған тілдей қағазымен есіктің тұтқасында іліулі түрған жерінен табылды.

Қағазда: «Құрметті Бисембаев жолдас! Жазған хатыңызды алдық. Талқылауға тұратын дүние, екінші жазғанда кінәліні анықтап жазыңыз. Біз газетке жариялаймыз» – депті. Ін ауында саршұнақ аңдып отырған қу түлкінің тәлкегіне түскім

келмеді. Екінші хат жазбадым. Өйткені «Айман-Шолпанда» ойнаған Қапал Қармысовтың «үріт соқ-соғының» іісі мұңқіп түрді.

Есі дұрыс кісі айға қарап есіней ме? Айтыс деген жанрдың құдырреттілігі де осында. Аяғы насырға шауып кетуі де мүмкін. Ал керемет жақсылығы одан да үшан теңіз. Мысалы: 1929 жылдан 1980 жылдардың ішіне дейін есімін ел таныған жел жетпес сұрып салма ақын атамыз Иса Байзақов туған елі – Ертіс ауданына елеусіз тұлға болды, 1960 жылдың басында, дәлірек 1958 жылы **Мұбәрәк Жаманбалинов** Қарімулұлын облыстық «Қызыл ту» газеті, Железинка, Қашыр, Краснокутск, Ертіс аудандарына тілшілік қызметке тағайындалды. Ертіс ауданы оның сүйікті ауданы болғандықтан жанұясын осында көшіріп әкелді.

Тың игеру кезінде ескі жұртқа қаулап өскен арам шөптей қаптаған басқа ұлт өкілдері азды-көпті ата қонысында отырған қазақ ұлтын қаусырап құшағына қысып тыптыратпай өз биліктерін жүргізумен қатар тілін деген жұтып жіберуге таяу еді. Ертістің бұл өнірінен айтулы талай тұлғалар дүниеге келген. Бірақ суға түскен балықтай саясаттың шырмауымен тілмен бірге олардың есімдері де жоғалып кету қаупі бар. Ел аузында сақталып қалуы мүмкін. Сол кейінгі үрпаққа жеткізуші аузы дуалы қарттардың өзі азайып барады. Не істеу керек?

Ақын ақынды сыйлайды, дәріптейді, ардақтайды. Ақынның күші тілінің ұшында, қаламының қуатында, бұл күшті табиғаттан басқа ешкім бермейді, ешкім тартып та ала алмайды. Биліктің бәрі өзге ұлт өкілдернің қолында. Қүресерге дәрмен жоқ. Амалсыз болған дана ағамыз 1967 жылы айтыс үйімдастырады. Ақын домбыра алып топқа түссе, тұлпар жал құйрығын сұзіп бәйгеге шапса тақымын қысып үйде отыратын қазақ аз.

Сол кездे Железинка ауданы Есқара ауыл мектебінің қазақ тілі маманы ұстаз Сағитов Кәбек Ертіс ауданы атынан (ағамыз да Железинкелік еді), Краснокутск ауданы атынан сол жердің тумасы ұстаз ол да қазақ тілі маманы Қимадиден түседі. Сөз алған Кәбек: Ертісте элэватор, сүт пен сыра заводының салынғанын, сыра десе бидонын алып сырғи жөнелетін. Сол кездегі қазақтың қымызы асы, сыра ішіп сусыныңды басасың деп мақтанады.

Айтыс алма кезек еңбек озаттары мен совхоз шаруашылығының жетістіктері мен кемшіліктерін айтысып жүлқыласады. Он сан адамның қолынан өтетін шаруашылықтың кемі айтылғанмен жетілмейді, қаралағанмен кетілмейді, жалқаулары көгермейді. Мүкенін түпкі ойы басқада оны Қимадиден айтқызады.

*Мұткенов Серікбайды білесің бе?
Айбары арыстандаң алып тұлға.
Орнаттық зәулім мұсін батыр ұлға,
Мектепке өзі оқыған атын беріп,
Үлгі алып үрпағы өсіп жатыр мұнда.*

*Естайдың ескерткіші күмбезімдей,
Қасынан кете алады кім көз ілмей.
Төрт метр құлпытастың өзідағы,
Алыстан жарқырайды күн көзіндей.*

*Ақла ақын Иса еді ғой ардагерім,
Үлгілі білуші едім туған елін.
Ізі жоқ ауданыңда мектебіңде,
Бір кезде өзі мектеп салған ердің.*

*Көрдің бе Павлодарда шіркін ані,
Иса деп бір көшесі құлпырады.
Бір белгі сол дарынға салалмаған,
Аулыңың жоқ-ау сіра ынтымағы.*

Адам сөзге, мал шөпке тоқтайды. Салғыласып айтыстың мәнін кетіріп айтыса беру емес. Кәбек сөзден омақаты құлады. Енді тоқтау керек еді. Бірақ адамгершілік қайда. Қимадиден оның аузына сөз салып мақтанады.

*Бастығы совхозымның Жетімтайым
Сұрасаң содан сұра істің жәйін
Совхозым он жыл бойы жүлде алуда
Әр науқан кезеңінде тұрған дайын.*

Ұтымды пайдаланған Кәбек:

*Әрине директорға бағынасың,
Сондықтан оны жақтап жағынасын.
Өзіңді жаяулатып қоя берген,
Қамқор деп Жетімтайды не қыласың.*

Сөз нысанаға дәл тиді. Келесі 1968 жылдың ішінде, айтыс өз нәтижесін бере бастады. Мүкең ағамыздың араласуымен Железинка ауданы Есқара ауылының қазақ мектебі орыс мектебіне айналғанымен, аздаған айтыс тартыстан кейін қайрадан қазақ мектебі дәрежесін қайра ашылды. Үлгілі ауыл мектебіне Иса Байзақов есімі беріледі. «Бірде хан қазына қайда?» – деп халқынан сұрапты. Сонда бір көпті көрген шешен қария: «қазына ақылдының аузында, бір үртү алтын бір үртү күміс көмекші қазына» – депті. 1979 жылы Ертіс ауданына бақ орнады десе де болады. Өзге үлттың өкілдері ыдырап ауданға Рамазанов Бағұстар Ғабдулхайұлы аупарткомының бірінші хатшысы болып тағайындалды. Ел бағына келген қазына ағамыз жақсылығын ала келді. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші бір екі ауыз сөзбен жеткізсем. Рамазанов Бағұстар ауданымызға келісімен өзі істеген азғана жыл ішінде қазақ үлттың ыңғайына қарай тыныс тіршілік өзгере бастады. Осыдан 12 жыл бұрынғы Мұбәрәк Жаманбалиновтың ай-

тыс арқылы жеткізбек болған жан айқайы ескеріліп Беловод совхозы Иса Байзақов атындағы болып өзгертілді. Ертіс Мәдениет үйінің алдынан Иса Байзақовқа бюст қойылды.

Бір-бірін ертеден жақсы таныс екі тұлғаның тілек армандары бір ұлтына қызмет ету. Бағұстар ағамыздың аузынан шыққан лебі рухани байлыққа алтын-күміс қазына болып құйылды. Ескерусіз көп жылдар шаң басып астық қоймасының ішінде жатқан Абай атамыздың бюстін таптырып тұғырына қондырғызды. Шаруашылық саласына сіңірген еңбегі оз алдына. Мүкең ағамызы Қимадиден құсап жаяуда жүрмеді. «Бұрынғы үлкендер артында мал қалғанша, егулі тал қалсын» – дейді екен. Бағұстар ағамыздың нәтиже бермейді дегендердің аузын жауып, өз қолымен отырғызысып кеткен қарағайлары қазір шоқ қарағайға айналуға жақын. Осының озі Ертістіктердің ағамыздың есімін мәнгі есте ұстауға жетіп жатыр. Бұтағын мал сындырып іші ластанбас үшін айналасын әдемі бір қоршаумен қоршап, күтім жасаса Ертістіктердің ағамызы атындағы саябақ деп атауына сай келеді.

Біздің әңгімеміздің арқауы айтыс жанры болғандықтан қайра айналуға үақыт келген сынды. Айтыс туралы әңгімеміздің бір үшін түйіктап тастағанбыз. Ол Павлодар облысы көлемін қамтыған. Мардан Байділдаевтің аманатына азды-көпті пайдасын тигізе білген екі ағамыздың ой түкпірінен Ертіс ауданы да шыққан емес.

Алда Иса атамыздың 90 жылдық торқалы тойы жақыннады. Республика, облыс өз шараларын жоспарлауда, ал бізшे? Ертеде ел билігі қолына тиғен жас би, қартаң тартқан биден: «Әркім несіне қүйеді» – деп сұрапты. Қарт би: «Әркім атына қүймей ме» – депті. Ендеше 2 шақырым жерде көл бар. 1—2 айналып жатарсыз» – дейді. Қарт үндеңейді. Келесі күні аттанайын деп жатқанда жас би. «Қалай демалдыңыз?» дегенде. «Ой қарағым-ай айтқаның жақсы болды,

бойым серігіп қалды, енді аттанайын деп жатырмын. Мынау бір жұттан қалған арық байтал еді. Осыдан бір асыл тұқым алайын деп әдейі келіп едім. «Көмегіңіз тисе» депті. Жас би Торайғыр, қарты Жапалақ би екен. Бұл да бір айтыс тыртыстың бір түрі. Мәселе атына күйуде. Мәдениет ғимаратына таяу, қасқая қарсы қарап, қасын керіп тұрған Иса атамыз екі әріптес жерлестеріне: Менің желдей ескен желдірмем қайда? Тау сүйндай тасыған жырларым қайда? Құлагердей құлдырай озған айтыстарым қайда? Қолыма ұсташаң домбыраң да жоқ. Мен кіммін? Елім мені неге білмейді? – деп кінәлап тұрғандай. Бағұстардың барында ағаларымызға сабакты жіптің сәті түспей-ақ қойды. Бағұстардың орнына қалжыраған кәрі түйедей сіңіріне ілініп үзілуге әзер тұрған, партияның бірінші хатшысы болып қазақ десе жыйырылып тұратын, мұрнын шүйіріп тұратын, жағынғандарға сүйініп тұратын жылпос жігіт А.И. Кошевой келді. Бағұстардың үақытсыз кетуіне де осы жігіт себепкер болды деген сөз бар, негізі шындыққа саяды. Ағаларымыз аудан атына қанша күйгенімен, бұл басшы қатқан тоңдай жібімей-ақ қойды. Қалам қайратының сынға сыралғысы өтсе де қазақ өнеріне деген көзқарасын өзгерте алмады. Айтқан сөздері тау үңгіріндегі тасадағы көлеңкедей ескерусіз қала берді. Көптің аты көп, көп қорқытады, терең батырады. Әр істің бір зауалы бар. Келесі депутаттыққа сайлау науқанында, Голубовский совхозының «Қызыл сарай» бөлімшесі атынан түскен оны Қызыл сарайдың кәрі құртаң шал-кемпірлері оны жақтамай тереңге батырып жіберді. Айтжан Бәделханов ағамыз жақтырмаған өзінің бастығына «кет дегенде ит те кетеді, сен ит құрлы жоқсың ба? қазақтың сөзін түсінбейсің бе?» десе Қажымұрат Смағұлов жақсы ит өлімтігін көрсетпейді емес пе дегеніндей, сілімтігі шыққан ол шет елге қашып тынды. Участке сайлау бастығы сол кезде бөлімше басшысы Сатылғанов Төлеген деген жігіт болатын.

Ағаларымыз қанша қу шөппен аузын сүртсе де бұл саясатқа араласқандары өзінен-өзі көрініп тұр. Зауал деген осы да.

Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығар дегендей оның орнына қазақи иі жұмсақ В.А. Ермолаев отырды. Аудандық қеңесі атқару комитетінің тәрағасы болып Баянның қара тасындай қатпар-қатпар ақыл-ой иесі, басқа ұлттармен белдесе жүріп белдігін үзсе де, елдігін, қазақи дәстүрін үзбекен көп ғұламалар ордасынан дәріс алған қазақылықты бойына дарытқан атпал азамат Қорабай Шакиров келді. Келесі жылды семсердегі серпіні қатты болғанмен іі жұмсақ, қазақ тіліне майыр, ағаның да інінің де ыңғайын таба біletін, ақсақалдардың ығына жығыла біletін аздап рушылдығыда бар атақты Қанжығалы Боқтының жұрағаты Абызбай Адамов келді. Бұлардың берін жілкө тізіп отырған себебім, күр қол арыстанша айға шапсан да ешнәрсе өнбейді. Жаңбырдың сұытимей шөліркеп қақ айрылған сортандай қуаты кете бастаған шаруашылық қожалары қолдарын созбайды. Бір-екі жылдан бері қуаңшылық болып етін, шөп аз шығып, кей шаруашылықтар мал азығының жетімсіздігінен қыыншылықты бастан кешуде. Соның бірі өз совхозым «Голубовский». Егіншіліктен түскен сабан мен шөп жетімсіз болғандықтан етін шықпай қалған егіс алқаптарының қурай қаңбақтарын менің фермама үйіп бергенде қой, қаңбақ жейді, дегенмен Қайыркеновтың Успен районынан тістері сорайған, бастары сопайған асыл тұқымды, қойларының жақтары талды ма кейбір отарда аз болса да шығын да бар еді. Қой төлдеген кезге деп арнайы үйілген 50—60 м-дей маяның үстінен шығып, қалай үнемдеудің амалын іздел адымдап өлшеп жүр едім, артымнан біреу «Сәлеметсіз бе?» деп амандасты. Ә деген бетте Сыздықов Ұақап Бекұлы ма деп сасып қалғанмын, үстінде тысталған шолақ тон, аяғында тізеге таман келетін қалың былғары етікті Ұақап Бекұлы мал аралай келгенде үнемі осылай киініп

келетін. Қарсы жүріп қол алдысып амандасқанда Шакиров Қорабай еkenін таныдым. Пушкин совхозында директор қызметін атқарып жүргенде 2—3 қабат көргенім бар. Жаңа лауазымға келгелі міне қар жүріп кеткен шөп маясының үстінде бірінші көруім. Машинасын жақын қой қорасының біріне қалдырып, мені мында деген соң әдейі келген еken. Білгенімде алдынан шықпас па едім. Мұным азаматқа деген ізет-құрметім болmas па еді білмей қалдым. Жылы жүзбен жайдары амандықтан кейін қыстан қысылып қаламын ба? — деп алдын ала қам қылып жүрсіз бе. «Оныңыз жақсы еken, қыс аяғы созылып кетуі мүмкін. Сақ болыңыз. Директорыңыз үйде жоқ болған соң әдейі жағдайды білейін деп келдім» деді. Қоштасарда шаруа басшысы басқа да кеңестерін айтқан еді. Арада ай жарым өткенде міне Мәдениет үйінің төрінде тағы кездестік.

Бұл кездесу жай кездесу емес. Мәдениет саласында Ертіс ауданы үшін ақ түйенің қарны жарылған күнгі кездесу. Мұбәрәк Кәрімұлы мен Айтжан ағамыздың тілек армандары орындалған күн. Осыдан біраз күн бұрын Бақыт Қайыркенова ауылдардан біраз азаматтарды шақыртып, Мұбәрәк ағамыз біраз дәріс оқыған-ды. Біздің Ертіс ауданы бойынша соңғы елу жыл көлемінде бірде-бір ақындар айтысы өткізілмеді. Басқа аудандар мен жанымыздағы Краснокутск ауданында да айтыс өткізді. Бірақ Ертіс ауданынан бірде-бір ақын қатынасқан жоқ. Бұл ауданға деген, Иса Байзақовтың атына деген көзқарастың немқұрайлылығы болып табылады. Бұл ойланатын жағдай, әсіресе ауданның Мәдениет саласындағы қызмет істеп жүргендер үшін үлкен кемшілік деп аудан атына күйетіндігін жеткізген. Ағамыздың жан айқайын ауылдан барған біздер де қабыл алып жә дегенбіз. Айтылған сөз атылған оқ қайтып ала алмаймыз. Қағаз қаламын дайынdap отырған ағамыз айтысқа сен-сен-сен барасың деп, бір-біріне қосақталған жылқыдай

«ә» дегенше жұптады да тастады. Мен мал жағдайын айтып едім, алдағы айтып кеткен екі басшыны алға үстап, олар директорың мен ауыл әкімдерің хабарлама береді, сендерге жағдайды әкімдерің жасайды деді. Ауыл әкімі Естаев Тілеміс те жиында отырған. Жалғыз ол ғана емес, бар совхоздың әкімдері бар екен. Ауыл билігі кімнің қабыл етілігіне қарай солардың қолына көшкен-ді. Мені Суворов совхозынан келген Аушахмановпен қосақтап қойды. Ол газетке анда-санда өз влендерін беріп тұрады екен.

Ауыл әкімдері бір-бір жігіт, қызы-келіншектерді қастарына отырғызып алып, ауыл-ауылдарды аралап кетті. Естаев Тілемісте мойнынан парзызын түсірмек үшін Суворовтың бөлімшесіне апарып Аушахмановпен кездестіріп әкелді. Ол да менің жәй күйіммен танысып кеткен. Енді міне Қорабай Шакиров пен Абызбай Адамовтың қолдауымен Ертіс ауданында бірінші рет айтыстың шымылдығын ашқалы отыр. Алғы сөзді өзі алған Қорабай Шакиров Мұбәрәк Қарімұлы айтқандай соңғы елу жылда болмаған айтыстың шымылдығын ашқалы отырмыз. Ақындармен қатар жыршы, термеші, әнші мен күйшілер сіздерді де жинадым. Өнер саласының төрт аяғын туғендесе де болады дей келе, әрі қарай жағымды дауысымен өнерпаздарды жинау мақсатын, мұндай шара алдағы жылы да жалғасын таба беретінін айта келе, баршаңызға өнерде талmas талап, сәттілік тілеймін деп сөзін аяқтады.

Ол шаруашылықта ғана емес, қазақи ғұрылпен қара сөзге де майталман екенін танытты. Қай қоғамда болмасын ақынның міндеті біреуді қаралап жарапау емес, кемшілікті бетке айтып сынау, қоғамға қызмет ету. Сын түзелмей мін түзелмейді деп қазақ ертеден тегін айтпаған. Сонымен қатар орамды тілді дамыту болмақ. Қорабай мен Абызбайдың да мақсаттары осы болар екеүінің де ойлары үшкір, тілдері орамды азamatтар. Ауылдан келген өнерпаздардың бәрі де мұндай жиын

доданы бұрын көрмеген қарапайым еңбеккерлер. Жаратылмай бәйгеге қосқан тоқ аттай Ертіс ауданы бойынша айтыс додасына бірінші шыққан ақындар легі.

«Суворов» совхозынан – Аушахманов Баҳриден.
«Ново Ивановтан» – Құркебаев Сапарғали.
Сілеті совхозынан – Қоңырбаев Абай.
«Северный» совхозынан – Ауталипова Амина.
Иса Байзақов, Үлгіліден – Исақанов Базарбай.
«Голубовкадан» – Бисембаев Қайырбек.
Арнайы шақырылған ақындар:
Павлодар қаласынан – Серік Құсанбаев, Аққазин Нұрлан.
Краснокутск ауданынан – Бейсенбі Мұқажанов, Асқаров Амангелді.

Железинска ауданынан – Сейітова Айгүл.
Железинска ауданынан – Кетиков Ерсайын
Уақпаев Амангелді Краснокутск ауданы атынан шыққан сынды. Мұқажанов Бейсенбі мен Асқаров Амангелді, Ермұрат Тілегеновтың шәкірттері. Мен бірінші жұп болып Баҳриден Аушахмановпен шықтым. Суворов совхозының директоры Видикер Владимир Иванович ССРО депутаттығына, Голубовский совхозының директоры Шабенов Қайыржан Даулет Қазақ КСР халақ депутаттығына өтіп атақтары аспандап тұрған кез.

Мен Баҳриденге сен басқа үлттың өкілін мақтан етсең мен өз үлтимның заңғарын мақтаймын дегенім себеп болды ма, жеңісті төрешілер маған алып берді. Келесі кезеңде Ертістің намысын қорғап Железинкелік Ерсайын Кетиковпен шықтым. Ерсайын да ауыл еңбеккері айтар сөзден жаңыла берген соң төрешілер жеңісті маған бұрды. Бұл сайыс басқа жанрдан да бас аяғы бүтін болғандықтан ана жолғы қайырған қаршығадай қолыма қайра қонған Айтжанға жолдаған хат текстін желтоқсан үақиғасынан кейін консерваториядан қайтып келген

Қызыым көгершін екеуміз біріміз қой, біріміз зоотехник болып айтыстық. «Иртыш» орысша газетке «Басня» деген айдармен аталағып өтті. Көгершін «Тоқта» мектебінде музыка пәнінің мұғалімі болатын ол домбыра оркестрімен келген өзі Н. Тілендиевтің «Ата толғауын» орындады, Осы жолы төреші болып отырғанда Айтжаннан хат жайын сұрап едім мұнданай хат қолымызға тиген жоқ деді. Енді ар жағын сейлеудің өзі артық. Алдымыздың Иса Байзақовтың 95 жылдығы таяу. Қорабай Шакировтың бүл үрдіс әрі қарай жалғасын таба береді деген сөзі Мұбәрәк ағамыздың жолын ашып бергендей болды. Еліміз егемендік алғаннан кейін қазақ тілінің тиегі ағытылып Мұбәрәк ағамыз Қазақ тілі қоғамының аудандық тәрағасы болып тағайындалды. Иса атамыздың тойына дайындықтан бұрын анау жетпісінші жылдар басында ұмытылып бара жатқан қазақ әндерін орындаушыларды ел кезін іздел, бірақ ол арманын жүзеге асыра алмаған-ды. Енді міне сол арманын орындау үшін еш бастықтарға жалтақтамай Бақыт Қайыркенқызына нұсқау беріп ел-елдерден өнерпаздар, күйіші, әнші, термешілерді жинады. Үлгіліден Төлеген Нәжімиденов, Базарбай Исаханов. Северныйдан Қожахмет оған қандай орын бергені есімде жоқ. Ол, Біржанның «Жалғыз Арша», «Сырғақты» әндерін орындағы. Мен термешілік сайысқа түстім. Мамандығы ұстаз Мұхметқали Халиолла I мен II орынға ие болып диплом деген етектей қағазға ие болдым. Қызыым Бақыт күй тартып I орын алды. Мениң жанұям өнерден кенде емес еді. Артынан іле-шала ересектер арасында Абай оқуларын өткізді. Бүл сайыста мен бірінші орын Қадиша Жарасова Әлхамбек қызы II орынға ие болды. Қадиша бүгінгі күні «Ертіс нұры» газетінің редакторының орынбасары.

Маған сыйлыққа Ратбек қажының қалындығы төрт еліден астам баспадан бірінші шыққан «Құранын» берді. Үкімет кезінде коммунистер қатарында атеист болған Мұбәрәк Кәрімұлы-

ның бұл сыйлығы әкесі Қарім молланың ізін өзі құмаса да, әкесінің ізін жаңғыртып маған құран сыйлағанына тәбем кек-ке тигендей қуандым. Арада 2—3 ай өтпей құран оқуды мен-геріп алып кеттім. Сол үшін де ағамызға рақметімді жеткіздім. 1994 жылғы жаз айында Иса Байзақовтың 95 жылдығына дай-ындық айтыс өткізіле бастады. Ақындар Әуталипова Әмина, Исаханов Базарбай, Ертістің өз басынан Баязов Жастілек және мен. Баязов Жастілек шығармаларын «Ертіс нұры» газетіне бастырып жүрді. Мен үшін Жастілекпен арадағы айтсымызың қызығырақ болды. Голубовканың тұралауға бет алған кезі. Ол шаруашылықпен және отбасыммен танысқалы арнайы келді. Мен бармадым. Өзінді-өзің жамандап, жақсыны қайдан табарсың» — деген ата сөзін ұстандым. Ертіс ауданына қарасты жағдай екеумізге де ортақ. Мен Әминадан кейін Жастілекпен ортаға шықтым. Әмина Базарбайдың еншісіне ауысты. Жастілек бір-екі қайырымнан кейін аудан әкімінің орынбасары Қасенов Елеместі мақтай бастады. Қызықтығы сол. Коммунистік партияның көзі әлі жойыла қоймаған кез, рушылдық тұрғысынан айттысу маған әбестік сынды болды. Ол Елемеспен аталас Қыпшақ ішінде Алқұлыдан. Жеке одан Қожаберген-Жаманша, Құжық болып келеді. Жаманшадан Елемес, Құжықтан Жастілек тарайды. Мен домбырамды жән-деген болып алып, отырған төрешілерге көз салып, ойымды жинақтап алдым. Оның мақтауына қуанбасам ренжігөнім жоқ. Елеместің турашылдығын барды бар, жоқты жоқ деп айтатын сөз бүйдасыз бір сөздігін іскерлігін мен де ұнататынмын.

«Тура сейлеген туғанына да жақпайды» — дегендей Панфилов совхозында туғандары арасында 7—8 жыл директор болып істегенде қатал адам, бір бет деп сөз ергені бар. Бірақ көп емес. Жақсының қадірін артын біліп орнына неміс Миллер барғанда ағайындары бармағын тістегенін жақсы билетін-

мін. Бірісінде сыйласпаған ағайын екі көзің ағарсын, өлгеннен соң жыламағың кері. Екінші қыры – рухани байлығы. Кездесе қалсаң бабалар тарихының мол қазынасына жолыққандай боласың. Атақты Жеке-Қожаберген батырлардың тікелей үрпағы болғандықтан ба Елемес те рушылдықтан сау емес еді. Женұ мақсаты мен жақсыны жамандау адамшылыққа сын болар дедім де:

Мен де жаман дей ала алмаймын Елеместі,

Маған сені жеңуім түк еместі.

Атапы сөзге арсыз таласады,

Жастілек дөғардым мен бул егесті – деп орнымнан түруға ыңғайланып едім. Айтысындар әлі уақыт бар деп төрешілер наразылық білдіріп жатады. Сөзге тоқтау уақытпен санаспайды. Елемеске кімді қарсы қоймақпын тұралғанды тұрғызамын деп не әүре мен орнымнан тұрып кеттім. Исаңың 95 жылдығы 1995 жылы қарашаның басында Ертістің өз басында өтті. Ертіс аудандық мәдениет белімінің менгерушісі Шарипов Аманбай ашып, Мұбәрәк Кәрімұлы ағамыз жарты сағат сөз сөйлеп өмірінен мағлұмат бергеннен кейін Дәметкен Қабжанова аталардың жыршылық дәстүрімен шығарған Жастілек Баязовтың айтысқа кімдер келді екен деген өлеңін оқыды:

Тұлпардай дүбір көрсө қызынатаын,

Көркіне көрген адам қызығатын.

Айтыстың даңқы шыққан жүлдегері,

Келіпті! Керекуден Серік ақын.

Өлеңін жинап алған ой мен қырдан,

Жүлдесіз бос қайтпайтын жиын-тойдан.

Айтыстың неше дүркін жеңімпазы,

Бисенбі келіп отыр Ақтогайдан.

Шалқыған ән мен жырдың дариясы,

Ұнатқан жасы менен қариясы.

*Аудандық айтыстардың жүлдегері,
Еліміздің ақын қызы Әминасы.*

*Тер аққан еңбекпенен сауырынан,
Жараған Қаракердей бауырынан.
Ауданның екі-үш дүркін жеңімпазы,
Қайырбек бар «Тоқтаниң» ауылынан.*

*Жымыл қос жанары күлімдеген,
Үлкенге кішігे де күнім деген.*

Базарбай Исаханов келіп отыр,

Исаның тұған елі «Ұлғіліден» – деп басқа ақындарды атап өтті. Риза болған халық қол шапалақтап құп алды. Ол денсаулығына байланысты айтысқа қатынасқан жоқ. Біздің мақсатымыз кімнің жеңіп-жеңілгенін мадақтау емес, айтыстың өрісін кеңейтіп насхаттау.

Біреу жеңіп біреу жеңілмесе айтыстың құны да, қызығы да болмайды. Көп ұзамай Жастілек дүние салды. Исаның жүз жылдығы таяп келе жатыр еді. Сонда мен былай деген едім:

*Жастілек топырағың торқа болсын,
Тілейтін сенен менің қолқам болсын.
Жай жаттай рухыңмен қолдан жібер,
Ертістің ақындары марқа болсын.*

*Талантты жас ақындар көптен болсын,
Айтылар сөз, дәл тиер дөптен болсын.
Біз де саған тілейік иман бер деп,
Тілектер бір-біріне септен болсын.*

Біздер алпысқа таянған қартқа басқан адамдармыз. Алматыда ғой деймін бір айтыста Серік Құсанбаевқа сен кәрісің, айтыс саған не керек, азу тісінді қағып аламыз деушілер болды. Бізге де солай айтпасына кім кепіл. Бізде не азу тіс қалды дейсің. Ұялғаннан тобылғы қызыл болардының кері де және

Біз іі піспеген сірне айтыскерміз ғой. Эуел баста ағаларымыз жол таппай жүргенде ниетіміз қолдау болатын. Ертістіктер біздер жасанды айтыскер болғандықтан жас та келген соң құнымыз кете бастаған бай-бәйбішесінің керін кие бастағамыз. Енді айтысты доғарамын ба? – деп өзіме-өзім тоқтау салып жүрген күнімнің бірінде ауыл әкімі Тілеміс Естаев Гулзада Шәкірова сізді Ертіске шақырды деп келді. Гулзада жаңадан жасақталған аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі. Мінезі орнықты, биязы, оңтүстіктің қызы, қазақилық ғұрыпты бойына сіңірген адамилық нұры шалқып түрған ғазиә жан айтқан тілін қалай алмасқа. Күйеуі Шәкіров Қобыланды Халықаралық спорт төрешісі, спорт мектебінің директоры келініммен немере туыс болып келеді. Ойлаған ойымнан қайтылдым да сүйретпе шапаным мен домбырамды машинама салып алып күннің қолайсыздығына қарамай аттың басын мәдениет үйіне жетіп, бірақ тіредім. Алдында Исаның 100 жылдығына орай Павлодар, Ақтөгай, Ертістің өз басы бар 7—8 ақындардың басын қосып жүптап сынақ өткізген-ді. Мені онда Серікпен, Бисенбімен және Сейітованы жүптастырған. Бұл бір теңге беріп жырлатып, бес теңге беріп қойдыра алмағанның кері еді шақырылған ақындардың бәрі де шығармашылықпен айналысып жүргендер. Ертістіктердің ешқайсысының мұндаидай мүмкіншіліктері жоқ. Бәрі ауылдағы шаруа адамдары. Шақырған соң ұялғаннан өз бетімен барасың, өз бетіңмен қайтасың. Мәдениет үйіне кірсем, ақындарды жүптап жатыр екен. Мен Мұқажановпен шықсам деп едім. Облыстан келген «Қазақ тілі» қоғамының бір мүшесі мұрты тікірейген семіз бет қара жігіт оны сен білмейсің (сіз емес) біз білеміз деп орнынан атып түрғанда, мысық көрген тышқандай бұғып орныма отыра қойдым. Тіл қоғамына кіргенмен әдеп қоғамына кіре алмаған жазғанға не дерсің. Сол қызметте ол әлі жүр. Менің Бисенбіні сұрағаным менің жасым үлкен оның басы үлкен өзгелерден

төрі өкшелес болғандықтан еді. Ақындар жиналышп Исаңың мүсініне гүл шоғын қою рәсімін маған жасатты да жолға дайындалдық. Тұс уақыты ауып кеткен. Баратын жеріміз Исаңың өз атындағы с-з Ертістен 60 шақырым. Таңдан басталған жауын әлі басылған жоқ. Тұман мен жауын аралас көк түтіннен із қалдырып баратын жерге мен ең соңынан ымырт жабыла жеттім. Жол тосуға аудандық статистика бастығы Мұсафиров Армияның баласын қойған екен. Ол мені өз үйіне алғып барды. Уақпаев Аманкелді де келіншегімен осында екен. Оның айтқаны сізге қарап жүрсін деп қалдырды деді. Айтыс келесі күні Мәдениет үйінде өтті. Мені Павлодарлық Қанат Шайғазинмен жұптапты. Ол Павлодар районының бір совхозында мектеп директоры екен. Оқығанға не жетсін бұрынғы ақындар төй-төйге басушы еді, директорым ғой-ғойға басты үққаным.

*Мені жеңемін деп отырың ғой,
Мен қонақлын, Ертіске күйеу баламын ғой.*

Осы жолы тусауыңды кесіп кетемін ғой

Жолыңды маған бересің ғой – деген секілді толып кеткен ғой-ғой. Әрі қарай сөз шығындаған айтисудың жөні болмас деп қырық тоғыз мүшелімде әкем туып, жүгірдім қуанғаннан алақайлап дегендей.

*Алпыс бір мүшелімде әкем кепті,
Іздемеппін тірі деп жер мен көкті.
Ақылын тоқтатпаған сары балам,
Қайдан ғана таптың сен мұндаі кепті.*

*Күйеуін сыйлаған ғой пайғамбар да,
Күйеусің маған емес Бағыстарға.*

Сыйлайын аруағын азamatтың,

Сұрағаныңды ала ғой сары бала – деп сахнадан тұсуғе ынғайланнып едім. Төрешілер айт-әйт әлі екі минут уақытың бар деп, айқай салды. Ауыздан шыққан сөзді қайра жүту

макүрік. Өз тезегін ііскеген жылқыға ұқсап орныма отырмай кетіп бара жатыр едім. Серік анау ақсақалға не айтты, ұят бар ма дегенін естідім. Сөз төркіні белгілі үяты сарапшылар шеше берер күйдірсе де-күлдірсе де солардың қолында намаз үақыты болып қалды, түскен үйіме барып намазымды оқып келейін деп шығып бара жатыр едім. Қанафина: *аға сіз неге шығып бара жатырсыз? Ішке неге кірмейсіз?* Сөзіңіз жақсы еді ғой деді. Заготовкалары біткенше елді ауыздарына қаратып жұлқыласқан Серік пен Жұмкен болды. Бәйгеге шапқан аттың алқынын басу үшін оны жетектеп аяңдатады. Ақын да бір-бірінен оза шапқан жүйрікті алқындарын басу үшін дәл ізге шыққанда Жұмкен Серікке сенің тоқтағаның жақсы болды. Эйтпесе заготовкам бітіп қалып еді – деді. Қуліп бұл сөзді біреуді қаралау үшін емес, Амангелді Уақпаевтің сізді қарап жүр деп қалдырыды дегенінен шығып отыр. Эу баста қағазға жазып алып жаттап айтысқандардың бәрінде де заготовка деген болған. Қазір де бар. Мына шал әулиесініп отыр демесін, менің айтпағым қазіргі жастардың дарындылығы қуантады. Жазып дайындалған күндеде шатаспай айтуға да дарындылық, қабілеттілік керек, оған қоса ақыл-ой ұғымшыл құйма құлақтықты қажет етеді. Бір құлақтан кіріп, бір құлақтан шығып жатса еш нәрсе қонбайды. Менде ондай дарындылық жоқ. Қолға қалам алып дайындалған жан емен ауызға Алла не салады, соны айта салам менен күдіктенулері бекер еді. Сізді шақырып жатыр деген соң келсем марапат рәсімі болып жатыр екен. Аудан әкімі менің атымды атап:

Ақындардың үлкені ақсақалы болғаныңыз үшін,

Шақырғанда келіп қатысқаныңыз үшін.

Ертістің намысын қорғағаныңыз үшін,

Исаның аруағын сыйлағаныңыз үшін

Үшін-үшін үшіндер мен қолыма бір конвертті ұстатты.

Ескергеніңіз үшін деп мен де раҳметімді айттым. Асханадан ас

дайын деген хабар келіп түскі тамаққа келдік. Асхана іші кең, жұтаң, ән жер мін жерлерге қойылған столдар. Мені әйнек алдындағы жеке тұрған столға әкеліп отырғызды. Бір тарелке рогу (қуырдақ) мен бір стақан шай келді. Маған таяу тағы бір стол бос тұрған оған аудан әкімі Рымтай Шукеевпен Серік Батыргужинов жайғасты. Менің жалғыз отырғанымды ұят санағы ма тұнгі досым тарелкасын ұстап жаңыма келіп отырды. Серік Рымтайға мына кісіні танитын шығарсыз менің қол астында управляемый болып істеген деп таныстырып жатыр. Ішкіпіріміз ішімізде біз бас шүлғыдық та қойдық. Рымтай мен бұл үшінші кездесуім. Бірінші кездесуім оның жұмыс орнында болды. Мен оған малдарымды ұры алды, не пенсия не жұмыс жоқ күн көріс ауыр болып тұр, деп көмек сұрап барғанмын.

Ақылдасып көмектесейін 3—4 күннен кейін келіңіз деген еді. Сол күнді күнделігіме былай деп жазып қойылғанын:

*Әкімім көңілімді жадыратты,
Жылы жүэді жан екен мархабатты.
Ақылдасам дегенінен секем алдым,
Ергіш пе деп әзәзілге діні қатты.*

Үәделі күні барып едім. Жасанды жылы жүзінен дәнеңе қалмапты. Сізді ауылдағы байлардың бірі деп айтады. Көмек бере алмаймын деп орнынан тұрып есікке беттеді. Раҳметтеп басқа не айтам. Қуаныштан алып үшінан көңілім жер болып елге оралған соң болмағанда балаларға өмірден ескерткіш қалсын деп бұл жайды да күнделігіме жазып қойдым.

*Дегенге барып едім жақсы Әкім,
Қалдырмаи айтып едім барлық датым.
Үәде беріп сөзден тайып кетседағы,
Деген сөзім қайтып алман жақсы Әкім.

Әзәзілдің сөзіне сенбекен жән,
Сенбедіңіз болғанан соң күнім тәмен.*

*Бар болдым, құдайы жоқ үрыларға,
Тап болдым, келер дүние еш өкінбе.*

*Уақытша ғой, уақытша бұның бәрі,
Болғаннан соң қысылып ем қолда кәрі.
Әзәзіл мен үрының түбі бірге,
Құдайдың тиер оған бір қаңары.*

Байдың малын қызғанған қызғаншақтарға не амал. Амал біреу – ол шындық. Бір байдың жүртynна таласқан, әу баста ауыздарын жаласқан ауыл әкімі мен тақырда қалған шаруашылық директорының қайсысы әзәзіл болды екен? Кім айтса да адамшылық ардан аттап өткен Серік бұл жайдан бейхабар. Серік турашыл, мінезі тіктеу, өз алған бағытынан оңай қайта қоймайтын қызбалалау. Бірақ кекшіл емес, сабасына жылдам түсетін, кешірімді, үлкенді де кішіні де сыйлай білетін кішіпейіл. Голубовкаға бозбала күнінде келіп әр түрлі қара жұмыста жүріп өзінің алғырлығы мен табандылығының арқасында Целиноград ауыл шаруашылық институтын тәмамдап, совхозда агроном семеновод, аға агроном, директордың көмекшісі болып қызмет атқарып, Голубовка совхозының өркендеуіне өз үлесін қосқан азамат.

Жақсы жағынан көрінген соң басшылары Иса Байзақов атындағы совхозға директор, Кашыр ауданы әкімінің орынбасары, осы ауданда әкім міндетін атқарды. Осы өткен бірнеше жыл ішінде Серікті бірінші көрүім. Бұрынғыдан да самдалып ақыл парасаты толып маңғаз қүйге еніпті. Бұғінгі күні туған елі Ертіс ауданының әкімі. Жалғыз келдім, жалғыз жаттым, жалғыз отырдым деген сөздерді Мұбәрәк ағамызбен Айтжан ағамыздан көз жазып қалғанан соң айтқаным ғой. Оның себебі: жұмбақ емес шешуі қонақтарды қарсы алу мен шығарып салуда екен. Үкімет қымызынан атам асы қымызыға көше қоймаған кез. Алып қояйықтан аса алмаған тәрізді. Мен болсам

ол ортаға шыдамым жетпейді, намаз оқимын. Тұс ауып екінші намазы үақыты болды отырыс ұзаққа созылар түрі бар. Серік-ке раҳметімді айтып қарамай кетіп қалдым.

Бес саусақ бірдей емес. Бабалар ұрпағынан тараған еңселі ері де, еңсесі түскен езі де, мысық тілеу көр соқыры да, қарны тойса кебек жеген мәстекше кекрейгені де, өткенді көксейтін көксаулары да, мен ғана дейтін мен-меншілдер де, қолына билік тисе кетпестей есіретіндер де жоқ емес. Бірақ халық санасында соның біреуі ғана қалады. Ол етегін түріп елі үшін еңбек етіп терін тәккендері, олардың істеген еңбектері мен адами қасиеттері. Келесі күні ымыра жабыла үйге келіп, есімді жиып, ақшам намазымды оқып болып кеп үшіндер үшін алған 5000 теңгелік сыйлық конвертімді ашып, жол шығынымды алып қалып, кемпіріме мынау шайлышың деп қолына ұстаттым да бетінде Сұлтанмахмұттың суреті бар «Диплом» деген қағазды балаларыма ескерткіш деп шкабымның төбесіне қойдым. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 100 жылдығында Қашыр ауданына аудандық мәдениет меңгерушісі болып барған Тілегенов Ермұрат Нықатұлы өз күшімен ауданараптың айтыс өткізген еді. Мені Ертіс аудандық мәдениет бөлімінің сол кездегі меңгерушісі Салықов Сәлмен Солтанұлы елге келіп өзі алып барған. Ермұрат осы жолы сағынышпен жазылған «Ақтоғайым» әнін бірінші рет орындал берді. Шіркін-ай ерді ел танытпайды, тудырады елді ер танытады деген. Осы екен-ау Сұлтанмахмұт пен Исаның да 100 жылдық тойының соңы ақ жауынға ұласуы елімізге тыныштық береке бірлігінен белгі беріп тұрғандай. Иншалла арты қайырлы болмақ керек. «Кешеуілдеп келген өнер, кемдігін өзі танытады» – дейді аға жазушымыз Мұзғар Әлімбаев. Алпыстан асқан жаста кемдігін көрсетпей тұрсын ба. Көп талдың ортасында жалғыз терек ой-өрнегің болғанмен тіл өрнегін майыспайды. Көздің алды барды ойламайды, арды ойлайды. Ар әбестікке ұрындырмады.

уы керек. Сондықтан тіл өрнегін – ой өрнегі тежейді. Бірақ, бір нәрсе тәүбеге жетелейді. Жастарым қарт болсам да бір кәдеге жарадым. Аз-аэ болса да бойға біткен өнерім. Өнер ешқашан қартайтпайды, налытады. Жастарға өнердің шың құзына самғай беріңдер дегің келеді. Бірақ, тілмен емес жүрекпен. Жүрек әр қашанда өнерлі жастарға дән риза болмақ. Жастардың міндеті – ибалық, қарттардың міндеті – жастарға қамқорлық. Бұрынғылар топта сөйлеу үшін «Ақыл қуат, жүрек қуат, тіл қуат керек» – дейді. Ал осылардың бірі жетіспесе кемдік сол еken ең кемдігінің алды тіл, ұғымың, білімің, жүргегің болғанмен тіл орамың келмесе кемдігінді көрсетіп қалады.

Шал ақын:

*«Сөйлем қал қызыл тілім жақ барында,
Басыңда түрған шақта бақ барында»* – дейді. Бақ қазіргі жастардың әрқайсысының басында бар. Бірақ оны біле бермейді. Бақты тақпен, дәрежемен, мал-мұлікпен, тіпті ішер ас, киер киіммен де дәрежелейтіндер бар. Бірақ ол үақытша құмарлық.

Бақ басыңың амандығы. Басы аманның малы түгел, бақ осы. Менің бақтыым басымның амандығы. Сүйемелдеуші аға-інілердің арқасында өз дәрежеме қарай тілдің қызығын көрдім. Сол үшін де оларға алғысымды барына жоғына иман тілеймін! Жастарға айтарым өзім білем деген адамның ісі өрге жүрмейді. Өзінді-өзің қылғандарға ибалықпен қара. Әйтпесе қайығың аударылып кетуі ғажап емес және айтыс еріккеннің ермегі емес, тілге абай болған жөн. Менің айтысым осымен тәмәм.

Редакция газеты

ҚЫЗЫЛ ТУ

газетінің редакциясы

Көзіңдеги Коммунистик Павлодар облыстық комитетінің және
депутаттары облыстық Советінің органдары

Орган Павлодарского облисполкома
Компартии Казахстана и областного
Совета народных депутатов

г. Павлодар, ул. Ленина, 143

№ 55

- 1 - Сентябрь 1962 г.

Күрметті Қайыробек,

Мен каблауга шығып, арқа көнілген болар? Енде не
жекелік бер? Қонын кеп алған, жұндық мол күркінен шыдан-
дар көп пе? Ошарды көрсету керек. Бұларды жаза қалсаңыз
тактілер! толық болсын.

Сәлеммен,
мемдемет деңгіміндең менгеруші!

И.Деуренбеков.

С.Дорн

г. Павлодар, ти. № 4, Земель № 8742

N = 14 16-gebräuch 1982 met

جعفر

Таким чином, якщо відмінної зовнішніх
та інтересних відносин збереглися лише
бл. 34%, то відмінної зовнішніх відносин
збереглися лише бл. 11%. Оскільки відмінної
зовнішніх відносин збереглися лише бл. 11%,
то відмінної зовнішніх відносин збереглися
бл. 11%.

Слово «старый» в этом - языке не является именем-
прилагательным, а: оно есть слово сущ-житое, то есть «стар-

Самостоятельный отрыв венчика выражается в отсутствии, нарушении, пересечении членов венчика, а также в виде отрывов, нарушений членов или частей. Всегда же можно выделить венчик в виде полного кольца.

“**प्राचीन भारतीय विज्ञान का अध्ययन को एक विशेषज्ञ**
कर्मसूल”
विज्ञान विद्यालय, लॉट्स-
प्राचीन भारतीय विज्ञान

Редакция газеты

КЫЗЫЛ ТУ

газетің редакциясы

г. Нальчик, ул. Чечница, 143

三

Қазақстан Примартерсім Өгөлөдәр облыстық жемшотті мекеме мен калың депутаттардың облыстық Оразеттілік программа

**Орган Полтавского обкома
Компартии Иззахстана и областного
Совета народных депутатов**

Mr. G. W. F. ...

Superr [←] *decentralis politik*

Ние опубликуем вновь ваши же письма.
Хорошо если бы вы написали краткое письмо о
домашней, хозяйственной жизни вашего села и
да заслуженное звание откроется. Верхний и нижний языки
оружия издаются в разных местах из-за разницы
в их расположении.

Следует изучить старые газеты и журналы для выявления интересных материалов для конспекта идейной работы.

Сөзбес біреу міншікемен тағызырыңыздардың сабак
жүргіліктіліктерінде жаңа прокурортың жаңа тақырыптар
боярынады.

CONTINUUM

Digitized by Google

шындағы мұнай

E. BURGER

Мазмұны:

Алғы сөз.....	3
Адам айдаса барман, дәм айдаса қалман!	5
Тарихы – терең, түрпаты – бөлек Тоқтанаң	9
Азын-аулақ түсініктеме	15
Қалам иман жасында	18
Шошай молла	20
Тәтентай Хазірет	23
Түйін	27
Кеңес билігі түсындағы Тоқта.....	30
Арпа, бидай – ас екен.....	35
Егістік жәйі	35
Төрт түлік бабын тапқанға біtedі	
Мал шарушылығы	36
Жақсылар сөзі елге иғі.....	37
Су проблемасы.....	57
Мал өсірсең, қой өсір, өнімі оның көл-кесір	63
Қырықтықшылардың қарқынды қызметі.....	74
Мимдардың улағаты	
Тесілмей қалған шеке	75
Ауылына қарап, азаматын таны	102
Ел мен ердің тезі қариялар	111
Жақсылар сөзі елге иғі	111
Баскен шешкен шырғалың	125
Зайни молланың кішіпейілдігі.....	129
Тоқтанаң тоқырауының төртінші кезеңі	132
Тоқта туралы тұжырым.....	144
Жер тарихы – ел тарихы	149
Тұжырм	159
Сыр еліне сырлы сапар.....	162
Ауылдың алты ауызы	189
Баянауыл баурайында.....	203
Орындалмаған арман немесе үміт жолында	207
Ананың ақталған үміті	227
Жол азабы – жан азабы	236
Балалық шаққа саяхат (<i>толғай</i>).....	242
Тегінді таны, үрпағым! (<i>Ата шежіресі</i>).....	249
Заманы Абылайдың болса керек.....	255
Айттыс туралы ақиқат немесе қолдаушысыз Құлагер де озбайды ...	264

Қайырбек Бисембаев

Бүйірган дақыл даңды

Кітап автордың жолдасымен өзінің қарәжатымен басылған.

12.02.2020 ж. басуға қол қойылды. Қолемі 60x84/16.
Офсеттік басылым. Карп түрі Calibri.
Шартты баспа табагы 12,6. Есептік баспа табагы 10,3.
Таралымы 150 дана.

ЖК «Сытін А.А.» басылған.
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ.,
29 Ноябрь к., 2, Тел.: 8 (7182) 61-82-13, 61-82-18